Aksoy'e göre, "Deyim, dil biliminde, kavramları, durumları hoşa giden bir anlatımla ya da özel bir yapı ya da söz dizimi içinde belirten ve çoğunlukla gerçek anlamlarından ayrı anlamlara gelen sözcüklerden oluşan kalıplaşmış sözcük topluluğu ya da tümcedir. İki veya daha çok sözcükten kurulu bir çeşit dil ifadesi olan deyimler, duygu ve düşünceleri dikkati çekecek biçimde anlatan ad, önad, belirteç, yalın ve birleşik eylem görünüşlü dilsel yapılardır. Çoğunlukla temel anlamları dışında kendilerine özgü anlamları olan deyimler, karşılık gelen sözcükler ve aynı dil bilgisi biçimleriyle başka dillere çevrilemezler" [1, s. 6].

Dillerdeki her deyim bir kültür birikiminin sonucunda oluşmuştur. Deyimlerimiz dilimizi süsleyen inceliklerini ortaya koyan ve dilimizin çoğunu oluşturan sarsılmaz yapı taşlarıdır. Konuşmaya bir başladı mı inci tanesi gibi dökülüverir art arda dilimizden.

Kavas ise deyimlerle ilgili görüşlerini şöyle ifade etmektedir: "Yazıya kuvvet veren, konuşmayı güzelleştiren ve dilin ifade gücünü artıran deyimler,

asırlardan beri halkın hafızasında yaşamış; bu sözler millet hayatının temel değerlerini ve inançlarını aydınlatmada ve yaşatmada önemli bir rol oynamışlardır" [2, s.15].

Melek Çe'nin de deyimiyle: "Güzel Türkçemizde birbirinden güzel deyimler var. Söz ustaları yeri geldikçe tumturaklı bir şekilde yerine kondurur onları. Bütün sözler uçup gider ama deyimler aklımızda kalır. Herhangi bir yerde onlara rastlarsanız, çorbada tuzu bulunanlara, iki dirhem bir çekirdek giyinenlere, etekleri zil çalanlara gülümsersiniz ister istemez" [3, s.7].

Yabancı dil olarak Türkçe öğrenenler günlük hayatta deyimlerle sıkça karşılaşılır. Bu durum Türkçenin yabancı dil olarak öğreniminde güçlük oluşturarak, hedef dilde iletişimin oluşmasını engellemektedir. Dolayısıyla dilin etkin kullanımı için deyimlerin öğretimi kaçınılmaz hale gelmektedir. Bu nedenle çalışmamızda yabancılara Türkçe deyimlerin öğretiminde Telegram kullanımının etkisini veya başka bir deyişle Telegramın Türkçe deyimlerin öğretimine katkısını araştırmış bulunmaktayız.

Neden Telegram?

Bulunduğumuz bilgi ve teknoloji çağında öğretmenler olarak görevimiz, öğrencilere bilgiyi vermekten çok, öğrencinin doğru bilgiye ulaşması için rehberlik yapmaktır. Bu da ancak öğrencinin dilinden konuşmayı bilmekle sağlanabilir. MWC 2016 kapsamında Barselona'da yapılan bir duyuruya göre Telegram'ın aylık aktif kullanıcı sayısı önemli bir eşik olan 100 milyona ulaşmış durumda. Geçtiğimiz yıl Mart 2015'te, aylık 35 milyon aktif kullanıcı sayısına ulaştığını duyuran servis, bir yıldan kısa sürede kullanıcı sayısını neredeyse üçe katlamayı başarmış görünüyor [4].

Teknoloji ilerledikçe eğitime olan katkısı da göz ardı edilmemeye başlamıştır. Tarihteki tarih ile alakalı başlıklar yeni güne yakın kelimeler ile değiştirilmeye başlandı. Örneğin önceden Endüstri Çağı olarak bilinen bu isim bilgisayarın ve internetin 1995'te kullanımının serbestleşmesi ile Enformasyon

kelimesi ile değişti. Teknolojinin bu kadar yaygınlaştığı bu dönemde her alanda değişikliğe sebep olan teknoloji her alanda hizmet vermektedir. Bu yenilik sayesinde dünya yeni bir çağa adım atmış oldu. Her alanda değişikliğe sebep olan teknoloji eğitim alanında da değişikliğe sebep olmuştur. Gelişmiş ülkeler teknolojiyi eğitim alanının hemen her yerinde kullanmaya başladılar. Ve bunun sonucunda teknolojinin eğitime katkısı göz ardı edilemeyecek kadar büyük bir hal aldı.

Zaman ve mekân sınırlaması olmadan (mobil tabanlı), paylaşımın, tartışmanın esas olduğu bir insanî iletişim şeklidir. Sosyal medya platformlarında insanlarla buluşur ve iletişimde bulunursunuz. İnsanlara yardım eder, yardım alır, sorularına cevap verir ve kendi sorularınızı sorarsınız. Bu bakımdan sosyal medya resmi olmayan eğitim yollarından da bir tanesidir [5].

Türkçe deyimlerin öğretiminde sosyal medya olan Telegram'ın kullanımının önemine değinmeden önce instagramın ne olduğunu açıklamakta yarar görüyorum.

Telegram nedir ve nasıl kullanılır?

Telegram, güvenli ve hızlı anlık mesajlaşma sağlayan ücretsiz bir mesajlaşma uygulamasıdır. Telegram ile mesajlar çok güçlü bir şekilde şifrelenerek iletilir. Aynı şekilde bu mesajlar yine şifreli bir şekilde saklanır. Telegram bulut tabanlı bir mesajlaşma yazılımıdır. Bu sayede mesajlarınıza farklı platformlardan ve her yerden erişebilirsiniz. Telegram mesajları diğer mesajlaşma yazılımlarına göre çok daha hızlı bir şekilde iletir.

Telegram ile mesajlaşma grupları da oluşturmak mümkündür. Bu mesajlaşma gruplarına 100 bin kullanıcıya kadar kişi ekleyebilirsiniz.
Yine Telegram ile dosya gönderimi mümkündür. Türü ne olursa olsun her tür dosya Telegram ile gönderilebilir.

Telegram bir diğer özelliği mesajların kendi kendini yok edebilmesidir. Yani siz karşı tarafa zaman ayarlı bir mesaj gönderebilirsiniz. Vakti geldiğinde mesaj kendini yok edecektir. Yani Telegram tüm farklı işletim sistemlerinde, patformlarda çalışır.

Uygulama

2017-2018 eğitim-öğretim yılında mart ayından itibaren bir aylık zaman zarfında haftada10 deyim olmak üzere Telegramla deyim öğretimi uygulaması yaptım. İlk önce deyim resimle sunulmuştur. Sonra deyimin açıklaması yapılmış ve birer örnek cümle verilmiştir. 10 deyim sonrası kısa test yapılmıştır. Araştırma esnasında kaynak tarama, anket, gözlem, görüşmeler ve testler yapılmıştır.

Tele2 3G
20:47
27%
Chats
Deyimler Dünyası!
17 subscribers
Deyimler Dünyası!
Deyimin Anlamı: Haddinden fazla öfkelenme, kızmak, sağa sola ateş saçmak."Yeni saatimi kırdığımı öğrenen annem küplere bindi."
34 14:32
KÜPLERE BİNMEK
ÇOK KIZMAK,
SİNİRLENMEK
ÖFKELENMEK
36 14:33
Deyimler Dünyası!
Deyim : Ayak diremek
35 14:35
Deyimler Dünyası!
Deyimin Anlamı: Bir şeyde
Silent Broadcast

Sonuç

Bir dilin söz varlığının önemli bir bölümünü oluşturdukları ve çeşitli özelliklerini yansıttıkları için deyimler öğrenilmedikçe, dil öğrenimi çabası eksik kalır. Bu nedenle, dile iyice hakim olabilmek için bir dilin önemli zenginliklerinden olan deyimlerin öğrenilmesi gerekmektedir. Deyim öğretiminin hedefi, dil öğrenenlere amaca ve seviyeye uygun olarak deyimlerin kalıcı olarak kazandırılmasıdır. Bu bağlamda Telegramın, deyim öğretiminde ve pekiştirilmesinde çok büyük bir öneme sahip olduğu görülmektedir. Yapılan testler ve anketlerden çıkan sonuçlardan yabancılara Türkçe deyim öğretiminde Telegram uygulamasının oldukça başarılı olduğu tespit edilmiştir. Üzerinde deney yapılan öğrencilerin hemen hemen hepsi bu uygulamadan oldukça

memnun olduğunu, Telegram sayesinde deyimleri daha kolay ve daha kalıcı öğrendiklerini ve Telegram deyim öğrenmekten zevk duyduklarını ifade etmişlerdir. Ayrıca deyimlerin zor anlaşılır ön yargısını yıkmayı başardığımızı gördük. Bu çalışma sonucunda aldığımız olumlu yorumlar neticesinde Telegramla Türkçe deyim öğretimini geliştirmeye ve yaygınlaştırmaya yönelik faaliyetlerde bulunmayı amaçlamaktayız.

KAYNAKÇA

1 Aksoy Ö. A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. – İstanbul: İnkılap Kitapevi Yayınları, 1988.

2 Kavas Y. Örnekli Deyimler ve Atasözleri Sözlüğü. –İstanbul: Ötüken Yayınları,1999.

3 Çe M. Deyim Mi Demeyim Mi? –İstanbul: Uğurböceği Yayınları, 2008.

4 tr.wikipedia.org/wiki/Telegram

5 tr.wikipedia.org/wiki/Sosyal_medya

6 Çizmeciler O. Ünlü Deyimler ve Öyküleri. –İstanbul: Kastaş Yayınları, 1982.

7 Pala İ. İki Dirhem Bir Çekirdek. – İstanbul: Kapı Yayınları, 2008.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ АҚ / ҚАРА СӨЗДЕРІ ҰЙЫТҚЫ БОЛҒАН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРГЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТАЛДАУ,

Қалибек Жайдар

Сулейман Демирель атындағы университет

Педагогикалық және гуманитарлық ғылымдар факультеті

«Қазақ филологиясы» мамандығы 2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Ph.D, ассоц. профессор **Алтыншаш Құрманәлі**

Бүгінгі таңда лингвистикада түр-түс атауларының зерттелуіне айрықша мән беріліп келеді. Түр-түс атаулары– әрбір халықтың ұлттық мәдениетін танып-білудің негізгі құралы. Зерттеушілердің бұл салаға қызығушылықпен қарауының басты себебі – осында. Мәдениетаралық қатынастың кеңеюіне байланысты, тілі, діні, мәдениеті әр түрлі тілдердегі түр-түс концептісін ашатын сөз тіркестеріне лингвомәдени талдау жасау арқылы, «түр-түс» атауларының тілдегі ұлттық-мәдени ерекшелігін анықтау өзекті мәселе болып табылады. Мақалада ғылыми зерттеулерде қара түске байланысты атаулар мағынасына қарай бірнеше топқа бөлініп, жамандықтың; қатыгездіктің; бастапқылықтың; киелілiктің қарапайымдылықтың; қайғы-мұңның белгілері ретінде қарастырылады.

Зерттеу жұмысымыздың дереккөздері ретінде «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» 1-2 томдар [1], І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» [2], Ә. Қайдаровтың «Халық даналығы» [3], Ө.Тұрманжановтың «Қазақ мақал-мәтелдер сөздігі» [4], Ө.Аксойдың «Түрік мақал-мәтелдер сөздігі» [5], М.Йуртбашының «Түрік мақал-мәтелдер сөздігі [6], М.Язганның «Түрік мақал-мәтелдері, жаңылтпаштары» [7], т.б. еңбектер пайдаланылды.

Қазақ тіл білімінде түр-түс атаулары Н.Аитова [8], Ш. Жарқынбекова [9], S. Küçük [10],

т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектеріне арқау болған.

Әлемнің тілдегі бейнесі мен түр-түс ұғымдарының танымдық қызметі қазақ және түрік фразеологимдерінде анық көрініс табады. Түр-түс атауларының ішінде «ақ» және «қара» түстерін қарастырмақпыз, өйткені екі халықтың танымында бұл екі түс өзіндік ерекшеліктеріменен айшықталады. Ақ түс – қазақ танымында пәктіктің, адалдықтың, тазалықтың т.б. көп мағына иеленетін түс атауы. Ақ түстің шығуына байланысты айтылған ғалымдардың пікірлері жетерлік. Солардың бірі де, бірегейі Э.В.Севортянның енбегіндегіақ түстің этимологиясына жүгінсек: «әке», «аға» - деген атаулардағы екі сөздің негізінде «ақ»-«оқ» (қартаю) етістістігінен шыққан. Ақ- ағу, (жоғары- төмен жылжу) етістігінен шыққан деген бірнеше нұсқасы қалыптасқан [11, 67-б].

Қазақ халқында ақ түс – пәктіктің, адалдықтың, құрметтіліктің белгісі. Оған мысал шамандық дәуірінен қазіргі күнге жеткен қазақ халқында «ағашқа ақ байлау»-деген түсінік бар. Айдаладағы ағашқа,не болмаса зираттардың басындағы ағашқа ақ түсті шүберек байлаған. Бұл рәсім аруақтаға, рухтарға деген құрметтілікті білдірген, яғни сыйынған. «Ақ» түстің этносимволикалық «киелілік», «қасиеттілік» мәнін әулие-әнбилерді, Қыдыр бабамызды сипаттаудан да көреміз, яғни қазақ халқының дүниетанымдық ұғымында олар ақ сақалды, ақ сәлделі, ақ шапанды қария ретінде түсіндіріледі. Айта кететін ерекшелік те осында, түрік халқында «ақ түс» албырап тұрған жастық, күштілік, мықтылық ұғымында болса, қазақ халқында дәурені жеткен қарттық кезді меңзейді. Ақ түске байланыста қазақ танымындағы ұғымдардың аясы өте кең. Оған дәлел *«ақ алтын, ақ ауыз болды, ақ бет, ақ босаға, ақ етек, ақ көйлек, ақ маңдай, ақ өлім, ақ тылсым, ақ халат, ақ арулап жөнелту, ақ жерден қара болды, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, ақ білек, ақ безерде көк безер болды, ақ жол, ақ киізге көтеру, ақ көз ерлі көз, ақ*

көбік қылды, ақсирақ жұт, ақ пен қара, ақ сайтаны ұстады, ақ сақалды ары тісті болу, ақ сақал қара сақал,ақ маңдай, ақ бата, ақ жаулық, ақ тылсым т.б.» сияқты көптеген семаларға ие.

Ақ түс түрік халқында «батырлық, мықтылық, күштілік, ұлылық», мағынасында қалыптасқан. Ислам дәуірі келмес бұрын шамандық дәуірінде өмір сүрген түрік халқы ақ түсті «ұлы» деп санаған. Оған мына аңыз мысал бола алады: «Үлген есімді Құдай өзінен бір адам жаратады,оның ағасы жаман рухтардың Құдайы Ерлік өзінен тағы бір адам жаратады. Бұл іске қатты ашуланған Үлген «Сенің жаратқаның-қара адам, менің жаратқаным -ақ адам болады»- деп сол кезден бастап ақтың үнемі үстемдігі күшті, әрі жоғары болыпты-мыс». Ақ түс тазалық, қолынан іс келу сияқты мәндерге ие оған мысал:

Benim yârim gelişinden bellidir.

Ak elleri deste deste güllüdür. Karacaoğlan

Түрік халқында «ақ» түспен байланысты тұрақты тіркестер төмендегідей лингвокультуремаларды бойына сіңіре отырып: *«Ak akçe kara gün içindir: Kazanmakla mutluluk duyduğumuz para dar zamanlarımızda bizi sıkıntıdan kurtarır (970), Ak göt (don, bacak), kara göt (don, bacak) geçit başında belli olur: Kimin iyi kimin kötü durumda olduğu sınav sonunda belli olur (971). Akın (beyazın) adı (var), karanın (esmerin) tadı (var): Beyaz tenli olanlar, güzel sayılır; ama bu, aldatıcı bir görünüşten ileri gelir. Gerçek güzellik ve şirinlik esmerlerdedir (972). Ak koyunu (ala keçiyi) gören, içi dolu yağ sanır: Bir şeyin dıştan görünüşüne bakarak içinin de öyle olduğunu sananlar aldanırlar (973). Ak koyunun kara kuzusu da olur: İyi ana-babadan kötü çocuklar çıkabilir (974). Ak köpeğin (itin) pamuk pazarına (pamuğa, pamukçuya) zararı vardır: Kötü şey, görünüşte iyi şeye benziyorsa iyi şeyin değeri azalır (975). Ağ ata binme, oğlan bege kulluk etme (976). Beyaz giyenin yüreğinde yağ olmaz* сияқты мәдени кодтарды көрсетеді.

Қазақ халқы мен түрік халқының ақ түске байланысты тұрақты тіркестердің ұқсас тұстарын кездестіреміз. Мысалы: *«Ақ сайтаны ұстады - ak şeker, kara şeker bir daman soya çeker, ақ киізге көтеріп хан сайлады- akçası ak olanın bakma gözünün karalığına,ақ жерден қара жер болды -ak gün ağartır, kara gün karartır, ақ білек-ak akçe ile ak baldıra güven olmaz, сүттен ақ,суден таза- ak libas tez kirlrnir, аққа құдай жақ- hesabi temiz olanın yüzü ak olur, ақ тылсым- ak koyunun kara kuzusu da olur».*

Түрік халқында қара түс- қорқыныштың, ауру, жамандық сияқты теріс мәндерге ие болса, қазақ халқында қара болды (сүйеніш, медеу болды), қара тартты (ес көрді), қара таныды (сауаты ашылды, оқыды), ақ қараны таныды (ақиқатты ажыратты) тұяқ, атамекен, күшті, ірі, қыруар, әдемі сияқты жағымды коннотациялық мәндерде де жұмсалады Мысалы: қара шаңырақ, қара халық, қара орман, қара көз, қара қас, қара шаш және т.б. Түрік халқынында қара түстің пайда болуы жоғарыдағы ақ түске байланысты мифологиямен тығыз байланысты. Қара түске байланысты **«***Kara gün kararıp kalmaz (durmaz), (koç yiğit bunalıp ölmez): İnsanın sıkıntılızamanı sürüp gitmez, arkasından ferahlı günler de gelir (1004). Kara haber tez duyulur: Ölüm gibi, başka felaketler gibi haberler,bununla ilgili kimselerin kulağına çabuk yetişir (1005). Karaya sabun, deliye öğüt neylesin: Özü bozuk olan şey, düzeltme çabalarıylaiyi duruma getirilemez (1006). Karga yavrusuna bakmış "benim ak pak evladım" demiş: Kişi kendi çocuğunugüzel, kendi eserini kusursuz görür. Başkalarına göre ne denli çirkin olurlarsa olsunlar (1007). Kır atın yanında duran ya huyundan ya suyundan (tüyünden): Kişi kiminyanında durursa onun huyundan kapar (1008). Körün istediği iki göz, biri ela biri boz: Bazılarının elindekiyle yetinmeyip yaptığı yüzsüzlük ve açgözlülüğü bildirir (1009). Köseyle alay edenin top sakalı kara gerek:*

Başkasının eksiklikleriyle eğlenen kişinin kendisi kusursuz olmalıdır (1010)» т.б. семалы тұрақты тіркестер бар.

Қара түстің шығуына байланысты «Қарақ - көздің қарашығы, көз мәнінде түсіндіріледі. Қарақ пен көз синоним сөз. Қазір «қарашық», деп қолданылады. *«Қарақ»* сөзінен қара, қар, қараша сөздері шыққан. Демек «қара»сөзінің шығу тегі «қарақ» сөзінен туындаған. Қазақ танымында қара түспен астарласып жатқан тұрақты тіркестер баршылық. «*Қара азық, қара байлады, қара басқан, қара бастың қамын жеді, қара борбай, қара бітпеген, қара жапты, қара жаяу, қара жермен тең болды, қара жүрек, қара көбейтті, қара көз, қара күш, қара құлақ, қара мысық өтті, қара сирақ, қара тұман, қара шаңырақ, қара хабар, қара күн туды, қара қылды қақ жарған, қара жерге кіру, қара бітпеген, қара көрмегір, жаны қара бақайына кетті, бөркі қара қазандай болды, қайыспас қаражар, қара алтын, қара аруақ, қара байлады, қара жаяу емес*» т.б.

Қара түс әдемілікпен байланысты да қолданылады: Қаракөз, Қарашаш. Сонымен бірге, қара түсі – философиялық ұғым, тұрақтылықты білдіреді: қара жер, қара халық, қара мылтық.

Қара түске байланысты түрік халқында “Kazan kazana kara demiş” деген тұрақты тіркес бар. Сайып келгенде, «Әркім өзінен хабар береді» деген сөзбен айшықталады. Қазақта дәл осы тіркеске қарама қарсы мағынада «Қарға баласын аппағым дейді» деген тіркес бар. Кемшілігін кешіре білу мағынасына саяды.

Түрік халқында «karaları bağlamak» деген ұғым бар, яғни қаралы хабар немесе жаман жағдай болғанда, қара түсті киім киіп немесе қара шүберек байлаған. Қазақтардың «Қара жамылды» деген тұрақты тіркесі бұл ұғыммен дәл сәйкес келеді. Дегенмен айта кететін жайт - қаралы үйге қара тігуде қайтыс болған кісінің жас ерекшелігі ескерілген. «Ölüm

bir **kara** devedir ki herkesin kapısına çöker. Өлім – қара түйе, әркімнің есігіне шөгеді».

Қара түсіне байланысты екі халықтың ұқсастықтарына келетін болсақ, «*Қара хабар-haber tez duyulur, kötü haber çabuk yayılır, қара мысық өтті-kara kedi geçmek, қара күн туды-kara gün, қара жапты-ak gün ağartır, kara gün karartır, қара байлау- kara bağlamak*».

Қорыта айтқанда, «ақ» және «қара» сөзімен байланысты фразеологизмдер қазақ және түрік тілдерінде көптеп кездеседі. Айта кететін ерекшелік, түрік халқында «ақ түс» албырап тұрған жастық, күштілік, мықтылық ұғымында болса, қазақ халқында дәурені жеткен қарттық кезді меңзейді. «Ақ» және «қара» сөзі ұйытқы болған фразеологизмдер аталған тілдерде күрделі және көп деңгейлі түс символикасын білдіретін ауқымды ақпараттық әлеуетке ие болып табылады. Жинақталған тілдік деректерден «ақ» және «қара» түс концептілерінің мәнін айқындауға, екі халық танымындағы тілдік кодты ашып, лингвомәдени лексемаларды ашуға толық мүмкіндік беретінін байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1- том & 9 –том. –Алматы, 2011.

2 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: Арыс, 2007.

3 Қайдаров Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай: 2004.

4 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері. –Алматы, 2004.

5 Aksoy Ö. A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. –Ankara: Türk Dil Kurumu Basımevi, 1993.

6 Yurtbaşı M. Sınıflandırılmış Türk Atasözleri. Ankara: Ötüken, 1994.

7 Yazgan M. Türk Atasözleri, Deyimleri ve Bilmeceleri. – Almatı, 2008.

8 Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы. –Ақтөбе, 2006.

9 Жарқынбекова Ш. Концепты цвета в казахской и русской культурах. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.

10 Küçük S. Türkiye Türkçesinde Renk Adları ve Özellikleri//Uluslararası Sosyal Arastırmalar Dergisi / Volume 3 / 10 Winter 2010.

11 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюрских языков. – Москва: Наука,1974.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ «ҚОНАҚ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ,

Кемелбекова Айдана

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті 3- курс студенті

Ғылыми жетекшісі: магистр, аға оқытушы **Тойбаева Назкен**

Түйіндеме

Соңғы жылдары жаһандану әсерінен де дүние жүзі халықтарының арасындағы қарым қатынас, ұлт өкілдері арасындағы байланыстар да арта түсуде. Әр ұлттың түп негізі болып табылатын, мәдениетпен тығыз байланысты концептілер үлкен маңызға ие болуда. Бір ұлттың тілін үйрену үшін мәдениетін, салт-дәстүрін жетік білгеніміз абзал. Тіл, діл, дін, салт-дәстүр, мәдениет, әдебиет деп әрі жалғыстыра беруге болатын ұзын тізбек барын да білеміз.Осыған орай соңғы кездері қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы болып табылатын концептті нақты дәйектер негізінде ашуға бағытталған еңбектердің көбейіп келе жатқаны байқалады. Зерттеулерінде ғалымдар тағдыр, өмір, өлім, мұң, бақыт, батырлық, түр-түс, сұлулық, т.б.

концептілердің мазмұнын көрсетіп, оларды жан-жақты қарастырған. Бүгінгі жұмысымызда концепттің құрылымын, яғни, концепттің негізгі қабаттары мен оның құрылымдық типтеріне жалпылама мәлімет бере отырып, қазақ және түрік тіліндегі «қонақ» концептісінің құрылымдық типтерін салыстырдық. Әрине, түбі бір түркі халықтарынан болғандықтан ұқсастықтар баршылық. Алайда, әр ұлттың өзіне, мәдениетіне, түсінігіне және т.б. байланысты өзіне тән ерекшеліктері де жоқ емес.

Кілт сөздер: Концепт, когнитивтік лингвистика, қазақ тіліндегі "қонақ" концептісі, түрік тіліндегі "қонақ" концептісі.

Жалпы, концепт дегеніміз не? Р.М.Фрумкина концептіні мәдени категориялардың әсерінен туған вербалды ұғым ретінде түсінеді [1]. В.Н.Телияның пікірінше, концепт - бұл адамзаттың ақыл-ой жемісі және ондағы идеалды құбылыстар мен болмыстар. Ол тек тілге ғана емес, адам санасына тікелей қатысты" [2]. А.Исламның пікірінше: "Концепт дегеніміз - ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік" [3]. Яғни, ерекше сипатқа ие болған, тілде көрініс тапқан ұғымдар. Концептілер – белгілі мәдениетті, қоғамды онсыз елестету мүмкін болмайтын ең маңызды және күрделі бірліктер. Ол санада танылу деңгейіне қарай бірнеше топқа бөлінеді: метафизикалық (өлім, жан), ұлттық мәдени концепт (ошақ, дастархан, шай), эмоционалды концептілер (қуаныш, қайғы, бақыт). Зерттеуші С.Жапақов айтқандай, «концепт типтері ұжымдық санада инвариант, индивидтік санада вариант түрінде болады» [4], сол арқылы концепт құрылымы кеңейіп, толығып, байып, ұлғайып отырады, себебі әр қолданыста оған сан алуан субъективті эмоционалдық, бағалауыштық, философиялық мән үстемеленіп отырады.

Концептің құрылымына келер болсақ, ол: ядро, негізгі ұғымдық қабат, периферия деген үш қабаттан тұрады.

"Қонақ" концептісі

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде "қонақ"сөзі былайша көрсетілген екен:

1) Жолаушылап келе жатып, үйге түскен адам, мейман: қонақты аттандырды, қонаққа барды (шақырды)

2) Сый-сияпат көрсету үшін, үйге, елге арнайы шақырылған адам: Ол біздің елге қонаққа келді (Ғ.Мүсірепов).

3) Дәні тары тәрізді, бір жылдық шөптесін өсімдік.

4) Тарының бір түрі, түсі қызыл, дәні уақ түрі: Жеңешем кеше сүт қатқан қонақ көже істеді (Жамб., Жам.). Биыл аздап қонақ ектік (Шымк., Түлк.). [5]

Түрік тілінде болса, қонақ сөзіне мағыналас "misafir" сөзі былайша көрсетілген:

misafir Ar. mus¥fir a. (misa:fir)

1) Konuk: Misafirler aslında bu odada ağırlanır ama biz şimdi rıhtıma çıkacağız. A. Kulin.

2) tıp esk. Gözün saydam tabakasında herhangi bir sebeple oluşan beyaz leke. [5]

Яғни, концептің құрылым жағынан ядросы осы концептінің өзі және білдіретін мағынасы болып табылады. Негізгі ұғымдық қабатқа келер болсақ, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, символдарды жатқыза аламыз. Мысалы, қазақ тілінде қонақ сөзімен байланысты

Қонақ аз отырып, көп сынайды.

Қонақ бір күн қонса – құт, екі күн қонса – жұт.

Қонақ қонса, ет пісер, ет піспесе, бет пісер.

Қонақ алдымен қабағыңа қарайды, содан кейін табағыңа қарайды.

Қонақ атаңнан да үлкен.

Әйелдің әдептілігі қонақ күтуінде.

Қонақ келсе, құт келер.

Шақырылмаған қонақ ,сыпырылмаған жерге отырады.

Құс жеткен жеріне қонар, қонақ қалаған үйіне қонар.

Қонақ қадірлі болса, қазан тез қайнайды [6] деген сияқты мақал-мәтелдер бар.

Түрік тілінде болса,

Misafirlik üç gündür.

Misafir on kısmetle gelir, birini yer, dokuzunu bırakır.

Köylü, misafir kabul etmeyiz demez, konacak konak yoktur der.

Misafir umduğunu değil bulduğunu yer.

Şaşkın misafir, ev sahibini ağırlar.

Misafirin umduğu ev sahibine iki öğün olur.

Қазақ тілінде «қонақ» концептісін вербалдайтын номинативтердің саны біршама. Бұл номинативтер қонақ түрінің әлеуметтік мәртебесін, басқа адамның өміріндегі орнын, олардың өзін-өзі және өзгелерді бағалауын көрсетеді. Перифирия ретінде, қазақ тілінде : құт, береке, тағам, дәм, шай, нан, дастархан, сыйластық, мереке, жылулық, қонақжайлық, сүйіспеншілік, сарқыт, кәдесый т.б. Түрік тілінде : tabak, tat, masa örtüsü, saygı, tatil, misafirseverlik, sevgi, hediye, çay, güleryüz, samimiyet v.s.

Концептінің құрылымдық типтері

Фреймде ең жақын ассоциативтік, стреотиптік таңбалар арқылы көрініс табады. Яғни, белгілі бір концептіге жету үшін немесе жүзеге асыру үшін жасалатын іс-әрекет.

Қонақ шақыру-қонаққа бару-	Misafire gitmek-misafir beklemek-

кәдесый-сарқыт әкелу-әңгімелесу-мереке (тойлау)	hazırlanmak-çay içmek- şarkı söylemek-dans etmek

Сценарий дегеніміз даму мен қозғалыстан тұратын бірнеше оқиғалардың тізбегі, уақыт пен кеңістікте таралатын кезеңдер мен оқиғалар ауысымының көріністері, аса күрделі бөлінбейтін бөлшектер.

Қонақ шақыру- азық-түлік алып, тағамдар дайындау- үйді жинау-қонақтарды күтіп алу-қымыз,шұбат секілді сусындар ұсыну-бешбармақ – шай ішу-әңгімелесу-кәдесый-қонақтарға сарқыт салып беру-қонақтарды шығарып салу.	Misafirleri beklemek- hazırlanmak-yemekler yapmak- temizlik- içecek şeyler vermek- çay- fındık ve antep fıstığı, kuru meyveler usunmak-şarkı söylemek-dans etmek

Концептілік құрылымның типтерінің бірі скрипт қалыптастыратын басты элемент фрейм. Ол қалыптасқан стереотиптік ақпараттар арқылы немесе басқа адамдардың әрекеттерін мұқият есте сақтау арқылы жинақталған ақпараттардан құралады. Скрипт түсіндіруді қажет етеді. Мысал ретінде, сарқытты алсақ болады. Сарқыт – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ежелден келе жатқан салттардың бірі, ырым. Тойдан, айт мейрамынан ырымдап кәмпит, құрт сияқты дәмнен алып, үлкен кісілер (негізінен әйелдер) үйдегі балалары мен келіндеріне әкеліп ауыз тигізеді. Сол сияқты үлкен табақтан қалған етті де “сарқыт” деп, оны да жастар үлкен кісілердің жолын, абыройын берсін деп ырым қылып жеген. Бұрын "сарқыт қайтады" деп келіндер үлкендердің табағын әдейі күтіп отыратын

болған. Қазақ салтында сарқыттың ырымдық, әрі тәрбиелік дәстүрлік маңызы зор. Әрі халқымызда «Дәметіп қалған емізулі баласы бар жас келіннің омырауы ісіп кетеді» -деген түсінік болған. Ал, ауылдың бір қадірлі адамдары белгілі бір себептермен тойға бара алмай қалса, той иесі атынан ол кісілерге арнайы табақ жасалып, сыбығасы үйіне беріліп жіберетін болған. Бас тарту - кәде, жиын-той, аста, қонақ күткенде сойылған малдың басын қадірлі адамға сыбағалы, кәделі, сыйлы мүше ретінде тарту. Бас мүшесін дүниенің, жаратылыстың, әлемнің бастаушы күші деген ежелгі наным-сенімге байланысты оны жасы үлкен, сыйлы қонаққа немесе мәртебесі жоғары адамға бас тарту байырғы ортада ежелден орныққан.

Анадолыда қонақпен байланысты көптеген наным мен ғұрыптар бар. Мысалы, Анадолы халқы үйіне келген қонаққа «қарындарың аш па?» деп ешқашан сұрамайды. Осы сұрақты қою ұят және құрметсіздік ретінде қабылданады. Қонақтың тамақтанбағанын білу үшін қонақ иесі қолданған әдістер бар. Үйге келген қонаққа тез арада түрік кофесі қайнатып, қасында суымен ұсынады. Егер келген қонақ өзіне ұсынылған суды кофеден бұрын ішсе қарны аш, ал кофені судан бұрын ішсе, онда қарны тоқ деген мағынаға келеді. Османлыда тойлардың басты тәттісі ретінде халуа көптеген себеппен жасалатын болған. Түрік мәдениетінде халуа тіршіліктің көптеген сатысында дастарханда орнын алған. Туудан өлімге дейін әртүрлі себептермен желінген халуа марқұмның артынан да оның атымен жасалып отырған. Түрік мәдениетінде әртүрлі қайғы және қуанышты оқиға тәттімен бөліседі. Жер жаңғақты немесе жер жаңғақсыз ұн немесе ұнтақ жарма халуа қазір де той асында, өлімнен кейінгі 40-шы күн еске алу асында, киелі кандил түндерінде пісіріліп таратылады. Халуаны тарату қуаныш пен қайғыны бөлісу деген мағынаға келеді. Түріктер қонақ күткенде, аса құрметті қонақ болса қазақтар секілді

дастархан жайып күтіп алады, бірақ түріктерде қонақтар 2-3 сағаттан аса көп отыра бермейді. Дастарханға отырған соң үйдің иесі дастарханға шақырып өзі бастамайынша, тамаққа қол тигізуге болмайды, бұл олардың ойынша құрметсіздікке жатады және үй иесі қонақтың көңілдерін көтеру үшін түрікше ұлттық өлең қойып, би билеу секілді барынша көңілдерін көтереді. Және олардың бір айырмашылығы түріктерде қонақтар жастықта отырады.

Қазақ халқында, арнайы қонақ шақырып той жасағанда келуші кісілер саны оннан аспа-са – бір семіз марқа, жиырма болса – тоқтылы қой, отыздан асса – бір құлын не тай сойылған. Ет жеудің алдында қонақтың қолына су құйылады, су қуюшы бала сол қолына леген, оң қолына құман ұстап, оң иығына сүлгі орамал алып, қонақтардың қолына жағалай су құйып шығады. Қонақ тамақ ішіп болған соң, ауыл адамдары ауылдың «алты ауызын» айтып қонақтың көңілін көтереді, сосын қонақ не өлең айтып, домбыра тартуы керек. Мұны «қонақ кәде» дейді. Кештің соңында қонағын аттандырар кезде, отағасы қонағынан «бұйымтай» сұрайды. Қалыптасқан дәстүр бойынша қонақ үй иесінің атын, мылтығы мен итінен басқа кез келген затты сұрауына болады.

Қорытынды

Біз жұмысымызда концепттің құрылымын, яғни, концепттің негізгі қабаттары мен оның құрылымдық типтеріне жалпылама мәлімет бере отырып, қазақ және түрік тіліндегі "қонақ" концептісінің құрылымдық типтерін салғыластырып қарастырдық:

Ядросы "қонақ" , екі тілде де ол сөздің мағынасы, қолданылу аясы бірдей.

Негізгі қабаты жайлы сөз қозғасақ, ұқсастықтары: қазақтар да, түріктер де, шақырылған, шақырылмаған қонақ болса да, қашан да жылы шыраймен, ыстық ықыласпен күтіп, оның бар жағдайын жасауға

тырысатынын байқаймыз, олар «қонақпен қатар ырыс-береке, құт келеді» деп сенеді. *Айырмашылықтары*: қазақтар қонақтарын қанша күн болса да, бетін қайтармай күткен. Оған дәлел, жыршы-жыраулар, серілер де бола алады. Оларды апталап, тіптен айлап та үйлерінде қонақ етіп күтетін болған. Ал, түріктерде "қонақ болу - үш күндік" деген мәтел бар. Яғни, келген үйлерінде көп тұрақтамайтын болған. Перифериялары қонақжайлылық, береке, жылулық т. б. яғни,өте ұқсас. Концептің құрылымдық типтері, яғни, фрейм, сценарий, скрипт бойынша: *Ұқсастықтары:* екі халық та, қонақ келерде үйлерін тазалап, неше түрлі дәмді тағамдар әзірлеп, ерекше дайындалады. Бар жағдайын жасап, жылы-жұмсағын беріп, қалауын орындайды. *Ерекшеліктері:* қазақтар барған жеріне құр қол бармайды, кәдесыймен барады. Қонақтарды шығарып саларда, сыбағасын, сарқытын салып береді. Түріктерде аса маңызды күн болмаса, немесе аса қадірлі қонақ болмаса, тек шай немесе кофе, жаңғақ, кептірілген жемістер секілді жеңіл тіскебасарлар ғана беруі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Фрумкина Е. Введение в психолингвистику . –Москва, 2000. - 215 б.
2 Телия В.Н. Русская фразеология. – Москва, 1996. - 217 б.
3 Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил.ғыл. док.дис. қолжазбасы. – Алматы, 2004. - 340 б.
4 Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: Филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. -117 б.
5 http://lugat.kz/voc
6 Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы. "Аруна лтд“, 2012.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ «ЖҮРЕК» КОНЦЕПТІСІ,

Исатай Арайлым, Жанболатова Саёра

Сулейман Демирель атындағы университет

Педагогикалық және гуманитарлық ғылымдар факультеті

«Қазақ филологиясы» мамандығы 2-курс студенттері

Ғылыми жетекшісі: Ph.D докторы, ассоц. профессор **Алтыншаш Құрманәлі**

Аңдатпа

Бүгінгі таңда тілі, діні, мәдениеті әр түрлі тілдердегі концептілерге лингвомәдени талдау жасау арқылы, сол концептілердің тілдегі ұлттық-мәдени ерекшелігін анықтау өзекті мәселе болып табылады. «Концепт –

тілдік ақпаратты кодтайтын, сөздің ішкі мазмұнын, мәнін танытатын, оның затқа, реалийге қатысын, шындықты бейнелеуін көрсететін және сол ақпаратты келер ұрпаққа жеткізетін тілдік таңбалар жиынтығы». Кез-келген тілдегі концептілер жүйесі қоршаған орта туралы қалыптасқан ақпараттардың жиынтығы түрінде түзіледі, осы ақпараттар жиынтығы ғаламның тілдік бейнесін түзеді.

Тіл білімінде соматизмдердердің фразеологизм жасауға қатысу дәрежесінің түрлілігі дене мүшелері қызметінің адам үшін аса белсенділігімен анықталады. «Жүрек – қорқыныш, қайғы, мұң, қуаныш, жақсылық, махаббат, сезім, сүйіспеншілік нышаны ретінде қазақ және түрік фразеологизмдерінің құрамында кеңінен көрініс тапқанын байқауға болады. Осыған байланысты, мақалада қазақ және түрік халықтарының тілдік санасындағы "Жүрек" концептісі қорқыныш, қуаныш, махаббат, қайғы-мұң т.б. лексика-семантикалық топтарға жіктеледі. Мұнымен қатар, мақалада қазақ және түрік фразеологизмдеріндегі "Жүрек" концептісіне лингвомәдени талдау жасалып, олардың лингвомәдени ерекшеліктері анықталады.

Түйін сөздер: қазақ және түрік тілдері,соматизмдер,жүрек, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, концепт, лингвомәдени талдау.

Кіріспе

Ғасырлар бойы рухани өмірдің мәдениетпен ұштасқан тәжірибесі концептіде көрініс табады. Кез-келген тілдегі концептілер жүйесі қоршаған орта туралы қалыптасқан ақпараттардың жиынтығы түрінде түзіледі, осы ақпараттар жиынтығы ғаламның тілдік бейнесін түзеді. Сондықтан бүгінгі таңда тілі, діні, мәдениеті әр түрлі тілдердегі концептілерге лингвомәдени талдау жасау арқылы, сол концептілердің

тілдегі ұлттық-мәдени ерекшелігін анықтау өзекті мәселе болып табылады.

Тіл білімінде соматизмдердердің фразеологизм жасауға қатысу дәрежесінің түрлілігі дене мүшелері қызметінің адам үшін аса белсенділігімен анықталады. «Жүрек – қорқыныш, қайғы, мұң, қуаныш, жақсылық, махаббат, сезім, сүйіспеншілік нышаны ретінде қазақ және түрік фразеологизмдерінің құрамында кеңінен көрініс тапқанын байқауға болады. Осыған байланысты, мақалада қазақ және түрік халықтарының тілдік санасындағы "Жүрек" концептісі қорқыныш, қуаныш, махаббат, қайғы-мұң т.б. лексика-семантикалық топтарға жіктеледі.

Зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты – қазақ және түрік фразеологизмдеріндегі «жүрек» концептісін салыстыра-салғастыра зерттеу арқылы тілдік белгілер негізінде олардың таным-түсінігін анықтау болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың дереккөздері ретінде І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» [1], Қазақ әдеби тілінің сөздігі» 1 [2], Ө.Тұрманжановтың «Қазақ мақал-мәтелдер сөздігі» [3], Ө.Аксойдың «Түрік мақал-мәтелдер сөздігі» [4], М.Йуртбашының «Түрік мақал-мәтелдер сөздігі [5], М.Язганның «Түрік мақал-мәтелдері, жаңылтпаштары» [6] т.б. еңбектер пайдаланылды.

Концепт – тілдік ақпаратты кодтайтын, сөздің ішкі мазмұнын, мәнін танытатын, оның затқа, реалийге қатысын, шындықты бейнелеуін көрсететін және сол ақпаратты келер ұрпаққа жеткізетін тілдік таңбалар жиынтығы [7, 10-б].

Ұлттық мәдениетті дүниенің тілдік бейнесі ретінде қарастырған, әрі концепті белгілі бір этнос мәдениетінің басты элементі, адамның менталды әлемінің басты ұяшығы деп таныған ғалым А. Исламның мына тұжырымынан байқауымызға болады: Концептің басты белгілерінің бірі – оны мәдени реңкте болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан – ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым», – дейді [8, 12-б].

«Жүрек» сөзінің тікелей мағынасы – дене мүшесі, ол адамның биологиялық, сонымен бірге психологиялық әрі рухани орталығын сипаттайтын бірден – бір негізгі компонент. Бұл концептінің әлемнің тілдік бейнесінде жасалуы адам табиғатының дуалистік сипатын көрсететіндігін білдіреді. «Әлемдік танымға сүйенсек жүрек – адамзат денесінің орталығы, адам денесінің осы мүшесі оның өмірлік күшінің негізі екендігі жалпыға белгілі, егер жүрек өзінің соғуын тоқтатса – онда адам да өзінің тіршілігін, яғни өмір сүруін тоқтатады. Сонымен қатар әлем тілдерінің барлығында жүрек концепті адамның рухани өмірінің орталығы болып саналатын сезім мүшесі ретінде де қызмет атқарады. Жүрек халықтың танымын жеткізуде, наным – сенімін білдіруде, адам эмоциясы мен сезімін бейнелеуде қолданылады. Оның негізгі мәні анық, айқын, өз маңайына сөздерді ұйымдастыратын тірек сөз бола алады [9].

«Жүрек концепті тілдік әлемнің бейнесін құрайтын «тірек» компонент. Себебі, әлемдегі адамзат танымына сүйенген жүрек - адам денесінің орталығы. Сонымен қатар әлем тілдерінің барлығында жүрек концепті адамның рухани өмірінің орталығы болып саналатын сезім мүшесі ретінде қызмет атқарады. Жүрек адам бойындағы тек сезімді,

эмоцияны ғана емес, күлу, қуанау, ренжу, қорқу, сезіну, жылау, ойлану, бір нәрсеге өз еркімен шешім қабылдау, махаббаттың оянуын, ар – намыстың сезімдерді т.с.с. реттеп отырады. Жүрек адам өміріндегі физикалық және рухани дүниетанымының негізгі көзі болып табылады. [10, 17-б]. Жүрек –жақсылықтың, мейірімнің де өзегі, иманның мекені. Оның тазалығы –жанымыздың, тәніміздің саулығының кепілі. Бұған дәлел ретінде Ан Нумана ибн Баширадан жеткен хадисте былай делінген: «Шын мәнінде, адам денесінде бір кесек ет бар, егер ол сау болса, бүкіл денесі де сау болады, егер ол ауру болса, бүкіл денесі де ауру болады. Бұл жүрек. Жүрек - айналаны тану үшін, сезіну үшін, жетілу үшін Аллаһ бекіткен рухани мүше. Қуаныш, қайғы, шаттық, сенім, турашылдық сезімдер және т.бсезімдер де жүректе мекендейді. Адам жүрек арқылы сенім мен өтірікті, дұрыс пен бұрысты айыра алады.

«Жүрек – адам денесіндегі ең маңызды мүше. Ол білім мен жақсы қасиеттердің, ниеттердің, ізгіліктердің мекені.» Осы орайда, жүрек туралы Абайдың сөзін келтіруді жөн көрдік: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма? Біздің қазақтың «жүректі кісі» дегені – батыр дегенді білдіреді. Одан басқа жүректің қасиеттерін анықтап білмейді. Рахымдылық, мейірбандық, әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да игі еді демек, бұлар – жүректің ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Адалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады.Біздің қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уәдеде тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей,адасқан көптің атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақын мойындаған нәрсеге қиын да болса мойындау, әділетті ақын мойындамаған нәрсеге оңай да болса мойындамау ерлік, батырлық осы

болмаса, қазақтың айтқан батыры- әншейін жүректі емес, қасқыржүректі деген сөз» [11, 77-б].

Көріп отырғанымыздай, Абайдың «жүректің» өзіне тән рахымдылық, мейірбандық, қайырымдылық, адалдық, батылдық, батырлық, қайратсыздық, жаманшылық істеу, жақсылық жасау тәрізді толып жатқан жақсы-жаман қасиеттерінің сыр-сипатын тек адамның нақтылы іс-әрекеті арқылы білуге, көруге, сезуге болатындығын аңғартып отыр. Осыдан артық «жүректі» жан-жақты ситапттау, суреттеу мүмкін емес. «Жүрек» статусын жалпы айтар болсақ, «сезім, қуаныш, батырлық, үрей, қорқыныш, мерттік, намысқойлық, қызулық, салқындық» сияқты сөздермен сипаттауға болады.

Жүрек – әмбебап құбылыс ретінде қорқыныш, қайғы, мұң, қуаныш, жақсылық, махаббат, сезім, сүйіспеншілік символы ретіндетұрақты тіркестер құрамында қазақ және түрік тілдерінде кеңінен көрініс тапқан. Соматизмдердердің фразеологизм жасауға қатысу дәрежесінің түрлілігі дене мүшелері қызметінің адам үшін активтілігімен анықталса керек. Алайда адам организмінің ішкі органы болып табылатын жүрек – басқа ішкі мүшелермен салыстырғанда тұрақты тіркес жасаудағы ең өнімді әрі көп кездесетін лексема. Жүрек соматизмі ұйытқы болған тұрақты тіркестердің жиілігі қазақ және түрік тілдерінде жоғары екендігі зерттеу нәтижесінде анықталды. Қазақ, түрік тілдеріндегі фразеологиялық сөздердің негізінде жүрек соматизміне байланысты шамамен қазақ тілінде 100, түрік тілінде шамамен 85 соматикалық фразеологизмдер жинақтадық. Осы фразеологизмдерді жіктемес бұрын, ең алдымен екі тілге ортақ, тікелей аударылатын, екінші тілде баламасы бар соматикалық фразеологизмдерді, яғни оларға тән тіларалық сәйкестіктерді:жүрегі кең (кеңпейілді) – *yüreği geniş;* тас жүрек (қатыгез, мейірімсіз) –*taş kalp*; жүрек жарылу/жүрегі жарыла жаздау - *yüreği*

yarılmak; шын жүрегіммен –*bütün kalbimle,* жүрегін жайып салу – *kalbini açmak;* жүрегі қарс айрылу (қайғыдан қатты күйіну, өзегі өртену) – *yüreği parça parça olmak*, сондай-ақ тікелей аударуға келмейтін екінші тілдегі мағынасы жағынан сәйкес келетін баламасы арқылы берілетін немесе сөзбе-сөз аударылатын соматикалық фразеологизмдерді де атап өтуге болады. Фразеологизмдердің бұл тобына көбіне түрік тіліндегі предлогты сомотизмды жатқызуға болады. Мысалы, *kalbin kalbinde* – жүрегінің түбінде;

Жүрек соматизімінң түсіндірме сөздікте берілген мағынасына назар аударайық:

1) Жүрек– қан айналу жүйесінің көкірек қуысының сол жағында орналасқан басты мүше.

2) ауыс. Кісінің жан дүниесі, рухани сезімі. ауыс. Саяси-әкімшілік орын, орталық.

Жүрек – қан айналу жүйесінің көкірек қуысының сол жағында орналасқан басты мүше [1, 635-б].

Жүрек соматизміне қатысты жиналған фразеологизмдерді мағыналық тұрғыда топтастырар болсақ;

1) Жүрек– ағза ретінде:

Адам денсаулығын, дене қалып жағдайын сипаттаушы фразеологизмдер: жүрегі айну –*midesi bulanmak*; жүрегі күпті болу; жүрек тесті; жүрек қыжылдады; жүрегі көтерілді; жүрегі қарайды (қарны ашты)–*yüreği ezilmek; yüreği bayılmak;* жүрек жалғады – *yüreği yağ bağlamak*; жүрекке ас батпады; жүрегі сазды - *yüreği ezildi;* жүрегіне тию - *yüreğine inmek;*

2) Жүрек – сезімнің көзі ретінде:

Қуаныш, шаттықты білдіретін фразеологизмдер: жүрегі жарылды/жарыла жаздады – yüreği yarılmak; жүрегі қарс айрылды – yüreği parça parça olmak; жүрегі лүп ету - kalbi çarpmak;

Уайым, қайғы, мұң сезімдерін білдіретін соматикалық фразеологизмдер: жүрегіне дерт түсу - kalp acısı çekmek; жүрегі өрт болып жану –yüreğine ateş düşmek; жүрегі дерт алу; жүрегі тас түйін болу - yüreğine dert olmak ; жүрегі қарс айрылу - yüreği parça parça olmak;

Қорқыныш, үрей сезімін білдіретін соматикалық фразеологизмдер: жүрегі дауаламады; жүрегі алып ұшты; жүрегі аузына тығылды –yüreği ağzına gelmek; жүрегі дір ете қалды; жүрегі зу етті; жүрегі мұздап коя берді; жүрегі тас төбесіне шықты-yüreği çarpmak;

Ғашықтық сезімін білдіретін фразеологизмдер: жүрегіне өрт түсті (ғашықтықтың жалыны жанды); жүрек қылын шертті –yüreği dolu; yüreği başlı; жүрекке шоқ салу – yüreğine ateş düşmek; жүрегі жанды (ғашықтықтан іші өртенді); жүрегіне жылу берді; yüreği yaralı;

Мейірлену, жаны ашу сезімдерін білдіретін фразеологизмдер: жүрегі елжіреді; жүрегіне жылу; жүрегі жылы; жүрегі тебіренді; жан жүрегін тебірентті; іші-бауырын елжірету; жүрегі еріді – yüreğini eritmek;

3) Жүрек - батырлық символы: жүрегінің түгі бар; жүрек жұтқан;

4) Жүрек – қорқақтық, әлсіздіктің нышаны: қоян жүрек; су жүрек - *yüreği çarpmak*;

5) *Жүрек – кеңшіліктің, жүрегі ашықтықтың белгісі:* ақ жүрек – *yüreği balat ovası gibi;*

6) Жүрек – жауыздық, мейірімсіздіктің символы: жүрегі қара ; тас жүрек; сұм жүрек;

«Yürek» және «kalp» түрік мақал-мәтелдерде қолданылуы:

Yürek	***Kalp***
Ağız, yüreğin taşıdığını söyler.	Aklınla gör, kalbinle işit

Ak gün adamı ağartır, kara gün yüreği daraltır.	Allah herkesin kalbini bilir.
Ana gözü, yürekten bakar.	Ana kalbi kırılmaz.
Anasının kucağında uyuyan çocuğun yüreği yağlanır.	Çok söyleyen, kalbini yorar.
Aslan postu içinde tavşan yüreği çarpmaz	Dostun sözü kalpten vurur.
Beyaz giyenin yüreğinde yağ olmaz.	Fukarının cebi boş, kalbi doludur.
Birde veli ile bir oğlanının yüreğinde yağ olmaz.	Ibadetile cennete girilmez, temiz kalp gerek.
Candan canım gerek, yürekten yananım gerek.	Kadın kalbi merhabet kaynağıdır.
Delinin yüreği ağzındadır, akıllının dili yüreğinde.	Kalbin yolu, mideden geçer.
Demirci yüreği, demirden sert gerek.	Kalbini pak tut da, kırk yıl cennet gez.

«Yürek» концептісінің қазақ және түрік фразелогизмдерінде ортақ қолданылуы:

жүрегі аузына тығылу	yüreği ağzına gelmek
жүрегі жарылу	yüreği yarılmak
жүрегі сазды	yüreği ezildi

жүрегі сыздау	yüreği sızlamak
жүрегі қарс айрылу	yüreği parça parça olmak
жүрегі зу ете қалу	yüreğine su serpilmek
жүрегі жаралы	yüreği yaralı
жүрегі оттай жану	yüreğine ateş düşmek
жүрегі талықсу	yüreği tüketmek
жүрек жарасы	yürek yarası
жүрегін сыздату	yüreğine inmek
жүрегі тас төбесіне шығу	yüreği çarpmak
жүрегіне дақ түсу	yüreğini dağlamak
жүрегіне жылу беру	yüreğini dökmek
жүрек жалғау	yüreğiyağ bağlamak
жүрегі жанды	yüreği yanık
жүрегі орнына түсу	yüreği rahat etmek

«Kalp» концептісінің қазақ және түрік фразелогизмдерінде қолданылуы:

жүрек дерті	kalp acısı
жүрегі жану	kalbi yanmak

жүрегі алып ұшу	kalbi yerinden oynamak
жүрегінен орын алу	kalbine girmek
аузын ашса жүрегі көріну	kalbine göre
жүрек қылын шерту	kalbini açmak
жүрегін жаулау	kalbini çalmak
жүрегіне инедей қадалу	kalbini kırmak

«Kalp»және «Yürek» концептілерінің түрік тіліндегі фразеологизмдерде бірдей қолданылуы:

kalp acısı	yürek acısı
kalbi çarpmak	yüreği çarpmak

Қай халықтың болмасын фразеологизмдерінің ұлттық ерекшеліктері әр түрлі факторлардан: халықтың тұрмыс-тіршілігінен, оның тарихынан, мәдениеті мен әдет-ғұрпынан байқалады. Қазақ және түрік фразеологизмдеріндегі «жүрек» концепті әлемнің тілдік бейнесінен мағлұматтар беріп, бейнелі ойлаудың жемісі болып табылады. Жүрек» концепті көп жағдайда және басым мөлшерде тілдің әлемдік бейнесін құрайды. Жинақталған тілдік деректерден «жүрек» концепті туыстас қазақ және түрік тілдерінің лексикалық қорын байытқанын, атап айтқанда, көптеген фраземалар, мақал-мәтелдер жасалып, тілдің көркемдік құралдарын арттырғанын байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

3 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: Арыс, 2007.

4 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1- том & 9 –том. –Алматы, 2011.

5 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері. –Алматы, 2004.

6 Aksoy Ö. A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. –Ankara: Türk Dil Kurumu Basımevi, 1993.

7 Yurtbaşı M. Sınıflandırılmış Türk Atasözleri. Ankara: Ötüken, 1994.

8 Yazgan M. Türk Atasözleri, Deyimleri ve Bilmeceleri. – Almatı, 2008.

9 Ахметжанова З. Очерки по национальной концептологии. –Алматы: Елтаным, 2012.

10 Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил.ғыл. док.дис.

қолжазбасы. – Алматы, 2004. - 340 б.

11 Рскелдиева Д.Б.& Утемгалиева Н.А. Тілдегі универсалия және уникалия

құбылыстары

http://www.rusnauka.com/5_SWMN_2014/Philologia/7_159125.doc.htm

10 Султангубиева А.А. Тілдік бейнедегі жүрек концептінің көрінісі. Ф.ғ. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық автореферат. –Алматы, 2009.

11 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1977

YABANCILARA TÜRKÇE ÖĞRETİMİNDE SIFAT-FİİLLERİNİN ÖĞRETİMİNDE ATASÖZLERİNDEN YARARLANMA

Эсра Генчаслан

Сулейман Демирель Университеті

«Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы» 2-курс магистранты

Жетекшісі: ф.ғ.к., ассист, проф. Ж. А. Тұрымбетова

Özet

Yabancılara Türkçe öğretiminde dersin verimli, zevkli ve becerilerin geliştirici hale getirilmesinde edebi metinler önemli yardımcı kaynaklardandır. Edebi metinler aracılığıyla öğrencilerin dil zevkleri, estetik bakış ve hedef dilin kültürüne olan ilgi ve sevgisi oluşturulur. Bu nedenle dilsel ve kişisel becerilerin geliştirilmesi için yabancı dil öğretiminde edebi türlerin araç olarak kullanılması önemlidir.

Çalışmada, yabancılara Türkçe öğretiminde halk edebiyatı türlerinden atasözlerinden yararlanarak sıfat-fiillerinin öğretimi konusu üzerinde durulmuştur. Sıfat-Fiilleri Türkçenin öğretiminde önemli bir yer tutmaktadır. Çok basit bir cümle içerisinde bile en az bir fiilimsi türü kullanımına yer verilir. Dolayısıyla fiilimsilerin öğretimi başlı başına ele alınması ve materyal geliştirilmesi gereken meselelerden biridir. Folklor ürünlerinden olan atasözlerinden yararlanılararak öğrencilerin zihinsel ve dilsel becerilerini geliştirebiliriz.

Anahtar Kelimeler: Yabancılara Türkçe öğretimi, sıfat-fiiller, atasözleri.

Түйін

Шетелдіктерге түрік тілін үйретуде сабақты тиімді, қызықты өткізуде және қабілеттерін күшейтуде әдеби мәтіндер – маңызды құралдардың бірі. Әдеби мәтіндер арқылы оқушылардың тілге деген

қызығушылығы, эстетикалық көзқарасы және үйреніп жатқан тілдің мәдениетіне қызығушылығы мен сүйіспеншілігін тудырады. Сондықтан лингвистикалық және жеке қабілеттерін дамыту үшін шет тіл үйреткенде әдеби жанрлады құрал ретінде қолдану маңызды.

Мақалада шетелдіктерге түрік тілін үйрету барысында халық әдебиеті жанрларынан мақал-мәтелдерді қолдану арқылы есімшелерді үйрету жолдары көрсетіледі. Есімшелер түрік тілін үйретуде маңызды тақырыптардың бірі. Сөйлем ішінде өте жиі қолданылатын есімше түрлері көптеп кездеседі. Осы орайда есімшелерді қолайлы жолмен меңгерту және түрлі материалдар қолану арқылы үйрету маңызды мәселелерден болып табылады.

Кілт сөздер: Шетелдіктерге түрік тілін үйрету, есімшелер, мақал-мәтелдер.

Yabancı dil öğretiminde dil öğrencilerinin iletişimsel kazanımlarının geliştirilmesinde dilbilgisi derslerinin payı oldukça büyüktür. Dilbilgisinin ne olduğuna dair çeşitli tanımlar mevcuttur. Ediskun'a göre "Bir dilin seslerini, kelime yapılarını, kelime anlamlarını, kelime kökenlerini, cümle kuruluşlarını ve bütün bunlarla ilgili kuralları inceleyen bilime dil bilgisi denir. Dil bilgisi doğru konuşma ve yazmanın bilimsel yöntemini öğretir. Dil bilgisi konuşma ve yazma ile uğraştığı için, onun konusu hem ağız ve kulak dili hem de yazı, yani kalem ve göz dilidir" [1, 65].

Dilbilgisi, bir dilin ses, biçim ve cümle yapısını inceleyip, kurallarını saptayan bilim dalıdır. Bir dili seslerinde cümlelere kadar içerdiği bütün dil birliklerine, geniş bir şekilde anlam ve görevlerini kapsayacak şekilde inceler. Dilbilgisi kuralları bir grup tarafından hazırlanmayıpo dili kullanan insanların gerekli kuralları yaratmalrı veye var olan kuralları dilin gelişimine göre değiştirmeleri sonucu oluşur. Dilbilgisi incelediği dil unsurlarına göre kendi

içinde bölümlere ayrılır. Dilin seslerini inceleyen kısmına sesbilgisi, yapı yönünden kelime ve şekilleri konu edinen kısmına şekil bilgisi, kelime ve şekillerin çıkış yerlerini araştıran kısmını türeme bilgisi, kelime ve şekillerin aralarındaki münasebetlerle cümleleri inceleyen dalına ise cümle bilgisi denir.

Dil bilgisi doğru düşünme, doğru konuşma ve yazmaya yardımcı bir çalışma alanıdır. Dil bilgisi öğretimiyle, öğrenciler dilin olanaklarını, sınırlarını ve gizli gücünü ortaya çıkarırlar. Ana dil öğretiminde, amaçlara anlama ve anlatma etkinlikleriyle ulaşırken; bu etkinlikler yazım, noktalama ve dil bilgisi çalışmalarıyla beslenir, bütünleşir. Dil bilgisi öğretimindeki, 'doğru söyleyiş', 'sözcük bilgisi', 'doğru cümle kurma','yazım' ve 'noktalama' gibi beceri alanlarına yönelik çalışmaların, öğrencilerin anlama, konuşma ve yazma etkinliklerindeki başarıyı da etkilemesi beklenir" [2, 72].

Yabancılara Türkçe Ögretiminde şüphesiz dilbilgisi ögretiminin payı büyüktür. Bir dilin kurallarını ve işleyişini ögrenmeden o dile hakim olmak mümkün degildir. Bu sebeple dilbilgisi ögretimi yabancı dili ögrenmenin yarısını teşkil eder. Özellikle de ögrenilen bu dil, ana dilden başka bir aile grubuna mensupsa durum daha da zorlaşır.

Cem, dilbilgisel yapıların biçim ve kurallardan oluşmuş olsa da iletişimde bir anlam ifade etmek için uygun bağlamlarda kullanıldığına işaret eder. Yabancı dilde dilbilgisi öğretiminin amacı, dilbilgisi kurallarının gerçek yaşama aktarılması, yani bu kuralların o dilde anlam aktarmak için iletişim kurarken kullanılması olarak belirlenebileceğini söyleyen Cem, "dilbilgisi" ve "iletişim" arasında bir köprü kurulması gerektiğini vurgular [3, 9].

In this report the level of innovative development in economy and New accelerated industrial-innovative development program of the Republic of Kazakhstan are analyzed. The examination of the innovation index of countries in world market and the place of Kazakhstan in world market is carried out. The results of the first period of program 2010 – 2014 are analyzed and the results of the second period 2015 – 2019 are predicted and expected results are investigated. SWOT-analysis of the function of New accelerated industrial-innovative development program is carried out. The function of program in transition of Republic of Kazakhstan to the "green" economy is made and current results are analyzed. The aim of this work is to show the impact of the program on the economy of country, social status of people and employment rate.

Keywords: economy, innovation, index, integration, state, program, industry, politics, resource, development, «green» economy.

Қазақстан Республикасында экономиканың басым секторларын дамытуды және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру ел келешегінің дамуындағы ең басты бағыттардың және міндетті шарттардың бірі. Қазіргі кезде инновациялық типті экономикаға дүние жүзінің көптеген елдері қолдануда. Көптеген аса дамыған елдер инновацияны дамытуды ертеректе бастап кеткен. Соның

біріне бүгінде экономикасы қарыштап дамып, әлемдік экономикада көш бастап келетін АҚШ-ты атап өтуге болады. АҚШ 2017 жылы әлем елдері арасындағы инновациялық индексі бойынша төртінші орынға тұрақтады. АҚШ – тың дәстүрлі басым бағыты білім беру жүйесі болып табылады. Әлемдегі ең үздік он жоғары оқу орынының жетеуі АҚШ – та орналасқан. INSEAD ұйымының атқарушы директоры Брун Ланвинның пікірі боынша: «АҚШ дағдарыс кезінде инвестиция көлемі мен инновациямен байланысты экономика және де басқа да салалардағы зерттеу деңгейін төмендетпеген бірден – бір мемлекет. Сонымен қатар американдықтар бағдарламалық қамтамасыздандыру мен ғылыми бағыттағы жұмысбастылық деңгейін арттырды». /1/

Инвестициялық индексі көш бастайтын төрт ел Швейцария, Швеция, Нидерланды, АҚШ – «инновациялық сапасы» бойынша ерекшеленеді. Бұл мемлекеттердің негізгі индикаторы болып жоғарғы білім берудің даму деңгейі, ғылыми жарияланымдар мен халықаралық патентке өтініштер санының көптігімен ерекшеленеді. Қытай мемлекеті инновация сапасы жөнінен әлемдегі табыс деңгейі орташа мемлекеттер арасында көш бастап, 25 орынға тұрақтады.

Корнель университеті жанындағы басқарудың жоғары мектебінің деканы Сумитра Дутта инновациялық жарылыс үшін маңызды рөлді инновацияға инвестиция көлемі алады деген болатын. Сондай – ақ ол мемлекеттер тез өзгеруші ғаламдық экономикада табысты бәсекеге тусуі үшін білімді реформалау мен жеке ғылыми зерттеу потенциалын өсіруге көп көңіл бөлу керектігін өз баяндамасында атап өткен болатын.

Инновациялық елдер рейтингісінде 2017 жылы Қазақстан Республикасы 78 – ші орынға тұрақтады. «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ сарапшыларының пікірінше Ғаламдық инновация индексіндегі Қазақстанның тұрақты бағытына қарамастан, Қазақстан

ұлттық қолдау жүйесімен инновацияны еңгізуде әлі де қалыптасу кезеңінде. /2/

Қазақстанның басым мақсаттарының ең негізгісі – инновациялық жағдайды дамыту арқылы әлемдік экономикалық жүйеге Қазақстанның интеграциялануының нәтижелі жүйесін құру. Негізінен индустриалы-инновациялық бағыт дағдарыстан кейінгі Қазақстанның дамуы моделінің негізі болып табылады. Елбасымыз халыққа Жолдауында «Қазақстан – 2050» даму Стратегиясын ұсынды. «Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм». Ел экономикасының қарқынды өсуінің қажетті шарты ғылыми-техникалық, өндірістік, қаржылық және институционалдық саланың өзара байланысты қалыптасуына ықпал ететін инновациялық жолға өту болып табылады. Мұнымен бірге басты міндет ғылымның дамуын, жаңалықтардың қозғалысы, озық өндірістік технологияларды әзірлеу және енгізуге ынталандыруға шақыратын индустриалды-инновациялық саясатты қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа кезең – жаңа экономика» атты мақаласында «Жаңа экономика кең тұрғыда — бұл жоғары технологиялар, ғылымды көп қажет ететін, барлық салалар мен сегменттерде инновациялармен қанықкан экономика. Шикізаттық және индустриялық экономикадан интеллектуалдық ресурстарға, ғылымды көп қажет ететін және ақпараттық технологияларға негізделген осынау сапалық басқа құбылысқа көшу әлемдік шаруашылықтың барынша маңызды үрдістерінің біріне айналды», –

деген сөздері еліміздің бүгінгі күнінің даму бағытын сипаттайды. Сол себепті Қазақстан бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісін таңдай отырып, негізгі мақсаты шикізат бағытынан қол үзуге ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау болып табылатын индустриялық-инновациялық стратегияны іске асыра бастады. /3/

Әлемде инновациялық қызметті қолдау тәжірибесінің қаншалықты көп болғанымен де Қазақстан экономикасы үшін ең қолайлысын, тиімдісін елдің экономикалық, ғылыми-техникалық, табиғат-климаттық ерекшеліктеріне қарай таңдаған жөн. Бұл шетелдік тәжірибені бірден көшіре салу емес, керісінше олардың инновациялық ынталандыру шараларын зерттеп, соған қарай инновациялық процестерді жүзеге асыру жүйесінің қазақстандық моделін қалыптастыру болып табылады. Инновациялық факторларды өндіріске енгізу арқылы жалпы ішкі өнім көлемін тез қарқынмен дамыту мүмкіндігі пайда болады және бұл факторлар ел экономикасының дамуын экстенсивті бағыттан, интенсивті бағытқа бет бұруға жағдай жасайды./4/

Экономиканың жаңа даму кезеңіне өту процесі халық шаруашылығының нақты секторын, әсіресе ең басты саласы болып табылатын индустрияны қайта құру мен дамытуда маңызды да сапалы өзгерістер енгізумен басталды. Аталмыш кезеңде индустриялық өнімдер өндірісінің артуы осы сала құрылымындағы жағымды өзгерістермен байланысты болды. Дәлірек айтсақ, мұнай, газ, қара және түсті металлургия мен азық-түлік және текстиль индустриясы өнімдерін өндіру және өңдеуге қатысты салалардың салмақ үлесі айтарлықтай мөлшерде артты. Жаңа үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың бағдарламасының бірінші кезеңі жүзеге асқан 2010-2014 жылдары ішінде

672 жоба іске қосылыпты. Ең бастысы, 69 мыңға тарта жаңа жұмыс орындары ашылған. Сөйтіп, әлемде жұмыссыздық атты мәселе артып тұрған тұста Қазақстанның осы саладағы көрсеткіші бақылауда ұсталды. Сонымен қатар, өткен жылдар ішінде индустрияландыру арқасында Қазақстанда бұған дейін шығарылмаған 325 түрлі жаңа өнімдер өндірісі игеріле бастаған. Бұл да индустрияландыру саясатының ел игілігіне айналғанының нақты көрінісі. Жалпы, индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының 2010-2014 жылдары жүзеге асқан бірінші кезеңіндегі келесі жағымды нәтижелерге әкеп соқты:

1. Көптеген нормативті құқықтық актілерді қабылдаумен өндірістік саясаттың негізі салынды;

2. Қазақстан өндірісінің әртараптануына негіз салынды: шикізатті емес экспорт, шикізатты емес сектор инвестициялары;

3. 500-ге жуық жаңа өнеркәсіп ашылды, олардың өңдеуші өнекәсіптегі бөлігі 9,4% құрады;

4. Индустриядағы жұмыспен қамтамасыз ету осы 4 жыл ішінде 9%-ға өсіп, 1млн-нан астам адам құрады;

5. Еңбек өнімділігі өсті;

6. Тура шетелдік инвестициялардың 90 млрд доллары жұмылдырылды;

7. Өнекәсіпті дамыту институттарының жүйесі жасалды.

Жүзеге асыру барысында, бағдарламаның 2015-2019 жылдардағы екінші сатысында ескеретін сабақтар алынды:

- Салалардың кең спектрі мемлекеттік қолдауды тиімді жұмсауға жол бермейді;
- Жүзеге асыру барысының сапасыз мониторингі;

- Мемлекеттік, жергілікті орындаушы органдардың дамыту институттарымен баяу өзара әрекеттесуі, ал ол уақыттық шығындарға әкеп соқтырады;
- Тиімділігі жетімсіз инвестициялау мен қаржылау жүйесі.

Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде Қазақстан 2019 жылға қарай келесі экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу міндеті қойылған:

- өңдеуші өнеркәсіп өндірген өнім көлемін нақты мәнде 43 %-ға ұлғайту;
- өңдеуші өнеркәсіпте жалпы қосылған құнды нақты мәнде кемінде 1,4 есе ұлғайту;
- өңдеуші өнеркәсібінде еңбек өнімділігін нақты мәнде 1,4 есе ұлғайту;
- шикізаттық емес (өңделген) экспорт құнының көлемін кемінде 1,1 есе ұлғайту;
- өңдеуші өнеркәсіптің энергияны қажет етуін кемінде 15%-ға азайту;

Жоғарыда аталған тәжірибеге сүйенумен қазіргі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жүргізілуде. 2015-2019 жылдарға арналған екінші кезеңінде Үкімет нақты басым салаларды айқындау, экспорт бағдарын арттыру, бизнестің қатысуын арттыру, кластерлерді дамыту мен өңірлердің мамандануын тереңдету секілді мәселелерге барынша мән берген. Бағдарламаның негізгі мақсаты диверсификацияны ынталандыру және өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. «Бірінші бесжылдықта негізінен қолданыстағы кәсіпорындарды жаңғырту шаралары жүзеге асты, сонымен бірге екінші бесжылдық үшін қуатты салаларды қалыптастыруға өндірістік негіз қаланды. 2017 жылға дейінгі қабылданған Мұнай және газ секторын

дамытудың кешенді жоспарына сәйкес, елімізде мұнай өңдеу 17,5 млн тоннаға, мұнай тасымалы 98 млн тоннаға жетуі тиіс. Газ өндіруді жылына 35 млрд текше метрге жеткізу міндеті де бар. Мұның барлығы экономика үшін аса маңызды салалар екеніне тоқталған Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаев осы бағытта білікті кадрларды даярлаудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Президенттің айтуынша, білікті кадрлар ең алдымен индустрияландыру сұранысының талаптарына жауап беруі тиіс. Соған орай, Білім және ғылым министрлігі мен барлық өңірлер алдында білікті мамандар дайындау міндеті тұр. Қазірдің өзінде сұранысқа ие 20 мамандық пен 9 оқу орны анықталған. /5/

Бағдарламаның жүзеге асу кезеңінде мемлекет:

- мұнай және газ өңдеу, мұнай-газ-химия, мұнай-газ-химиялық машина жасау және мұнай-газ өнеркәсібінің сервистік қызметтерімен байланысты базалық ресурстар секторының ұлттық кластерінің бірі:

-өңдеуші өнеркәсіптің нарықтық нысаналық секторының конкурстық рәсім нәтижесі бойынша анықталатын үш аймақтық кластері;

-«жаңа экономиканың» секторларындағы екі инновациялық кластерлер, Астана қаласында («Назарбаев университет» кластері), Алматы қаласында («Инновациялық технологиялар Паркі» кластері) теңдестірілген қуаттау және дамуға шоғырландырады. /6/

Инновациялық саясаттың іске асуының белсенділігі негізі қаржы мәселесіне, оларға деген экономикалық қажеттілікті анықтайтын нарықтық сұранымға, бәсекелік ортаның дамуына, ғылыми-техникалық әлеуеттің дамуы, тұрғындардың менталитеті, олардың білімі мен мәдени деңгейі және сыртқы экономикалық байланыстарға тәуелді. Бұлардың әрқайсысы инновациялық процесстерге тікелей немесе жанама түрде әсер етіп отырады.

Қазақстанның «EXPO-2017» дүниежүзілік көрмесін өткізу құқығына

ие болуы Қазақстанды әлем елдеріне танытудың жаңа кезеңі ғана емес, инновациялық дамудағы қуатты серпінге негіз болды. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысында сөйлеген сөзінде : «ЭКСПО көрмесі – жаһандық ауқымдағы оқиға. Ол маңыздылығы жағынан ірі экономикалық форумдармен, туристік тартымдылығы бойынша әлемдегі ең танымал спорттық ойындармен салыстыруға болады. Көрменің өтуі біздің елімізге ірі инвестиция тартуға мүмкіндік туғызуда. Сондай-ақ ЭКСПО көрмесін өткізу арқылы Қазақстан «жасыл экономиканы» дамытуға тікелей септігін тигізетін жаңа технология мен инновация алады» - деп атап өткен болатын.

Әлемдік табиғат қорының 2010 жылғы есебі бойынша, тірі планета индексі (биоәртүрліліктің жағдайын сипаттайды) 1970 жылмен салыстырғанда 30 пайызға азайған. Ал адамзаттың экологиялық ізі (адамның табиғи ресурстарға қажеттілігі) 1966 жылдан бері екі есе ұлғайған. Егер осы қарқын сақталса, 2030 жылы осы өмір сүру қалпымызды сақтау үшін 2 планетаның ресурстары қажет болады, ал 2050 жылға дейін – 2,8. Яғни адамзаттың қажеттіліктеріне жер жауап бере алмайтын жағдайға келіп отырмыз. Жер планетасын болашақ ұрпаққа сақтап қалудың, тұрақты дамудың бірден бір жолы – жасыл экономика. Сонымен, “жасыл” экономика бұл жердің табиғи капиталын жасайтын не арттыратын және экологиялық қауіп пен тәуекелді азайтатын салаларға негізделген экономика. /7/

«Жасыл» экономика жолына көшу «Қазақстан — 2050» Стратегиясында басым бағыттардың бірі ретінде көрсетілген. «Жасыл экономика» еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. «Жасыл экономикаға» көшу

Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіру жөнінде қойылған мақсатқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер:

1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін көтеру;

2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;

3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын көтеру;

4) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін көтеру болып табылады.

5) «жаңа экономиканың» секторларындағы екі инновациялық кластерлер, Астана қаласында («Назарбаев университет» кластері), Алматы қаласында («Инновациялық технологиялар Паркі» кластері) теңдестірілген қуаттау және дамуға шоғырландырады.

«Жасыл экономикаға» көшуді іске асыру мәселелері «жасыл экономикаға» көшу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен реттелетін болады. Есептеу бойынша 2050 жылға қарай «жасыл экономика» шеңберіндегі жаңартулар ЖІӨ-ні 3 пайызға қосымша ұлғайтып, 500 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құруға, өнеркәсіп пен қызмет көрсетулердің жаңа салаларын қалыптастыруға, халық үшін сапалы өмір сүру стандарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. /8/

Индустриялы саясатты жүргізгенде әрбір мықты және әлсіз жақтарды және олардан таралатын мүмкіндіктер мен қатерлерді ескеру қажет.

Кесте 1 - Индустриялы саясатты жүргізу қызметіне ахуалдық (SWOT) талдау

Күшті жақтары	1. Табиғи ресурстарға байлылық Табиғи ресурстар қоры бойынша республикамыз 6 орын алады, және уранның ірі экспортерлерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар Қазақстанда 110 кездесетін элементтердің 99-зы табылған, мұнай мен газдың 160 кен орындары табылды. 2. Саяси және экономикалық тұрақтылық Тұрақты саси жүйе тұрғызылып жұмыс істейді, ол сонымен бірге макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. 3. Тұрғызылған индустриалды саясат Даму институрттарының, холдингтардың және мемлекеттік ұлттық компаниялардың бар болуы белсенді индустриялы дамуды өиткізудің негізі болып табылады. 4. Жақсы ниетті іскерлік конъюнктурасы Реформалар нәтижесінде Қазақстан іскерлік климат пен оның сапасының көтерілуінде табысқа жетті.
Әлсіз жақтары	1.Өндіруші өнеркәсібінің әлсіз инвестициялау белсенділігі Осы секторда инвестициялау белсенділігі Ресей, Қытай мен Бразилия тәрізді елдерден артта қалуда. 2. Квалификацияланған мамандардың шектеулі саны Компаниялар квалификацияланған мамандар тапшылығын сезініп, оны Қазақстандағы өндірісті

	дамытудың басты бөгеуі деп санайды. 3. Әлем нарықтарына бөгеу Қазақстан үшін жаһандық халықаралық сауда жолдарына шығу қиын. Экспорт дамуы оның порттар мен жолдар инфраструктураларына шығуына байланысты. 4. Инфраструктураның мәселелік салалары (транспортты-логистикалық, энергетикалық пен сумен қамсыздандыру) Қазақстан кәсіпкерліктері шетелдік бақталастарынан жоғарыда аталған инфраструктура салалаоының жеткіліксіз дамуына байланысты артта қалуда. 5. Шағын мен орта бизнестің тапшылығы мен мемлекет басымдылығы Шағын кәсіпкерліктер өңдейтін өнеркәсіпте 16%, ал орта - 8% құрайды. 6. Инновациялардың жеткіліксіз жоғары бәсекелесу қабілеті Қазақстан инновациялық жүйенің бәсекеге қабілеті бойынша тек 45-ші орнын алады.
Мүмкіндіктері	Индустриялы дамудың мүмкіндіктері болып, осындай бағыттар бола алады: шикәзат алудың кешенділігін арттыру; өңдейтін өнеркәсіптердің жабдықтарға сұранысының өсуі; Кедендік Одақ нарығына шығу; қазіргі заманғы басқару технологиялар көмегімен еңбек өнімділігін

	арттыру; сонымен қатар ішкі сұранысты мемлекеттік сатып алу арқылы арттыру.
Қауіптер	Әлі де созылып жатқан қаржылық дағдарыстың экономикаға әсер етуі; әлемдік өнеркәсіп нарығындағы жағдай; отандық кәсіпкерліктерінің төмен бәсекелестік қабілеті; экономиканың құрамдық байяулау қатері мен әлемдік пен ішкі нарықтардағы абыройсыз бақталастық бола алады.

Қорыта келгенде, Қазақстанның қалпына келетін энергия көздерін дамыту мүмкіндіктері мол. Мемлекеттің дұрыс бағытталған саясаты Қазақстан үшін жасыл экономикалы ел болуға, яғни экологиялық-энергетикалық таза, инновациялы, әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары көрсеткішіндегі ел болуға мүмкіндік береді. Индустрияландыру саясатының экономиканың теңдестірілген құрылымын жасауға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталады. Республикада индустриалды-инновациялық стратегия негізінде, өңірлердің ішінде бәсекелестік қабілеті жоғары және экспортқа бейімделген секторларды анықтау арқылы, жалпы өңірлердің дамуына институционалды қолдау көрсету Қазақстан Республикасының негізгі мақсаты болып отыр. индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының 2010-2014 жылдары жүзеге асқан бірінші кезеңінде мемлекет үшін тиімді нәтижелерге қол жеткізілген болатын. 2015-2019 жылдарға арналған Үдемелі индустриялдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен әлемнің 30 дамыған елі қатарына кіру мақсатының маңызды құралына айналатын болады. Жалпы айтқанда, ел экономикасын өрге сүйрейтін әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың басты

бағытының бірі - индустриялдық-инновациялық даму халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң ықпалын тигізетіндігі ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Стратегия становления постиндустриального общества и партнерство цивилизаций. –Москва: Экономика, 2008. - 398 с.

2.(http://www.inform.kz/ru/global-nyy-indeks-innovaciy-kazahstan-podnyalsya-na-5-poziciy_a2679246)

3. Назарбаев Н. Лайықты болашаққа сенімді болайық // Ақиқат. 2009. № 10. -Б. 12.11

4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Алматы: Білім, 1998.-256 б.

5. Назарбаев Н. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс // Егемен Қазақстан. 14 қазан 2009 жыл. 1- 2 б.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары" // Ана тілі. 2010 жылғы 12-19 ақпан. –Б. 4-7.

6.(http://www.mid.gov.kz/kk/pages/kazakstan-respublikasynyn-2015-2019-zhyldarga-arnalgan-memlekettik-industrialdy-innovaciyalyk)

7. /http://www.wwf.ru/recources/publ/book/436/

8. (https://strategy2050.kz/news/1211)

МРНТИ 06.81.12

КОРПОРАТИВНАЯ И БИЗНЕС СТРАТЕГИЯ ПРЕДПРИЯТИЯ

В.Л.Мошкевич

Казахский Университет Экономики, Финансов и Международной торговли

Астана, Казахстан

Аннотация

Значение стратегии деятельности и развития для повышения конкурентоспособности отечественных предприятий трудно переоценить, поскольку главная задача их реформирования связана с необходимостью активизации и наращивания потенциала при одновременном преодолении хаотичности внутреннего состояния и внешней деятельности предприятий, повышения предсказуемости функционирования. Для выполнения этой задачи следует усилить внимание к стратегическим аспектам управления отечественными предприятиями, подавляющее большинство которых не имеет документально подготовленной, обсужденной в коллективе и принятой им комплексной стратегии деятельности и развития. Принимая во внимание тот факт, что качественные изменения в мировой экономике происходят под влиянием сложного механизма взаимодействия нарастающих тенденций глобализации и регионализации экономики, огромное значение приобретают также проблемы адаптации корпоративных стратегий к институциональным и культурным особенностям национальных экономик, национальных бизнес-систем. Поэтому разработка стратегий, оптимально учитывающих характеристики таких компонентов региональных рынков как законодательный режим, корпоративные

управленческие системы, культурные и этические традиции, становится непременным условием достижения корпорациями конкурентного преимущества на мировых рынках.

Ключевые слова: бизнес стратегия, корпорации, маркетинг, стратегия роста, акционерный капитал, модернизация экономики.

КӘСІПОРЫННЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ БИЗНЕС СТРАТЕГИЯСЫ

В.Л.Мошкевич

Казақ Экономика, Қаржы және Халықаралық сауда Университеті

Астана қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Нарықтық қатынастар жағдайында қоршаған ортадағы өзгерістер жылдамдығы, сондай-ақ осы өзгерістерден туатын қосымша мүмкіндіктер тұрақты өседі. Сондықтан, кәсіпорынның стратегиясы осы өзгерістерден артықшылықтар алу мүмкіндігін шаруашылықты жүргізу үшін барлық қосымша мүмкіндіктерді қамтитындай болуы керек. Стратегияны құрастыру логикалық тұрғыдан алғанда кәсіпорын басшысының үнемі бақылауынан тыс, бірақ оның стратегиясына әсер етуі мүмкін сыртқы талдаудан, факторларды талдаудан басталатыны белгілі. Стратегияны құрған кезде менеджерлер тек сыртқы ортаны ғана емес сондай-ақ кәсіпорын ішіндегі жағдайды есепке алу қажет. Кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарының өзгеруі олардың маңыздылығы мен күшті жақтардың өзгеруі олардың қайсысы бәсекелестік артықшылыққа ие болдаратын анықтау қажет. Ол үшін кәсіпорын қызметіне басқарушылық

талдау жасау қажет. Стратегиялық басқару – бұл негізгі ұғым болғандықтан, оған кәсіпорынның миссиялары, потенциялы, қоршаған ортасы, бәскекелестік қабілеті, мақсаттары жатады.

Түйін сөздер: бизнес стратегия, корпорация, маркетинг, өсу стратегиясы, акционерлік капитал, экономика модернизациясы.

CORPORATE AND BUSINESS ENTERPRISE STRATEGY

V.L.Moshkevich

Kazakh University of Economics, Finance and International Trade

Astana, Kazakhstan

Abstract

The importance of the strategy of activity and development for increasing the competitiveness of domestic enterprises can not be overemphasized, since the main task of their reform is related to the need to activate and build capacity while simultaneously overcoming the chaos of the internal state and external activity of enterprises and improving the predictability of functioning. To accomplish this task, attention should be paid to the strategic aspects of the management of domestic enterprises, the overwhelming majority of which do not have a documented, discussed in the team and its comprehensive strategy of activity and development. Taking into account the fact that qualitative changes in the world economy occur under the influence of a complex mechanism of interaction between the growing tendencies of globalization and the regionalization of the economy, the importance of adapting corporate strategies to the institutional and cultural features of national economies and national business systems also becomes important. Therefore, the development of strategies that optimally take into account the characteristics of such

components of regional markets as the legislative regime, corporate management systems, cultural and ethical traditions becomes an indispensable condition for corporations to achieve a competitive advantage in world markets.

Keywords: business strategy, corporations, marketing, growth strategy, equity, modernization of the economy.

Основная задача казахстанской экономики – изменение ее структуры исходя из целей национального развития страны. В казахстанской экономике должны преобладать процессы развития высокотехнологичных, инновационных производств, конкурентоспособных на мировом и внутреннем рынках. Новое время бросает нам новые вызовы: снижение преимуществ сырьевой модели экономики, рост протекционизма в глобальной экономике, стремительное развитие цифрового общества, смена технологической парадигмы – все это требует от Казахстана реакции на происходящие в мире кардинальные изменения.

В основу Стратегического плана до 2025 года заложена новая модель экономического роста, базирующаяся на стимулировании экспортоориентированного производства за счет повышения производительности и сложности экономики, развития человеческого капитала и привлечения частных средств в условиях роста конкуренции, лидирующей роли частного сектора и реализации потенциала развития регионов страны. Новая модель экономического роста позволит преодолеть «ловушку среднего дохода» на пути к лиге тридцати развитых стран мира /1/.

Тенденция концентрации капитала формируется на основе действия объективных экономических законов и характерна преимущественно для высокого уровня развития рыночных отношений. К их признакам относится возникновение и развитие корпоративной формы бизнеса, которая связана с несколькими объективными условиями:

-акционерной формой капитала крупных хозяйственных структур, открывающей возможность объединения частных относительно небольших капиталов для создания крупного производства и решения общих экономических проблем;

-развитием инновационных и инвестиционных процессов, требующих привлечения значительных финансовых ресурсов для осуществления масштабных проектов, вызванных усложнением выпускаемой продукции, основанной на современных наукоемких технологиях и существенных первоначальных затрат;

- проявлением тенденции монополизации рынков как возможности повышения доходности и капитализации бизнеса, также создающей дополнительные инвестиционные возможности за счет повышения прибыли.

Концентрация капитала приобретает наибольшее значение для развития производства современной конкурентоспособной продукции на основе новых технологий, которое служит средством для получения высоких доходов от реализации товаров с высокими потребительскими свойствами, выгодно отличающейся от продукции конкурентов.

Экономические преобразования в Казахстане достигли такого уровня, когда сложились условия для развития крупного предпринимательства. Именно поэтому сегодня для Республики Казахстан стали актуальными проблемы становления корпоративного бизнеса и повышения его эффективности. Высокая актуальность проблем

управления корпорациями в российской экономике обусловлена также их высоким влиянием на социальные процессы, что требует создания системы эффективных отношений государства и бизнеса.

Существует не менее десяти подходов к анализу корпораций как экономических образований с позиций различных научных школ и теорий: концепция трех различных критериев Я.Паппе, концепции контрактной теории фирмы, синергетической теории слияний, теории экономической власти и др. Особый интерес, на наш взгляд, представляет теория экономической власти. Согласно этой теории корпорации присущи: организационная власть менеджмента в корпорации в целом и в каждой организации, входящей в корпорацию; власть основной (материнской) организации над входящими в нее предприятиями, власть корпорации на рынках выпускаемых товаров; ассоциированная власть корпораций в экономических и общественных системах в целом, усиление их влияния на политические и социальные явления. Именно эти признаки присущи зарубежным транснациональным корпорациям.

Исследования показали, что управление в корпорации представляет собой особую систему внутрикорпоративного менеджмента, с помощью которой обеспечивается функционирование корпораций и контроль за их деятельностью. На основе изучения зарубежного и отечественного опытов развития корпоративного бизнеса, можно сказать, что основной его функцией является повышение эффективности работы в интересах акционеров, предоставивших корпорации финансовые и иные ресурсы.

Корпоративный бизнес является одним из ключевых источников экономического роста. Проведенный анализ показал, что основными целями корпоративного бизнеса являются: повышение уровня конкурентоспособности выпускаемых товаров и применяемых технологий в корпорации в целом и входящих в нее предприятий;

обеспечение комплексного использования имеющихся ресурсов; координация социального партнерства; развития производства для более полного удовлетворения потребностей общества.

Задачи маркетинга требуют учета запросов и поведения покупателей. Это определяет необходимость ориентации производства на удовлетворение требований потребителей, иметь ассортимент продукции, рассчитанной на разные потребности и вкусы, организовывать производственный процесс так, чтобы он был приспособлен к быстрому переходу на выпуск новых товаров, а также к сервисному обслуживанию продаваемой продукции. Необходимо постоянно вести анализ рынков производимых товаров, динамики их продаж, поведения потребителей и конкурентов; отводить первостепенную роль дизайну и рекламе.

Важным объективным требованием эффективного корпоративного управления в Казахстане являются механизмы поддержки бизнеса государством, и, прежде всего, в нормативно-законодательной сфере. Права и обязанности субъектов рыночной экономики регулируются государством, которое несет ответственность за эффективное развитие предпринимательской среды, а бизнес обеспечивает товарные рынки и инновационно-инвестиционное развитие компаний.

Среди форм крупного бизнеса, позволяющих осуществить взаимодействие корпораций и государства, является государственно-частное партнерство. Государственно-частное партнерство можно охарактеризовать как стратегически важный альянс государства и бизнеса, цель которого – эффективная для общества реализация общественно значимых проектов в широком спектре: от экономики, науки и образования до здравоохранения и культуры, способных придать развитию Республики Казахстан инновационные качества.

В условиях глобальных изменений, происходящих в мировой экономике, экономическая природа корпоративной формы организации современного крупного предпринимательства, характеризуемая отделением собственности корпорации от собственности ее владельцев, обеспечивает ей решающее конкурентное преимущество над другими организационными формами предпринимательства, которое выражается, главным образом, в способности корпорации привлекать капитал огромного числа инвесторов при меньших рисках для этих инвесторов и большей ликвидности их вкладов.

Изменения, происходящие в экономике, определяют дальнейшее развитие корпоративной формы предпринимательства, которое в основном заключается в возрастании роли самофинансирования в механизме ее экономического функционирования, в превращении ее в стабильный элемент долгосрочного делового цикла.

Качественные сдвиги в экономике и в корпоративной форме организации предпринимательства происходят под влиянием сложного механизма взаимодействия нарастающих тенденций глобализации и регионализации экономики, в частности возрастающего влияния на деятельность корпораций особенностей национальных бизнес-систем, к составным частям которых относятся законодательный режим, корпоративные управленческие системы, культурные и этические традиции.

Характер национальной бизнес-системы как совокупности различных институциональных и культурных компонентов может служить критерием отнесения данной бизнес-системы к одному из центров мировой конкуренции. Эта предпосылка служит основанием концепции, в рамках которой выделяются три центра мировой конкуренции и, соответственно, три типа бизнес-систем: бизнес-система с

преимущественно индивидуалистской ориентацией экономики, бизнес-система с преимущественно коллективно-групповой ориентацией экономики, смешанная бизнес-система.

В зависимости от того, к какой бизнес-системе относится регион присутствия корпорации, меняется ее стратегия. Адаптация корпоративных стратегий к национальным бизнес-системам в основном сводится к выбору оптимального сочетания стратегий интенсивного, диверсификационного и интеграционного роста, каждая из которых по-разному «вписывается» в условия той или иной бизнес-системы. При этом искусное умение маневрировать стратегическими технологиями, присущее современным транснациональным корпорациям, позволяет им добиваться решающих конкурентных преимуществ на мировых рынках.

Экономическое содержание современных корпоративных стратегий формируется на трех уровнях организационно-управленческой структуры крупных корпораций. Головной штаб корпорации разрабатывает портфельную, общекорпоративную стратегию, нацеленную на эффективное управление бизнес-портфелем корпорации; стратегическая бизнес-единица корпорации отвечает за разработку конкурентной стратегии, направленную на достижение конкурентного преимущества в своей отрасли; на уровне производственно-сбытовой линии конкретного продукта разрабатываются функциональные, в том числе маркетинговые, стратегии, предусматривающие детальное управление материальными, финансовыми и трудовыми ресурсами бизнес-единиц.

Корпорации адаптируют к национальным бизнес-системам, в которых располагаются ее целевые рынки, не только портфельную стратегию, но также конкурентную и маркетинговую стратегии.

Адаптация конкурентных стратегий корпораций сводится в основном к выбору оптимального соотношения между дифференцированием продукта и снижением до минимума затрат на его производство. Адаптация маркетинговых стратегий охватывает, как правило, составные элементы маркетинг-микс.

Анализ принципов, этапов и инструментов разработки предпринимательской стратегии крупной корпорации показывает, что разработка такой стратегии является сложнейшим процессом, в ходе осуществления которого расходуются значительные объемы материальных, финансовых и трудовых ресурсов корпорации и обрабатывается огромное количество первичных и вторичных источников информации на основе проведения обширного маркетингового исследования целевого рынка.

Список литературы:

1. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года http://www.akorda.kz/kz

2. Каллаева А.К. Формирование маркетинговой стратегии корпораций в России: возможности и проблемы разработки.// Вестник Московской академии рынка труда и информационных технологий (Серия «Региональная экономика») № 19(41), М., 2006, 0,7 пл.

3. Абалкин JL Логика экономического роста. М.: ИЭРАН, 2012.

4. Дадалко В. А., Дадалко А. В. Международное экономическое сообщество: современное состояние и перспективы развития. // Минск: Армита-Маркетинг, Менеджмент, 2009, 304 с.

5. Дойль П. Менеджмент: стратегия и тактика. // СПб: Питер, 2010, 560 с.

6. Иванов О. Корпоративные формы управления в промышленности. // Российский экономический журнал, 2014, № 3 - с. 50-56.

МРНТИ 06.81.12

КӘСІПОРЫНДЫ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСҚАРУ

Ж.Ж.Қалымбетов

Казақ Экономика, Қаржы және Халықаралық сауда Университеті

Астана қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Тиімді дағдарысқа қарсы басқаруды ұйымдастыру бір жақты теоретико - методологиялық базаны қажет етеді, ол дағдарыс құбылыстарының пайда болу заңдылықтарын түсінуге, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың мәнін ашуға, қарама - қайшылықтарлың шиеленісуінің объективтілігін және субъективтілігін көрсету, әр түрлі масштабтағы дағдарыстардың тууы жекелей компаниялардың тоқырауынан әлемдік экономиканың глобальды депрессияға үшырауына дейін әкеледі. Бірақта, бұл пародоксальды көрінгенімен, қазіргі теорияда әлеуметтік-экономикалық дағдарыстардың заңдылықтарын ашатын фундаментальды методологиялық әдістер жоқ. Мақалада дағдарысқа қарсы басқару мәселелерін кешенді түрде мемлекетпен, экономикамен, өндіріспен, ұйымдастырылумен, адамдармен байланыстырып жазуға тырыстық. Сонымен қатар бұл еңбекте тек дағдарыстың мүмкін болатын масштабын ғана емес, сонымен қатар оның әр түрлі формалары, мазмұны, себептері және оның салдары қарастырылған.

Осыған сәйкес, зерттеу мақсаты – кәсіпорындағы бей дағдарыстық басқарудың теориялық, әдістемелік және практикалық аспектілерін зерттеп, үйлестіру.

Түйін сөздер: дағдарысқа қарсы басқару, экономикалық қауіпсіздік, кәсіпорын, тиімділік, дағдарыс, әдістеме

АНТИКРИЗИСНОЕ УПРАВЛЕНИЕ ПРЕДПРИЯТИЕМ

Ж.Ж.Калымбетов

Казахский Университет Экономики, Финансов и Международной Торговли

Астана, Қазақстан

Аннотация

Антикризисное управление заключается в комплексе методов, форм и процедур для социально-экономического оздоровления финансово-хозяйственной деятельности предприятий, предпринимателей, отрасли, также включает создание и развитие условий, позволяющих выйти из состояния кризиса. Кризис является крайним обострением противоречий в деятельности компании, в этот же период возникает риск угрозы для её существования. Кризисы представляют собой показатель развития отдельной организации, который может не соответствовать особенностям развития других участников рынка либо в целом отрасли. Обусловлено это сугубо индивидуальным развитием каждого предприятия, со своими средствами и возможностями, с подчинением принципам и законам циклического развития социально-экономической системы в целом. Каждое предприятие сталкивается со своими кризисными ситуациями и собственными циклами деятельности. Антикризисное управление является системой управленческих мер, направленных на диагностику, предупреждение, преодоление и нейтрализацию кризисных явлений, причин их появления на всех уровнях экономики.

Ключевые слова: кризис, антикризисное управление, экономическая безопасность, методология, рентабельность, предприятие

ANTI-CRISIS MANAGEMENT OF THE ENTERPRISE

J.J.Kalymbetov

Kazakh University of Economics, Finance and International Trade

Astana, Kazakhstan

Abstract

Anti-crisis management consists of a set of methods, forms and procedures for the social and economic recovery of financial and economic activities of enterprises, entrepreneurs, the industry, and also includes the creation and development of conditions that allow us to exit the state of crisis. The crisis is an extreme aggravation of the contradictions in the company's activities, in the same period there is a risk of a threat to its existence. Crises are an indicator of the development of an individual organization, which may not correspond to the specifics of the development of other market participants or the industry as a whole. This is due solely to the individual development of each enterprise, with its own resources and capabilities, subject to the principles and laws of the cyclical development of the socio-economic system as a whole. Each enterprise faces its own crisis situations and its own cycles of activity. Anti-crisis management is a system of management measures aimed at diagnosing, preventing, overcoming and neutralizing crisis phenomena, the causes of their emergence at all levels of the economy.

Keywords: crisis, crisis management, economic security, methodology, profitability, enterprise

Бүгінгі таңдағы ауқымды өзгерістер кезеңі қоғам өмірінің барлық саласын жан-жақты қамтуда. Сол себепті қалыптасқан құрылымды мүлдем жаңартып, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуға жол ашатын демократиялық қоғам құруға сай экономиканы нарықтық қатынастарға көшіру міндеті түр. Осы негізінде әлеуметтік, рухани және тағы басқа күрделі мәселелерді шешу - бүгінгі күннің басты талабы.

Бүгінде әлем **Төртінші өнеркәсіптік революция** дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы **терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне** қадам басып келеді. **Жаңа технологиялық қалып** біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді **түбегейлі өзгертуде**. Біз жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болу қажеттігін ескеріп, **«Қазақстан-2050» даму стратегиясын** қабылдадық. Алдымызға **озық дамыған отыз елдің** қатарына кіру мақсатын қойдық. **100 нақты қадам – Ұлт жоспары** жүзеге асырылуда. Оның 60 қадамы қазірдің өзінде орындалып қойды. Қалғандары, негізінен, ұзақ мерзімге арналған және жоспарлы түрде іске асырылуда /1/.

«Дағдарысқа қарсы басқару» термині салыстырмалы түрде жақында пайда болды. Оның пайда болу себебі Қазақстан экономикасын реформалау және Қазақстанның дағдарысты даму аясына өтуімен байланысты. Реформалау нәтижесі дағдарысқа әкелетінін көбісі күткен жоқ, бірақ бүгінгі күні экономиканы дағдарыстан тек жаңа типтегі басқару шығара алатынын көбісі түсінеді. Бұндай басқару «дағдарысқа қарсы» атауына ие болды. Бірақ аты атымен, ал мәні үлкен пікір талас туғызды. Дағдарыс қандай тереңдікте болмасын, әйтеуір өтеді. Бұны көптеген елдердің экономикалық даму тарихы көрсетті. Әрине,

Қазақстандағы дағдарыстың өршуі тиімді дағдарысқа қарсы басқаруды қажет етті. Бұл тәжірибе тапсырысы. Сонымен бірге басқару ғылымының даму тенденциясы да дағдарысқа қарсы басқару концепциясын дайындауды қажет етеді. Оның алғы шарттары болып, циклдық даму, басқарушылық, ресурстрды үнемдеу, мотивация, уақыт үнемділігі, әлеуметтік әріптестік және көптеген басқалар. Олардың жиынтығы нақты дағдарыс қауіпін куәландырады, тіпті сәтті басқаруда да.

Объективті тұрғыдан дағдарыс көптеген жағдайлардың өзара байланысын сипаттайды, басқару қиындығы мен тәуекелділігін жоғарлатады. Бұл тұрғыда дағдарысты және оның алдын алуды шеттетіп, дағдарысты тұрақтандыру, бірінің біріне ұласуы, дағдарыстан шығуды осы шақтанда келер шақтанда алынып тасталмайды. Тек экономика ғана емес, сонымен қатар табиғат та циклды өмір сүреді, тек экономика дамуы ғана дағдарыс жағдайын туындатпайды.

Қоғам дамуының әр түрлі этапында дағдарыс қатынасына деген түсінік те әр қилы болады. Мысалға, бір позиция бойынша дағдарыс тек табиғи құбылыс салдары, ал басқалары, дағдарысты адамдар өздері туындатады, олардың қателіктері, дұрыс көңіл бөлмеуі, білместік, сенімсіздік.

Бірақ та, дағдарыс басталуы қандай терминді қолданумен анықталмайды, ол өндірістің және жалпы экономиканың нақты даму тенденцияларымен, қажеттіліктермен анықталады. Ал дағдарыс негізі мен тереңдігі басқаруға тәуелді, яғни, мәселені шешудегі көрегендік және дағдарысты жұмсарту мүмкіндігі, оларды даму мақсатында қолдану.

Экономикалық дағдарыс тобынан қаржы дағдарысын бөлек алып қарауға болады. Ол фирмадағы қаржы жүйесі жағдайын немесе қаржылық мүмкіндігінің қайшылықтарын сипаттайды. Бұл экономикалық процестердегі дағдарыстың ақшалай көрінісі.

Әлеуметтік дағдарыс әр түрлі әлеуметтік топтардың қақтығысы немесе қайшылықтардың өршуінен туындайды: жұмыскерлер мен жұмыс берушілер, кәсіподақтар мен кәсіпкерлер, әр түрлі мамандықтағы жұмысшылар, персонал және менеджерлер және т.б. Көбінесе әлеуметтік дағдарыс, экономикалық дағдарысты толықтырушы немесе жалғастырушы болып табылады, кей жағдайда өздері де туындайды, мысалы басқару стилінде, еңбек талаптарымен келіспеген жағдайда, экологиялық мәселелер қатынасында, патриоттық сезімде.

Тиімді дағдарысқа қарсы басқаруды ұйымдастыру бір жақты теоретико - методологиялық базаны қажет етеді, ол дағдарыс құбылыстарының пайда болу заңдылықтарын түсінуге, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың мәнін ашуға, қарама - қайшылықтарлың шиеленісуінің объективтілігін және субъективтілігін көрсету, әр түрлі масштабтағы дағдарыстардың тууы жекелей компаниялардың тоқырауынан әлемдік экономиканың глобальды депрессияға үшырауына дейін әкеледі. Бірақта, бұл пародоксальды көрінгенімен, қазіргі теорияда әлеуметтік-экономикалық дағдарыстардың заңдылықтарын ашатын фундаментальды методологиялық әдістер жоқ. Сонымен қатар, ұзақ жылдар бойы теорияда, нарықтық өзін-өзі реттеу мүмкіндіктерінен асып түсетін, көзқарастарға ие болды.

Дағдарыс құбылыстарының пайда болу мәні мен себептеріне, әр түрлі теориялық мектеп өкілдерінің көзқарастарын талдай отырып, әр түрлі түсініктерді шығаруға болады - таза субъективтіден, яғни сұраныс пен ұсыныстың психологиялық концепциясьшың өзгеруімен, өндірушілер мен тұтынушылардың пессимистік немесе оптимистік көңіл-күйде болуынан, қатаң, барлық экономикалық дағдарыстардың ішінен ең бірінші себеп - капиталистік өндіріс жүйесіндегі таптық келіспес қайшылықтар мүддесіне дейін.

Біздің ойымызша дағдарысқа қарсы басқару методологиясындағы пікір талас сұрақтарының бірі, дағдарыс құбылыстарымен күрестегі стратегия мен тактиканы жасаудағы концептуалды қарастырудың реактивті және проактивті диалектикасы. Проактивті және реактивті дағдарысқа қарсы басқару проблематикасын салыстырып қарау, соңғы уақытқа дейін дағдарысқа қарсы менеджменттің басты сұрақтарына кірмеді. Әзірге «проактивті дағдарысқа қарсы басқару» термині кең қолданыс тапқан жоқ, және жекелей ғалымдар әртүрлі түсіндіріп жүр.

Біздің ойымызша, проактивті дағдарысқа қарсы басқаруда объективті, теңестірілген тұрғыдан қарастыру кезінде оның дағдарыспен күрес кезіндегі басым бағыттары ғана емес, сонымен қатар кемшіліктерін ескере кеткен жөн. Дағдарыс құбылыстарын басқаруда проактивті әдісті таза түрде қолдану, біржақты шектелген. Әрине, алдын-ала сәйкестендірілмеген, аз белгілі құбылыстар қандай да бір дағдарысқа қарсы әдістерге қиындық туғызады.

Дағдарысқа басқарудың проактивті концепциясын жасағанда тікелей дағдарыс құбылыстарын аз болжануын ескеріліп, онымен күресте реактивті әдісті қолданған жөн. Жекелеген жағдайда стратегиялық сұрақтарды шешу кезінде мақсатты түрде дағдарыс жағдайының толысу тактикасын таңдау қажет. Мысалға, макродеңгейде басқаруда үкімет белгілі бір үзілісте, халыққа білгісіз шараларды жүргізер алдында ұстап тұра алады (салықтың көтерілуі, тұтыну тауарларының импортына шектеу қойлғанда және т.б.).

Көптеген өндірістік-коммерциялық іс-әрекеттегі стратегиялық қайта құрулар, дағдарысқа қарсы шараларға қосымша күш түсіреді. Мысалы, өндірістің тік интеграциясы өндірістік-технологиялық тізбектегі шикізат өндіруден бастап, дайын өнімді фирмалық сауда орындарында өткізуге дейін, қажет жағдайда сатудан кейінгі қызметті ұйымдастыру, аталған

бизнестің орнықтылығын жоғарлатудың стратегиялық іс-әрекеті болып табылады. Нөтижесінде аталған корпорациядағы тікелей интеграцияда дағдарысқа қарсы потенциялының артуы байқалады, ейткені дағдарыс құбылыстарының алғы шарттарының бірі, шикізат бағасының күрт өсуі немесе жартылай фаб-рикаттардан бастап, дайын өнімді көтерме сатып алушылрмен шиеленіске дейінгі құбылыстар жойылады.

Дағдарысқа қарсы басқарудың бүтіндігі барлық басқару бөлімшелерінің өзара іс-әрекетінің дәлдігімен, (немесе макродеңгейде мемлекеттік реттеу ор-гандары) дағдарысқа қарсы басқару бағдарламасын жасаудан және іске асы-руда көрініс табады. Соңғы пункт болып дағдарысқа қарсы басқарудың ғылыми-әдістемелік базасын жасау болып табылады.

Өндірістік кәсіпорынның стратегиясы нарықтық қатынастар жағдайында қоршаған ортадағы өзгерістерден артықшылықтар алу мүмкіндігін шаруашылықты жүргізу үшін барлық қосымша мүмкіндіктерді қамтитындай болуы керек. Идеалды және әмбебап стратегияның болуы мүмкін емес.

Кәсіпорының мақсаты оның қызметінің соңында қандай нәтижені көздейтінін көрсетсе, стратегиясы осы нәтижеге жету жолдарын, бағыттарын анықтайды. Әрбір кәсіпорынның стратегиясы өзгеріп отырған нарық жағдайын ескеріп, кәсіпорынға жаңа шешімдер қабылдауға еркіндік береді.

Өндірістік кәсіпорынның стратегиясы оның нақты жағдайына қызмет ету ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Бірақ барлық кәсіпорындар стратегиясын анықтау барысында мынадай мәселелерді шешкені жөн:

1. Қандай өндірісті тоқтату керек ?

2. Қандай өндірісті жалғастыра беру керек ?

3. Алдағы уақытта қандай өндіріске көшу керек ?

Өндірістік кәсіпорынның рыноктағы іс-әрекетінің негізгі үш бағыты бар:

- өндіріс шығындарын барынша азайту. Өндіріс шығындары неғұрлым аз болған сайын кәсіпорын өз өнімінің бағасын бәсекелестерге қарағанда төмендете алады. Соның нәтижесінде бұл өнімнің рыноктағы үлесі артады. Бұл үшін кәсіпорын стратегиясын жоспарлағанда өндірісті және жабдықтауды жақсарту шараларын жаңа технологияны игеруді, өнімнің өзіндік құнын арзандату жолдарын қарастырады;
- өнім өндіруде мамандандыруды жоғарылату. Бұл бағыттың негізгі мақсаты - өндіріс өнімінің сапасын жақсарту, тұтынушылар бағасы жоғары болса да, сапалы өнімді таңдайды. Сондықтан да бұл бағытты таңдаған кәсіпорындар қалай да өз өнімінің сапасын жоғарылатуды көздейді. Бұл үшін жақсы дизайнерлер, жақсы дамыған маркетинг жүйесі болуы керек;
- кәсіпорын өз қызметін рыноктың белгілі бір бөлігіне ғана арнайды. Бұл бағытты таңдаған құрылыс ұйымы рыноктағы бір өнім түріне деген сұранысты зерттеп, соған сай өндірісті ұйымдастырады, яғни осы өнімнің өзіндік құнын төмендету немесе осы өнім өндіруіне жеке мамандану саясатын жүзеге асырады. Құрылыс ұйымы бүкіл рынокқа ғана емес, тек оның бір бөлігіне нақты тұтынушыға, оның сұранысына қызмет етеді.

Қазіргі нарықтық жағдайда іс жүзінде басты бағытты көздейтін стратегиялар эталондық стратегиялар деп аталады. Ол үш топқа бөлінеді.

Бірінші топтағы стратегиялар:

- өндіретін өнімнің сапасын жақсарту;
- жаңа өнім өндіруді бастау;
- рынокта өзінің артықшылығын көрсету.

Екінші топқа – стратегияның интеграциялық дамуы, яғни жаңа құрылымды қосу арқылы құрылыс ұйымының өсу жолдары жатады. Құрылыс ұйымы қосымша бөлімшелер ашуы мүмкін, жабдықтаушыларын өз қарамағына енгізіп алуы, өндірілген өнімді тұтынушыларға жеткізетін жаңа құрылымдар ашу.

Үшінші топ – бұл мақсаттылықпен қысқарту стратегиясы. Егер құрылыс ұйымының өндірісі ұзақ уақыт бойы өсіп келіп, ең соңғы кезде ол құлдырай бастаса, рыноктағы өзгерістерге қарай пайда әкелмесе, онда құрылыс ұйымы нысаналы түрде жоспарға өз өндірісін қысқартуға мәжбүр болады.

а) жою стратегиясы – егер де кәсіпорын әрі қарай өндірісін жүргізе алмайтын болса, онда өз қызметін түпкілікті тоқтатады;

ә) ұзақ мерзімді көзқарас ұзақ мерзімде пайда алуды көздемей, қысқа мерзімде, қысқа уақытта барынша пайда табуды мақсат етеді;

б) қысқарту стратегиясы – кәсіпорын өзінің бір бөлімшесін жабады немесе сатады. Егер де бұл бөлімше басқа бөлімшелерге қарағанда пайданы аз табатын болса, оған жұмсалатын қаржы басқа бөлімшелерді дамытуға жұмсалады.

Дағдарысқа қарсы проактивті әдісті қолдану жағдайды толықтай шеш-пейді, бірақ жоғары табысты өндірістік - коммерциялық қызметте ішкі себеп-терден туындайтын мүмкіндіктерді пайдалануға катаң шектеулер орнатады, егер жоғары табыс табу коммерциялық және өзге тәуелділіктермен тура байланыста болса. Әрине, басқа да әдістер болуы мүмкін (венчурлық опера-цияларды жүргізу), бірақ бұл мүқият дәлелденген бірыңғай шаралар болуы керек, әрине олар, ұзақ мерзімді орнықты даму стратегиясының жалпы мәнін жоғалтпауы керек.

Риск предполагает деятельность, связанную с преодолением неясности в момент непостижимого выбора, в деятельности которой есть шанс качественно и количественно понять вероятность достижения результата, неудачи и каких-либо отклонений от поставленной цели. Таким образом, в понятие риски включено несколько основных элементов.

1. Возможность отклоняться от намеченной цели, для которой была выбрана выбранная альтернатива (отклонения как отрицательных, так и положительных свойств).

2. Возможность достижения ожидаемого результата.

3.Неимение уверенности в достижении установленной цели.

4. Вероятных материальных, моральных и других потерь, связанных с реализацией, выбранной в условиях неясности альтернативы.

Экономическая наука выявила три не взаимосвязанных между собой подхода к осознанию риска: в массовом понимании риск подразумевается как некая неудача, опасность, которые могут быть итогом реализации решения выбранного вами, риск может предстать как "образ действий в непонятной, неопределенной ситуации" или как "ситуативная

характеристика деятельности ее исхода и возможных неблагоприятных последствий в случаях неуспеха".

В соответствие с чем, под риском можно подразумевать либо шанс на разные потери, либо "действие на удачу", риск - имеет значение, в роли шанса на положительный (шанс) или отрицательный (убыток, потери) итога в процессе реализации или ожидании необходимых значений. Анализ рисков - процесс исследования факторов риска и анализ их значимости, то есть анализ вероятности того, что вероятность того, как непредсказуемые события могут повлиять на достижение и реализацию поставленных целей. Данный анализ включает в себя суждения рисков и способы снижения их и уменьшения относящихся к нему последствий.

Принятие связанного с риском проекта включает в себя определение возможных потерь и доходов. Если риски не поддерживаются расчетами, это часто приводит к сбою и сопутствуют определенными расходами. С целью смягчения неблагоприятных факторов, взаимодействующих с рисками, важно определить основные источники его возникновения, наиболее вероятные виды, приемлемый уровень риска, методы измерения и снижение риска.

Предпринимательский риск в основном связан с положением неопределенности исполнения предпринимательских обязанностей за определенный период времени, главной идеей которой является не достижения намеченных целей и результатов, а появление непредвиденных затрат факторов производства, превышавшие заранее планируемые, для реализации этих целей и результатов. Можно ли полагать, причину возникновения риска и его последствий только объективной закономерностью прогресса в предпринимательстве в целом, а в других сферах деятельности - в частности? Скорее всего, нет, так как на появление предпринимательского риска и его последствий (как и

позитивных, так и негативных) влияют неограниченное количество факторов, причин, условий исполнения предпринимательской деятельности.

Проблема управления рисками, связанная с преодолением неясности, которая присуще в любом секторе экономики, что является причиной постоянной актуальности. Любая организация, что уж там говорить, любой человек неизбежно сталкиваться с незапланированными или неординарными, непредсказуемыми ситуациями, решать которые стоит с особой аккуратностью, что не понести убытки. Разнообразие форм требует изучения частоты и тяжести последствий к риску, ослабления условий управления, невозможности полного устранения возможности проявления, последствий и путей уменьшения последствий при наступлении рисков. Например, трудность экономических аспектов строительства заключается в диверсификации организационных и хозяйственных форм в строительном производстве, а также в многообразии других факторов, как количество участников, ведь у каждого из них разные цели и задачи, а также способы их достижения. К тому же, строительное производство зависимо от естественных природных явлений. В дополнение к этому, в ходе строительного процесса принимают участие и инвестор, заказчик, проектировщик, подрядчик, и специализированные строительные организации.

Помимо данных непосредственных участников, в организации строительной продукции принимают участие и множество заводов-производителей технологического оборудования, строительных машин и необходимых материалов. По причине того, что участников данного процесса очень много, можно предположить, что строительное производство образуется под влиянием огромного количества организационных факторов. Преобразование системы управления,

совершенствование ее означает, в первую очередь, изменение организационных отношений и соответственно организационных форм управления. По этой причине сейчас уделяется все больше внимания управлению рисками, но на данный момент эта проблема все таки остается малоизученной. Проблема управления рисками проектно-строительных организаций считается главной в рыночной экономике. Это связано с вероятностью устойчивого экономического положения в операционный период компании и является основным фактором принятия любого экономического решения. На сегодняшний день, все яснее становится, что управление рисками - это на первом месте, ответственность на всех стадиях принятия решений. Да, конечно, до сих пор политика планирования и система управлений, а теперь еще и процесс управления рисками образуется только верхушкой руководства, в который входит управляющий совет. Управляющие по рискам осуществляют контроль рисками в своих сферах предприятия. Их основной задачей является сформировать в организации культуру осознания рисков.

Это доказывает, что каждый сотрудник несет ответственность за любой риск, с которым он сталкивается во время работы. Но при этом все обязанности косательно контроля рисков и критерий уровня работы должны быть обговорены, чтобы среднее звено менеджеров и функциональных специалистов были готовы.

В таком порядке и менеджмент несет ответственность за внедрение политики в стратегию группового контроля рисков. Так же, он подготавливает и соответствующую отчётность. Корпоративная группа контроля рисков сделана для обеспечения консультирования, обучения и руководства разработать инструментарий и методики, дабы оказать

услугу менеджерам бизнес-единиц. При желании, могут быть приглашены в качестве дополнительных сотрудников внешние эксперты.

Список литературы:

1. Нойферт Э. Строительное проектирование Архитектура-С 2010 г.
2. Акофф Р. Идеализированное проектирование. Создание будущего организации.Баланс Бизнес Букс 2007 г.
3. Кудрявцев А. Проектирование. Компас- 3D Проектирование в архитектуре и строительстве ДМК Пресс 2008 г.
4. Балабанов П.И. Методологические проблемы проектировочной деятельности. – Новосибирск: Наука, 1990. – 200 с.
5. Doronkina L.N., “Investment risk management in construction”, Dissertation, Dr. Econ. Sciences. - M., 2007. – 42p.

IMPACTS OF UNEMPLOYMENT RATE ON ECONOMIC GROWTH OF THE STATE: KAZAKHSTANI CASE,

Aigerim Kadyrova

Suleyman Demirel University

Kaskelen, Kazakhstan

Abstract

Unemployment is a negative phenomenon in which part of the economically active population of a country want but cannot find a suitable job. It might negatively affect every aspects, dimensions and directions of our life. The present work examines the relationship between unemployment rate and economic growth of Kazakhstan. Real GDP rate is taken as the measure of economic growth and Okun's law is taken as the basis of the study. Relevant literature review is conducted and some possible solutions to reduce unemployment rate in Kazakhstan are recommended at the end of the work.

Keywords: unemployment rate, growth domestic product (GDP), economic growth

МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ДЕҢГЕЙІ ЫҚПАЛ ЕТУІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІ

Айгерим Кадырова

Сулейман Демирель атындағы Университет

Қаскелен, Қазақстан

Аңдатпа

Жұмыссыздық - жұмыс істегісі келетін бірақ лайықты жұмыс таба алмай жүрген экономикалық белсенді халықты сипаттайтын теріс құбылыс. Ол біздің өміріміздің барлық аспектілеріне және бағыттарына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл мақала Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі мен Қазақстанның экономикалық дамуының арасындағы қарым-қатынасты зерттейді. ЖІӨ нақты көрсеткіші экономикалық даму көрсеткіші ретінде қолданылады және Окунның заңы сүйене отырып зерттеледі. Осы тақырып жайындағы әдебиеттерге шолу жүргізіледі және жұмыс соңында Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге арнайы шаралар ұсынылады.

Түйін сөздер: жұмыссыздық көрсеткіші, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), экономикалық даму

ВОЗДЕЙСТВИЯ УРОВНЯ БЕЗРАБОТИЦЫ НА ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ ГОСУДАРСТВА: НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА

Айгерим Кадырова

Университет им. Сулейман Демиреля

Каскелен, Казахстан

Аннотация

Безработица — это негативное явление, при котором часть экономически активного населения страны, желающего трудиться, не может найти подходящую работу. Она может негативно повлиять на все аспекты и направления нашей жизни. В настоящей работе рассматривается взаимосвязь между уровнем безработицы и экономическим ростом Казахстана. В качестве показателя

экономического роста принимается реальный показатель ВВП, и в качестве основы исследования берется закон Окуна. Проводится соответствующий обзор литературы, и в конце работы рекомендуются возможные решения для снижения уровня безработицы в Казахстане.

Ключевые слова: уровень безработицы, внутренний валовый продукт (ВВП), экономическое развитие

According to Eurasian Economic Committee, the number of Kazakhstani unemployed people in June 2017 reached 436,000 and only 94,600 of them are registered in employment service. Sudden increase in number of registered people in labor exchange made up 37, 7% and the country's unemployment rate amounted to 4, 9% (Zhakupova, Z. 2017). The rate of hidden unemployment rate in the second quarter of 2017 was 0, 3%, which is about 23, 900 people (Baturin, V. 2017). What concerns youth unemployment rate, then, the picture is more optimistic - it has been decreased fairly enough since 2001 till 2017, 19,4% and 3,9%, respectively (Trading Economics, 2018).

In the 60s of the last century, the American scientist Arthur Okun emphasized the interdependence of GDP growth and employment rate. He argued that, simply speaking, by providing jobs to only one percent of unemployed, the country receives two percent of GDP growth per year. It requires people nothing to invent, what the country practically gets are only advantages. First, people work and make money. Second, income level of their families also increases. Third, state has decrease in number of poor people and poverty will be almost eliminated. Fourth, government spends less money on social assistance. Fifth, income level growth of population increases the market itself (Urmanov, A. 2017).

Thus, the paper is aimed at studying negative impacts of joblessness on economic safety of Kazakhstan more thoroughly. At the end of the research, some practical ways and recommendations to reduce unemployment rate in the country will be suggested. As we've already understood, the dependent variable in our case is economic growth and independent variable is high unemployment rate.

According to Bureau of Labor Statistics, unemployment is presence of people who are not working for the last one month and actively searching for a job. Similarly, temporary discharged employees are also counted as unemployed. If people are not in search of job, however, then, they are not included in the list of unemployed people (Amadeo, K. 2017).

High unemployment rate is really problematic – it might have negative impact not only on person and his family, but on the whole state as well. There are number of drawbacks that unemployment can raise in society. The first one is labor exploitation – it will make people to work in bad conditions for miserable wages. This will facilitate greed, dishonesty, and inhumanity among community members, which, in turn, will cause social instability and even revolts in country. Similarly, labor exploitation may result in increased number of crime and violence, since people become no more motivated and start to search easiest ways to feed themselves. This negative social impact of joblessness is often found among youth rather than adults. Furthermore, unemployment leads to poverty and dramatic rise in debt, which can be explained in terms of obligations of the state to pay compensations and unemployment benefits for jobless people. (Gleeson, P. n.d.). This insufficient use of human resources, in turn, might greatly affect economic growth of the society (Mehta, P. n.d.). When it comes to negative effects on individuals themselves, then, they will lose their income in the short-run and their savings

for retirement in the long-run, since pension contributions will be stopped and no longer available.

If we go back and take a look at history, we can see that many EU countries had been severely affected by Global Economic Recession of 2008. Actually, the consequences of economic crisis confirmed the truth of Okun's Law. Villaverde and Maza (2008), for example, investigated Spanish case and found that economic recession had influenced GDP first and unemployment rate second. These increased unemployment rate and decreased GDP level, consequently, worsened economic stability of the country. The same research was conducted by Turkish economists, Tiryaki and Ozkan (2011), who applied quarterly data analysis method by taking 1998-2010 years as their key study. What they've found is that despite the fact unemployment rate was not decreased after economic recession, economic situation of the country was strong and stable enough. This is followed by Yelwa et al. (2015) study, which investigated Nigeria in 1987-2012 and also found that high unemployment rate and economic growth of the country were indirectly proportional to each other (Dritsakis, N and P.Stamatiou, 2016).

From the investigations mentioned above, one will obviously claim that Kazakhstan needs to implement appropriate policies regarding unemployment if the country wants to have economic prosperity. As the deputy minister of healthcare and social development Birzhan Nurymbetov says, "In the whole world, employment is considered to be the main priority of the social and economic policy of any state. Kazakhstan is implementing the Employment Roadmap 2020 program, which supports different regional employment programs. Despite the current situation in the world economy and unemployment rates rising, the state takes measures to keep unemployment at the level of 5 percent. Today, we focus on high quality jobs with stable wages",

Kazakhstan has already made its first steps toward job occupation (*The Astana Times*, 2016).

One of the long-term solutions against unemployment might be adequate training and education provided for unemployed. For instance, they can get additional education for free in the sphere they would in demand and would be immediately employed without any trouble. These trainings may be in technical sciences, be it electrical engineering or computational science. Even though the solution seems requiring a lot of time and effort, it will surely have long-lasting positive effects in the aftermath. Another possible way might be the government's guaranteed tax breaks for companies. Businesses and private sectors could be freed from taxes if they hire more employees. This could serve as motivation for those firms, though it seems to cost expensive (Pettinger, T. 2017).

Reference list

Amadeo, K. 2017. What is the Definition of Unemployment? *The Balance. Economy Stats*. Retrieved March 12, 2018 from https://www.thebalance.com/what-is-unemployment-3306222

Baturin, V. 2017. Уровень безработицы в Казахстане – 4,9%. *Капитал*. Retrieved March 12, 2018 from https://kapital.kz/gosudarstvo/62227/uroven-bezraboticy-v-kazahstane-4-9.html

Dritsakis, N and P.Stamatiou, 2016. The Effects of Unemployment on Economic Growth in Greece. An ARDL Bound Test Approach. *The Romanian Economic Journal*. Retrieved March 10, 2018 from

http://www.rejournal.eu/sites/rejournal.versatech.ro/files/articole/2017-01-03/3405/3dritsakis.pdf

Gleeson, P. n.d. The Overall Effects of Unemployment. *Chron*. Retrieved March 12, 2018 from http://smallbusiness.chron.com/overall-effects-unemployment-37104.html

Mehta, P. n.d. Bad Effects of Unemployment on Economic Growth. *Economic Discussion*. Retrieved March 10, 2018 from http://www.economicsdiscussion.net/articles/bad-effects-of-unemployment-on-economic-growth/2285

Pettinger, T. 2017. Policies for Reducing Unemployment. EconomicsHelp. Retrieved March 10, 2018 from https://www.economicshelp.org/blog/3881/economics/policies-for-reducing-unemployment/

The Astana Times. 2016. Kazakhstan Maintains 5 Percent Unemployment Rate. Retrieved March 12, 2018 from https://astanatimes.com/2016/10/kazakhstan-maintains-5-percent-unemployment-rate/

Trading Economics. 2018. Kazakhstan Youth Unemployment Rate. Retrieved March 12, 2018 from https://tradingeconomics.com/kazakhstan/youth-unemployment-rate?continent=g20

Urmanov, A. 2017. Что скрывает статистика по безработице. *Караван*. Retrieved March 10, 2018 from https://www.caravan.kz/gazeta/chto-skryvaet-statistika-po-bezrabotice-403750/

Zhakupova, Z. 2017. Рост безработицы в Казахстане в 2017 году составил 37%. *Inform Бюро*. Retrieved March 10, 2018 from https://informburo.kz/novosti/rost-bezraboticy-v-kazahstane-v-2017-godusostavil-37-eek.html

11 сәуір 2018 ж. 2 секция: Қазақ тіл біліміндегі үрдістер: дәстүр және жаңашылдық

Научное направление в казахском языкознаии: традиционные и современные

Trends in Kazakh Lınguıstıcs: Traditional and Contemporary

Kazak Dilbilimindeki Eğilimler: Geleneksel ve Yeni Yaklaşımlar

БАЛА ТІЛІНІҢ ДАМУЫ МЕН БАЛАНЫҢ ҰҒЫМДЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Садуакас Назерке, Жанел Дидар

Сулейман Демирель атындағы университет

*Ғылыми жетекшісі: СДУ профессоры, ф.ғ.к.,**Құралай Мұхамади***

Адам санасы қалыптасып, оның жүйелі болуы бірнеше кезеңдерден өтеді. Оның ең бір маңызды кезеңдерінің бірі бала тілінің қалыптасуы мен дамуы болып табылады. Бұл кезеңде бала қоршаған ортадағы құбылыстар мен қатар өзін қоршаған адамдардың ықпалы арқылы санасында белгілі бір сөз бен ұғым қалыптастырады. Бала тілінің дамуын зерттеген Цейтлин , өзінің еңбектерінде осы сала бойынша көптеген мәлімет беріп кеткен болатын. Ол « Язык и ребенок» еңбегіндегі « Лингвистика детской речи» атты талдамасында балалар тілін алғаш рет зерттелу процесін баяндайды. Бұл еңбек арқылы бала тілі туралы ғылымның 19- шы ғасырдың бірінші жартысынан бастап дамып, өз жалғасын тауып отырғандығын аңғарамыз. Еңбекте атап көрсеткендей бала тілін зерттеу атақты философ, психолог және тарихшы Ипполит Тэнн кішкентай қызының сөз саптауына мән беріп, қызығушылық танытып, жазбаға басып алған болатын, бұл жазба 1877 жылы «Mind» журналында жарық көрді. Бұл жазбалар жарыққа шыққаннан соң Чарльз Дарвин осы журналдың келесі санында, өз баласының сөйлеу тіліне бұдан ертеректе жүргізілген күнделік жазбасының бірнеше бөліктерін жария еткен болатын. Бұл күнделік жазбасында Чарльз Дарвин баласының сөйлеу тілін бақылай отырып, коммуникативті іс-қимылдары мен сөзіне назар аударған.Ғасырлар тоғысынан бері осы ғылым саласында өзіндік орны бар еңбек Клара мен Вильгельм Штерннің «Die kindersprache» кітабы. Бұл кітап олардың балалары Гильда мен Гюнтердің күнделік жазбасына негізделген. Сонымен қатар атақты лингвист И.А Бодуэн дэ Куртене өз балаларының сөйлеу тіліне тереңірек үңіліп, бұл материалдарға теориялық негізде баға берген болатын. Бұл күнделік жазбалары 1960-ыншы жылдары Краков қаласында профессор Шуманның басқаруымен жүргізілді және де көрсетілген деректер бойыншы бір мен үш жас араығындағы бүлдіршін тілі нормалаған, жүйелеген әдеби тіл қатарында болмаса да толық мағынасы бар құрылым екені белгілі. Бала өмірге келгеннен бастап, дыбысың арасында дамиды. Сол арқылы өз санасындағы түсініктер мен елестету арқылы бейнелерді

сондай- ақ ұғымдарда қалыптастырады. Баланың айналасындағы тіршілік процесі бала тілінің қалыптасуына әсер етпей қоймайды, соның нәтижесінде бала тілі қалыптасады.

Бала тіліндегі сөз бен ұғым қатынасына келер болсақ, ұғым деген сөздің өзі обьективті нағыздық нәрселерін және олардың қасиеттерін көрсететін абстрактілі ойлау формаларының бірі болып табылады. Осы тұста әр адам санасына « Баланың ойлау жүйесінде ең бірінші ұғым пайда болды ма? әлде сөз пайда болды ма?» деген сұрақ келеді. Мұны ұлт жанашыры Жүсіпбек Аймауытов өзінің еңбектерінде түсіндіреді. Кейбір психологтар бала тілінде ең бірінші сөз, содан соң ғана ұғым пайда болады деген қортындыға келген. Мұны былай түсінуге болады: Бала итті бірінші көргені екен, біреу бұл «ит» дейді екен. Бала ит деген сөзді қағып алады. Бірақ бұл жалпы есім деп ойламайды Сәрсембай, Бейсембай деген сықылды жалқы есім деп жүреді. Тағы бір ит көрсе оны да жұрт «ит» деп атайды екен, бұл да ол хайуанның жалқы есімі екен деп жүреді. Соңынан жүре-жүре бала көп иттерді көргенннен соң барып, бала «ит» деген жалпы атау екенін біледі, содан барып жалпы перне, ұғым туады. Бұл мысалдан сөз ұғымнан бірінші туады деген қорытынды шығады. Сол секілді балаға бір қызыл допты көрсетіп, қолына берсек, ол бала «доп» атауы тек сол допқа ғана тиесілі, яғни жалқы есім деп түсінеді. Егерде ол балаға доптың басқа түрлерін тізіп қойып, арасына жаңағы қызыл допты да қойсақ және баладан доп қайсы екенін сұрасақ, ол тек қана қызыл допты нұсқайды екен. Жүсіпбек Аймауытов енді бір мысалында, осы пікірге қарама- қайшы келетін сөздермен толықтырып кетеді. Ол пікіде кей оқымыстылар сөзден бұрын ұғым пайда болады, сөз ұғымға қойылатын ат дейді. Олар мынадай мысал келтіреді. Бала тілі шықпай тұрып ойлайды, ойлағаны емес пе, өз үйінің кісілеріне жымияды, бөтен кісі көрсе, қорқып жылайды,ендеше балада ілікестік, жаңғырту, есіне түсіру бар болу керек, тілі жоқ болса да, ойлау болу керек деп көрсетеді Жүсіпбек Аймауытов. Айтып өткеніміздей бір және үш жас аралығындағы бала жан-жағынан естіген сөздерін түйсініп, санасында қорытып сыртқа шығаруға тырысады, яғни бала бір объектіге сүйене отырып, сөзін ой жүйесінен шығарады. А. Леонтьевтің пайымдауы бойынша бала сөйлегенде алдын- ала оны ой жиегінен өткізеді, сол ой дыбыс не сөз болып үдеріске айналады.Бұдан шығатын қорытынды баланың ойлау жүйесінде алдымен ұғым қалыптасып одан кейін ғана сөз

қалыптасады деп пікір айтады. Көрсетілген деректер бойынша баланың тілі шықпай тұрып, санасында белгілі-бір ұғым пайда болады.Баланың сөйлеу тілі қалыптасып жүйеленгенше бұл ұғымдар белгілі-бір дыбыстаулар арқылы шығып отырады. Баланың сөйлеу тілі ертеде қалыптасып, әлі күнге дейін дамып келе жатқан ғылым саласы.

Баланың сөйлеу тілі дамуын зерттеген А.Н Гвоздьев, А.Н Леонтьев секілді ғалымдар баланың сөз саптауын екі кезеңге бөлген болатын.ол кезеңдер: сөйлеу тілі шыққанға дейінгі кезең (Баланың туылғанынан бір жасқа дейінгі кезең), сөйлеу тілі шыққаннан кеінгі кезең(Бір жастан кейінгі кезең).Сөйлеу тілі шыққанға дейінгі кезең дайындық кезең деп атайды. Өйткені бұл кезде баланың сөйлеу тілін меңгеруге дайындық жүреді. Бала бір айдың аяғында жан-жағындағы дауыс ырғағына мән беріп, жылы және қатты сөйлегенді сезеді. Бұл кезде баланың уілдеуі әр түрлі интонациямен шығады. Ал екінші сөйлеу тілі шыққан кезең өз-ара үш кезеңге бөлінеді. Ал сөйлеу тілі оны құрайтын компоненттері бойынша дамиды. Дыбыс айтуы, сөздік қоры, грамматикалық құрылысы.

Сөйлеу тілінің компоненттеріне тоқталар болсақ, дыбыс айту құрылымы бойынша Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» атты еңбегінде сөз қозғайды.Сиырды-«мөө, мөөө, мөө»,қойды-«мәә,мәәә,мәәә», мысықты-«мияу, мияу», итті-«ау, ау» дейтін болады»- дейді ғалым. Демек бала естігенін дәл сол күйінде шығарады. Мысықтың мияулайтыны сиырдың мөңірейтіні Қойдың маңырайтыны-бәріне белгілі әрекет. Бала құлағымен естігенін дыбыс не сөз күйінде сөйлеу әрекетінде қолданады.Сонымен қатар бір мен үш жас аралығындағы бала тілінде көптеген жаңа атаулар кездеседі. Мысалы: Телефонды- але десе, футболды- гол дейді. Келтірілген мысалдарға қарап, баланың өз санасында қалыптастырған жаңа атаулардың негіздемесі бар екендігіне көз жеткізуге болады. Әрбір ересек адам допты тебетінін телефонға келген қоңырауға алло деп жауап беретіндігін, гол деген фубол ойынының термині екендігін біледі. Демек, бала мағынасы мен қызыметі сақталған, бірақ нормадан ауытқыған сөздерді қалыптастыратынын байқаймыз. Айта кетер болсақ баланың сөйлеу тілінің қалыптасуына және де жүйеленуіне тіліміздегі дыбыстардың алатын орны маңызды.Кейбір жағдайларда дыбыстың жіңішке немесе жуан естілуі немесе дыбысталуы бала санасындағы қандайда бір құбылыстардың бейнесін құрауға көмегін береді. Бұл жөнінде, балалар психологиясы мен бала тілінің дамуын зерттеген

ғалымдар Ж.Қ. Дүйсенова мен Қ.Н. Нығметованың пайымдауы бойынша, расымен бала тілі негізінде сөйлеу, есту мүшелеріне, ойлау, түйсіну қабілеттеріне тікелей байланысты деген тұжырым айтады. Сондай-ақ бала көрмеген затын естігенде, оның дыбысталуына байланысты, ол заттың сұлбасын санасында қалыптастырады. Мысал ретінде Е.И. Негневецкой мен А.М. Шахнаровичтің «Язык и дети » еңбегінде жүргізілген тәжірибеде Балаға «кит» пен «кот» сөзін айтып, қайсысы үлкен деп сұрағанда, киттің не екенін білмейтін балалар, кот деп жауап берген. Себебі, «и» дыбысының ассоциациясы кішкентай заттармен сәйкес келетіндігі, ал «о» дыбысының ассоциациясы үлкен затпен сәйкес келетінін байқадық.

Екінші компонентті сөздік қорына үңілсек, баланың сөздік қоры оның жас ерекшелігіне байланысты көбейіп отырады. Американдық ғалымдардың жүргізген зерттеулері бойынша баланың бір жасында оның активті сөздік қорында үш сөзден кем сөз болмауы тиіс, бір жас алты айында оның қорындағы сөздер саны орташа есеппен жиырма, бір жас тоғыз айында жүз жиырма шақты сөз болады деген тұжырымдама шығарған. Тағы да айта кететін жағдай баланың сөздік қорының көбеюі, оның жан-жағындағы ықоршаған адамдарға байланысты болатыны белгілі, оған дәлел ғалымдардың пікірі бойынша ата-әжесінің қолындағы балалардың сөздік қоры балабақшада тәрбиеленетін балаларға қарағанда молырақ болады екен. Оның себебі, балабақшадағы балалар бір-бірімен тек санаулы сөздер арқылы қарым-қатынас жасағандықтан сөздік қоры толықпайды, керісінше ата-әжесінің қолында тәрбиеленген баланың сөздері толыққанды, әрі көбірек болады.

Баланың сөйлеу тіліндегі сөздік қорының көбеюі оның дамуына үлес қосады. Алғашқы кезеңде бала тек сөздің номинативтік функциясын ғана меңгереді. Сондай-ақ етістктерді қолдана бастайды.Кейіннен грамматикалық категориялар, яғни сын есім, есімдік, үстеулерді қолдана бастайды. Сонымен қатар септік, көптік жалғаулары мен жұрнақтарды дұрыс қолданып, дыбыстық талдау дағдылары қалыптасады. А.Н. Гвоздьевтің айтуы бойынша үш жастағы балада грамматикалық негізгі категориялары толыққалыптасады. Төрт жастағы бала өз тілінде жай және күрделі сөйлемдері қолданады. Ал бес жастағы бала қосымша сұрақтарсыз тыңдаған әңгіменің мазмұнын өз бетімен айтып бере алады.

Алайда баланың қалыпты сөйлеу тілінің дамуымен қатар дамымауын да әр түрлі деңгейде қарастыруымызға болады. Алғашында Р.Е.Левина жалпы сөйлеу тілі дамымауын үш деңгейге бөліген болатын. Кейіннен Т.Б.Феличева төртінші деңгейді сипаттап қосады. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының бірінші деңгейінде тіл мүлдем қатыспайды. Бұл деңгейде балалардың сөздік қоры шамадан тыс шектелген. Мұндай балалар заттардың қимыл әрекеттердің сыртқы сипатына немесе олардан шығатын дыбысытың ұқсастығына қарап ат қояды. Мысалы:«дөдөт»-машина немесе машинамен кетті деген мағына береді. Екінші деңгейінде сөздің, дыбыстың құрамын сақтап қайталау қабілеті дамымайды. Жалпы сөйлеу тілі дамуының екінші деңгейіне ауысуының белгісі ымда умен былдыр сөздерден басқа бұрмалаған болса да, айтарлықтай тиянақты жалпы қолданатын сөздер пайда болады. Мысалы:Даз. Бадя сомып дүй(Жаз. Балалар шомылып жүр). Ал үшіниші деңгейде сөздегі дыбыстардың түсіп қалатын тұрақты қателері ең қиын сөздердегі буындардың бұзылуы байқалады. Мысалы: велосипед- сипед, сасипед. Ал төртінші деңгейін зерттеуші Реселік автор Т.Б Филичева және Қазақстандық Грущевская былай деп көрсетеді: төртінші деңгейдегі балалар өз ойларын жоспарлай алмайды, тіл құралдарын іріктеуде қиналатындығын айтады. Қалыпты дамыған бала төрт жасында ана тілінің барлық дыбыстарын ажырата алуы керек, яғни оның фономатикалық қабылдау қабілеті толығымен дамыған болуы қажет. Баладағы сөйлеу тілінің қалыпты, жасына сай дамымауы баланың психологиясында ауытқуы бар екенін және де кейбір ұғымдарды толыққанды түсіне алмауына алып келеді.Бірақта кейбір мәселелрді ескермей кетсек жөн болмас. Әр бір баланың санасының дамуы оның қоршаған ортасымен түйсіну қабілетіне байланысты. Сол себепті тілдік даму процесі үстіндегі балаға қысым көрсетужағдайды одан әрі ушықтыруы мүмкін. Осы жөнінде Жүсіпбек Аймауытов былай дейді: төрт- бес буынды сөздерді бала көпке шейін айта алмаса керек. «Сәрсенбай, деші қарағым» дегенде, баласы: «Сәрсе немесе сәсе» дейтіні содан ғой. Балаға салғаннан қиын, көп сөз үйретпек болған ата-ана салғаннан кейін әңгіме, көп сан, терең мәселе туралы оқытпақ болған мұғалім- наданның наданы ғой. Бұл күнгі ересек адам тіл жүйесінде, ондай жетіліп, жүре бара нәрсе мен дыбысы арасындағы байланысты қалдырған болса, бала да тап сол сықылды, пернелерді онымен қатар өздері көбейген сайын еліктеуден шыққан ойын сөйлеммен айтуға

жарайды. Бала түгілі қарапайым адамның да сөйлемі қысқа, жабайы және жеңіл болып келеді. Күрделіқиын сөйлемдерді олай ұқпайды. Өйткені сөз, сөйлем дегеніміз ұғыммен, біліммен қабат өсетін құрал дейді.Баланаң тілі де сол секілді алған білімі мен естіген сөздері арқылы дамып, жетілуден өтеді.

Қортындылай келе, бала тілінің дамуы тек бірнеше ғана жылды алатын процесс емес, ол адам өмірінің соңына дейін жалғасатын үрдіс. Тек адам нәресте кезде оның сөйлеу әрекеті бір тура жолға салынады, ал есею шағында адамның сөздік қоры толығып отырады. Бала тілінің дамуы барысында танымның маңызы зор болып табылады.Баланың ойлау қабілетін дамыту арқылы танымы кеңейе түседі.Таным деңгейі жоғары баланың тілі тез дамиды.«Баланың танымы дамыса, онда тілі де дамиды»,-дейді ғалым С.Н.Цейтлин.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Цейтлин С.Н. Язык и ребенок. Санкт-Петербург, 1992. С.153-186

2. Аймауытов Ж. Психология. –Алматы, 2006. 212-256б.

3 Негневецкой Е.И ., Шахнарович А.М. Язык и дети.-Москва, 1992.

Бұл мақалада біз бала тілінің даму процесі мен бала санасындағы белгілі бір дүниеге байланысты қалыптасатын ұғымдарды, сондай-ақ ол ұғымдардың атауы бала тілінде қалай дыбысталатындығы жайлы айтатын боламыз. Сонымен қатар1 мен 3 жас аралығындағы бүлдіршін тілі нормаланған, жүйеленген әдеби тіл қатарында болмаса да, уәжі мен толық мағынасы бар құрылым екені белгілі. Бала өмірге келгеннен бастап, дыбыстың арасында дамиды, сол арқылы өз санасындағы түсініктер мен елестету арқылы бейнелерді қалыптастырады. Баланың айналасындағы тіршілік процесі бала тілінің қалыптасуына әсер етпей қоймайды. Соның нәтижесінде бала тілі қалыптасады. Бұл баяндама Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» атты еңбегі мен Цейтлинның «Язык и ребенок» атты зерттеулерін негізге ала отырып дайындалды.

В этом статье мы обсудим концепцию развития детского языка и понятия связанных сознанием развивающего ребенка. Известно так же , что дети в возросте от 1 до 3- х лет имеет значимую структуру, хотя это не стандартизованный литературный язык.С того момента, как ребенок начинает жить, он развивается между звуками, тем самым формируя изображения через свои восприятия и воображения. Этот доклад был подготовлен на основе исследований ЖусупбекаАймауитова «Психология» и исследования «Язык и ребенок» Цейтлина

12 сәуір 2018 ж. 1 секция: Құқық пен мемлекеттің мәселелері студенттің көзімен

Проблемы права и государства глазами студентов

Problems of law and the state through the eyes of students

Öğrencilerin gözünden hukuk devletinin ve devletin sorunları

МРНТИ 10.07.33

ҚОҒАМДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айдаш Қасымбек Наубетұлы

Сулейман Демирель Университеті

Аңдатпа

Қазіргі таңда азаматтық қоғамды қалыптастыру өте маңызды іс-шаралырдың бірі болып табылады. Идеалды азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін қоғам арасындағы қалыптасқан қоғамдық сананың дұрыс болғандығы маңызды. Бұл баяндамада азаматтық қоғамды қалыптастыруда маңызды элементтердің бірі болып табылатын қоғамдық құқықтық сана жайында болмақ. Қоғам арасындағы қоғамдық сананың жалпы қалыптасу жолдарын, оның қалыптасуында қосалқы әсер ететін жағдайлар мен сыртқы күштерді көрсетуге және оның шешілу жолдарын талдауға арналған. Қоғам арасындағы құқықтық негилизмнің қалыптасуын көрсетіп, оны жою жолдарын зерттеп, ең тиімді жолдарын анықтау болып табылады. Батыс және Шығыс Еуропаның дамыған мемлекеттерінің іс тәжірибелерін негізге ала отырып, олардың біркелкі дамуы мақсатында қолданған стратегиялық жоспарларының ішінен ең тиімді жолын анықтау болып табылады.

Кілт сөздер: Азаматтық қоғам, қоғамдық сана, құқықтық сана, құқықтық негилизм, латенттік қылмыс.

Аннотация

В настоящее время формирование гражданского общества является одним из важнейших мероприятии. Для формирования идеального гражданского общества, очень важным является правильное общественное сознание сложившихся между обществом. В этом докладе будет идти речь об общественного правового сознания являющегося одним из важных элементов в формировании гражданского общества. Показать путей становления общественного сознания в обществе в целом, показать внешние условии и вспомогательные силы влияющие для формирование общественного сознания и пути их решении. Показать формирование правового негилизма в обществе, изучая путей их ликвидации, выявить наиболее эффективную путь для ликвидации правового негилизма в обществе. Исходя из опыта развитых государств Западной и Восточной Европы, определить наиболее эффективный путь изучая стратегические планы которые они применяли для равномерного развитие.

Ключевые слова: Гражданское общество, общественное сознание, правовое сознание, правовой негилизм, латенттік преступления.

Annotation

Currently, the formation of civil society is one of the most important activities. In order to form an ideal civil society, it is very important to have the right social consciousness between the two societies. This report will focus on the public legal consciousness, which is an important element in the formation of civil society. To show ways of formation of public consciousness in society as a whole, to show external conditions and auxiliary forces influencing for formation of public consciousness and ways of their decision. To show the formation of legal nihilism in society, studying the ways of their elimination, to identify the most effective way to eliminate legal nihilism in society. Based on the experience of developed countries in Western and Eastern Europe, to determine the most effective way of studying the strategic plans that they used for uniform development.

Key words: Civil society, social consciousness, legal consciousness, legal nihilism, latent crimes.

Азаматтық қоғам әрбір мемлекетте әр түрлі болып қалыптасады. Оның қалыптасуында бірнеше факторлар себеп болуы мүмкін. Олар сол қоғамның салт дәстүрі, ұстанатын діні, этикалылық, эстетикалық көз қарастары да жатады. Әрбір халықтың ұстанатын салт дәстүріне байланысты қалыптасып қалған өз халқына сай ұстанымдары болады. Сол сияқты осындай факторлардың жүйелі түрде сақталуы сол қоғамда белгілі бір қоғамдық сананың қалыптасуына әкеп соғады.

Қазіргі заманда қоғамдық құқықтық сананың қалыптасуы құқықтық мемлекеттің қалыптасуында өте ауқымды орын алатыны анық. Кез-келген мемлекеттің құқықтық мемлекетті қалыптастыру барысында ең алғашқы мәселе ретінде қоғамдық құқықтық сананың қалыптасуын қарастыратыны белгілі. Себебі, қай мемлекеттің болмасын халық ең басты орында болатынын айтпаса да белгілі. Сол себепті мемлекеттегі азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуында сол мемлекеттегі халықтың құқыққа деген көз қарасы, яғни құқықтық сананың қалыптасуы ең маңызды орынды алады.

Мемлекеттің заңмен қамтамасыз еткенімен қоймай, мемлекет ішіндегі қоғамды қалыптастыру мемлекеттің алдына қойылатын маңызды мақсаттарының бірі болып табылды. Себебі, қоғамды басқаруда тек қана

заңнамалармен шектеп қою мемлекет үшін жеткіліксіз. Заңнаманы ұстанатын тұлғалардың заңнамаға бағынып қоя бермей, оны қолдануы және сақтаудағы түсінуі өте маңызды. Бұл жеке адамдардың құқықты түсінуі болса, осы тұлғалардың өзара байланысуы, өзара келісімдерге келуі азаматтық қоғамды құрайды.

Азаматтық қоғам – бұл дамыған, тұрақты, тұрмысқа жайлы, көркейтілген, адамдардың өмір сүруінің жеткілікті жоғары деңгейімен сипатталатын қоғам. Кедей, артта қалған қоғам азаматтық деп аталуы мүмкін емес, өйткені, мұнда елі гүлденген, бейбіт, дамушы қатарға шығаратын институттар мен жағдайлар қалыптаспаған. Ол сонымен қатар рухани жағынан бай, имандылығы жоғары, халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейі жоғары болуы тиіс.

Азаматтық қоғамда мемлекеттік органдар қызметі арқылы мемлекеттің басымдығы және хаос (анархия); құқыққа қатысты нигилизм, қоғамдық істерді басқарудағы сәйкессіздік болмауы тиіс. Азаматтық қоғамда мұндай теңдікті (теңгерімді) қалыптастыру оның өмір сүруінің және одан әрі жетілдірілуінің негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Азаматтық қоғамды қалыптастыру мен одан әрі дамытудағы жеке және қоғамдық құқықтық сананың орны ерекше. Өйткені, азаматтық қоғам бұл әлеуметтік топтар мен индивидтердің өзін өзі ұйымдастыруы мен өзін өзі дамуының жоғары деңгейінен көрініс табатын әлеуметтік кеңістік деуге болады. Азаматтық қоғамның негізі құқықтық көзқарастары мен ұстанымдары қалыптасқан, құқықтық мәдениеті мен құқықтық мінез құлқы жоғары, өркениетті, өзін өзі ұйымдастыратын субъект.

Нағыз азаматтық қоғам қалыптастыру үшін, тұлғаның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті жоғары болуы қажет, яғни тұлғаның жеке бастамасы негізінде билік пен тұлғаның арасындағы қарым қатынастың қалыптасуы, бұл қатынаста тұлғаның өзінің жеке құндылығын, өзінің құқықтық мәртебесін сезінуі, тұлғаның заңнаманы шынайы құрметтеуі және оған сөзсіз бағынуы маңызды болып табылады. [1, 15 б].

Құқықтық негилизм – ол индивидтің немесе қоғамның құқыққа, заңнамаларға, құқық нормаларына деген теріс көз қарас. Құқықтық негилизмнің туындау негізі қоғамның едәуір бөлігінің құқықтық білімсіздігінен, дамымаушылығынан немесе құқықтық тәрбиеленбеуінен бастау алады. Бұл көрініс негізінен ТМД едерінде көптеп кездеседі сонымен қатар алыс шетелдерде де осы мәселелер кездесетіні белгілі.

Құқықтық негилизм – тек қана халық арасында, қоғамдар, әлеуметтік топтар арасында ғана емес, сондай-ақ қазіргі таңда мемлекеттік құрылымындарда да кездесетіндігін айта кеткен жөн болар. Осыған тоқталатын болсақ мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық білімсіздігін азайту мақсатында мемлекет өз тарапынан әр түрлі шаралар қолданып

отырады. Олар, аттестациялау, жаңа нормалар, заңнамаларға өзгерістер енгізіп отыру деген сияқты шаралар қолданып отырады.

Мемлекеттік қызметкерлердің өзі де азаматтық қоғамның қатарына жатады деуге болады. Біріншіден, қоғаммен, азаматтармен тығыз жұмыс істейді. Екіншіден, заңның жүзеге асуын және оның өзгелерге жеткізілуіне тікелей байланысты тұлғалар болып табылады. Құқықтық мемлекеттің толық қалыптасуында жоғарыда баяндағанымыздай азаматтық қоғамның мемлекет территориясындағы азаматтық қоғамның қалыптасуы маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Азаматтық қоғам тек қана оның байлығы мен жүріс тұрыстарының жоғары дәрежеде болуы емес. Оның ажырамас бөлігі – құқықтық сана болғандықтан, қоғам арасындағы өзара байланыста құқықтық қарама-қайшылықтар мен құқық бұзушылықтардың қаншалықты аз болуы, азаматтық қоғамның соншалықты жоғары әрі дамығандығын айтамыз.

Қазіргі таңдағы қоғам арасындағы кейбір іс-әрекеттерінің қылмыстық дәрежеде емес деп санауы немесе оның құқыққа қайшы екендігін білмеуін айтсақта болады. Қай мемлекетті алмасақта әлемдік дәрежеде орын алып отырған жемқорлық мәселесі қай мемлекеттің болмасын басшыларын алаңдатпай қойған емес. Алайда әрбір мемлекет бұл мәселемен өзінше бір күресу жолдарын ұсынып, пайдаланып келеді. Қытай елін мысалға алатын болсақ, оларда жемқорлыққа қарсы күрес ретінде жазаға ату жазасын пайдаланып келеді. Белгілі тұрғыда бұл жемқорлықтың азаюына әкелді әрі құқықтық сананың дамуына да жеткізді десек қаталеспейміз. Себебі, оның қылмысын дәлелдеу барысында көптеген мемлекеттің органдардың әрекет ететіндігі және бұл қылмыстың жасалғанын дәлелдеуде талаптарның көптігі, заңнамалардың қатаң және нақты сақталатындығын байқауға болады.

Қоғам арасында өзінің құқықтары мен бостандықтарын білмеушілік немесе оның қорғалу немесе қолдану жолдарын білмеушілік қоғам арасында кеңінен орын алған. Құқықтық сананың артуы осы кемшіліктердің жойылуына негізделеді. Тек қана құқықтықтарының толық білмеуі емес, сонымен қатар құқықтарының қорғалуына күмәнденуі да мемлекеттің алаңдаушылығына әкеліп соғады. Себебі, бұл білімсіздік, сенімсіздік қоғам арасында латенттік қылмыстардың орын алуына немесе одан бөлек жаңа қылмыстардың туындауына әкеліп соғары сөзсіз.

Латенттік қылмыс деп жасырын қалған немесе жарияланбай қалған қылмыстарды атайды. Ол зардап шегуші тараптың заңды білмеушілігі немесе сенбеушілігі, сондай-ақ қазіргі қазақ қоғамында «садақадан болсын» немесе «соны қоя бер» деуінің өзі құқықтық сананың төмендігінен туындайтын салдар болып табылады.

Құқықтық негилизмді жоюдың бірнеше жолдары бар. Оларды қарастырып кететін болсақ:

- Бірінші, қоғамның жалпы және құқықтық мәдениетін, құқықтық және моральдық санасын арттыру;
- Екіншіден, заңнамаларды жетілдіру;
- Үшіншіден, қылмыстық құқық бұзушылықтармен профилактикалық жұмыс жүргізу, соның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтармен жұмыс жүргізу;
- Төртіншіден, заңдылық пен заңның үстемділігін және мемлекеттік тіртіпті қатаңдату;
- Бесінші, жеке құқықтың барынша қорғалуы және құрметтелуі;
- Алтыншы, қоғамның жаппай құқықтық сауатын ашу және құқықтық тәрбиелеу;
- Жетінші, жоғары мамандандырылған заңгерлер кадрларын дайындау;
- Сегізінші, тездетіп құқықтық реформа жүргізу және тағы сондай сияқты жолдармен шешуге болады.

Мемлекеттер осы тәсілдердің көбісін қолданады, алайда нәтиже әрқашанда қалағандай әрі жылдам көріне бермейді. Солардың бірі қоғамды құқықтық тәрбиелеу болып табылады. Қазіргі таңда бұрыннан қолданылып келе жатқан дәстүрлі құқықтық тәртіпке экономикалық және саяси басқарушылық өзгерістерді енгізуде. Алайда дәстүрлі құқықтық тәртіпті алып тастамай-ақ оған жаңа экономикалық және саяси-құқықтық фундаментте өзгерістерді енгізу қажет ететіні анық.

Мемлекеттік деңгейде құқықтық негилизмді жоюда қаншама заңнамалардың қабылдануына негіз болғанымен, қоғам арасында әлі де билікке деген заңнамаларға деген сенімді арттыру әрқашанда қиын істердің бірі болып табылады.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыруда басқа мемлекеттердің тәжірибелеріне көз жүгіртіп көрсек. Европаның алда дамып келе жатқан мемлекеттерінің құқықтық мәдениетінің тарихи негіздері бар. Олардың құқықтық тәртіптің негізі ежелгі Рим көшелеріне ежелгі римдік XII таблицалық Заңнамаларды бәрінің еркін көріп үйренуі үшін қойылған кезден бастау алады. Европа Рим империясының құлдырауынан өзінің мемлекеттілігі мен құқығын қалыптастыруы арқылы осы негіздерді өздеріне сіңіріп алған болатын. Бұл Ежелгі Римнен қалыптасқан заңнамаларды түсіндіру әдісін қолдану негізін көрсетеді. Қазіргі таңда және XXI ғасырдан бастап қандай әдістің қолданғанына көз жүгірткеніміз абзал болады.

Ұзақ мерзімдегі Білімді Зерттеудің Ұлттық Фонды жобасының жектекшісі Дэвид Керрдің (David Kerr) ойынша, Европада азаматтық

білімге деген қызығушылықтың қарқынды өсуі келесідей факторларға негізделеді:Демократияның жетіспеушілігі; Социолистік жүйенің құлдырауы; Экстремисттің күшеюі; Көпұлттылық пен қауіпсіздіктің қарама-қайшылықтары; Экономикалық құлдырау; Көші-қоныстың өсу жылдамдығы; Евросоюздың кеңеюі; Байланыс құралдарының революциясы; Әлеуметтік желілерінің пайда болуы;[2, 23 б].

Карлхайнц Дьюэрдің (Dr. Karlheinz Duerr) айтуынша, азаматтық білімнің танымалдылығы және танымал болуының өсуіне келесідей себептерді көрсетеді:Европалықтандыру және глобализация процесстерінің қарқынды дамуынан, Ұлттық мемлекеттің жойылуы, Ақпараттандырылған қоғамға көшу, Жылдам технологиялық (соның ішінде медициналық) және терең әлеуметтік өзгерістердің ұшырауы, Еңбек нарығының дағдарысы, Саяси өзарабағыныстылықтың артуы, Ұзақ мерзімді (жалғаспалы) білімнің концепциясы [3, 18 б].

Бұл мәселенің маңыздылығын көрсететін XXI ғасырдың басында Европа Кеңесінің демократиялық азаматтылық және адам құқығын (Education for Democratic Citizenship and Human Rights) үйретуде ауқымды бағдарламаны ашуы болып табылады. Европа Кеңесінің Басқарушы органымен бірнеше құжаттар қабылданады, олардың ішіндегі маңыздыларының қатарындығылар:Адам құқықтары аясындағы білімге ұсыныс (№ 1346, 1997 ж); Жеке жауапкершілікті қалыптастыруда ұсыныс (№ 1401, 1999ж); «Европа 2000 – жатардың қатысушылығы: азамат ретінде жастардың орны» ұсыныс (№59, 1999 ж); Европа Кеңесінің министрлерінің Комитетінің ұсынысы: демократиялық азаматтылықты тәрбиелеу жөнінде (№ 12, 2002 ж); Европалық білім министрліктерінің декларациясы: жаңа европалық контексттегі интеллектуалдық білім туралы (2003 ж); Мұғалімдердің білімдері арқылы демократиялық мәдениет пен адам құқықтарын дамыту туралы ұсыныс (№ 1849, 2008 ж) және тағыс сондай сияқты. [4, 23 б].

Егер азаматтық білім (Civics education) әлеуметтік ғылымдар білімі ретінде аударылатын болса, яғни тарих, саясаттану және құқық аясында және тағы сондай сияқты білімдерді үйретуде болса, онда азаматтылық (Citizenship education) аясындағы білім азаматтық қасиеттердің қалыптасуы деп түсіндіріледі.

Соған қарамастан европалық авторлар азаматтылықты үйретуде негізгі құндылықтардың бірі ретінде құқықтық білім беру деп көрсетеді. Мысалыға, Солтүстік Ирландияның «Адам құқықтары мен әлеуметтік жауаптылық» концепциясы бағдарламасының ең аз құрылымы келесідей түрде көрсетіледі: «қатысушы келесілерді үйренуге мүмкіндітері болуы қажет:Адамдардың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ету, жеке тұлғаны және адамдар тобын қорғауды қоскандағы заманауи демократиялық қоғандағы адамның құқықтарының стандарттарын қолдаудағы себептері;

- Адам құқықтары туралы Жалпыға ортақ декларацияда бекітілген, адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Европалық конвенция, БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясында бекітілген адамның негізгі құқықтары;
- Қоғамдағы әр-түрлі адам құқықтарының шектелуінің негізі (мысалы, еркін ойын айту еркіндігі, еркін жүріп тұру, қарсылық білдіру еркіндіктері және т.с.с)
- Адам құқықтарының елеулі бұзылуының жергелікті немесе глобальды мысалдары (мысалы, бала еңбегін қолдану, мемлекеттің іс-әрекеті шағымданған немесе өзгертілген ұяттың, жағдайдың тұтқындарының блуы)
- Әлеуметтік жауаптылықтың принциптері және оларды дамытудағы индивидтердің, қоғамның және мемлекеттің алатын орны.

Осындай білім алу түрі, құқықта көрсетілген жалпыға ортақ құндылықтардың бар екендігі және адам құқықтарының халықаралық құралдарының ортақ бейнесі екендігі, сонымен қатар индивидтар мен топтарадың демократиялық қоғамдағы жауапкершілігі бар екенедігі туралы түсінуге мүмкіндік береді». [5, 96 б].

1993 жылы Шотландияда бастауыш мектептердің қабылданған бағдарламасында балаларды сауаттылық, санау және ғылыммен шектелмей, сондай-ақ сөйлеу қабілетін, сезімдерін және ойларын білдіру, критикалық ойлау, мәселелерді шешу, салауатты өмір сүруді де үйретететіндігін айта кеткен жөн. Ал Ағылшындардың 1999 жылдан бері қолданыстағы бастауыш сыныптардың бұл бағдарламасы бойынша да тек қана сауаттылықты, санауды, ғылымдар негіздерін үйретумен шектеліп қалмай, сондай-ақ рухани, адамгершілік, мәдени, қоғамдық және физикалық даму, сонымен қатар оқушылардың барлық мүмкіндіктерін есепке ала отыра және жауапкершіліктің қалыптасуына итермелейтін практикалық өмірге әзірлейді.[6, 8 б].

Кейбір постсоветтік мемлекеттердің азаматтық білімнің және адам құқықтары аясындағы білімнің дамуының тәжірибесі өте қызық. Енді соларға көз жүгіртіп кетер болсақ.

Ливада 1990 жылдың басында азаматтық тәрбие концепциясының кезең-кезеңмен модернизацияландырылды. Соңғы екі он жылдықта, мемлекеттік деңгейде саяси актілермен бекітілген, сарапшалардың бағалауы бойынша ақылға сиымды қаржыландыру жүргізілген мақсаттандырылған азаматтық білім саясаты жүргізілген болатын. Қазіргі таңда білім саясатын реттейтін адам құқықтары саласындағы азаматтық тәрбие мен білімнің маңыздылығын барлық негізгі құжаттарды көрсетіп

кеткен (білім туралы Заңда, білім туралы стратегиясында, құқықтық білімнің бағдарламасында және тағы сондай сияқтыларда).

Бұрын литвалық білім беру орындарында азаматтық тәрбие бағдарламасы көбінесе формальді түрде жүргізілген болса, кейін 2006 жылы азаматтық және ұлттық тәрбие жөніндегі ұзақ мерзімдегі бағдарламаны қабылдағаннан кейін – бұл жүйенің бірден-бір ең маңызды дамытушы құралдарының біріне айнала отыра – әр түрлі сыныптық емес ұйымдарға көбірек мән беріле бастады. Бағдарламада нақты 2007-2011 жылдар аралығындағы нақты әрекеттерді көзделген болатын. 2007 жылы Ғылым және білім министрі әртүрлі іс-шараларды жүзеге асыруға 5 миллион лит (шамамен 1,448 миллион евроны құрайды) бөлген болатын. Осы жылы 132 289 бала және 39 283 ересек адамдардың қатысуымен болған 800-ден астам әр түрлі жобалар жүзеге асырылған болатын. Ал 2008 жылы қаржыландыру көлемі 5,5 миллион литке дейін жетті, ал жобалар саны 1000-нан асқан болатын, ал қатысушылар саны 361 748 бала 76 032 ересек адамдарға дейін жеткенін байқауға болады. [7, 5 б].

Мақалада Армения, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан секілді ТМД мемлекеттерінің көші-қон саясатының қалыптасу ерекшеліктеріне талдау жасалынған. Қазақстан Республикасына ТМД мемлекеттерінен келетін еңбек миграциясына қатысты көші-қон саясатының бағыттары сипатталған. Кезінде алпауыт мемлекет болған КСРО-ның ыдырауы және жаңадан тәуелсіз бірнеше мемлекеттердің қалыптасуы жиырмасыншы ғасырдың аяғында болған үлкен оқиға болды және көші-қон мәселесіне үлкен өзгерістер әкеліп, біршама қиындықтар туындатты. Саяси режимдердің, экономикалық ахуалдың сипатының, әлеуметтік жағдайдың өзгеруі, ауқымды ішкі және сыртқы мемлекетаралық шиеленістердің туындауы халықтардың ТМД мемлекеттерінің аймағында қозғалуының жаңа бейнесін салды. Көші-қон процесстерінің сапалық сипаттары, олардың динамикасы мен көлемі өзгерді. Кезінде бір мемлекеттің қол астында өмір сүрген халықтар жаңадан құрылған тәуелсіз мемлекеттердің өзара тығыз байланыста болуына үлкен ықпал етті. Сол себепті 1991 жылы 8 желтоқсанда ТМД-ны құруға қол қоя отырып, халықтардың ары қарай өмір сүруінің жаңа белесіне шықты.
КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде гуманистік аспектіде туыстық қарым-қатынастардың үзілуі, тарихи Отанға оралу кезіндегі қиындықтардың туындауы, құқықтық тұрғыда, С.Н. Бабуриннің пікірінше, азаматтардың оптацияға құқығының бұзылуы байқалды. Әрбір ТМД мемлекеттерінде осы мәселелер келе-келе өзекті тақырыпқа айналды және әлі күнге дейін маңызын жоғалтпауда.
Көші-қон үдерістерімен тығыз байланыста «азаматтық» деп аталатын құқықтық түсінік бар. Егер мигрант белгілі бір аумақтың шекарасынан өтіп, тұрақты тұратын жерін тұрақты немесе белгілі бір мерзімге ауыстырған адам болса, кейбір мигранттардың мемлекет азаматтығына ие

болу, натурализациялау және азаматтық алу құқығына ие бола алатын әлеуетті азаматтар екендігі анық болады.

Осы себептермен байланысты басқа мемлекеттер секілді Қазақстан Республикасы да көші-қон үдерістерін бір жолға қою мақсатымен жаңа реформалар жасауды қолға алды. «ҚР шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» ҚР Президентінің заңи күші бар 19 маусым 1995 жылғы Жарлығы азаматтардың үш санатын бөліп көрсетеді:

- Қазақстан азаматтары;
- Шетел азаматтары;
- Азаматтығы жоқ тұлғалар [1].

Олардың бір-бірінен құқықтық айырмашылығы басқа мемлекеттердікіне ұқсайды. Қазақстан азаматтары – Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанын растайтын дәйектері бар азамат болса, шетел азаматтары деп – Қазақстан Ресупбликасының азаматы емес және басқа елдің азаматтығын алған азаматты айтамыз. Ал басқа елдің де, Қазақстан Республикасының да азаматтығын алмаған адамды – азаматтығы жоқ тұлға ретінде қарастырамыз. Енді олардың құқықтары мен міндеттеріне келер болсақ: ҚР Конституциясының 12-бабының 4-тармағында: «Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады» [2], - деп нақты көрсетілген. Қазақстан Республикасы территориясында шетелдіктерге заң бойынша мынадай құқықтар беріледі:

- еңбек қызметіне және демалысқа;
- денсаулық сақтауға;
- әлеуметтік қамсыздандырылуға;
- тұрғын үйге;
- тұрғын үй мен өзге де мүлікке меншік етуге;
- авторлық құқыққа ие болуға;
- білім алуға;
- қоғамдық бірлестіктерге қатысуға;
- мәдениет жетістіктерін қолдануға;
- некеге тұруға және оны бұзуға;
- шетел азаматтары үшін ашық Қазақстан Республикасы аумағында еркін жүріп-тұруға;
- ҚР заңнамаларымен бекітілген тәртіпте тұрғылықты жерді еркін таңдауға;
- шетел азаматтарына ар-ождан бостандығы кепілдендіріледі;
- тұрғын үйге, ар-намысына және қадір-қасиетіне қолсұғылмаушылық [1].

Шетелдіктер осы құқықтарды жүзеге асыруда пайда болған міндеттерін толық орындайды және соған сәйкес алым-салықтар төлейді. ҚР Заңнамасына сәйкес оларға біршама шектеулер қойылған. Мысалы: олар сайлауға қатыса алмайды, әскерге шақырылмайды, мемлекеттік қызметтерге, лауазымды орындардан дәмелене алмайды, сайланбалы органдар мен лауазымдарға дауыс бере алмайды, ҚР референдумдарына қатыса алмайды.

Қазақстан Республикасына шетел азаматтарының келу және оның аумағынан кету «ҚР шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» 19 маусым 1995 ж. ҚР Президентінің заңи күші бар жарлығымен, «Шетел азаматтарының Қазақстанға келуі мен Қазақстан Республикасынан кетуін тіркеудің тәртібі туралы» 12.12.1995 ж. № 301/249 Ережемен, 28 қаңтар 2000 ж. №136 «Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуі мен онда болуы, сонымен қатар Қазақстан Республикасынан кетуінің ережелерімен», ҚР визаларын берудің тәртібі туралы Ережелермен реттеледі.

Қазіргі уақыттағы ғаламдық проблемалардың ықпалы бізге де тиіп отыр. Неше түрлі террористтік ұйымдар, наркосаудагерлер, адам саудасы деген секілді мәселелер зиянын тигізуде. Осы проблемалардың кесірі шетелдіктердің ҚР аумағындағы құқықтарын кеңейтуге және инвесторлардың келуін жиілетуге кері әсерін тигізуде. Сол себепті кез-келген мемлекет өз территориясына келіп – кетуші мигранттардың келу, кету, болу тәртіптерін не келу кетуге рұқсат ету мен тыйым салынуын өз заңнамаларында анық түрде ашып көрсетеді.

Қазақстан Республикасына келу шетелдіктерге мынадай жағдайларда рұқсат етілмеуі мүмкін:

а) мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті қорғау немесе халықтың денсаулығын сақтау мүдделеріне бола;

ә) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақыратын болса;

б) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни дұшпандықты өршітетін болса;

в) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

г) егер ол террористік әрекеті үшін сотталған болса немесе сот оны аса қауіпті рецидивист деп таныған болса;

ғ) егер ол бұрын Қазақстан Республикасынан қуылған болса;

д) егер Қазақстан Республикасында бұрын болған кезінде Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы заңдарды, республиканың кедендік, валюталық немесе өзге де заңдарын оның бұзу фактілері анықталған болса;

е) егер келу туралы өтініш жасалған кезде ол өзі жайында жалған мәліметтер хабарлаған болса немесе қажетті құжаттарды тапсырмаған болса [3].

Келу визаларын немесе оларға сәйкес келетін басқа құжаттарды Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық өкілдіктері немесе жекеленген жағдайларда Қазақстан Республикасының бұған арнайы уәкілдік алған өкілдері береді.

Қазақстан Республикасынан кету кезінде шетел азаматтары қолданыстағы шетелдік төлқұжаттар немесе Қазақстан Республикасының бұған уәкілдік алған мемлекеттік органдары берген кету визалары болған жағдайда сол төлқұжаттарды алмастыратын құжаттар бойынша, егер тиісті елмен жасалған келісімде өзгеше тәртіп белгіленбесе, Қазақстан Республикасынан кетеді.

Қазақстан Республикасынан кетуге шетел азаматына мына жағдайларда рұқсат етілмейді:

а) егер оны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіздер болса - істі жүргізу аяқталғанға дейін;

ә) егер ол қылмыс жасағаны үшін сотталған болса - жазаны өтеп болғанға немесе жазадан босатылғанға дейін;

б) егер ол өзіне сот жүктеген міндеттемелерді орындаудан жалтаратын болса - міндеттемелер орындалғанға дейін;

в) Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген өзге де негіздер бойынша [1].

Шетелдіктердің ҚР-нан кетуі өз мүліктік міндеттемелері (Қазақстан Республикасының тұлғалары алдында) бар болса және оны ол орындамаған болса кейінге қалдырылуы мүмкін.

Құқық бұзған шетелдіктер Республика азаматтарымен бірдей жауапқа тартылады (әрине халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе).

Шетел азаматы мына жағдайларда Қазақстан Республикасының шегінен қуылуы мүмкін:

а) егер оның іс-әрекеті мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе қоғамдық тәртіпті қорғау мүдделеріне қайшы келетін болса;

ә) егер бұл халықтың денсаулығы мен адамгершілік қасиетін сақтау, Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

б) егер ол Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы заңдарды, Қазақстан Республикасының кедендік, валюталық немесе өзге де заңдарын бұзса;

в) егер Қазақстан Республикасының азаматымен некеге тұруы оны Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру үшін негіз болып табылып, заң актілерімен белгіленген тәртіппен неке заңсыз деп танылған жағдайда [4].

Осының бәрін назарға ала отырып, шетел азаматтары дегенде де жалпылама қарау дұрыс емес. Себебі біздің заңнама бойынша шетелдіктер деген ұғым екі түрге бөлінеді:

- Қазақстанда тұрақты тұратын шетел азаматтары;
- және уақытша жүрген шетел азаматтары [1].

Осыдан кейін «айырмашылығы қандай?» деген сұрақ туары анық. Айырмашылығын анықтау үшін бұл екі ұғымның мәнін түсіну қажет. «Тұрақты тұрушылар» дегеніміз – Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарынан рұқсат алған азаматтар танылады. Ал басқалай, яғни, заңды негізде, бірақ уақытша түрде жүрген шетелдіктер – «уақытша жүргендердің» санатына жатады. Олар белгіленген тәртіппен келген кезден бастап санағанда 3 күн мерзім ішінде ішкі істер органдарында тіркелуге және өздеріне белгіленген болу мерзімі өткен соң Қазақстан Республикасынан кетуге міндетті.

Осы күнге дейін Қазақстан Республикасы аумағына келген шетелдіктер орташа есеппен санағанда 90-95%-ы уақытша келгендер болса, қалғаны тұрақты тұрушылар болып табылады [5]. Бұл бізге Қазақстан Республикасының территориясына келуші мигранттардың басым бөлігі бизнес мигранттар мен еңбек мигранттары екенін көрсетеді. Яғни, Қазақстан аумағындағы шетел азаматтарының негізгі бөлігі бизнес мәселесімен жүргендер десе де болады.

Бұл шетел азаматтары екі түрлі құқықтық мәртебеге ие болып табылады. Себебі, тұрақты тұрушы шетелдік азаматтарға елімізде көбірек жағдай жасалған. Олар жұмысқа тұруға, сатып алу-сатуға қатысуға, Республика территориясында ұзақ уақыт тұруға, жерді ұзақ мерзімге жалға алуға деген секілді құқықтарға ие. Ал уақытша жүрген шетел азаматтарына ондай құқықтар берілмеген. Яғни, құқықтары біршама шектелген.

Көші-қон процессінде ТМД мемлекеттерінен біршама ерекшеліктер байқауға болады. Біріншіден, батыс еуропалық тенденцияға тура қарама-қайшы. Егер Батыс Еуропада көші-қон ағыны Еуро Одақтық интеграцияға тікелей байланысты болса, ТМД мемлекеттерінде көші-қон белсенділігі орталықтандыру процесстеріне байланысты. Екіншіден, 1991 жылға дейін бұл мемлекеттер аумағында көшіп-қону ішкі миграция ретінде есептелсе (әсіресе мемлекеттің ішкі саяси механизмімен реттелетін), посткеңестік кеңістікте бұл процесс сыртқы көші-қон сипатын алды. ТМД мемлекеттерінің алғаш құрылуы кезінде көші-қон процессінің қиындығы мен ерекшелігі болып жылдам түрде көші-қон мәселесін құқықтық реттеу болды. Көші-қон белсенділігінің шарқырау шегі ұлтаралық қақтығыстармен, экономикалық тұрақсыздықпен, халықтың өз мәртебесін қайта белгілеуінің қиындықтарымен байланыстырылды. Бір уақыттардағы біртұтас мемлекеттің территорияларының құқықтық мәртебелерінің өзгеруі ауқымды түрде

көші-қон процесстеріне алып келді және жаңадан құрылған мемлекеттерге көші-қон саясатын құрастыру қажеттілігін тудырды.

Тақырыбымыз салыстырмалы – құқықтық талдауды талап ететіндіктен, ендігі кезекте жоғарыда атап кеткен мемлекеттердің осы мәселедегі ұстанымдарына тоқтала кетейік. Арменияда миграциялық көшулер 420 мыңнан астам адамға түрткі болған Таулы Қарабах кикілжіңі, 72 мың адамның босып кетуіне себеп болған 1988 жылғы жер сілкінісі, 200 мың адамға әсер еткен Спитак жер сілкінісі секілді жағдайларға байланысты ауқымды масштабта көрініс тапты.

Армения Армения болып тәуелсіздік алғалы бері эмигранттар саны 1,5 млнға жуықтады.

Арменияның миграциялық ахуалының характерлік ерекшелігі болып мемлекет азаматтарының мәжбүрлі түрде көші-қон үдерісіне араласуы арқылы миграциялық белсенділік деңгейінің өте жоғары болуы болып табылады. Армения 20 ғасырдың соңында этникалық армяндардың тарихи тұрғылықты жері бола тұрса да, өзге мемлекеттердің территориясына жататын жерлерден үдере көшірілуіне байланысты үлкен проблемамен бетпе-бет келді. Солай бола тұрғанның өзінде біз басқа мемлекеттердің заңнамаларынан көші-қон заңнамаларына сай емес белгілерді көреміз. Мысалы: «уақытша қорғалушы тұлға» деген терминдер секілді. Және тағы бір айырмашылық белгісі болып, Арменияның «Шетелдік тұлғалар туралы» Заңының 8-бабында «егер тұлғаның адам саудасына (трафикингке) қатысы бар болғаны сенімді дәйектермен дәлелденген болса, оның визасын жарамсыз деп танып, оның мемлекет терриориясына кіруіне тыйым салынады» делінген. Бұл туралы «Еркрамас» газетіне [6] Армения Республикасының аумақтық басқару министрлігінің көші-қон агенттігінің басшысы Егонян берген сұхбатында: «Армения трафикингтің отаны деп есептеледі»-деген [7].

Ал Қазақстан Республикасында көші-қон мәселесіінде тағы айта кетін жайт – «оралман» терминінің пайда болуы. Қазіргі ҚР миграциялық саясатында көбінесе тарихи жағдайлар көрініс табуда. Оралман дегеніміз – ұлты қазақ, тарихи жағдайларға байланысты Отаннан кетуге мәжбүр болған (ашаршылық, репрессия, отарлау, заңсыз реквизиция, мәжбүрлі коллективизация, т.б.), тарихи Отандарына қайтып ерікті түрде тұрақты тұру мақсатымен қайта келген азаматтар [9]. Көші-қон комитетінің мәліметтеріне сенсек, 1991 жылдан бері елімізге 433 мыңнан астам оралман келген. 1993 жылдан бастап, оралмандардың келуіне байланысты квота – жылына 10 мың адам енгізілді. Бұл квота мәселесі оралмандарды жұмыспен, тұрғын-жаймен, әлеуметтік қамту проблемалармен байланысты болды.

2006 жылы Қырғызстан Республикасы Қазақстандық тәжірибеден үйрене отырып, «Қайрылман» бағдарламасын енгізді. 2005 жылдың көктемінде

Көші-қон қорының бастамасы бойынша жүргізілген этникалық қырғыздардың республикалық санағының нәтижелері бойынша этникалық қырғыз көшіп келушілерді қолдау саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар Халықаралық көші-қон ұйымының қолдауымен республикаға тұрақты тұруға 22 805 адам көшіп келген, олардың ішінде Қырғыз Республикасының азаматтығын алғандар 2 034 адамды құрады. Көшіп келушілердің негізгі ағыны Ауғанстан, Өзбекстан, Тәжікстан мемлекеттерінен болды. Көшіп келушілердің әлеуметтік, экономикалық бейімделулеріне механизмдердің болмауы мен құқықтық базаның толыққанды еместігі этникалық қырғыздарға қолайлы өмір сүруге жағдай тудырмауда.

Сондықтан, мемлекеттік саясат «қайрылман» деген атаумен қырғыздарға қолайлы көшіп-қону режимін жасауды дұрыс көріп отыр.

«Қайрылман» статусының мәні көшіп келуші этникалық қырғыздарға Қырғыз Республикасының азаматтығын алғанша дейін уақытша легалды статус беру арқылы этникалық қырғыздардың құжаттаудың, тіркеудің негізгі мақсаттарын шешуді қамтамасыз етеді, жұмыс істеу, білім алу, еркін жүріс-тұрыс құқықтарын жүзеге асыруға кепілдік береді. «Қайрылман» жобасы бастапқыда ұзақ мерзімді емес, тек қана Қырғызстанда жүрген азаматтығы жоқ этникалық қырғыздарға арналып жасалған еді. Экономиканың нақты секторының даму динамикасының тұрақсыздығы, отандық еңбек нарығында қалыптасқан қолайсыз жағдайлар, жұмыспен қамтуды жоғалту және елде кіріс алу мүмкіндіктернің азаюы халықтың көші-қон ағыны мен республикада көші-қон үдерістерін мемлекеттік реттеу қажеттілігіне себеп болды. Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы еңбек нарығында еңбек күшіне деген қажеттілік пен бұл елдердің миграциялық заңнамасының либерализациялануы олардың жоғары миграциялық тартымдылығын сақтап тұрады. «Еңбек күшін экспорттау – әрбір төрт үй шаруашылығында кем дегенде бір мигранты болатын мемлекеттің экономикасының негізгі саласы» [8]. Осылай бола тұра Қырғызстандағы миграциялық жағдай мен миграциялық саясат екі айырмашылықты көрсетеді:

1) сыртқы еңбек нарығына үлкен тәуелділік, оның ішінде қазақстандық жәэне ресейлік нарыққа;

2) Қырғыз Республикасының миграциялық саясаты этникалық дифференциалды сипатқа ие.

Ұлтты тарихи Отанына қайтару жобасы бұл мемлекет үшін жаңалық емес. Алайда, қырғыз тәжірибесінде шетелдіктердің тұрақты тұруға келуіне ұлттық негізге байланысты шектеу бар. Бұл көбінесе өзбектер мен тәжіктерге қатысты қолданылады.

Сыртқы еңбек нарығына еңбек күшін шығару өмір сүру көзіне айналған тағы ТМД-лық бір мемлекет – Тәжікстан Республикасы. ТМД мемлекеттері арасында сыртқы еңбек нарығына қатты байланған мемлекет ретінде Тәжікстан танылады. Бұл мемлекеттің ішіндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігі негізінде болып отыр. Тәжікстанда ЖІӨ адам басына ТМД мемлекеттері ішінде ең төмен болып табылады. Сол секілді орташа айлық көрсеткіштің де жағдайы мәз емес. Тәжікстан Республикасының еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі барлық еңбекке жарамды тұрғын халықты жұмыспен қамту мүмкіншілігінің жоқ болуына байланысты еңбек миграциясына заңмен құқық беретін Тәжікстан Республикасының азаматтарының еңбек миграциясының 2001 жылы 9 маусымда Үкіметпен бекітілген Концепциясын жасап шығарды. Тәжікстан Республикасының азаматтарының арасынан халық санының 1/3 бөлігі потенциалды еңбек мигранты бола алады. Орын алған жағдайға байланысты бұл этапта мемлекеттік миграциялық саясаттың негізгі нысаны болып еңбек миграциясын жүзеге асырушы Тәжікстан Республикасының азаматтарын әлеуметтік-құқықтық қорғау, заңсыз миграцияның алдын-алу, көші-қон үдерістерін бақылауда ұстау. Осы Концепция негізінде 2003-2005 жылдарға Тәжікстан Республикасының азаматтарының сыртқы еңбек миграциясының жобасы қабылданды.

Мемлекеттің көші-қон үдерістерін және шетелдік жұмыс күшін ресми экспорттауды тиімді басқару үшін № 608 от 25.07.2001 ж. Тәжікстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Тәжікстан Республикасының азаматтарын шетелде жұмысқа орналастыруға рұқсат беру тәртібі бектілді.

Осылайша, Тәжікстан Республикасының көші-қон саласындағы мемлекеттік саясаты азаматтардың еңбек мигранттары ретінде шетелге көші-қонын жеңілдетуге бағытталған (бірақ олардың құқықтары қорғалатын елдерде ғана).

Менің пікірімше, ТМД елдерінің қатысуымен посткеңестік кеңістікте тек қана өзіне заңсыз миграциямен күресті қосатын ғана емес, сонымен қатар оның шығу себептерін де жоюды қосатын өркениетті көші-қонды ұйымдастыру мүдделі тараптардың миграциялық заңнамаларын «көші-қон туралы» үлгілік Заңның негізінде біріктіру мен ТМД мемлекеттерінің миграциялық саясатының Концепциясын қабылдау арқылы мүмкін болады.

Үлгілік Заң тыңғылықты дайындалу керек және ТМД мемлекеттерінің кез-келгенінде миграциялық үдеріс шеңберінде туындауы мүмкін болған кез-келген жағдайды қамтуы керек.

Тұтастай алғанда, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің көші-қон үдерістерін мемлекеттік реттеудің дамуы өз ерекшеліктері бар, белгілі бір

мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайының талаптарына сәйкес келеді деп қорытынды жасауға болады (ал құқықтық реттеу дамудың әртүрлі деңгейінде, алайда ТМД-ның бірыңғай көші-қон саясатын қалыптастыруға айтарлықтай үлесі бар).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) «ҚР шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» ҚР Президентінің заңи күші бар Жарлығы, 19 маусым 1995.
2) Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз
3) Шетел азаматтарының Қазақстанға келуі мен Қазақстан Республикасынан кетуін тіркеудің тәртібі туралы Ереже, 12.12.1995 ж. №301/249.
4) Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуі мен онда болуы, сонымен қатар Қазақстан Республикасынан кетуінің ережелері, 28 қаңтар 2000 ж. №136.
5) Правовой статус иностранцев в Казахстане // Мысль №8, 1999. - С. 43-47.
6) Официальный сайт Агентства по миграции Минис- терства территориального управления Республики Армения. www.oarmenia.com
7) Влияние мирового кризиса на миграционные потоки в Армении станет очевидным только весной // Еркрамас. – 2009. – 13 февр.
8) Градировский С., Еспипова Н. Миграционная политика киргизского правительства: противостояние или приспособление к сильным человеческим течениям? // Население и общество. – 2010. – 22 марта–4 апреля.

МРНТИ 10.15.33

КАЗАХСТАНСКИЙ ПАРЛАМЕНТАРИЗМ: ТЕНДЕНЦИИ И ТРАДИЦИИ

Ж.С.Асаинова

Университет имени Сулеймана Демиреля

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема становления современного парламентаризма в Казахстане. Особое внимание уделено проведенной конституционной реформе в 2017 году, законодательная власть в результате претерпела определенные изменения. Один из результатов - единоличное осуществление Парламентом законодательной власти. При этом обращается внимание на существенные этапы в становлении и развитии казахстанского парламентаризма.Выделяются и описываются заложенные депутатами характерные особенности правил первого созыва нового Парламента. Также в статье приведен анализ взглядов исследователей парламентаризма.

Ключевые слова

Парламентаризм, Конституция, демократия, Сенат, Мажилис, власть.

В казахском обществе, как и в любом другом демократическом государственном образовании, естественным историческим путем наметилось функционирование трех ветвей власти: законодательной, судебной и исполнительной /1/.

Известно, что в 2017 году законодательная власть в результате проведенной конституционной реформы претерпела определенные изменения. Одним из ее результатов явилось то, что Парламент стал единолично осуществлять законодательную власть.

Кроме того, конституционная реформа заложила основы формирования реального парламентаризма. Теперь, в соответствии с подпунктом 6) статьи 57 Конституции депутаты палат Парламента вправе заслушивать отчеты членов Правительства по вопросам их деятельности и обращаться к Президенту об освобождении их от должности в случае неисполнения ими законов. При наделении Парламент также получил возможности большего влияния на формирование состава Правительства, обрел более широкие контрольные, представительские и кадровые полномочия. Полагаем, что данные изменения могут стать еще одним шагом в повышении эффективности институтов парламентской демократии.

Но, что предшествовало этому?

С.А. Табановым выделяются четыре существенных этапа в становлении и развитии казахстанского парламентаризма. Первый этап (апрель 1990 г. - декабрь 1991 г.) ознаменовался реформированием Советов всех уровней, постепенным переходом к новой доктрине построения государственной власти - от принципа демократического централизма к принципу разделения властей. Второй этап (декабрь 1991 г. - январь 1993 г.) характеризуется избранием Верховного Совета на демократической (альтернативной) основе, принятием первой Конституции Республики Казахстан, конституционным провозглашением принципа разделения властей, досрочным прекращением своих полномочий депутатами Верховного Совета XII созыва и др. Третий этап (январь 1993 г. - август 1995 г.) ознаменовался проведением выборов в Верховный совет XIII созыва и прекращением его полномочий на основании решения Конституционного Суда Республики Казахстан, принятием на республиканском референдуме ныне действующей Конституции Казахстана, учреждением двухпалатного Парламента, установлением четкого перечня вопросов, отнесенной к его законодательной деятельности и определением иных конституционных полномочий высшего представительного органа. Четвертый этап (сентябрь 1995 г. - июль 1999 г.) характеризуется существенными изменениями в статусе Парламента, закрепленными в Конституции Республики Казахстан "О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан" (октябрь 1998 г.)/2/.

В 1995 году была принята вторая Конституция суверенного Казахстана, которая в разделе IV предусматривала создание двухпалатного Парламента. Такая структура Парламента для Казахстана была новой, т.к. в советский период и впервые годы независимости действовали однопалатные парламенты в лице Верховного Совета Казахской ССР и Верховного Совета Республики Казахстан /3/.Сегодня структура нашего парламента состоит из двух палат: Сената и Мажилиса. Если нижняя палата представляет народ, то верхняя палата - интересы территориальных единиц в сочетании с общенациональными и региональными интересами.

Действующая Конституция Республики Казахстан стала принципиально новой вехой в развитии казахстанского парламентаризма, создав важные конституционно-правовые предпосылки для становления новых парламентских институтов и форм. Прежде всего впервые в истории Казахстана в соответствии с предписаниями раздела IV Конституции был учрежден профессиональный двухпалатный Парламент, ставший высшим представительным органом республики, осуществляющим законодательные функции и состоящим из двух Палат: Сената и Мажилиса, действующих на постоянной основе. В этой связи Президент

Республики Казахстан Н.А. Назарбаев, выступая на открытии первой сессии впервые избранного в истории страны двухпалатного Парламента, отметил, что, по сути, «мы стоим у истоков зарождения казахстанского парламентаризма в истинном, цивилизованном его понимании» /4/.

Большинство правил, заложенных депутатами первого созыва нового Парламента, действуют по сей день. Например, поэтапное чтение закона до окончательного принятия. Ныне каждый закон рассматривается в пяти стадиях:

1) первая – поступление и регистрация проекта закона в Мажилисе;

2) вторая – обсуждение и принятие законопроекта Мажилисом;

3) третья – поступление и регистрация принятого Мажилисом законопроекта в Сенате;

4) четвертая – обсуждение и принятие закона в Сенате;

5) пятая – представление закона на подпись Президенту Республики Казахстан.

Как видно, процедура принятия закона в двухпалатном Парламенте лишена простоты, и в этом можно увидеть как положительные, так и отрицательные стороны. К положительной следует отнести то, что прохождение законопроекта через две палаты, делает его более взвешенным и выверенным. А отрицательная заключается в том, что такая система принятия законопроекта приводит к значительным временным и материальным затратам. В этой связи, Э.Б.Мухамеджанов отмечает, что содержание двухпалатного Парламента обходится достаточно дорого налогоплательщикам. За их счет содержатся не только депутаты обеих палат, но и государственные служащие аппаратов этих палат, а также многочисленные хозяйственные службы. Не имея данных о содержании этих структур можно только заметить, что в бытность нахождения Парламента в Алматы этот орган вместе с депутатским корпусом обеих палат и их аппаратами размещался в одном здании, а сейчас в Астане он занимает не менее трех зданий, на содержание которых тоже выделяются деньги налогоплательщиков/5/.

Подводя итог вышеизложенному следует отметить, что утверждение в Казахстане реального парламентаризма, полное и широкое развертывание его социально-политического и правового потенциала является длительным процессом, требующим всемерного анализа практики функционирования Парламента Республики Казахстан. Поэтому считаем, что в дальнейшем деятельность Парламента и его традиции под давлением исторического опыта будут совершенствоваться и развиваться.

Список использованной литературы:

1. Абыкаев Н.А. Парламент: традиции и современность.

http://www.zakon.kz/amp/68372-parlament-tradicii-i-sovremennost.html
2. Табанов С.А. Становление и развитие парламентаризма в Казахстане //Материалы (сборник) 2-ой ежегодной научно-практической конференции: «Актуальные проблемы вузовской науки: теория, методология, практика», посвященной 10-летию государственной независимости Республики Казахстан. – Алматы: Айдана. 2001. – С. 23 – 24.
3. История развития парламентаризма в Казахстане https://www.parlam.kz
4. Айтхожин К.К. Казахстанский парламентаризм (общеметодологические проблемы). Международная научно-практическая конференция «Перспективы казахстанского парламентаризма как важнейшего института демократизации и устойчивого развития страны». - Астана, 2005. - С. 178-179.
5. Мухамеджанов Э.Б. Нужно ли реформировать Парламент Республики Казахстан?// https://www.zakon.kz/4742602-nuzhno-li-reformirovat-parlament.html;

PARLIAMENTARISM OF KAZAKHSTAN: TRENDS AND TRADITIONS

Zh.S.Assainova

Suleyman Demirel University

Annotation. As the title implies the article describes the problems of formation of modern parliamentary in Kazakhstan. The purpose of the article is to give the reader some information on the constitutional reform carried out in 2017, where the legislative power had certain changes. The fact that legislative power has given to Parliament is stressed. The article goes on to say about significant stages in the formation and development of the Kazakh parliamentary. In conclusion the author takes notice to the necessity of research of legislative powers in Kazakhstan for the stable development of democracy in the country.

Key words: Parliamentarism, Constitution, democracy, Senate, Mazhilis, power.

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстандағы заманауи парламентаризм тәжірибесі қарастырылған. 2017 жылы жүргізілген конституциялық реформаларға ерекше назар аударылды, соның нәтижесінде заң шығарушы билік көптеген өзгерістерге ұшырады. Айта кетерлік жайт,

реформа нәтижелерінің бірі Парламент заңшығаруды жеке-дара жүзеге асыратын билік күшіне ие болды. Сонымен қатар мақалада қазақстандық парламентаризмнің елеулі кезеңдерінің қалыптасуы мен дамуындағы сатылар туралы жазылған.

Түйінді сөздер: Парламент, Конституция, Демократия, Сенат, Мәжіліс, билік.

МРНТИ -10.07.01

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫҢ ДАМУЫ

Жақыпбек Меруерт Әзімханқызы

Сулейман Демирель атындағы университет

Андатпа : Ұлттық идея (немесе Қазақстан жағдайындағы жалпыұлттық ауқымдағы идеялар кешені) мемлекеттің қалыптасуы, ұлттық өзін-дік сананың дамуы және ұлттық бірегейліктің орнығуы барысында бекиді. Ұлттық идея дүниетанымдық бағдардағы құндылықтар жүйесіне негізделеді.Құқықтық сананың негізгі мәні түсінігі және біздің қоғамда алатын орны. Заңдарды реформалау кезіндегі құықтық сананың рөлі. Заңдарды қабылдау мен орындаудағы құқықтық сананыі атқаратын жұмысы.Ұлттық құқықтық сананың даму барысында ұлттық идеяның пайда болуы, құқықтық идеологияның халық арасынан шығып даму. Ұлттық идея мен ұлттық құқықтық сананың тығыз байланысты болуы. Жеке адам болсын, қоғам болсын, олардың дұрыс құқықтық сананың дамуы кезеңдері, құқықты қабылдау дәрежесі. Мемлекеттік идеологияның құқықтық санаға әсер ету маңыздылығы, құқықтық идеологияның пайда болу және мемлекеттік идеологияның субъектілері.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Ұлттық құқықтық сана мәселесіне назар аудару, сол арқылы ұлттық идеяны халық арасынан дамыту, ұлттық идея туралы концепция жасау және оны заңдастыру.

Кілт сөздер: Ұлттық идея, құқықтық сана, құқықтық идеология, мемлекеттік идеология, ұлттық құқықтық сана

Құқықтық сана қоғамдық сананың бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, құқықтық сана қоғамдық санадан бөлек, өзінің құқықтық көзқарас жүйесін, идеясын, теориясын, бағасын, әлеуметтік топтардың сезімдерден және толық қоғамнан тұрады. Құқықтық сана абстракті және адамыз бола алмайды, құқықтық сана тек оны қолданатын нақты субъектілер арқылы ғана көрінеді.

Құқықтық сана - заңға қатысты көзқарас,идея, сезім, көңіл-күй тұтастығы. Құқықтық сана құқық ұғымы туралы, құқықты түсіну, заңның рөлі туралы пікірлер, қоғам өміріндегі құқықтық институттар,

оның басқа адамдарға деген жауапкершілігі, мемлкет пен қоғам туралы түсініктерді қамтиды.

Құқықтық реформаны жүзеге асыру үшін құқықтық сананы жетілдіру керек. Осыған байланысты, біз құқықтық сауаттылықты позитвиті заңды түсінуді көрсететін қоғамдық сананың нысаны ретінде анықтауды және заңның маңызды заңды жағдайында құқықтық субъектілерін қосу процесін делдалдық деп санаймыз. Осыған байланысты, «дұрыс құқықтық сана» терминің қолданғанымыз қолайлы. Яғни, ол мемлекет пен заңды дамудың жаңа идеалдарына сай келетін және заңның жаңа қағидаларын қабылдау арқылы сипатталатын құқықтық сана. Құқықтық сана өз тарихымен, әлеуметтік және өзге де табиғаты бар көп деңгейлі білім болып табылады. Құқықтық сананы түсіну үшін, заңдылықтың субъектілік құрамның позициясынан хабардар болуын көрсететін деңгейлерін ескеру қажет. Құқықтық қызметтің көрсетілу тереңдігі тұрғысынан әдетте құқытық сананың үш деңгейі бар: күнделікті, ғылыми және кәсіби.

Күнделікті құқықтық сана - қоғам мүшелерінің көпшілігіне тән, әдеттегі заң негізінде тарихи қалыптасады және шын мәнінде азаматтардың құқықтық реттеу саласындағы перспективалық өмірінің негізінде. Көбінесе, ол нақты саяси, құқықтық, тұрмыс жағдайлары мен жеке тәжірибесі мен заңгерлік білімінің әсерінен қалыптасады.

Ғылыми құқықтық сана - әдеттегіден өзгеше, заңдар, теориялар, мектептер және әлеуметтік-құқықтық шындықтар туралы заңдар мен құқық саласындағы арнайы зерттеулер түрінде терең құқықтық заңдылықтар негізінде қалыптасады.

Кәсіби құқықтық сана - бұл барлық заңгердердің заңды сана емес, белгілі бір салада жұмыс істейтін заңгерлер, тиісінше құқықтық қатынастардың түрлі салалары (мысалы, экономикалық, азаматтық құқық, қылмыстық құқық). Ұлттық құқықтық сана – бұл заңмен және онымен байланыст құбылыстарды көрсететін әлеуметтік сананың бір түрі. Ұлттық құқықтық сана тек қана қолданыстағы заңға ғана емес, сонымен бірге тарихқа және басқа да қоғамдардың құқық салдарында көрініс табады. Бұл идеялар, құқық туралы идеялар – нақты және барлық жағдайлар туралы.

Құқықтық сананың заң қабылдау ерекшеліктер тұрғысынан оны екі негізгі деңгейлерін атап өту керек. Олар – құқықтық психология және құқықтық идеология. Құқықтық психология – бұл сезім, эмоци негізінде

құқықты қабылдау. Бұндай құқықты қабылдауға әлеуметтік топтар, қоғам, әдет, салт-дәстүр әсе етеді. Құқықтық құбылыстарға қандайда бір ұсыныс немесе еліктеу арқылы құқықтық сананың пайда болуы. Бұл әртүрлі әлеуметтік топтарда жиі өзгеріп, заңды құбылыстарға тәуелді болып келеді. Құқықтық идеология – құқықтық шарт пен санаттарға жүйеленген, теориялық түсіну. Бұл құқықтық деңгейдегі ең жоғары деңгей.

Ұлттық құқықтық сана деңгейі заң шығарушылардың құқықтық сапасында көрініс табабады. Ұлттық құқықтық сананың алдында тек адамның құқықтық құбылыстарды түсіндіріп қоймай, олардың рухани құндылықтарын дамыта отырып жұмыс жасау. Себебі, әрбір мемлекет қоғамның құндылықтарын, мақсаттарына сәйкес, ұлттық құқықтық сананы дамтыуға тырысады, себебі, ұлттық құқықтық сана мемлекеттің құқықтық санасына негізделе отырып, заң шығару мен ұлттық идеяны дамытудың бірден бір негізі. Мемлекеттің құқықтық идеологиясы құқықтық сананың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Дәстүрлі идеология - идея, көзқарас, теория, белгілі бір әлеуметтік құбылыс туралы объективті, объективті жүйе ретінде түсініледі. Бүгінде идеологиялық негіздеусіз қоғамдағы терең өзгерістердің мүмкін еместігін дәлелдеудің қажеті жоқ. Әлеуметтік ғылымның идеологиялық үдерістегі рөлін атап өту керек. Ғылым идеологияның іргетасын құруға қатысады, соның ішінде, жаңа тілді енгізу арқылы әлем бейнесін өзгерту. Ғылыми негіздеме жолымен өтетін идеялар бағдарламасы, саяси актілерде және басқа да құжаттарда көрсетілген белгілі бір нысанға қойылады. Құқықтық ғылымның айрықша маңызы бар, өйткені оның ішіндегі дамуы заңды және басқа нормативтік актілерде көрініс табады. Қазіргі кезде, құқықтық және саяси ғылымдар әдебиетінде мемлекеттік идеология туралы айтуға бола ма деген мәселе қарастырылып жатыр. Ал пікірлер бір-біріне мүлдем қарама-қайшы : мемлекеттік идеологияның толықтай танылуы немесе оны одан толықтай бас тарту. Мемлекеттің идеологиясы - мемлекет мойындаған, мемлекет тарапынан қолдау көрсететін, басымдық ретінде қарастырылатын идеология, ол үшін белгілі материалдық шығындар бөлінеді. Мемлекеттік идеология заманауи мемлекеттің табиғаты мен мәніне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әртүрлі идеологиялардың жақындастырылуын көрсете алады. Мемлекеттік идеология саяси және идеологиялық әртүрліліктің болуы

негізінде қалыптасады, оны әртүрлі субъектілер жасайды және бұл оның ерекшеліктерінің бірі. Мемлекеттік идеологияға қатысатын субъектілер идеологиялық қызметтің табыстылығына сене алады, егер олар Қазақстанның ұйымдастыру және қызметінің негізі болып табылатын қағидаттар, идеялар шеңберінде жұмыс істей алса. Негізгі идея - халықаралық аренада демократия мен еркіндіктің қағидаларын бекітетін тәуелсіз ұлттық мемлекет идеясы. Бұл идея ұлттық тәуелсіздік пен елдің идеологиялық қауіпсіздігін күшейту, егемендікті нығайту, қазақ халқының рухани мәдениетін (оның ішінде құқықтық мәдениетті) унитарлық мемлекет аясында басқа этнос мәдениеттерімен диалогында сақтауда жүзеге асырылады.

Құқықтық идеология - бұл заңға сүйенген заңды идеялар, теория. құқықтық шындықты тұжырымдайтын, жүйелі түрде көрсетіп, бағалайтын пікірлер. Мемлекеттік идеология - бұл белгілі бір институттар арқылы мемлекет тарапынан қолдау тапқан идеялар жүйесі. Мемлекет заңнаманы қалыптастыруда белгілі бір заңдар мен басқа актілер арқылы белгілі бір идеологияны жүзеге асырады. Демократиялық қоғамда, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетін, құқықтық идеология мемлекеттік-құқықтық нысанда болуы мүмкін. Мемлекеттік құқықтық идеология - бұл қоғамның өмір сүруінің ең маңызды қағидалары туралы қоғамның әлеуметтік келісімшарты, бұл қоғам мүшелерінің назарын аударатын «ойын ережелері» болып табылады, олар әр түрлі әлеуметтік мүдделердің арасында түрлі әлеуметтік топтар арасында ымыраға келуді білдіретін нормалар, идеалдар, ұғымдар болып табылатын қатынастар. Идеология аясынан және идеология арқылы бәрінен бұрын әлеуметтік топтар мен таптардың, халықтар мен мемлекеттердің және әлемдік бірлестіктердің мұқтаждықтары мен мүдделері көрініс табады. Ғылыми әдебиеттеттерде заманауи мемлекеттік-құқықтық идеологияның қандау болуы керек деген мәселе жиі талқыланады. Біз заңдық мазмұнға талпынған әрбір мемлекет жалпыға ортақ қағидаттарға, халықаралық стандарттарға және басқа адамдардың қоғамның нысандарын көшірмеуіміз қажет. Барлық уақыттар мен халықтар үшін ең жақсы бола алатын бірыңғай мемлекеттік нысан жоқ және болуы мүмкін емес. Сондықтан ешбір ел егеменді мемлекеттерге қандай да бір саяси нысандарды енгізбеуі керек. Кез келген мемлекет қоғамның интеграциясы мен мақсаттылығын қамтамасыз ететін идеологиялық функцияны жүзеге асырады. қазіргі

заманғы мемлекет идеологиясыз, ұзақ мерзімді іс-қимыл стратегиясын анықтайтын саяси идеялар, мақсаттар мен идеалдарсыз жүзеге асыра алмайды. Қазірге кезде Казахстанда мемлекеттік идеология, идея, ұлттық идея болғанымен, мемлекеттін ішінде соны заңдастыратын құжаттар жоқ. Қандай да бір концепция немес парламент қабылдаған құжат болатын болса, ұлттық идея шараларын дамыту, оны іске асыру мүмкіншіктері дами түсетін еді. Себебі, оны растайтын құжат болмайынша, оны орындау екінші орынға түсіп қалып отыр. Біз сол құжат арқылы, идеологияны пайдаланып, адамдарды мәжбүрлей отырып, қоғамнын құқықтық санасын дамытамыз. Мемлекетте ұлттық идея бар, бірақ оны іске асырып, қолдану үшін біздің қоғам қазіргі кезде қандай да бір концепцияға қажеттілігіміз бар.

Мемлекеттік идеология тұжырымдамасы ұлттық идея тұжырымдамасы тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының егеменді оң демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуы заң ғылымына ерекше жауапкершілік жүктейді. Заң ғылымында мемлекеттің идеологиясы мен ұлттық идея сияқты ұғымдар айқын анықталуы керек. Барлық мемлекеттің ең басты құндылығы ол – тарих. Тарих арқылы ұлттық идея, ұлттық идеологияда дамып жатыр. Ғасырлар өте келе, қоғамның рухани тереңдігін сақтаған тарих арқылы, біз ұлттық идеологияны құраймыз, ал ол арқылы ұлттық идея туындайды. Ұлттық идея – бұл халықтың нақты мақсаттарымен оларлың алдыа қойған жетістіктеріне жету жолдарының адам санасында бейнелейтін түсінік. Ол халықтың мүддесін, тарихын көрсетеді. Ұлттық идея, аты атап тұрғандай, әр мемлекеттің ерекшелікеріне және мәдениетіне сүйене отырып жасалуы мүмкін. Қоғамның дамуы, құқықтық сананың өсуі, мәдениет пен ұлттық рухани санасының дамыған жерде, халықтың ары қарай дамуына мүмкіндік туатын халықтың нақты түсінуі, ұлттық идеяның қалыптасуы мен дамуы осы жерде көрініс табады. Ұлттық идеяның бірінші компоненті - ұлтқа жаһандану дәуірінде сақтап қалуға мүмкіндік беретін мәдени дәстүрді сақтау. Ұлттық идеяның екінші компоненті кең ауқымды міндеттерді қабылдауға дайын, содан кейін оның жеке басын ескере отырып, глоболизацияны қабылдау болып табылады. Ұлттық идея мағынасын ашқанда, тек жеке адамның немесе тек ұлттың мүддесін ғана көрсетіп қоймай, қоғам мен мемлекеттің мүддесі деп түсіну керек.

Ұлттық идеяны қалыптастыру алдында, мемлекеттегі халықтың тұрмыс-тіршілігі ерікті болып, халық бейбіт өмір

сүруі қажет. Қоғамның дамуы, мәдениет пен ұлттық рухани санасының дамыған жерде, халықтың ары қарай дамуына мүмкіндің туатынын халықтың нақты түсінуі. Ұлттық идеясының қалыптасуы мен дамуы осы жерде көрініс табады. Ұлттық идеяны қалыптастыру негізі ол өзгерту, саяси мәдениетті дамыту болып табылады. Халық арасында отанға деген патриотизмді ояту, қоғамдық бірлестіктер мен халық арасында өз алдыларына нақты мақсат таңдай отырып оны қалыптастыру. Ұлттық идея халықтың ішінен шыққан ойды негіздеп, мемлекет алдына қойған мақсатына, қоғамның даму сатыларына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, дамыған мемлекеттер қатарына қосылу жолдарын көрсететін концепция болуы тиіс. Сонымен қатар, ұлттық идея ол тарихпен ұштасып, мәдениетпен басқа да құндылықтарды қамтуы тиіс.

Қазіргі өтпелі кезеңде Қазақстан Республикасының алдында тұрған мүдде-мақсаттар өте көп. Солардың бірі — халқымыздың құқықтық сауаттылығын көтеру, оның негізгі бағыттары:

- елімізде құқықтық тәрбие жұмысын жақсарту. Бәрі іске қоғам болып кірісу;
- тәрбие жұмысын барлық бағытта жандандыруға көңіл бөлу; инабаттылық, парасаттылық, патриоттық, тәртіпшілік, еңбекшілдік, діни т.б. бағыттарда;
- халықтың рухани сана-сезімін, білімін жақсарту;
- мемлекеттің заң шығару, құқықтық нормаларды орындау жұмысын жақсарту;
- мемлекет аппараттарындағы қызметкерлердің мамандық сапасын көтеру;
- заңдылыққа, құқықтық тәртіпке қатаң бақылау жүргізу

Осы көрсетілген бағыттар арқылы құқықтық тәрбиені жақсарту тек аппараттың ғана жұмысы емес. Бұл күрделі және өте өзекті іске қоғамдағы барлық бірлестіктер, одақтар, ұжымдар, саяси ағымдар мен ұйымдар белсенді түрде қатысулары керек.

Құқықтық сана-сезімнің негізгі функциялары: бірінші — халықтың құқықтық білімін арттыру; екінші — сана-сезімді дұрыс дамыту үшін тәжірибелік жұмысты жақсарту; үшінші — қоғамдағы қатынастарды реттеуді, басқаруды жақсарту үшін адамдардың сана-сезімін көтеру. Құқықтық сана- сезім — нормативтік актілердің негізгі, қоғамдағы

қатынастарды дұрыс реттеуші, басқарушы күш. Ол құқықтық нормалардың дұрыс дамуына, дұрыс орындалуына және оның болашағын дұрыс болжауға өте зор әсер етеді. Құқықтық идеологияны қалыптастыруға қоғамдағы барлық саяси, әлеуметтік күштер, ұйымдар бәрі бірігіп, үлес қосуы қажет. Әрбір одақ әр жаққа тартса, қоғамда тұрақты бірлік те, сапалы құқықтық идеология да болмайды. Мұндай қоғамның болашағы жоқ деуге болады. Құқықтық идеологияны қалыптастыру жұмысы жариялы, ашық, демократиялық түрде жүргізіліп, барлық халықты, олардың құрған ұйымдарын қатыстыруға толық мүмкіншілік беру қажет. Құқықтық идеологияны қалыптастыру процесінде халықтың көпшілігінің мүддесін іс жүзінде асырамыз деп, азшылықтың, жеке адамдардың мақсатына нұқсан келтірілмеуі қажет. Өйткені демократиялық қоғамда жеке адамдардың бостандығы мен құқықтарына шектеу жасауға қатаң тыйым салу қажет. Құқықтық идеологияның алдындағы сан қырлы мүдде-мақсаттың ең күрделісі, ең маңыздысы — қоғамның саяси-экономикалық және Қазақстанның тәуелсіздігін, қорғанысын күшейту. Міне, осы мәселелерге мемлекет, халық, барлық ұйымдар, бірлестіктер, ұжымдар, саяси партиялар бірігіп іс- әрекет жасаулары өте қажет. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігі күшеймей, басқа жақсылықтарды күту, болады ғой деп сену — жай қиял. Құқықтық сана қоғамдық сананың жеке бір саласы болып табылады. Ол құқықтық болмысты заң білімдері, құқықты бағалау және оны жүзеге асыру практикасы, құқықтық мақсаттар, құндылық бағдары түрінде бейнелейді. Осы аталған бес бейне (заң білімдері; құқықты бағалау және оны жүзеге асыру практикасы; құқықтық мақсаттар; құндылық бағдары (әрине бұлар құқықтық сананы бейнелейтіндер) заңдық мәні бар жағдайлар туындағанда адамдардың жүріс-тұрыстарын реттейді.

Құқықтық сана деңгейін көтеру үшін адамдардың санасы мен мінез-құлқына нысаналы идеологиялық ықпал жасаудың, азаматарға құқықтық тәрбие берудің де маңызы аз емес. Топтық құқықтық сана тиісті әлеуметтік топтар мен оларға кіретін жеке адамдардың ерекшеліктерімен анықталады. Құқықтық құндылықтар әрбір топта бірдей танылмайды. Олардың ішінде топтық құқықтық сана заңдылық пен әділеттік идеяларын мүлде құрметтемейтіндерінде топтық құқықтық сананың әлеуметсізденуі, қоғамда бар құқықтық идеологиядан шеттеу, құқықтық нигилизмнің ескі түрін консервациялау, тіпті

криминогендік жағдайлардың қалыптасуы мүмкін. Қоғамдық құқықтық сана құқыққа және құқықтық өмір шындығының жалпы қоғамда қалыптасқан құбылыстарына көзқарасты бейнелейді. Қоғамдық құқықтық санада қоғамда жеке адамның бостандығына және жеке меншікке ешкімнің тиіспеушілігіне кепілдік бере алатын теңдесі жоқ әлеуметтік құндылық ретінде құқық түсінігі орнығады. Құқық болмайынша, оның екеуі де жоқ. Заңдардағы барлық уақытта дер кезінде жаңартыла бермейтін жаңсақтықтар мен жетілмегендіктің қоғамдық құқықтық санадағы құқық бейнесінің көрінуіне теріс әсер етеді. Тыйым салушы нормалар мен қызметтік көзқарастың басым болуы оған бүлдірушілік ықпал етеді. Соның салдарынан қоғамдық құқықтық санада құқықтың мәнін қажеттіліктің пен әділеттіктің шоғырланған көрінісі ретінде емес, қайта күштеу ретінде қабылдау мен түсіну сақталып келеді. Сондықтан да құқық нормаларын сақтауға азаматтан гөрі, мемлекет көбірек мүдделі деген пікір таралып кеткен.

Құқықтық мемлекеттің негізгі атқаратын қызметі қоғамдық өмірдің барлық салаларын заң, әділетті құқық нормасымен ретке келтіру, басқару, қызмет көрсету салаларында заң талаптарын басты басшылыққа ала отырып, адам, қоғам, мемлекет мүддесіне адал қызмет атқару болып табылады. Өйткені, құқықтық норма – әділет жолы, адам, қоғам, мемлекет мүддесінің үйлестірушісі, заңдылық пен демократияның даму негізі. Қазақстанның өркендеуі, гүлденуі, дүниежүзінде алдыңғы қатарлы мемлекет санатында көрінуі үшін құқықтық сауаттылықты, тәрбиені, сананы жетілдіру қажеттілігіне басты назар аударылғаны баршаға аян. Өйткені, еліміздің әрбір азаматы өз құқығын, бостандықтарын, міндеттерін білуі тиіс, әрбір азамат құқық нормаларын, заңдылық талаптарын берік ұстануы керек. Сонда ғана мемлекетіміз саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан дамып, тәртіп нығаяды. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасына айналуы тиіс. Құқықтық сана-сезімнің басты мақсаты – адам, азамат, қоғам мүддесіне сәйкес келетін, олардың мүдделерін қанағаттандыратын құқықтық нормаларды ортақ игілік үшін қабылдау қажеттілігінің негізгі бастамашысы болып табылатындығында.

1.А. Сейдімбек, Х. Әбдіжнов, Қ. Салғарұлы. Ұлттық идея : тарихы мен болашағы, 102-107б,36-45б.
2.Бағланов Тажен Сатвалдиевич. Правосознание в условиях формирования правового государства (диссертация канди.юридических наук), 35-59 б
3.Еликбаев Н. Некоторые аспекты правосознания и правовой культуры в новых условиях 36-59б

Развитие национального правосознания в национальной идей

Аннотация: Национальная идея (или комплекс национальных идей в контексте Казахстана) основана на формировании государства, развитии национального самосознания и установлении национальной идентичности. Национальная идея основана на системе ценностей, основанной на идеологической ориентации. Основная концепция правосознания - это место и место в нашем обществе. Роль правосознания в реформировании законов. Правовое сознание принятия и реализации законов. Возникновение национальной идеи в развитии национального правосознания, развитие правовой идеологии у населения. Тесная интеграция национальной идеи и национального правосознания. Индивиды или общества, их этапы развития правового правосознания, степень принятия прав. Важность влияния государственной идеологии на правосознание, появление правовой идеологии и субъектов государственной идеологии.

Ключевые слова: национальная идея, правосознание, правовая идеология, государственная идеология, национальное правосознание

National categories development in national ideas

Annotation: The national idea (or a complex of national ideas in the context of Kazakhstan) is based on the formation of the state, the development of national self-consciousness and the establishment of national identity. The national idea is based on a system of values based on ideological orientation. The main concept of the legal consciousness is the place and place in our society. Role of consciousness in reforming laws. The work of legal consciousness in the adoption and implementation of laws. The emergence of a national idea in the development of national legal consciousness, the development of the legal

ideology out of the population. Close integration of national idea and national legal consciousness. Whether individuals or societies, their stages of development of the right legal consciousness, the degree of acceptance of rights. The importance of the influence of state ideology on legal consciousness, the emergence of legal ideology and subjects of the state ideology.

Keywords: national idea, legal consciousness, legal ideology, state ideology, national legal consciousness

МРНТИ 10.79.37

Теоретические аспекты мер пресечения в уголовном процессе

Жумажанов Бекнур Байтакбайулы

Магистрант 1-курса, специальность «6М030100-Юриспруденция», Университет имени Сулейман Демиреля, Каскелен, Республика Казахстан

* Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен, ведомстволардан, аумақтық органдардан, сондай-ақ Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдардан тұрады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, көліктегі ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, желілік ішкі істер органдары, әскери-тергеу органдары аумақтық органдар болып табылады.

* Қылмыстық-атқару жүйесін ведомство, оның аумақтық органдары, пробация қызметі және жазаларды орындайтын мекемелер, өзге де ведомстволық бағынысты ұйымдар құрайды.

* Ұлттық ұланның құрамы мен оның қызметінің ұйымдастырылуы "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

* Ішкі істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерін, ведомстволарды, аумақтық органдарды және Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдарды құруды, қайта ұйымдастыруды және таратуды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі жүзеге асырады .

Ішкі істер министрлігі ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін басқаратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы заңдары, Президент, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері, басқа да нормативтік актілер, халықаралық келісімшарттар мен Қазақстан Республикасының басқа да міндеттемелеріне сәйкес жүргізеді.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдары:

- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстылықпен күресу саласында мемлекеттің саясатын жүргізеді;
- өз құзіреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлейді және бекітеді;
- ішкі істер органдарының жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстылықпен күресу шараларын жетілдіреді[6].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылы 26 желтоқсан №986 бұйрығы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа байланысты

алдағы мақсаттарды айқындау үшін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы
2015 – 2025 жылдар аралығына қабылданды.
Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан-2050 стратегиясында, «Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біздің түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек» деп сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қызметтің орнын ерекше атап көрсеткен болатын [7].

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының № 410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл» Заңы 2015 жылы 18 қараша қабылданды.

Бұл Заңның мақсаты - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді. Осы Заң сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенім нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған [8].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет келесідей қағидаттардан тұрады:

1) заңдылық;

2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;

3) жариялылық пен ашықтық;

4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады. Бұл қағидаттардың сақталуы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің нәтижелілігін арттырады. Сонымен қатар жоғарыда аталып кеткен қағидаттарды негізге ала отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады [9].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу үшін мынадай іс – әрекеттер жүзеге асырылады:

1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Қазақстан Республикасында 2014 жылға дейін мемлекетіміздің қаржы кірістер мен шығыстарын қаржы полициясы жүзеге асырып келді.

Қазақстан Республикасының қаржы полициясы 1994 жылы құрылған еді. 20 жыл өмір сүріп 2014 жылдың тамыз айында қаржы полициясы жойылып функциялары жаңадан құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне ауысты. Ал экономикалық және қаржы қылмыстары мәселелерін мемлекеттік кірістер Комитеті Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігі қызметіне берілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығына сәйкес 2014 жылы 6 тамыз №883 қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» және 2014

жылы 14 тамыз Қазақстан Республикасының Үкіметі № 933 қаулысына сәйкес Экономикалық тергеу қызметі құрылды.

2011 жыл 6 қаңтарда қабылданған «Құқық қорғау қызметі туралы» заңға сәйкес заңның 1 бабының 21 бөлігінде экономикалық тергеу қызметі – Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік кіріс органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстардың және құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге бағытталған қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын осы органдардың жедел-тергеу бөлімшелері.

Кедендік бақылау қызметі де мемлекеттік кірістер Комитетіне жүктелді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жыл 14 тамыз № 933 қаулысына сәйкес «Кедендік бақылау Комитеті қайта құру нәтижесінде мемлекеттік кірістер Комитетіне қосылғандығын хабарлады»

Қазіргі таңда қайта құру аяқталып экономикалық тереу қызметінің жұмысы жанданды. Экономикалық тергеу қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және де бұл міндетті оңтайлы атқару үшін барлық қажетті өкілеттіктер берілген.

Экономикалық тергеу қызметінің негізгі мақсаттары мен міндеттері мынадай: экономикалық тергеу жүргізу , салықтық қылмыстарды ашу, жолын кесу, алдын алу, жалған кәсіпкерлік қылмыстарын тергеу. Экономикалық тергеу қызметі негізгі үш бағыт бойынша өз қызметін жүзеге асырады:

1. жедел – іздестіру қызметі;
2. әкімшілік қызмет;
3. қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеу.

Осылайша экономикалық тергеу қызметі әкімшілік жауаптылыққа тартумен қатар сотқа дейінгі тергеп тексеруге дейін іс – жүргізуге өкілеттіктер берілген.

Экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерінің мынадай құқықтары мен міндеттері бар:

- ❖ Өз өкілеттіктерін орындау үшін керекті ақпараттарды сұратып алуға
- ❖ Қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдармен мен ұйымдарда керекті ақпараттарға қол жеткізу мүмкіндігі
- ❖ Қызметтік міндеттерін орындау үшін құқық қорғау органдарымен қажетті жағдай жасалуы
- ❖ Өзінің жеке ақпараттарыны қорғалуы
- ❖ Қазақстан Республикасының Конститутциясын сақтауы
- ❖ Адам және азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының тиіспеушілігін қамтамасыз ету
- ❖ Заңды және жеке тұлғалардан келіп түскен арыздарды заңда көзделген уақытта қарап сол бойынша қажетті іс – шара қабылдау.

Жоғарыда айтылып кеткендей, 2011 жылы мемлекеттік қызметтен бөлініп, құқық қорғау қызметі ретінде ұйымдастырылған, міндеті адам мен азаматтың, мемлекет пен қоғамның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін кез келген құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қорғау болып табылатын қызметтің түрі пайда болып. Мұндай қызметті жүзеге асыратын органдар нақтыланды.Олардың қызметі аталған заңнаманың негізінде біркелкілендірілді.

Дегенмен, аталған органдарға тән функциялармен оларды іске асыру ерекшеліктері толыққанды ескерілді деуге әлі де болмас.

Заң шығарушы құқық қорғау қызметін ғана біркелкілендірілгенмен, ондай органдардың әрқайсысының ұйымдастырылуымен қызметін реттейтін жеке-жеке нормативтік құқықтық актілерді қабылдағаны әйгілі. Міне осы нормативтік құқықтық актілер мен "Құқық қорғау қызметі туралы" заңның араларын әлі де сәйкестендіре түсу керек сияқты. Мысалы, Прокуратура туралы заңдағы прокурордың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеушілік құқықғы т.б. қатысты тұстары кездеседі.

Сондай – ақ, аталған заңға сүйенсек, құқық қорғауды тек онда көрсетілген төрт орган (прокуратура, ІІО, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызмет) жүзеге асырады. Алайда, бұл шолақ ұғымды қалыптастырады. Өйткені, өздеріне "құқық қорғау" міндеті жүктелген басқа да органдарға тоқталар болсақ, мысалы адвокатура қылмыстық процесте "қорғау" функциясымен байланысты. Нотариат тұлғалардың араларындағы азаматтық – құқықтық мәмілелерді растау арқылы, олардың құқықтарын қорғайды. Әділет органдарының

міндеттерінде де осындай көрініс байқауға болады. Қылмыстық процестегі жаңа тұлға – медиатордың да функциясы одан алыс емес.

Солай екен, құқық қорғау қызметінен, оны іске асыратын органдардың аясы кең бой келеді.

Демек, құқық қорғау органы деген түсінік қажет біздің пікірімізше, құқық қорғау органы-деп, мемлекеттің сол үшін арнайы құрған, заңда көзделген жағдайларда мәжбүрлеу шараларын күш қолдану арқылы іске асыратын, сондай – ақ өз функциялары мен өкілеттіктері шеңберінде адам мен азаматтың, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, мемлекет пен қоғамның заңды мүдделерін құқыққа қайшы әрекеттерден (әрекетсіздіктерден) қорғауға тиесілі басқа да мемлекеттік органдармен мемлекеттік емес құрылымдардың жиынтығын айтуға болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз
2. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 1948 жылғы 10 желтоқсанда
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылғы 6 қаңтар
4. Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 30 маусым
5. Правоохранительные органы Республики Казахстан М.К. Самалдыков
6. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы Қазақстан Республикасының
Заңы 2014 жылғы 23 сәуір
7. «Қазақстан-2050» Стратегиясы
8. http://www.adilet.gov.kz/kk/node/9714
9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қараша

МРНТИ 10.23.43

жосықсыз бәскелестіктің құқықтық табиғаты және классификациясы

Косжанов К.Б.
Сулейман Демирель Университетінің магистранты

Аннотация

В условиях становления в Казахстане конкурентной среды, работа по совершенствованию законодательства, посвященного проблемам противодействию недобросовестной конкуренции, является особенно актуальной, поскольку такое понятие, как «конкуренция», было почти забыто. В связи с этим, вопросы охраны конкурентных отношений снова приобрели особую важность для развития не только экономики страны, но и ее ключевых отраслей, составляющих фундамент стабильности Республики Казахстан.

Прежде всего, важность проблемы охраны конкурентных отношений обусловлена тем, что практика недобросовестной конкуренции - достаточно распространенное явление в экономике страны, причиняющее серъезный вред государству, добросовестным участникам конкурентных отношений и потребителям.

В данной статье рассмотрены правовая природа и характеристика недобросовестной конкуренции в международном и отечественном доктрине, а также виды и классификации недобросовестной конкуренций согласно международным и отечественным законодательствам.

Также в статье изложены мнение автора, касательно понимание и классификация недобросовестной конкуренции.

Ключевые слова: *конкуренция, недобросовестная конкуренция, правовая природа, характеристика недобросовестной конкуренции, промышленная собственность, введение в заблуждение, конкурентные отношение, экономика, деловая репутация, дискредитация.*

Annotation

In the conditions of formation in Kazakhstan competitive sphere works on improvement of the legislation, devoted to problems of a counteraction to unfair competition is especially relevant as such the concept as "competition", was almost forgotten. In this regard, questions of protection competitive relations gained special importance for development not only national economies, and also in making the base of stability of the Republic of Kazakhstan.

First of all, the importance of a problem of protection competitive relations, is caused by the fact, that practice of unfair competition - rather widespread phenomenon in national economy doing seriously harm to the state, conscientious participants of competitive relations and to consumers.
In this article reviewed the legal nature and the characteristic of unfair competition in international and domestic doctrine, and also the types and classifications of unfair competition, according to the international and domestic legislations.
Also in article are stated the opinion of the author, concerning of understanding and classification of unfair competition.
Keywords: *competition, unfair competition, legal nature, characteristic of unfair competition, industrial property, deception, competitive relation, economy, business reputation, discrediting.*

Аңдатпа

Қазақстандағы бәсекелестіктің құрылу жағдайында, жосықсыз бәсекелестікке қарсы заңнаманы жетілдіру өзекті болып табылады, өйткені бәсекелестік ұғымы елімізде ұмытылуға шақ қалған. Сондықтан бәсекелестікті қорғау мәселелерін қолға алу тек қана еліміздің экономикасын дамыту ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының негізінің тұрақтылығына да бағытталған салаларында да маңызды.
Бәсекелестік қатынастарды қорғау маңыздылығы, жосықсыз бәсекелестіктің практикасы барынша жайылған көрініс сонымен қатар мемлекеттің экономикасына әрі бәсекелестіктің адал қатысушыларына залал беруінде болып табылады
Бұл мақалада халықаралық және отандық доктринада жосықсыз бәсекелестіктің құқықтық табиғаты әрі сипаты, сонымен қатар халықаралық және отандық заңнамаларда жосықсыз бәсекелестіктің түрлері мен классификациясы қарастырылған.
Сонымен қатар мақалада жосықсыз бәсекелестік түсінігіне және классификациясына қатысты автордың тұжырымы берілген
Кілт сөздер: *бәсекелестік, жосықсыз бәсекелестік, құқықтық табиғат, жосықсыз бәсекелестік сипаттамасы, бәсекелестік қатынастар, экономика, өнеркәсіп меншігі, жаңылыстыруға әкелу, іскерлік бедел түсіру, дискредитация.*

Қазіргі таңда нарықтық экономика – әртүрлі өндірістік, коммерциялық, қаржылық, ақпараттық және т.б. құрылымдардан тұратын, әртүрлі бизнес салаларымен байланысқан, нарық атты бір ғана түсінікте бірігетін өзін (ауқымды) бір организм ретінде көрсетіп келеді.

Нарықтық қатынастардың болмысын көрсететін негізгі ұғым, ол – бәсекелестік (competition). Бәсекелестік латын тілінен аударғанда қақтығысу, түйісу деген мағына береді және тауарөткізушілер арасында өнімнің өткізу мен өндіру жағдайларында қолайлылығы үшін күресті білдіреді. Бәсекелестік бағаны реттейтін, инновациялық процесстерді қолдануға стимул ретінде негізгі факторлардың бірі болып табылады [1, 27-33 б.].

Осыған байланысты ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 162 – бабында бәсекелестікке, дербес жасаған әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін нарық субъектілерінің жарыспалылығы деген ұғым берілген.

Аталмыш баптың екінші бөлігінде бәсекелестік жарыспалылық, адалдық, заңдылық, тұтынушылар құқықтарының сақталу бастауларына негізделетіні көрсетілген.[2]

К.Ю.Тотьев бәсекелестікті адал және жосықсыз деп бөлген. Адал бәсекелестік деп, егер бәсекелестікте бизнестегі әріптестер арасында құқықтық және этикалық нормалардың сақталуы деп көрсеткен. [3, с. 13-26].

В.С. Тикиннің көзқарасы бойынша әділ бәсекелестік дегеніміз ол белгілі бір қағидалар арқылы субъектілердің жарысы, яғни көрермендер бақылап әрі тәртіптің сақталуын қадағалап отыратын өзіндік бір ойын. [1, 27-33 б.].

Өкінішке орай бәсекелестік пайда болғаннан бері теріс пиғыл арқылы бәсекелестікке қол жеткізгісі келетіндер біршама. Бұл ретте халықаралық және отандық заң шығарушылар құқықтық тұрғыда бұған жосықсыз бәсекелестік терминін беріп, жосықсыз бәсекелестікті заңмен тыйым салған.[4]

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26 – бабы 4 – тармағында,- Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады,-деп көрсетілген.[4]

Аталмыш нормаға толықтыру ретінде ҚР Азаматтық Кодексінің 11 –бабы 2 – тармағы 3 – тармақшасында ұқсас кәсіпкерлік қызмет жүргізуші адамның және тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым көрсетуге бағытталған теріс пиғылды әрекеттер жасауына (теріс пиғылды бәсекелестік), атап айтқанда, тұтынушыларды басқа кәсіпкердің тауар дайындаушысы, дайындау мақсаты, әдісі мен орны, сапасы және өзге де қасиеттері жөнінен шатастыру арқылы, тауарларды жарнамалық және өзге де ақпаратта әдепсіздікпен салыстыру, бөтен тауардың сыртқы

безендірілуін көшіріп алу арқылы және басқа да әдістермен шатастыруына жол берілмейді.[5]

Жосықсыз бәсеке термині алғашында теріс пиғылды бәсекелестік болып қабылданған. 2000 жылғы 15 желтоқсанда қабылданған "Теріс пиғылды бәсеке туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес теріс пиғылды бәсекелес сөзі жосықсыз бәсекелестік болып ауыстырылған.

«Жосықсыз бәсекелестік» термині алғаш рет Франция елінде XIX ғасырдың басында қолданылған. Іс жүзінде бұл құбылыс әлдеқайда ертерек - нарық қатынастарының қалыптасу сәтінен бері пайда болған.

Кейін бұл термин айқындалып, көлеңкелі, заңсыз, жаппай бәсекелестікті белгілеу ретінде басқа елдерде пайда болған. Өнеркәсіп меншігі саласында көпшілік мойындаған абыройлы адам, франциялық заңгер П.Рубье жосықсыз бәсекелестікті құрайтын іс-әрекеттердің келесі анықтамасын ұсынды: «Араласу, жаңылысу, сенімсіздену, қарсыластардың кәсіпорындарының тәртіпсіздігі және нарықтың жалпы тәртіпсіздігіне апаратын іс-әрекеттер» [6].

Л. Жоссеран жосықсыз бәсекелестік, негізінен, сауда қатынастарында бәсекелестіктің жалпы қағидаларына қарсы келетін әділ бәсекелестікті теріс пайдалану құқығы болып табылады деп көрсеткен.[7, 61 бет]

Француздық заңгерлерге қарағанда неміс заңгерлері жосықсыз бәсекелестікке басқа ұғымды ұсынады. Мысалы О. Гирке жосықсыз бәсекелестік деген бұл, бәсекелестің әділ емес тәсілдерін қолдана отырып кәсіпкерлердің жеке құқықтарына қол сұғу болып табылатынын көрсеткен. Жеке құқық термині астарында азаматтық құқықтан алынған игі атақ, іскерлік бедел, жеке құпия, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар кіреді деп көрсеткен. [8, 36-37 бет].

Осыған орай, қазіргі таңда жосықсыз бәсекелестікке бірдей анықтама берілмегеніне көз жеткізуге болады.

Алғаш болып жосықсыз бәсекелестік ұғымына түсінік берілген 1883 жылы қабылданған өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясы десекте болады. Конвенцияның 10 ter. бөлігінде, жосықсыз бәсекелестіктің «өнеркәсіп және сауда істерінде адал дәстүрлерге қайшы келетін бәсекелестіктің кез келген актілері» деген анықтамасын берген, сондай-ақ жосықсыз бәсекелестік іс-әрекеттердің болжалды тізілімін енгізген.

Тізілімге келесідей әрекеттер енген:

1. Кәсіпке, азыққа, өнеркәсіп немесе тауарға қатысты қандай да болмасын араласуға шақыратын әрекеттер;

2. Бәсекелестің кәсіпорнын, азығын, өнеркәсібін немесе тауарынын беделін түсіруге шақыратын жалған нұсқаулар
3. Тауардың сипатына, жасалу жолына, құрамына, жарамдылығына немесе санына қатысты қоғамды адастыратын сілтемелер.

Қазіргі уақытта жосықсыз бәсекелестік туралы арнайы заңнама барлық елдерде кездеспейді. Мемлекеттердің көбі жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесу бойынша қызметті азаматтық құқықтың жалпы нормаларының негізінде, көбіне шетін жауапкершіліктің жалпы бастауларынан және сот және әкімшілік тәжірибенің жасаған қорғау амалдарының базасына негізделеді.

Заңнама мен тәжірибешілер жосықсыз бәсекелестік деп «өнеркәсіп және сауда саласындағы әділ дәстүрлерге қайшы келетін» бәсекелестікті түсінеді. Мұндай кең анықтама ұлттық заңнама актілерінде азаматтық құқықтың танымал, кеңінен қолданылатын жалпы критерийлері - «игі мінездер», «игі ар- ұждан» көмегімен айқындалады. Осылайша, Германиядағы «Жосықсыз бәсекелестік туралы» заң (1909) жосықсыз бәсекелестікті игі құқықтарға қайшы келетін деп айқындаса, осыған ұқсас швейцариялық заңның 2-бабында (1986) «жосықсыз және заңсыз ретінде игі сауда-саттық тәжірибеге қайшы келетін әртүрлі мінез-құлық немесе коммерциялық тәжірибені» таныды.[9, 215 б]

Жосықсыз бәсекелестік туралы жаңа заңнамада оның заңнаманың тағы бір саласы - тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасымен жақындасуы байқалады. Ең жаңа заңнамалық актілерде жосықсыз бәсекелестіктің анықтамасында тұтынушының фигурасы енгізілген, яғни ол жосық- сыз бәсекелестіктен қорғау саласындағы ұсынылған құқықтар көлемі бойынша бәскелес субъектілермен теңестіріле түскен. Кәсіби сатушылар мен өнім шығарушылардың алдында қорған- сыздығы салдарынан тұтынушылар басты фигураға, бүкіл «бәсекелестік құқығының» субъектісіне айналады. Тұтынушы бәсекелестік жүргізіліп отырған бәсекелестік күрестің нысаны ретінде шығып отыр.

Швейцария мен Франция, Венгрия мен Болгария, Чехия мен Словакияның заңдары, сондай-ақ Германияның арнайы нормативтік актілері жосықсыз бәсекелестік тәсілдеріне, тұтынушыны тауар, оның сапасы мен қауіпсіздігінің сипаттамасына қатысты жаңылыстыратын тәртіп немесе тәжірибеге тікелей тыйым салады. Тауарларды сауда жүргізудің әдетті орындарынан тыс жерлерде - «үйдің киреберісінде», «жүріп бара жатқанда», яғни адамды тауарды ойластырып сатып алу мүмкіндігінен айыра- тын жағдайда сатып алатын тұтынушыларды қорғау амалдары шығарылды[10, 160 б].

Жосықсыз бәсекелестік Қазақстанның монополияға қарсы заңнамасының конституциялық деңгейде тыйым салынған жалғыз құқық бұзушылығы болып табылады. ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 177 – бабына сәйкес,

құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе оларды беруге бағытталған бәсекелестіктегі кез келген әрекеттер жосықсыз бәсекелестік болып табылады.

Жоғарыда аталмыш баптың екінші бөлігінде жосықсыз бәсекелестіктің келесідей әрекеттер тізімін көрсеткен, яғни :

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ авторлық құқық объектілерін дараландыру құралдарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;

2) басқа өндірушінің тауарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;

3) бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу;

4) нарық субъектісінің беделін түсіру;

5) көрінеу жалған, жосықсыз және анық емес жарнама;

6) мәжбүрлі ассортиментпен тауар өткізу (сатып алу);

7) бәсекелестің сатушысына (өнім берушісіне) бойкот жасауға шақыру;

8) сатып алушыны (өнім берушіні) кемсітуге шақыру;

9) нарық субъектісін бәсекелеспен шартты бұзуға шақыру;

10) сатушының (өнім берушінің) қызметкерін сатып алушылық;

11) сатып алушының қызметкерін сатып алушылық;

12) коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалану;

13) тұтынушыға тауардың сипатына, өндірілу тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына және (немесе) оны өндірушілерге қатысты анық емес ақпарат ұсына отырып, тауарды өткізу;

14) нарық субъектісінің өзі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларын нарықтың басқа субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлармен орынсыз салыстыруы.

ҚР заңнамасындағы жосықсыз бәсекелестің париж конвенциясында көрсетілген әрекеттерге сілтейтін барынша әрекеттер көрсетілген, дегенмен қазіргі таңдағы бизнестің күрделенуі және жосықсыз бәсекелестің түрлері көп болуына байланысты болашақта жосықсыз бәсекелестік әрекеттерін әлі де енгізу қажет боларын айта кеткен жөн.

Қорыта келгенде қазіргі таңда жосықсыз бәсекелестіктің түсінігін біркелкі анықтау мүмкін емес. Сондықтан, шетел заң шығарушылар жосықсыз бәсекелестің заңды анықтамасын бермей, тек қана тізілімін берген.

Құқықтық доктрина жане онымен қоса, жосықсыз бәсекелестікке қарсы халықаралық және отандық заңнаманы талдау нәтижесі жосықсыз бәсекелестікке келесідей анықтама беруіне себеп болды.

Жосықсыз бәсекелестік деп, бәсекелестік күрес барысында заңға қайшы жолмен, тұтынушыларға, бәсекелестерге немесе өзге де тұлғаларға залал

келтіріп немесе келтіруі мүмкін болып, немесе бәсекелестің іскерлік беделіне нұқсан келтіре отырып, нарық субъектілерінің отандық немесе шетелдік заңмен тыйым салған әрекеттерді қасақана, әдейі істеуін айтамыз.

Ұсынған анықтаманы келесідей белгідер сипаттайды:

1. Нарықта бәсекенің болуы. Яғни белгілі бір экономика саласында бәсекенің болуы. Жосықсыз бәсекелестік, бәсекелестік болмаған жерде болуы мүмкін емес.
2. Теріс пиғылды (әділ емес) болуы, яғни нарық субъектісінің ерікті әрі саналы түрде жасауы.
3. Нарық субъектісінің белсенділігі, яғни *әрекеті.* Әрекетсіздік жосықсыз бәсекелестік тудыра алмайды.
4. Субъектінің әрекеті қасақана болуы.
5. Нарық субъектісінің әрекеті заңнамаға қайшы болуы.
6. Әрекеттің мақсаты, әділетсіз жолдар арқылы бәсекелестікте артықшылыққа қол жеткізу.
7. Субъектінің әрекеті бәсекелеске шығын алып келген не алып келуі мүмкін, немесе іскерлік беделіне нұқсан келтірген не келтіруі мүмкін болған әрекеттер.

Жоғарыда көретілген белгілердің жиынтығы, әрекеттің жосықсыз бәсекелестік ретінде саралауға жеткілікті деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Тикин В.С. О критерии недобросовестной конкуренции //Право и экономика. -2009. -№ 5.С.27-33
2. Кәсіпкерлік кодекс
3.Тотьев К.Ю. Конкурентное право.- М.: Издательство РДЛ, 2003. - 480 с
4. ҚР Конституциясы
5. ҚР Азаматтық кодексі
6. Виякова Н. Регламентирование недобросовестной конкуренции во Франции //Хозяйство и право. 1995. № 4.
7. Цитпо Krasser R La repression de la concurrence deloyale dans les etats membres de la cornmunaute economique europeenne, vol IV P Dalloz, 1972
8. Флейшиц Е А Личные права в гражданском праве Союза ССР и капиталистических стран
9. Конкурентное право РК. А.Т. Айтжанов, В. И. Князева… 2015 Астана
10. Тотьев К.Ю. Конкуренция и монополии: правовые аспекты регулирования. - М.: Юристъ. 1996.

10.77.21.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚЫЛМЫС ТУРАЛЫ ІЛІМНІҢ ШАРИҒАТПЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Куралова Ляззат Абилжановна

Сулейман Демирель атындағы Университеті

Аннотация

Аталған мақалада қазіргі уақыттағы заман талабына сай қабылданған қылмыс әлеміне қатысты заңдардың шариғатпен үндестігі қарастырылады. Негізгі қайнар көзін шариғат деп алып, қылмыстың шығу тектері анықталады.

Қылмыстық құқықтың негізгі міндеттерінің бірі қылмыс болып табылатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді анықтау, оларға жазаның түрі мен көлемін белгілеу болып табылады. Бірақ қылмыстық құқық осы міндеттерді іске асырып қана қоймай, қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінәні ауырлататын немесе жеңілдететін жағдайларды, жаза тағайындау және жазадан босату кезінде ескерілуге тиісті қажеттіліктерді, т.б. анықтаумен айналысады. Аталған мақалада қылмыстық құқықты қамтитын барлық ұғымдардың шариғатпен сабақтастығын зерделейді. **С**алыстырмалы-саяси тәсілді қолдана отырып, дінді берік ұстанған ежелгі қазақ халқы мен қазіргі ҚР заңдары мен құқықтық қоғамын салыстырып, сол қоғамға діни-құқықтық сананың ықпалын көрсетеді; мәселеге қатысты жарық көрген ғылыми-зерттеу жұмыстарын қатаң сыни талдаудан өткізе отырып, деректік негіздерді жүйелейді; заң мен шариғат аясындағы қылмыстың байланысын ашып, өзара тәуелділіктерін анықтайды.

В этой статье рассматривается гармонизация законов с шариатом в отношении мира преступности, которые приняты с требованиями современности. Взяв шариат основным источником, определяется происхождение преступления.

Одной из основных целей уголовного права является выявление опасных деянии общества, которое является преступлением и установление тип наказания и его срок. Но уголовное право не только выполняет эти обязанности, но также занимается идентификацией степени опасности преступления, обстоятельства отягчающих или смягчающих преступления, назначить наказание и учитывать необходимость при освобождении от наказании и т.д. В этой статье рассматривается непрерывность всех концепций, которые включает в себя уголовным право с шариатом. Используя сравнительно-политический метод, сравнивая общество древнего казахского народа, который придерживался

законов религии, с законодательствам и правовое общество Республики Казахстан и влияние религиозно-правового сознания на это общество; систематизирует базы данных со строго критическим анализом опубликованных исследований по этому вопросу; определяет взаимозависимость и связь с преступностью в сфере между законом и шариатом.

Кілт сөздер: шариғат, мұсылман құқығы, шариғат бойынша қылмыс және қылмыс құрамы, адам өмірі мен денсаулық құқығы, жеке меншік құқығы, кінәсіздік презумпциясы.

Адамзат Адам Ата мен Хауа Анамыздан бастау алады. Сол уақыттан бері адамның өмір сүру кезеңінде істеуге болатын және тыйым салынған дүниелер, сонымен қатар, таңдау еркіндігін беретін құқықтары біздің дәуірімізге дейін сақталып келеді. Бұл - дініміздің мықтылығының куәсі. Ислам жер бетіне қоғамның кішкентай мәселесінен адам табиғатының тұрақтылығына дейін қамтып, мінсіз заңдар жүйесімен келді. Тыйымдардың адам өміріне қажеттілігін: адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәрбие мен тәртіптің маңыздылығын түсінген әлем халқы өз тұрғындарының ерекшеліктеріне байланысты тыйым салу мен құқық беру негіздерінен тұратын ережелер қабылдай бастады.

Қазақ даласына ислам 7-ғасырда Орта Азияны бағындырған арабтармен бірге келді. Қазақтарға дінді қабылдату үшін мәжбүрлеудің қажеті болмады, өйткені шаманизм олардың талап-тілектері мен мақсат-мүдделерін қанағаттандыра алмады. Олар исламға дейін тәңірлік сенім мен шаманизмнің құрсауында болатын. Түрік тілдес халыққа исламның келуі жат емес. Тәңірі, Көк Тәңірі, Тәңір құтына сенетін түрік тілдес халық бір құдіретті күш Алланың бар екеніне сенетін. Қазақ халқының ежелден дінге деген ерекше құрметі шариғат тыйымдарын орындау үшін қиындық тудырмады. Қазақ мемлекеті шариғат заңдарымен ұштасатын мемлекет заңдарын қабылдап, адам құқықтары мен міндеттерін айқындап, шариғаттың күнә мен харам деп тапқан әрекеттерін мемлекет заңдары қылмыс деп тауып, оларға жаза тағайындап ретке келтірді. "Қасым ханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы", Тәуке ханның "Жеті жарғысы" осыған дәлел. Қазақ ислам дініне бет бұрып, Алланың түзу жолына түсе бастаған кезінен бастап Ханафи діни-құқықтық мектебінің қағидаларын дұрыс деп есептеп, ұлттық дәстүрлі жол етіп қалыптастырды. Әбу Ханифа қалаған сүннеттік ағым басқаларына қарағанда, халықтың әдет-ғұрып заңдарына сай болуы себепті қазаққа өте тиімді діни құқықтық-мектеп болды.

Бәріне белгілі, мұсылмандардың басты қасиетті кітабы - Құран, шариғаттың негізгі іргетасы. Оның әртүрлі атаулары бар: Кітап, Мүбин, Кәрім, Қалам, Хип, Худа және т.б. Құранның 55 атауы жазылған. Ол

шариғаттың алғашқы көзі, әлем мәдениеті мен адамзат өркениетінің ең ірі ескерткіштерінің бірі. Құранның негізгі ережелері Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) қаза тапқаннан кейінгі жиырма жылдан астам уақыттан кейін жиналып жазылған. Негізінен мұсылмандардың басты діни кітабы болған Қасиетті Құран адамдардың білім деңгейін, ойлау тәсілін, шынайы әлемге деген көзқарасын бейнеледі. Онда әртүрлі уағыздар, салт-дәстүрлер мен құқықтық ережелер, дұғалар мен тілектер, аңыз әңгімелер қамтылады.

Ислам қоғамның шариғатпен қорғалған негізгі құндылықтарына құрметпен қарады. Олар:

1. дін;
2. өмір;
3. ақыл;
4. ұрпақ жалғастыру;
5. жеке меншік. [1]

Ислам діні кең таралған дүние жүзі мемлекеттерінде, Сауд Арабиясы, Ливия, Тунис, Йемен, Біріккен Араб Әмірлігі, Иран, Пәкістан, Ауғанстан, Индонезия, мемлекет заңдары толықтай шариғатқа негізделген. Бұл мемлекеттерде құқықты жасаушы - Алла, оны қабылдау және орындау бәріне міндетті. Ислам мемлекеттері әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттамаларымен ерекшеленгені сияқты, олардың мемлекеттік-құқықтық дамуына әсер ететін ислам және ислам заңдарының ықпалы мен ауқымы бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Халықтың діні, наным-сенімдері мемлекетті тану үшін негізгі фактор болып табылады. Дін тарихын білмейінше мемлекет халқының тұрмысы мен өмірін, мәдениеті мен тарихын терең тану мүмкін емес.

Шариғат («тура жол, дұрыс жол»; нұсқау) — имандылықты, адамгершілік пен діни ожданды қалыптастыратын, сондай-ақ мұсылмандардың мінез-құлқын реттеуші, Құран мен сүннет негізіндегі нұсқаулар жиынтығы, бір сөзбен айтқанда, мұсылман заңдарының жүйеленген негізі. [2] Қазіргі қазақ қоғамында "шариғат" сөзіне көпшілік тартына қарайтыны белгілі. Дегенмен, шариғаттың негізгі мақсаттарының бірі - жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренетін ортаны қалыптастыру. Мемлекет заңдары да осыны көздейді және азаматтардың құқықтары мен қоғамның мүддесін қорғайды. Мұсылмандарда адамзаттың құқығы мына негіздермен реттеледі: құран - исламның қасиетті кітабы; сүннет - Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.а.у.) істері мен сөздерінің жиынтығы; иджма - мұсылман ғалымдарының бір көзқарасқа келген пікірлері; қияс - ұқсастық бойынша үкім шығару. Шариғат төрт элементті қамтиды:

1) исламның діни доктринасы;
2) мұсылмандық мораль мен этика;

3) «Құдай мен құдайға сенушілердің қарым-қатынасын» реттейтін нормалар, яғни, негізгі діни міндеттерді орындау тәртібі;
4) мұсылмандардың өздерімен және мұсылман еместермен қарым-қатынаста жүру ережелері.

Кез келген қоғамның қылмыстық құқығында құқық бұзушылық, қоғамға қауіптілік, кінәлілік, жазаланушылық ұғымы кездеседі. Ислам құқығында құқықбұзушылық Алланың әміріне қарсы іс-әрекет деп қарастырылса, мемлекет заңдары бойынша заңға сыйымсыз іс-әрекет деп танылады. Ал шариғатқа негізделген қылмыс пен жаза - егіз ұғымдар.

Шариғатта қылмыс қылмыстық құқықтағы кеңінен талқыланған сұрақтардың бірі болып табылады. "Қылмыс" деген сөз шариғатта арнайы ұғым ретінде қалыптаспаған. Бірақ қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің нәтижесінде зиян келтіру, зардапқа әкеп соғу жағдайларында, ондай іс-әрекеттерді қайтадан болдырмау мақсатында, алдын алу үшін үлгі ретінде белгілі бір шаралар қолданған. Ол - жаза. Қылмыс үшін жаза институты заңның сақталуын қадағалайды, қамтамасыз етеді.

Орта ғасырдың белсенді құқықтанушылары және қазіргі заман зерттеушілері құқықбұзушылықтар түрлерінің көптеген топтамаларын жасаған болатын, соларды талдау арқылы мұсылмандық қылмыстық құқықтың өзіндік ерекшелігін жақсы түсінуге болады. Олардың көбісінің негізінде екі басты критерий жатыр:
1) қандай да бір теріс қылық үшін жазаның анықталу деңгейі;
2) бұзылған құқықтар мен мүдделердің сипаты. [3, 103-б.]

Шариғатта қылмыстық заң Жалпы және Ерекше бөлімдер деп бөлінбейді. Тек қылмыстар жазасы бойынша 3 түрге бөлінеді:
1. құранда жаза мөлшерлері көрсетілген іс-әрекеттер (хадд);
2. жеке адамдарға қарсы қылмыстар (джинаят);
3. соттың шешімі бойынша жаза ретінде түзеу қолданылатын іс-әрекеттер (таъзир). [4, 83-б.]

Хадд қоғамның мүддесін сақтауға бағытталған. Құранмен сәйкестендіріліп бекітілген жаза болса, оларды жеңілдетуге де, қатайтуға да, кешірім жасауға да болмайды. Оларға: неке адалдығын бұзу, неке адалдығын бұзды деп жала жабу, ұрлық, қарақшылық, тәртіпсіздік.

Джинаят (қысас). Егер адам қасақана басқа адамға физикалық зиян келтірсе немесе адам өлтірсе, жаралы немесе қайтыс болған адамның отбасы кек алуға құқығы бар. Отбасының екі таңдауы болады: қанға-қан не материалдық көмекті қабылдау және кешіру**.** Құранда: **«**Оларға тәуратта: жанға жан, көзге көз, мұрынға мұрын, құлаққа құлақ, тіске тіс және жараларға да, қарама-қарсы төлеу (қысас) жаздық. Дегенмен біреу, оны кешірім етсе, сонда ол оған кәппарат болады (өз күнәсы кешіледі.) Және кім Алла түсірген заң бойынша билік етпесе, міне

солар залымдар.» (Мәида сүресі, 45-аят) Бұл жаза тек қылмыскердің әрекеті қасақана жасалса ғана, заңды деп есептеледі. Кек алу абайсызда кісі өлтіргені мен абайсызда дене жарақатын әкелгені үшін қолданылмайды. Алла Тағала айтады: **"Әй мүміндер! Сендерге қысас (есе қайтару) парыз етілді: Азатқа азат, құлға құл, әйелге әйел (өлтіріледі). Дегенмен оған туыс жағынан кешірілсе, оның ережеге үйлесуі екінші жақтың да оған дұрыс төлеуі қажет. (Егер қысас кешіріліп, құнға тоқтаса, алушының орынсыз егеске қысас істемеуі, берушінің де дұрыс орындауы керек.) Міне осы, Раббылары жағынан жеңілдік және мәрхамет. Ал кімде-кім бұдан кейін шектен шықса, (кек сақтаса) ол үшін күйзелтуші азап бар." (Бақара сүресі, 178-аят)** Сонымен қысас жазасының артықшылығы тараптар соттан тыс келісімге келе алады. Төлем алмай-ақ қылмыскерді кешіру рұқсат етілген. Сонымен қатар, көптеген ірі мұсылман заңгерлерінің пікірі бойынша, қасақана кісі өлтірген қылмыскерді кешіру оның жазалануынан жақсырақ. Егер өлген адамның мұрагерлері болмаса, жаза құқығы билеушіге берілді, ол кісі өлтірушіні кешіре алмайды, бірақ өлім жазасын қан үшін төлеммен алмастыруға құқылы. Сондай-ақ, Пайғамбар ұлын өлтірген әкеге өлім жазасын алып тастағаны белгілі. Егер қылмыстың субъективті жағы анықталса, өлтірілген адамның мұрагерлері өлім жазасына тартуды қаласа, онда өлтіруші осы жазадан құтыла алмайды.

Түсініктемелердің көпшілігінің қорытындысына сәйкес, бірнеше адам өлтіруге қатысқан кезде олардың бәрі жазаға тартылды. Бірақ, егер олардың кем дегенде біреуі, өзінің жеке қасиеттеріне байланысты жазаға тартылмайтын немесе қасақана әрекет ете алмайтын болса, онда кісі өлтірудің барлық кінәсі «кисса» принципі бойынша бөлінбейді, осы жазадан босатылды, ол қанға төленген төлеммен ауыстырылды.

Жәбірленушіні азаптауға ниеті болмаған жағдайда, жеңіл (муффафат), ал қалған жағдайларда ауыр (мугаласат) төлем төленеді.

Таъзир - басқа қылмыстардың барлығы осы категорияға жатады. Шариғат аясында, қоғам мен оқиғаның жағдайына байланысты сот өзіндік шешім шығарады. Кез келген қылмыспен күрестің шариғаттың барлық мақсаттарына жауап беретін қылмыстық-құқықтық құралы шариғатқа байланысты заңды жаза болып табылады. Сондықтан исламның қылмыстық құқығында осы категория құрамына кіретін жазалар тізімі толық емес.

Қылмыс құрамы қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздікті қылмыс қатарына жатқызуға мүмкіндік беретін қылмыстың объективтік жақтары мен субъективтік жақтарының жиынтығы болып табылады. Барлық құрамы түгел қылмыс тек қана заңның Ерекше бөлімінде емес, сонымен қатар қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімінде де қаралады.

Қылмыстық құқық пәні бойынша әрбір қылмыс төрт элементтен (қылмыс объектісі, қылмыстың объективтік жағы, қылмыс субъектісі, қылмыстың субъективтік жағы) тұрады.

Төрт құрам элементі барлық қылмыс түрін сипаттаушы негізгі құрал болып табылады. Сүнниттіктің төрт ғылыми зерттеулерінде қылмыс түрлерінің түсініктерін ғылыми-теориялық және тәжірибелік жағынан талдаған, суреттеген. Осының негізінде әрбір қылмысқа жеке жаза белгіленген.

Шариғат бойынша қылмыстардың жалпы объектісі - дін және мемлекет негіздері, тұлғаның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, намысы, мүліктің түрлері, әсіресе жеке мүліктер, қоғамдық тәртіп және оның қауіпсіздігі. Діни ережелер сауда-саттық тәртіп ережелері, әділ соттау негіздері және басқа бірқатар қоғамдық қарым-қатынастар да бола алады. Ашып айта кетейік, діни қарым-қатынастардың өзінің бірнеше көріністері сипат алады. Мысалы, діннен бас тарту, Алланың бар және бір екеніне күмәндану, пайғамбарға тіл тигізу, көп құдайшылық, исламнан безу сияқты әрекеттер бір қылмыстың түрлі көріністерін білдіреді. Бұл қылмыстардың жалпы объектісі діни қарым-қатынастар , айыпталушының қылмыстық әрекеті діни қарым-қатынастарға залал келтіруге бағытталған. Адам бұл қылмыстарды жасау арқылы ислам дінінің қоғамдағы беделін төмендетуге әрекет етеді. Исламның алғашқы таралған кездерде бұл қылмыстың қоғамға қауіптілік деңгейі жоғары болып саналғаны белгілі. Себебі айыпты осындай әрекеттері арқылы көпшіліктің ислам дінінен бет бұруына себепші болуы мүмкін болған. Сондықтан бұл қылмысқа қатаң жаза "хадд" белгіленуі негізсіз емес.

Қылмыс құрамының негізгі элементтерінің бірі – қылмыстың объектісі болып есептеледі. Қылмыс обьектісі ретінде қоғамға қауіпті іс-әрекет бағытталатын, қылмыстық заң арқылы қорғауға алынған қоғамдық қатынастарды айтамыз. Қылмыстық-құқықтық теориясында қылмыстық объектімен бірге, қылмыстың заты да айтылады. Оларды бір-бірімен қосып жіберу орынсыз болады. Қылмыстың объектісі қоғамдық қарым-қатынастар болса, қылмыстың пәні – мүлік, зат болып табылады. Мұндай жағдайда қылмыстық құқықта қылмыстың объектісі мен қылмыстың заты неліктен бір құрам элементінің мәселелері ретінде қарастырылады деген сұрақ туындайды.

Бұл мәселе туралы С.М. Әпенов "Бұл екі ұғымды бірдей көруге болмайды, себебі бұл ұғымдардың қылмыстық құрамды ашуда және міндетті белгі болып саналуында айырмашылықтар бар. Қылмыстың заты қылмыс объектісіндей заңмен қорғауға алынған қоғамдық қатынастарды білдірмейді, ол бірнеше мағыналарда объектіге жақындығын байқатады немесе қылмыс объектісінен кейін бірден анықталуы қажет ететіндігін көрсетеді. Біріншіден, қылмыстың заты

жасалған қылмыстарда көрініс алуы арқылы заңмен қорғалатын объектіге нұқсан келгенін білдіреді. Мысалы ұрлық қылмысының объектісі болып табылатын меншікті ақша, киім, тамақ, бұйым құрап, ондай игіліктер қылмыстың затын білдіреді. Яғни қылмыс затының көрініс табуы объектіге зиян келгенін білдіре алады. Екіншіден, қылмыс заты міндетті белгі болып табылатын құрамдарда бұл белгі болмаса, қылмыс объектісі бола алмайды. Үшіншіден, қылмыс затының қоғамдағы маңыздылығы объектінің құндылық дәрежесін, қылмыстың ауырлық деңгейін көрсете алады. Мысалы, ұрлық (188-бап) және ерекше құндылығы бар заттарды жымқыру (193-бап). Төртіншіден, қылмыс затының құрамдарда бірдей анықталуы, ол қылмыстардың объектісінің де бірдей екендігін көрсетеді. Мысалы, ұрлық, тонау, қарақшылық қылмыстарының, сондай-ақ алаяқтықпен қорқытып алушылықтың заттары бірдей, соған орай олардың объектілері де бірдей анықталады" деген дұрыс пікір келтіреді [5].

Шариғатта зиянның салдарын мүлікке келтірілген зақым бойынша анықталатындығы мәлім. Қылмыстық заңда анықталғандай көрсетілген жағдайларда ғана қылмыстың заты туралы айтуға болатындығын дәріптейді [6, 15-19 бб.].

Мұсылмандық қылмыстық құқығы тізімінде қылмыстардың объектісін, әсіресе оның затының мөлшерін толық анықтау - адамның қылмысты әрекетін дұрыс дәрежелеумен қатар, оған тиісті жазаның түрін белгілеуде көмек береді.

Шариғаттағы қылмыс түрлері жалпы объектілерден тұрады демей, керісінше оларды қылмыстың тікелей объектісі ретінде талдау керек. Мысалы, адам өлтіру қылмысының тікелей объектісі адамның өмірі, денсаулыққа зардап келтіруде адамның денсаулығы. Опасыздықпен айыптау, яғни жала жабуда адамның абырой-намысы, ислам дінінен безуде дін негіздері және басқа да қылмыстың объектісі болуы мүмкін. Жоғарыда аталған тікелей объектілердің ішінде адамның қадір-қасиеті туралы Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 130-бабы бойынша "жала жабу - басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату"деп көрсетілген. Бұл дегеніміз шариғат пен мемлекет заңдарының үндестігінің бір белгісі.

Сонымен, мұсылмандық қылмыстық құқықта адам қылмыс жасаса, қоғамға келтірген залалдары үшін қылмысына сай жазаланады. Сонымен бірге қылмыс объектісін, әсіресе оның затын анықтау, қылмыстарды іріктеу, әрбір қылмыстың қоғамға қауіптілік деңгейін талдау және қазылар тарапынан қылмыстық заңды әділ бағалау мәселелері оларда өзектілік білдіреді.

Шариғаттағы қылмыстың объективтік жағы. Қылмыстық заңдармен қорғалатын объектіге қарсы бағытталған қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздіктің сыртқы көрінісін сипаттайтын белгілер қылмыстың шындық жағын мазмұндайды.

Әрекет немесе әрекетсіздік тек заң жағынан қорғалатын объектіге қарсы бағытталған болса, яғни қоғамға қауіпті болса, қылмыс деп саналады. Қоғамға қауіпті болмаған әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстың белгілері болмағандығы үшін қылмыс деп саналмайды.

Қылмыстың объективтік жағы болмаса, қылмыстың объектісіне шабуыл болуы мүмкін емес, субъектінің ойында әрекеттің объективтік белгілерін анық көрсететін субъективтік жағы да және қылмыстың субъектісі де болмайды. Қылмыстың басқа элементтерімен бірге, оның объективтік жағы да қылмыскер жасаған күнәнің дәрежесін анықтайды және оған тиісті белгіленетін жазаға әсерін тигізеді.

Шариғатта жасалған қылмыстың объективтік жағын анықтайтын бірқатар белгілер барлығын байқаймыз. Мысалы, ұрлық, тонау, қарақшылық және басқа да қылмыс құрамдарының объективтік жағын талдағанымызда, олардың қоғамға қауіптілігін және құқыққа қарсы әрекеттерден тұратынын көреміз.

Аталған меншікке қарсы бағытталған қылмыстардың бір-бірінен мүлікті заңсыз иелену тәсіліне қарай, яғни қылмыстың объективтік жағы бойынша ажыратылатыны белгілі. Сонымен қатар, мұсылмандық қылмыстық құқықта зекет төлемеу, келісімдер бойынша міндеттерді орындамау, төгілген қан үшін ақы төлемеу, рамазан айында ораза ұстамау және негізгі діни қағидаларды орындамау сияқты қылмыстарды объективтік жағынан қарағанда әрекетсіздікпен жасалатынын байқау қиын емес.

Заң бойынша ғұрыптарды атқару қоғамдық тәртіпті бұзумен немесе азаматтардың құқықтарына қол сұғатын әрекеттермен ұштасса, ондай діни ғұрыптарды атқаруға кедергі жасау заңды әрекет болып табылады, демек, қылмыс болып табылмайды [7, 107 б.].

Айтып өткендей, кез келген әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстың объективтік жағының негізгі белгісі бола алмайды. Тек қоғамға қауіпті және құқыққа қарсы әрекет пен әрекетсіздік қана қылмыс құрамының объективтік жағын құрайды.

Қылмыстың объективтік жағы - адамның нақты әрекет қылығымен обьектіге келтірілген шығынды көрсететін және қылмыс деп танылатын қоғамдық қауіпті әрекетке негізделетін қылмыстық заңмен қорғалатын обьектіге қол сұғушылықты көрсетудің заңи нысаны [8, 48 б.].

Мұсылмандық қылмыстық құқықтда зорлау қылмысы некеде болмаған еркек пен әйелдің жыныстық жақындықта болуы ретінде түсіндіріледі. Шариғатта неке қасиетті болып саналады. Некесіз бірге

тұру қатты қараланады. Үйленген кісі бала тәрбиелеп, оның қоғамның лайықты мүшесі болуын қалайды, сонымен ұрпақтардың жалғастырылуын шариғат бойынша жалғастырған болып шығады. Зорлау әрекеті әдепке қарсы болып, адамдардың адамгершілік нұрын сөндіреді, заңға қарсы, қоғамда қараусыз қалған балалардың тууына себеп болады.

Құрандағы әл-Исра сүресінің 32-аятында: "Аллаға арамдық жасаған кісіні өлтірмеңдер! Бірақ тиісті болса, өлтіріледі. Ал біреу жазықсыз өлтірілсе, сонда өліктің иесін ерікті еттік. Өлтіру де шектен аспасын. Өйткені оған жәрдем етіледі. (Өш алынады)"- делінген.

Шариғаттағы қылмыс субъектісі. Қылмыс құрамының маңызды белгілерінің бірі қылмыс субъектісі болып саналады. Қылмыстық құқық пәні бойынша қылмыс деп танылған қоғамға қауіпті әрекет жасағаны үшін жауаптылыққа тартылуға тиіс адам қылмыстың субъектісі деп саналады.

Мұсылмандық қылмыстық құқығында қылмыстың субъектісі мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Шариғатта да қылмыстың субъектісі адамның жасаған қылмысты әрекеттерін ашу, оны құқық жағынан дұрыс бағалау, кейде айыптыны қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату мәселелерін шешуде маңызды әсері бар.

8. Отсутствие в конституциях ряда государств права на свободу выбора места жительства влечет за собой возникновение отрицательных последствий по ограничению и ущемлению конституционных прав и свобод.

9.Эффективность норм, регулирующих право на свободу передвижения зависит от реализации государством международных обязательств/9,с.58/.

10.В процессе создания международно-правовой системы, гарантирующей право на свободу передвижения значительное влияние на нее оказывают национальные правовые системы.

Анализ изучения зарубежного законодательства показал, что практически во всех государствах имеется механизм обеспечения права на свободу передвижения. Изучение и исследование зарубежного опыта законодательного закрепления права на свободу передвижения в зарубежных странах открывает большие возможности для использования в практике казахстанского правотворчества.

Список литературы:

8. Кулжабаева Ж.О. Международное публичное право. – А., 2002.

9. Международные акты о правах человека. Сборник документов. - М. 2007. С.576.

10. Права человека в международных документах. Часть 2: Сарсембаев К.М., Масатбаев А.О.-Алматы: Ғылым,2008.-212 с.

11. Ержанов Т.К. Международно-правовой статус континентальных государств. – А.,2003.

12. Конституции зарубежных государств / Под ред. Маклакова В.В. - М., 2003. С.35.

13. Чиркин В.Е. Современная модель конституции: прежние и новые приоритеты. // Правоведение. - М., 2003. №2. С.26.

14. Глухарева Л.И. Права человека в современном мире. - М., 2003. С.279.

15. Чернышева О. Право на свободу передвижения: стандарты Совета Европы // Конституционное право: Восточноевропейской обозрение. — М., 2001. №2 (35). С.48.

16. Сарсембаев М.А. Основные международные документы по правам человека (материалы и комментарии).- Алматы.-2008 г.- 148 с.

LEGISLATIVE REGULATION OF THE RIGHT TO FREEDOM OF MOVEMENT IN FOREIGN COUNTRIES

MansurovaAminaAkimovna

SuleymanDemirel University

Annotation. The article deals with issues related to the realization of the right to freedom of movement in foreign countries. The author gives an overview of the main international legal acts, which fixes the right to freedom of movement, justifies the assertion about the importance of the regulatory

impact of international legal norms guaranteeing freedom of movement for intra-state relations. The article defines the main factors that determine the scope of regulation of the right to freedom of movement in foreign countries. Separate consideration is given to the specific features of securing the right to freedom of movement in countries with different legal systems. The author focuses on existing restrictions on freedom of movement, explores their legal nature and main directions. The mechanism of ensuring the right to freedom of movement in foreign countries is shown, the possibility of its use in Kazakhstan's legislation is determined.

Key words: the right to freedom of movement, choice of place of residence and residence, international legal acts.

ШЕТЕЛДІК МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ ЖЫЛЖЫТУДЫҢ ЕРКІНДІГІНЕ ҚҰҚЫҚТЫ ЗАҢДЫҚ РЕТТЕУ.

Мансурова Амина Акимовна

Сулейман Демирель атындағы Университет

Аннотация. Мақалада шетелдерде еркін жүріп-тұру құқығының іскеасырылуымен байланысты мәселелер қарастырылады. Автор халықаралық жүріп-тұру еркіндігі құқығын белгілейтін негізгі халықаралық-құқықтық актілерге қысқаша шолу жасайды, мемлекетаралық қатынастарда қозғалыс еркіндігін қамтамасыз ететін халықаралық-құқықтық нормалардың реттеу әсерінің маңыздылығы туралы бекітуді негіздейді. Мақалада шетелдерде еркін жүріп-тұру құқығының реттелу көлемін анықтайтын негізгі факторлар анықталған. Әртүрлі құқықтық жүйелердегі елдерде еркін жүріп-тұру құқығын қамтамасыз етудің ерекшеліктеріне бөлек назар аударылады. Автор бостандыққа қатысты қолданыстағы шектеулерге назар аударады, олардың заңды сипатын және негізгі бағыттарын зерттейді. Шетелдерде еркін жүріп-тұру құқығын қамтамасыз ету механизмі көрсетіліп, оны қазақстан республикасының заңнамасында қолдану мүмкіндігі анықталды.

Түйіндісөздер: жүріп-тұру еркіндігі, тұрғылықты жері мен тұратын жерін таңдау, халықаралық-құқықтық актілер.

АЛАЯҚТЫҚ: ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Махсатбайқызы Ару

Сулейман Демирель атындағы университеті Құқықтану кафедрасы 1-курс магистранты

Аңдатпа

Қазіргі заманда технологияның жандануы, қылмыстық заңға жаңадан қылмыс түрлерінің енгізілуіалаяқтық қылмыстарының көптеп кездесуінеәкеліп отыр. Алаяқтық қылмысының біраз жылдар бойы пайда болғанына қарамастан, жыл сайынғы оның жасалу тәсілдері мен түрлері таң қалдырады.Алаяқтық қылмысының бірден-бір негізі болып оның тәсілінің әмбебаптығында, қылмыс құрамы бойынша басқа қылмыстардан ерекшеліктерін әлі күнге дейін ажырату сотқа дейінгі тергеп тексеру, күдікті әрекетін саралау кезінде қиындыққа кенеледі. Қылмыстық заңнаманы қолдану жөніндегі сот практикасының зерттеулеріне сүйенсек, алаяқтық көбіне жеке меншікке қарсы жеке және заңды тұлғалардың экономикалық және қаржылық, кәсіпкерлік қызметіне балта шауып отыр. Зерттеудің мақсаты болып заманауи талаптарға сай ақпараттық, интернет-жүйелілік, банктік қызметтерде алаяқтық қылмыстарын ажырату аспектілері.

Кілт сөздер:

Алаяқтық - кінәлі адамның пайдакүнемдік мақсатының болуы, яғни бөтен мүлікті өзінің меншігіне не оған құқықты өзінің пайдасына не басқа адамдардың пайдасына құқыққа қарсы өтеусіз айналдыруға ұмтылуы болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық – қылмыстылықты және қоғамдық қатынастар жүйесіне қауіпті іс-әрекет үшін қолданылатын жазаныайқындайтын заң нормаларының жиынтығынан тұратын құқық саласы.

Алдау - меншік иесінде немесе өзге адамда мүліктің кінәлі адамға және (немесе) басқа адамдарға берілуінің заңға сәйкестігі туралы қате түсінік туындататын кінәлінің меншік иесіне немесе мүліктің өзге иесіне шындыққа жанаспайтын көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаудан не меншік иесіне не мүлік иесіне хабарлануға тиіс шынайы фактілерді жасырудан құрылуы мүмкін.

Сенімді теріс пайдалану кінәлі адамның өзінің және меншік иесінің немесе иелігінде мүлкі бар өзге адамның арасында туындаған сенімді қарым-қатынастарды пайдакүнемдік пиғылмен бөтен мүлікті немесе оған құқықты заңсыз алу мақсатында пайдалануына негізделеді.

Қазіргі заманда техника-технологияның жандануы, қылмыстық құқық бұзушылық туралы заңға жаңадан қылмыс түрлерінің енгізілуіалаяқтық қылмыстарының көптеп кездесуінеәкеліп отыр. Алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылығының біраз жылдар бойы пайда болғанына қарамастан, жыл сайынғы оның жасалу тәсілдері мен түрлері таң қалдырады. Бүгінгі күні елімізде Алаяқтық жөніндегі қылмыстық істі қарау кезіндегі мәселер тақырыптарында аумақтық соттармен конференциялар өткізілуде. Көзделген іс-шарада беленді түрде рөл атқарған Жоғарғы сот, Ішкі істер министрлігі, жергілікті соттар, Бас прокуратура, Мемлекеттік кірістер комитеті және басқа да Құқық қорғау органдары өзекті проблемаға айналып отырғандығын айтты.

Қылмыстық құқық бұзушылық заңнамасын қолдану жөніндегі сот практикасының зерттеулеріне сүйенсек, алаяқтық көбіне жеке меншікке қарсы жеке және заңды тұлғалардың экономикалық және қаржылық, кәсіпкерлік қызметіне балта шауып отыр. Статисткалық мәліметтерді алға тарта отырып қарасақ, 2016 жылдың өзінде жеке тұлғаларға қатысты жасалған алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылығының саны 2459-ға жеткен, заңды тұлғаларға қарсы 269 қылмыс фактісі анықталған. Заман талаптарына сай компьютердік алаяқтық қылмыстары да өз кезегін жалғастырып жатыр.[1]

Алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылығының бірден-бір негізі болып оны тәсілінің әмбебаптығында, қылмыс құрамы бойынша басқа қылмыстардан ерекшеліктерін әлі күнге дейін ажырату сотқа дейінгі тергеп тексеру, күдікті әрекетін саралау кезінде қиындыққа кенеліп жатады.

Дәл осы қылмыс түрін ара жігін ашу кезінде оның азаматтық құқықтық бағыттарынада қажетті деңгейде көңіл бөлінген дұрыс деп ойлаймын. Алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылығы бұл өзгенің мүлкіне қарсы, алдау немесе сенімге қиянат келтіру нәтижесінде болады. Алдау біреудің мүлкін жымқыру мақсатындағы әрекеттер екі түрімен анықталады. Бірі белсенді алдау болса, ол меншік иесін немесе басқа да иеленушісін қасақана жалған ақпараттар айтумен, жалған құжаттар көрсетумен адастыру әрекеттері. Екіншісі белсенді емес алдау, ол құқықтық маңызы бар факті жағдайды айтпай қалу, жәбірленушінің пікірінше мүлікті берудің құқықтық негізі бар екендігіне сендіру нәтижесінде болады.

Алдау ол әрқашан басқа адамдарды әдейі шатастыру нәтижесінде мүлікті (материалдық құндылықтарды) немесе материалдық емес (талап ету құқықтарын) өз еркімен беріп жатыр. Алдау кезінде шешуші мәнге ие мұндай органдар ретінде адамның көру, есту, иіс сезу, иіс сезу, сондай-ақ сөйлеу тұстары пікірге алынады. Сырт көзге салмақты түрін, керек-жарақтарына (қымбат сағаттар, көзілдіріктер, костюм және т. б.) назар

аудара отырып,адамдарың ішкі өзін-өзі бақылау сезімі мен қауіпі, сенімсіздігі жоғалып, ұтқырлығы, шапшаңдығымен криминологиялық факторлар әсер етеді.

Алаяқтықтың екінші тәсілі болып бөтеннің мүлкін иемдену - сенімге қиянат жасау.

Сенімге қиянат жасау - бұл тұлға бола тұра, жақын (достық, тіпті жақын туыстық қатынастарда) жәбірленушіні жаңылыстыруға шынайы ниетінен байқалады.

Алдау мен сенімге қиянат келтірудің айырмашылығы болып меншік иесі мен мүлікті иеленген тұлғамен араларында жақсы, әлеуметтік орнықты байланысты, оның негізінде көпжылдық достық, қызметтік, туыстық және т. б. қарым-қатынастар жатыр. Жағымды таныстық әсерінен бірлескен уақыт өткізу нәтижесінде сенімге енеді. Міне, осы бір сәтті қолданып, алаяқтық ниетін жүзеге асыру мақсатында өздерінің материалдық мүдделерін әлеуметтік байланыстардан жоғары қояды. Көпжылдық достық арқылы уәде беріп,мүлікке қол жеткізеді.

Сенімді қарым-қатынас болуы мүмкін тек жеке тұлғалар арасында болып, адамдар бір-бірін жақсы, бұрыннан біледі, жеке белгілері арқылы жасанды адалдық пен парасаттылық қасиеттері күмәнді сейілтеді. Нәтижесінде жеке адамдардың алдап-арбаудың жиегінде кетіп, меншігінен айырылады. Өзара қарым-қатынастың ерекше компоненті - бұл сенім. Сенім–адамның саналық деңгейде қоршаған ортасындағы болып жатқан нәрселерге деген өзін-өзі иландыруы, шындық ретінде қабылдауы. Қылмыс жасаушының сенушінің жүрегіне сенім ұялатып, уәдемен өмір сүруге жағдай жасайды.

Сондай-ақ, алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылығының көздегені материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Материалды қажеттілік десе бірден есімізге қолма-қол ақша сомалары: банкноттар (банк билеттері және монеталар, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі қамтамасыз ететін және оның барлық активтерімен қоса) жатады. Алайда, банктік қызметті жүзеге асыру кезінде жеке адамның шотында тұрған қолма-қол ақша болып танылмайтын, банктік лауазымды тұлғалардың әрекетімен бірінші тұлғадан екнші тұлғаға аударып отыратын қолма қол ақша емес сомалармен не истейміз?! Банктік қызмет көрсету ол клиент пен банк қызметкері арасында жасалынатын шарт негізінде жүзеге асырылады, яғни банк жүйесінде жасалынатын алаяқтық қылмыстары ол тікелей лауазымды тұлғалардың міндеттемелік қызметтеріне байланысты болып табылады.

Алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылығының субъектісі кім бола алады? Бұл қылмыстың субъектісі жеке және заңды тұлға деп көпшілік практиктер мен заңгерлер зерттеген. Алайда, жеке тұлғаны алдап-арбайға болады, себебі, тұлғаның сенгіштік және психологиялық мүмкіндіктері

бар. Ал, заңды тұлға бұл бірлестік, ұйым. Заңды тұлғаның жеке тұлға сияқты құқықтары мен міндеттеріне ие болғанымен, жеке тұлға ретінде өзіндік моральдік, сезімдік пікірі жоқ. Дегенмен, заңды тұлғаның мүлкін алдаумен немесе сенімге қиянат келтірумен иемденуге болады. Заңды тұлға бұл тұста тәуекелдері бағалау біледі, жеке сезімдік аспектілерге көңіл бөлмейді.

Басқа қылмыстық құқық бұзушылықтардан өзгешелігі болып алаяқтық қылмысының объективті жағының міндетті белгісі ретінде оның жасалу әдісі, яғни алдау және сенімге қиянат келтіру болып табылады. Азаматтық құқықтық қатынастарымен оның мүліктік игіліктері, ол жылжитын және жылжымайтын мүлік, банк шоттарындағы салып сомалары, бағалы қағаздары, ақшалай және құжаттық құндылығы. Тікелей объектісі болып – меншіктің кез-келген нысаны, субъективтік жағы тікелей қасақаналықпен көрінеді, яғни біреудік мүлкін заңсыз, қайтарымсыз иелену, зардап болуын біледі, іштей оны қалайды. Субъектісі – жалпы субъект, 16 жасқа толған, есі дұрыс адам.

Ұсақ-түйек жымқыру (187-бап), ұрлық (188-бап), сеніп тапсырылған мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (189-бап), тонау (191-бап), алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен мүліктік залал келтіру (195-бап), жалған кәсіпкерлік (215-бап), кредитті заңсыз алу немесе бюджеттік кредитті мақсатынсыз падалау (219-бап), тауар белгісін заңсыз пайдалану (22-бап) сынды бірнеше қылмыстармен алаяқтық белгілері сайкес келеді, алайда айырмашылықтары байқалады. [2]

Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы Қазақстан Республикасының Жоғрғы Сотының 2017 жылдың 29 маусымындағы қаулысы бойынша, алаяқтықтың міндетті белгісі болып оны пайдакүнемдік мақсатта жасалуымен қоса, бөтеннің мүлкін өз меншігіне немесе өзгенің меншігіне, құқығын иеленуге құқыққа қарсы әрекеттер. Қылмыс жасалу кезінде жәбірленушінің сенім артуы, тығыз таныстық немесе туыстық мән-жайларды, қызметтік лауазымы мен басқа да критерий бойынша бағаланады. Алаяқтық қылмысы жымқырылған мүлік алып қойылған немесе заңсыз иелікке өткен, мүлікті өз қалауы бойынша пайдаланып (зейнетақы, жәрдемақы карточкалары), билік ету мүмкіндігіне иеленген сәттен бастап (ақпараттық жүйені қолдану арқылы жасалған дәл осы әрекеттерді қоса алғанда) аяқталды деп есептелінеді.

Алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылығының латенттілігі көбейіп барады. Мемлекеттің бірден- бір мақсаты ол қылмыстардың санын азайту, алдын алу шараларын ұйымдастыру т.б. алаяқтық қылмыстарының құрбаны болған тұлғалар құқық қорғау органдарына жоғалған мүлкін қалпына келтіру мақсатында, мүлкінің орнын толтыру немесе материалдық шығынды өтеттіру сынды әрекеттерді көздеп келеді. Алайда, құқық қорғау органдарының қызметі қылмыс үшін

жауапкершілік көздейді. Сот тәжірибесінің құжаттарына анализ жасай келе, алаяқтық қылмысын алдын алу үшін нормативтік құқықтық қолдау көрсетілуі қажет. Яғни, мемлекет заң қабылдайды, заң талаптары орындалуға жатады. Бірақ, алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылығынан жәбір көрген тұлғалардың күні не болмақ?! Сондықтан, мемлекет алаяқтық қылмыстарынан жапа шеккен адамдардың материалдық шығыны, мүліктік қажеттіліктері үшін жауапкершілікте болуы қажет.

Алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылығының алдын алу үшін келесідей шараларды қолдану қажет:

1. Алаяқтық саласындағы қылмыстарға заңнамалық тұрғыдан баға беру мен сот тәжірибеснен алынған нормативтік базаларды жаңартып отыру;
2. Құқық қорғау органдары мен Бұқаралық ақпараттар құралдарының бірлесе жұмыс атқару нәтижесінде алдын алу шаралырын ұйымдастыру;
3. Тұлғалардың экономикалық, қаржылық, нарықтық құқықтарын реттеу, алаяқтықтың болжамдық шаралары туралы ескерту;
4. Электронды құжаттар айналымына қатаң қадағалау жасау;
5. Қол саусақтары, дауыс, көз қарашықтарының сканерлеуге қажеттік құралдармен қамтамасыз ету бойынша жүйелік биометриялық ерекшеліктерін қолдану;
6. Алаяқтық қылмысынан басқа қылмыстарды ажырату мақсатында жеке-жеке тәжірибелік және теориялық білімді қолданып, басқа қылмыстарға түсінік беру, қолдану аясын ашу;
7. Алаяқтықтың алдын алу шараларының шетелдік үлгісін алу және қолдану;

Жоғарыда көрсетілген алға қойылған әрбір мәселе терең зерттеуді қажет етеді. Нарықтық экономиканы реттеуде мемлекеттің атасалысуы қажет. Ресми, негізді ақпаратпен қамтамасыз ету, электронды-интернет ресурстарымен жұмыстың тиімділігі бірнеше қылмыстарды алдын алу шараларының шешімі болып отыр. Мемлекеттің нормтивтік базасының толық орнауымен қоса, қоғамның санасының алаяқтыққа деген пікірі де реттелуге жатады.

Әдебиеттер тізімі:

1. http://pravstat.prokuror.kz
2. ҚазақстанРеспубликасыныңҚылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі

МРНТИ **10.33.01**

ТӨРЕЛІК КЕЛІСІМ ДАУДЫ ШЕШУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Нұртуған Темірлан Нұрлыбекұлы

1 – курс магистранті, «6М030100-Құқықтану» мамандығы, Сулейман Демирель

атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Бұл мақалада Төрелік келісім төрелік көмегімен болашақта пайда болатын немесе пайда болған дауларды шешуге кепілдік беретін тиімді аспап болу үшін құрылу тиіс. Төрелік тергеу басталу мүмкін емес, егер орындалатын төрелік келісім болмаса. Төрелік келісім, қандай да болсын басқа келісім-шарт сияқты, өкілетті тұлғамен жасалады.

Түйінді сөздер: Төрелік келісім, төрелік, келісім шарт, төрелік тергеу.

Дауды төрелік соттың шешуіне беру үшін төрелік келісім қажет. Тараптардың арасында пайда болған немесе болашақта пайда болатын даулар туралы тараптардың бұл келісімі, олармен төрелік соттың қарауына беріледі.

Төрелік келісім жеке құжат нысанында құрылуы мүмкін. Сонымен бірге төрелік келісім негізгі келісім-шартқа енгізілуі мүмкін, бұл жағдайда төрелік туралы контрактының мұндай шарты «төрелік ескертпе» деп аталады. Мұнда тараптар, мүмкін болатын даулар төрелік тәртібінде шешілетіндігін және қандай нақты төрелік сотта және қандай регламентке сәйкес екенін анықтап, ескертеді.Тараптар тікелей келісімін білдірген кезде ғана, тараптар үшін міндетті болатын типтік төрелік ескертпелер тәжірибеде жиі қолданылады [1, с. 66].

Төрелік келісімнің құқықтық табиғаты жөнінде кейбір мамандар оны материалдық-құқықтық келісім-шарт деп есептейді,басқалары оны процессуалдық- құқықтық әрекет деп санайды, тағы біреулер төрелік келісім аралас сипатты деп ойлайды.

1961 жылғы сыртқы саудалық төрелік туралы Еуропалық Конвенцияға сәйкес (I-бап, 2 тармақ (а)) «төрелік келісім» термині жазбаша мәміледе төрелік ескертпені білдіреді немесе тараптармен қол қойылған немесе хаттармен, телеграммалармен алмасуда, немесе

телетайп бойынша хабарламаларда орын алған жеке төрелік келісім, ал мемлекеттер арасындағы қатынастарда, төрелік келісім үшін, заңдардың ешқайсысы жазбаша нысанды талап етпейтін, бұл заңдармен рұқсат етілген нысанда жасалған, қандай болсын келісім [2, с. 253].

Төрелік келісімнің тараптары өздерінің қарап шешуі бойынша: a) тұрақты төрелік органның шешуіне дауларды беруді қарастыру; b) берілген іс бойынша дауларды төреліктің шешуіне беруді қарастыру және негізінен мына жағдайда:

-төрешілерді тағайындау немесе қандай болсын дау пайда болған кезде, оларды тағайындаудың әдістерін белгілеу;

- төрелік соттың тұрған жерін белгілеу;

-төрешілер ұстануы тиіс процедуралардың ережелерін белгілеу (IV-бап,1т. 1961 жылғы Еуропалық Конвенция) [3, с. 139].

Төрелік келісім құзырлық саласында екі басты құқықтық салдар туындатады: төрелік келісімде көзделген дауды шешуге төрелік соттың құзыретін тануға негізделген «жағымды салдар»; мемлекеттік соттың құзыретінен дау шешуді алып тастауға негізделген «жағымсыз салдар».

1958 жылғы шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау туралы Нью-Йорк Конвенциясына сәйкес (II-бап, 1т.), әрбір келісуші мемлекет объектісі төрелік тергеудің пәні болуы мүмкін, қандай болсын нақты келісім-шартты немесе басқа құқықтық қатынастарға байланысты олардың арасында пайда болған немесе пайда болуы мүмкін барлық немесе қандай болсын дауларды төрелікке беруді, тараптардың міндеттенетіндігі туралы жазбаша келісімді таниды [4, с. 63].

Жасалған төрелік келісімнің ерекшелігі мынада, яғни тараптар үшін міндетті және олар дауды төрелікке беруден бас тарта алмайды. Жай сот, әдетте, төрелік келісімді болғызбауға және төрелік шешімді мәні бойынша қайта қарауға құқығы жоқ. Бұл ереже әртүрлі мемлекеттердің сот тәжірибесінде және заңдарында танылды.

1958 жылғы Нью-Йорк Конвенциясының белгілеуі бойынша, егер тараптардың төрелік келісім жасаған мәселесі бойынша, келісуші мемлекеттің сотына шағымы түссе, онда бұл сот төрелік келісімнің күші жоқ, күшін жоғалтты немесе орындалуы мүмкін емес деп таппаса (II-бап, т.3), тараптардың біреуінің өтініші бойынша, тараптарды төрелікке жіберуі тиіс.

Іс төрелік тәртібінде шетелде қарастырылуы тиіс негізінде, төрелік келісімнің заң күші туралы мәселе, жиі сыртқы саудалық тәжірибеде туындайды [5, с. 31].

Мысалы, Францияда, төрелік келісім танылады, мұндай келісім істі сотта қарауды тоқтатуға бағытталған, сотта қарсылық жасауға негіз береді. Шетелдік төрелік шешім мәжбүрлеп орындалу үшін, оны орындау орны бойынша азаматтық соттың төрағасының бұйрығы қажет және ол шешімнің формальді дұрыстығын ғана және француздық жария тәртіптің көзқарасы жағынан орындауға жол берілетінін қарастырады. Ұқсас жолмен Германияда бұл мәселе шешіледі.

Ұлыбританияда 1979 және 1996 жылы төрелік туралы Актілер бойынша төрелік келісімнің маңызы өсті. Егер шетелдік төрелік шешім, күші бар төрелік келісімнің негізінде қалыптасса, онда ол Ұлыбританияда мәжбүрлеп орындалуы тиіс. 1996 жылғы төрелік туралы Актінің мазмұнына, ЮНСИТРАЛ-дың Типтік заңы әсер етті [6, с. 407].

АҚШ-та төрелік келісімдердің заңдық күшін тану қағидасы XX ғасырдың екінші жартысында ғана жүзеге асырылды. Шетелде дауды қарастыруды көздейтін келісімдердің заңдық күші туралы мәселені шешу 50-шы жылдарға дейін белгісіз болды, бірақ даудың сыртқы саудалық төрелікке ведомстволық бағыныстылығы туралы келісім Мәскеуде сотта шағымды қарастырудан бас тарту үшін негіз болған жағдайлар, АҚШ-тың сот тәжірибесінде орын алған.

Мынадай мысал келтіруге болады. Американдық фирма «Кемден фибр миллс» СССР және АҚШ арасында сауда бойынша операцияларды жүзеге асырған «Амторг» ұйымымен контракт жасады, ол контрактіде, негізінен, жалпы соттардың соттылығына қарайтын даулардан басқа, даулар төрелік тәртіпте қаралады. Мұндай төрелік ескертпенің болуына қарамастан, Нью-Йорк штаты сотында фирма «Амторгқа» шағымданды. «Амторгтың» хабарлауы бойынша, дау сот қарауының пәні бола алмайды. Осыдан кейін Нью-Йорк штаты соттарында, төрелік ескертпе міндетті сипатта болғандықтан, шағым сот тәртібінде қаралуға жатпайтындығы жөнінде шешім шықты. Төрелік келісімдерді барлық жерде тану, АҚШ- тың қазіргі тәжірибесі үшін тән қасиет [7, с. 50].

Төрелік келісім (соның ішінде сыртқы саудалық контрактіге кіретін төрелік ескертпелер) мәмілеге қатысты заңды дербестікке, автономдылыққа ие. Төрелік келісімнің күшінде болуы, контрактіге қатысты жасалған төрелік келісім, сол контрактінің күшінде болуына

тәуелді емес. Кейде дауларды қарастырған кезде, бұл ереже шешуші маңызға ие.

Мысал ретінде «Джок ойл» фирмасына «Союзнефтеэкспорт» В\О талабы іс бойынша 9 шілде 1984 жылғы ВТАК-тың шешімін келтіруге болады. Талапкердің жауапкерге бірталай мөлшерде мұнай және мұнай азық-түліктерін жеткізу туралы контрактіге советтік ұйым және фирма қол қойды. Бермуд аралдарында орналасқан фирманың, оған жеткізілген тауардың бөлігіне ақы төлемеуіне байланысты кейінгі жеткізілімдер тоқтатылды. Содан соң талапкер барлық даулар Мәскеудегі сыртқы саудалық төрелік комиссияда қарастырылады деп көзделген, контрактінің төрелік ескертпесі негізінде сол тұрақты әрекет ететін төрелік сотқа талабымен жолданды. Жауапкер контрактінің күші жоғына сілтеме жасады, өйткені ол талапкер жағынан ұйымның төрағасымен ғана қол қойылды, және бұл совет заңын бұзу деп есептелді, өйткені ол заңға сәйкес келісім-шартқа екі тұлға қол қоюы тиіс. Жауапкердің пікірінше, контрактінің жарамсыздығы, төрелік ескертпенің жарамсыздығын туындатады, және сонымен бірге туындаған дау бойынша ВТАК-тің өкілеттігін жояды. ВТАК контрактіге қол қойған кезден бастап оны жарамсыз деп таныды, сонымен бірге төрелік ескертпеге қатысты бөлігінде жауапкердің қарсылығын қабылдамады және дауды толығымен шешті. ВТАК төрелік ескертпенің дербестігіне негізделді. Шешімде көрсетілгендей - төрелік келісім жарамсыз болып танылады, егер онда адасушылық, алдаушылық және т.б. жасалған төрелік келісімнің нысаны және мазмұнына қатысты заң талаптары бұзылса. Төрелік келісімнің жарамсыздығына әкелетін жағдайлар жоқ және тараптардың ешқайсысы мұндай жағдайларға сілтеме жасап, оның жарамсыздығы туралы хабарлаған жоқ. Нәтижесінде ВТАК таныды, яғни төрелік келісім «материалдық-құқықтық келісім-шартқа тәуелсіз процессуалдық келісім-шарт болып табылады және сондықтан бұл келісім-шарттың жарамдығы немесе жарамсыздығы туралы мәселе келісімді қозғамайды», өйткені ол өзінше заңи күші бар [8, с. 34].

Төрелік келісім төрелік көмегімен болашақта пайда болатын немесе пайда болған дауларды шешуге кепілдік беретін тиімді аспап болу үшін құрылу тиіс. Төрелік тергеу басталу мүмкін емес, егер орындалатын төрелік келісім болмаса.

Келесі факторлар орындаулы төрелік келісімді құруға кедергі болады: төрелік келісімді жасауға тараптардың біреуінің құқық

қабілеттігінің болмауы; орын алған немесе мүмкін болатын дау төрелік келісімге қолданатын құқыққа сәйкес, соттылыққа жатпайды және төрелік процесс өтуге тиіс, елдің заңы бойынша; төрелік келісімге қол қоюшы тараптардың өкілдерінің өкілетсіздігі.

Төрелік келісім, қандай да болсын басқа келісім-шарт сияқты, өкілетті тұлғамен жасалады. Өкілдік жазбаша нысанда болу керек және сенім білдірушімен қол қойылуы тиіс екені әдебиетте ерекше көңіл аударылады. Одан басқа төрелік келісімді жасау үшін, ол анық көрсетілген өкілеттіктерді қамтуы тиіс. Халықаралық саудалық келісім-шартты жасау өкілеттігіне ие тұлға, төрелік ескертпені келісім-шарттың мәтініне кіргізуге өкілетті.

Төрелік келісімнің қажетті шарты ол - төрелік сотпен шешіле алатын дау немесе дауларды анықтау болып табылады. Бұл жағдайда даудың пәнін жоғары деңгейде нақтылау мүмкін емес. Дау («келісім-шарттан немесе онымен байланысты туындайтын барлық даулар») пайда болуы мүмкін құқықтық қатынасты көрсеткен жеткілікті [9, с. 136].

Төрелік келісімде тараптар келісетін өте маңызды мәселелерінің бірі, төрелік тергеуді жүргізу орны туралы мәселе болып табылады. Төрелік тергеуді жүргізу орнын таңдау келесі элементтерге сәйкес жүзеге асырылады:

- төрелік келісім: төрелік- төрелік өткізілуі тиіс елдің соттары төрелік келісімдерді орындауы тиіс. 1958 жылғы Нью-Йорк Конвенциясына қатысушы-мемлекеттердің соттары мұны жасауы міндетті (Конвенцияның 2 бап, 3 т.). Тіпті бұл соттар төрелік келісімді орындамайды, егер олардың елдерінің заңдарына сәйкес соттылыққа жатпаса.

- төрелік процесс: соттар және заңдар төрелік шешім немесе төрелік процесске өзінің араласушылығын шектейді және дауды шешудің құралдары ретінде төрелік тергеуді қолдайды және сол елдерде төрелік тергеулер өте тиімді жүргізіледі.

- төрелік шешімді орындау: Егер белгілі бір себепке байланысты төрелік жауапкердің активтері орналасқан елде жүргізілмесе, онда төрелік шешімді орындау үшін, төрелік жауапкердің активтері орналасқан елмен бірге, төрелік шешімдерді тану және орындау бойынша халықаралық келісім-шарттың қатысушысы болып табылатын елде жүргізілуі тиіс.

Төрелік тергеудің тілі, тараптар төрелік келісімде келісетін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Төрелік тергеудің тілі болып, келісім-шарт құрылған немесе іскерлік қатынастар орнаған тіл болып табылатыны әдетте есептелінеді. Бұл аударумен байланысты жұмыстың көп бөлігін азайтуға мүмкіндік береді.

Сыртқы саудалық контрактілер жиі екі әртүрлі тілдерде орын алатындығы, төрелік ескертпенің мазмұнын анықтау кезінде, қолданылу мүмкін.

Келесі мысалды келтіруге болады, яғни төрелік ескертпенің негізінде МКАС- те екі жауапкерге (ресейлік қатысушыларға) талапкер (ортақ кәсіпорынның скандинавтық қатысушысы) талап қойды, құрылтай келісім-шартының орысша мәтінінде «Мәскеулік сауда-өндірістік палатасына қарасты төрелік сотта» дауларды қарастыру көрсетілген. Жауапкерлер МКАС-тың құзыретін даулады, өйткені Мәскеулік СӨП-ке қарасты талапты беру кезінде шынында да сәйкес төрелік сот орын алған. Төрелік ескертпенің тура мәтініне қарамастан, жауапкерлердің қарсылықтары, құрылтай келісім-шарт 1991 жылы күзде жасалғанын, ал Мескеулік СӨП жанындағы төрелік сот екі жылдан кейін құрылды. Ағылшын тіліндегі құрылтай келісім- шарттың мәтінін талдаған кезде, оған құндылық күш беруге келіскен тараптар, төрелік ескертпе «arbitration court at the chamber of commerce and industry in moscow» - ға сілтеме жасады. Сәйкес қаулыны шығара отырып, төрешілер бұл және кейбір басқа жағдайларға назар аудара отырып, МКАС- тың құзыретін таныды. Мәскеу қалалық сотындағы берілген қаулыны болғызбауға бағытталған жауапкерлердің талпыныстары сәтсіз болды [10, с. 6].

Осыған ұқсас оқиға басқа істе де болды, яғни ол МКАС-те қарастырылды. Халықаралық сауда палатасының Регламентіне сәйкес, РФ СӨП-ның жанындағы Халықаралық коммерциялық төрелік сотта дауларды қарауды, төрелік ескертпе қарастырған. Төреліктің құрамы МКАС Регламентіне сәйкес (ХСП емес) қалыптасты. Бірінші сот отырысында талапты уақытында қабылдамаған жауапкер, төрелік құрамы төрелік келісімнің шарттарына қарамастан қалыптасқанына байланысты, төрелік құрамының құзыретінің болмауы туралы хабарлады.

Контрактінің ағылшын тіліндегі мәтінін оқып, шынында төрелік ХСП-ның регламенті бойынша жүргізілуі тиіс, бірақ МКАС орналасқан орында (at the location of the international commercial arbitration court) болуы тиіс деген сілтемені төрелік тапты. Айтып кеткенді ескеріп,

төрелік құрамы тараптар арасында пайда болған дауды өзі қарауға құзырлықсыз екенін таныды.Талапкер талапты ХСП жанындағы Халықаралық төрелік сотқа берді.

Сонымен бірге төрелік келісімде реттеле алатын күрделі мәселелерінің бірі - ол келісім-шартқа қолданылатын құқық. Егер тараптар материалдық құқықты таңдамаған жағдайда, бұл мәселені шешу едәуір дәрежеде дауды қараудың орнына байланысты. Бірақ мәмілеге төрелік орналасқан жердің құқығы қолданылады деп ойлауға болмайды. Төрелік дауды қараған кезде бұл елде әрекет ететін материалдық нормаларды емес, коллизиялық нормаларды қолданады. Бұл коллизиялық нормалардың негізінде, мәмілеге қолдануға тиісті материалдық құқық орнайды. Тараптардың өздерімен төрелік орны таңдалғанда және оны арбитрлер, тәуелсіз мекеме немесе оларды тағайындаушы ұйым жүзеге асырғанда, халықаралық жеке құқық бойынша шведтік мамандар оқиғалар арасында айырмашылық келтіреді. Шведтік коллизиялық құқық қағидалары басым болу керек деген пікірге, бірінші орында тәжірибемен қоса, сана қосылады. «Ал соңғы жағдайда шведтік нормалар жанама рөл атқарады, тіпті ешқандай рөл атқармауы да мүмкін»,- деп есептейді шведтік маман И. Гиллис Веттер. Егер тараптар Швецияны төреліктің орны етіп таңдаса, бірақ олардың контрактісіне қолданылатын құқыққа қатысты келіспесе, онда «шведтік төрешілер қолданбалы материалдық құқықты анықтау үшін, шведтік коллизиялық құқықты қолданады [11, с. 1].

Шведтік коллизиялық құқық келісім-шартты міндетпен өте тығыз байланысы бар мемлекеттің құқығын қолдану қағидасына негізделеді. Ad hoc төрелігінде дауларды қарау үшін ұқсас тәсіл тән.

Стокгольмның Сауда Палатасының Төрелік Институтының Регламентіне сәйкес (1999 жылы 1 сәуірде күшіне енді), тараптармен келісілген құқықтық нормалар немесе заңның негізінде дауларды арбитрлер шешеді және белгілі мемлекеттің заңдарына тараптардың қандай да болсын нұсқауы, бұл мемлекеттің коллизиялық нормаларына емес, материалдық құқығына сілтеме жасайды деп, түсіндірілуі тиіс (24-бап). Тараптар жиі қолданбалы құқыққа байланысты келісімге келмейді. Мұндай кезде төрелік құрамы нақты жағдайларда төрешілерге жарайтын болып көрінетін, құқық немесе құқықтық нормаларды қолданады, ал қандай да болсын құқықтық жүйенің коллизиялық нормаларына жүгінбейді. Мұндай ереже шетелдік қатысушыларымен дауларды

шешудің шведтік төреліктің тәжірибесіне қарсы тұрады, бірақ бұл салада соңғы халықаралық тенденцияларды бейнелейді [12].

1961 жылғы сыртқы саудалық төрелік туралы Еуропа Конвенциясының ережелеріне сәйкес (VII-бап, 1-т.), істі мәні бойынша қараған кезде, төрешілер контрактілердің талаптарына негізделуге міндетті және саудалық әдет-ғұрыптарды ескеру керек. Олар тараптар таңдаған құқықты қолдану тиіс, ал егер тараптар таңдамаса, бұл кезде төрешілер негізделетін және мұндай жағдайда төрешілер қолдануға тиісті деп есептейтін коллизиялық нормаға сәйкес қолдануға тиісті құқықты алады.

Төрелік регламент ЮНСИТРАЛ бұл мәселені ұқсас жолмен шешуге ұсыныс жасайды. Бұл Регламентке сәйкес (33-бап, 1-т.), дауды маңызы бойынша шешу кезінде, қолдануға тиісті ретінде тараптар келіскен құқықты, төрелік сот қолданады. Тараптар мұндай келісім болмаған кезде, коллизиялық нормаларға сәйкес анықталған, төрелік сот қолдануға тиіс деп есептейтін құқықты қолданады [13].

Жоғарыда көрсетілгендей, дауға бұл тараптардың қатысуымен төрелік сотпен қолдануға тиіс құқықты, сонымен қатар олармен жасалған келісімнен туындайтын тараптардың құқықтарын және міндеттерін қандай құқық реттейтінін тараптар анықтай алады және оларға анықтауға ұсыныс жасалады. Төрелік соттың қарауына берілмейтін даулар туындайтын кейбір құқық салаларын , мемлекеттердің құқықтық жүйелері қамтығандықтан бұл маңызды болады. Мысалы, еңбек даулары, банкроттық мәселелер бойынша істер. Мемлекеттің ұлттық - құқықтық мүдделері үшін сол немесе басқа құқық саласы қандай мүдде білдіретініне байланысты әртүрлі мемлекеттерде мұндай мәселелер бірдей емес.

Тараптар арасында жасалған келісім - шартты реттеуге арналған материалдық құқық анық білдірілген нысанда келісім-шартта көрсетілуі тиіс. Халықаралық коммерциялық төрелік туралы көптеген қазіргі заманғы заңдар тараптардың өздеріне материалдық құқықты таңдауға мүмкіндік беріледі. Егер төрелік тергеудің тараптары таңдамаса, онда коллизиялық нормалар қолданылады, яғни келісім-шартты реттеуі тиіс құқықты таңдау үшін, төрелік сот қолданбалы деп есептейтін (мұндай ережелер 1996 жылы «Төрелік туралы» Англия заңында бекітілген (46-бап, 1993 жылғы «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» РФ Заңы (28-бап). Коллизиялық нормалардың көмегімен таңдалған материалдық

құқық, төрелік тергеу жүргізетін сол құқықтық жүйеге ешқандай қатысы болмауы мүмкін [14].

Швейцарияда даудың маңызына қолданатын, материалдық құқықты анықтаудың басқа жолы бар. Егер төрелік тергеудің тараптары олардың келісім-шартына қолданатын құқықты көрсетпесе, онда 1987 жылғы «Халықаралық жеке құқық туралы» Швейцарияның заңына сәйкес (187-бап, 1-т.) іспен өте тығыз байланысы бар құқық қолданылады.

Қандай болсын мемлекеттің материалдық құқығы олардың келісім-шартына қолданбайтындығы және оның орнына төреліктің құрамына «бейбіт делдал» өкілеттігін беру және тараптар арасында пайда болған дауды ex aequo et bono , яғни «әділеттілік және қайырымды ар-ұят бойынша» шешілетіндігін, тараптар алдын-ала қарастыра алады. Контрактіні орындау кезінде жағдайлардың маңызды өзгеруіне қауіп төнген кезде, ұзақ мерзімді контрактілерде әдетте «әділеттілік және қайырымды ар-ұят бойынша» пайда болған дауларды шешу туралы ережелер қолданады.

Халықаралық сауда аясында төрелік келісімдерді жасау кезінде, төрелік келісімнің өзіне қолданатын құқықты анықтау маңызды рөл атқарады. Еуропалық Конвенцияға сәйкес (VI-бап, 2-т.) төрелік келісімнің орын алуы немесе күшінде болуы туралы мәселе бойынша шешім шығарған кезде, бұл мәселе қозғалған мемлекеттік соттарда, яғни егер мәселе тараптардың құқыққа қабілеттігімен байланысты болса, онда соттар оларға қолданатын заңға сүйену керек, ал басқа мәселелер бойынша: тараптар төрелік келісімді тәуелді еткен заңға; мұндай кезде нұсқау болмаса-шешім шығарылуы тиіс елдің заңына; тараптар төрелік келісімді тәуелді еткен заңға нұсқау болмаса, және егер бұл мәселе мемлекеттік соттың шешуіне ұсынылған кезде, төрелік шешім қандай елде шығарылуы тиіс екенін анықтауға мүмкін болмаса, онда іс қозғалған мемлекеттік соттың коллизиялық нормасы күшінде қолданатын заңға сүйенеді. Іс қозғалған сотта, төрелік келісім танылмайды, егер сот елінің заңы бойынша дау төрелік тергеудің пәні болмаса [15].

Төреліктің концепциясы тараптардың еріктерінің еркіндігі қағидасынан толығымен туындайды. Бұл қағиданы басшылыққа ала отырып, тараптар төрелік соттың шешуіне дауды беру туралы келісімде олардың дауы қарастырылатын тәртіп бойынша және сол тәртіпті анықтау үшін, мақсатқа сәйкес және міндетті деп есептейтін барлығын регламентациялай алады. Тараптар төрелік келісімге қолданылатын,

құқықтың міндетті нормаларымен ғана байланысты. Төрелік келісімнің факультативтік бөлігі тараптар тұрақты әрекет ететін төрелік сотты таңдайтынына немесе төрелік сот ad hoc шешуіне дауды беру туралы келісім жасағанына едәуір дәрежеде тәуелді болады.

Сондай жолмен, төрелік келісім тараптармен келісуі тиіс мәселелердің бірнеше санын өзіне енгізеді. Өйткені тараптармен өз уақытында реттелген бұл мәселелер, дау пайда болған кезде маңызды рөл атқара алады.

Төрелік жолымен дауларды шешуге беру мүмкіндігі, құқықтың көптеген жүйелерінің негізінде орын алған, келісім-шарттардың еркіндік қағидасының көрініс табуы болып табылады. Сонымен қатар төрелік соттың құзыреті, төрелік келісімде көрсетілген тараптардың еріктерінен туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сальвиа М. Прецеденты Европейского суда по правам человека. Руководящие принципы судебной практики, относящиеся к Европейской конвенции о защите прав человека и основных свобод. Судебная практика с 1960 по 2002 гг. – СПб.: Изд-во «Юридический Центр Пресс», 2004. – 394 с.
2. Зыкин И.С. Статус арбитра в международном коммерческом арбитраже // Третейский суд. – 2003. - № 1(25). – С. 92-96.
3. Плешанов А.Г. Диспозитивное начало в сфере гражданской юрисдикции: Проблемы теории и практики. – М.: Норма, 2002. – 352 с.
4. Морозов М.Э., Шилов М.Г. Правовые основы третейского разбирательства. – Новосибирск: Изд-во «Сибпринт», 2002. – 80 с.
5. Менглиев Ш.М. Арбитражное рассмотрение внешнеэкономических споров. – Душанбе: Эчод, 2009. – 412 с.
6. Арбитражный процесс:Учебник. / Под ред. В.В. Яркова. – М.: Юристъ, 2000. – 480с
7. Ануров В.Н. Роль международных договоров в формировании современной концепции международного коммерческого арбитража: дисс. … канд. юрид. наук – М.: МГЮА, 2000. – 188 с.
8. Тарасов В.Н. Третейский процесс. – СПб., 2002. – 425 с.
9. Алексеев С.С. Право: азбука – теория – философия: Опыт комплексного исследования. – М.: Изд-во «Статус», 1999. – 712 с.
10. Шерстюк В.М. Развитие принципов арбитражного процессуального права. – М., 2004. – 160 с.

11. Дуйсенова А.Е. Участие третьих лиц в арбитражном (третейском) разбирательстве // arbitrage.kz – 15 с.
12. Муранов А.И. Советское наследие в понятии «арбитраж» и его влияние на обязательства России перед ВТО применительно к сфере оказания платных юридических услуг: неточность Министерства экономического развития и торговли России // Третейский суд. – 2008. – № 1. – С. 6-20.
13. Богуславский М.М. Международное частное право: Учебник. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрист, 1998. – 408 с.
14. Комаров А.С. Международный коммерческий арбитраж и государственный суд // Закон. – 2003. – № 2. – С. 76-80.
15. Международный коммерческий арбитраж: сб. статей и документов (на рус. и англ. яз.) / Отв. ред. Грешников И.П. – Алматы: Юридический центр «IUS», 2002. – 515 с.

АРБИТРАЖНОЕ СОГЛАШЕНИЕ КАК ОСНОВА ДЛЯ РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ

Нұртуған Темірлан Нұрлыбекұлы
Магистрант 1-курса, специальнсти «6М030100-Юриспруденция», Университета
им.Сулеймана Демиреля, Каскелен, Республика Казахстан.

Аннотация: В данной статье рассматриваются вопросы правового регулирования арбитражного соглашения как основание для разрешения спора. Арбитражное соглашение является эффективным инструментом для разрешения споров в будущем. Арбитражное разбирательство не может быть начато, если арбитражное соглашение не будет принято.

Ключевые слова: Арбитражное соглашение, арбитраж, договор, арбитражное расследование.

ARBITRATION AGREEMENT AS A BASIS FOR DISPUTE RESOLUTION

Nurtugan Temirlan Nurlybekuly
Student of 1st grade of master of law, Suleyman Demirel University, Kaskelen,

Republic of Kazakhstan

Annotation: In this article, arbitration agreements should be established as an effective tool to ensure that disputes arise or become apparent in the future. Arbitration proceedings can not be initiated unless an arbitration agreement is adopted. The arbitration agreement is concluded with an authorized person, such as any other contract.

Key words: Arbitration agreement, arbitration, contract, arbitration investigation

10.77.21

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

Орман Абай Аманғалиұлы

Сулейман Демирель атындағы Университеті

Аңдатпа: XXI ғасырда тәуелсіздікке қол жеткізген еліміз дамып, көптеген белестерді бағындырып, алға әлі де көптеген жоспарлар құруда. Алайда алуан түрлі бағытта дамудың бірден бір кілті - саналы ұрпақта деп түсінуіміз керек. Әр елдің болашағы оның жастарының қолында деп білсек, соның ішінде жас бүлдіршіндердің дұрыс бағытта дамуының мағыздылығын байқай аламыз. Қазіргі әлемдік қауымдастыққа көз жүгіртсек оның дамуы тікелей балалар құқығы мәселесімен ұштасқанын байқауға болады. Алайда, заманның тоқтаусыз дамуы қарсаңында ақпараттық кеңістіктің де қарқынды етек жаюы балаларға өзінің кесір-кесапатын да тигізіп жатыр. Әлеуметтік желілер мен алуан түрлі сайттарда кәмелетке толмаған балалардың құқықтары тапталып, әлі жетіле қоймаған жас сана-сезімдері зиянды ақпараттармен былғануда. Енді ғана өмірдің қызығын сезіне бастаған, үлкен өмірдің қыр-сырын білмейтін жас жеткіншектердің жарқын болашағының тамырына балта шауып, моральдік тұрғыда санасын зақымдайтын әр түрлі қитұрқы сайттар мен әлеуметтік желілерге тосқауыл қойып, еліміздің болашағы – жастарымызды қорғап қалу мақсатында ақпараттық кеңістікте бала құқықтарын қылмыстық – құқықтық қорғаудың мемлекет алдындағы аса маңызды міндет екені айдан анық.

Кілт сөздер: Бала құқығы, ақпараттық кеңістік, қылмыстық-құқықтық қорғау, зиянды ақпарат, ратификацияланған заңнамалар, суицид оқиғалары, алдын-алу шаралары, виртуалдық өмір.

1989 жылы 20 қарашада БҰҰ-ның мүше мемлекеттерімен «Балалар құқығы жөніндегі конвенцияға» қол қойылды. Балалар құқығын қорғаудың заңнамалық тұрғыда дайындалғаны, қазіргі таңда әр жылдың бірінші маусымы күні әлем бойынша тойланатын балалар күнінің пайда болуына септігін тигізді. Сондай-ақ дәл осы күн болашақта адамгершілікке, әділдікке, баянды өмірге толы қоғам құру үшін оның негізі – балалардың қамын жасаудан туындайды деп шешкен. Нью-Йоркте 1994 жылы 16 ақпанда 1989 жылы 20 қарашада қабылданған Бала құқығы туралы конвенция ратификацияланды. 1998 жылы 17 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекет басшысымен "Неке және Отбасы" туралы заңға қол қойылды. Онда БҰҰ конвенциясындағы

талаптарға сәйкес отбасы жағдайындағы бала құқығы бұзылмауының кепілі ретінде арнайы "Бала құқығы" деген 9-шы тарау қарастырылған болатын. Еліміздің Қылмыстық, Қылмыстық процестік кодекстері конвенцияның нормалары мен қағидаттарына сәйкестендірілген. Қылмыстық кодексте отбасы мен кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар үшін жауаптылықты қарастыратын нормаларға, өз алдына бір тарау арналған. Сонымен қатар бірқатар бала құқықтарының сақталуына бағытталған заңдар қабылданды. Соның бірі 2002 жылы тамыз айында «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» ҚР Заңы шықты. Заңның екінші тарауының, алтыншы бабында балалар мүддесі үшін мемлекеттік саясат мақсаттары аталды. Бұл:

1) балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қамтамасыз ету, олардың бөлінушілігіне жол бермеу;

2) балалардың негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін жеңілдету, сондай-ақ олардың құқықтарының бұзылған жағдайында қалпына келтіру;

3) балалар құқығының заңды негіздерін кепілдендіруді қалыптастыру, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша сәйкесінше органдар және ұйымдар құру;

4) балалардың физикалық, интеллектуалдық, рухани және адамгершілік дамуына, оларда патриоттылықты тәрбиелеуге көмектесу;

5) кәмелеттік жасқа толмағандардың құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін қалыптастыру бойынша мақсатты бағытталған жұмысты қамтамасыз ету.

Балалар құқығының қорғалу деңгейі – кез-келген өркениетті қоғамның, мемлекеттік саясаттың әлеуметтік бағыттылығының басты индикаторы. Бала – бұл көпшілік жағдайда әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықтан жапа шегетін азаматтар санаты.

Қазіргі әлемдік қауымдастықтың дамуы балалар құқығы мәселесіне көбірек көңіл бөлу керек екендігін анықтап отыр. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы - адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандығы ең жоғарғы құндылықтар деп жариялайды. Адам құқығы мен бостандығының заңдылық тұрғыда бекітілуі, олардың қамтамасыз етілуі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени т.б. жүйелердің қалыптасып, динамикалық дамуының қажетті шарттары болып табылады. Адам құқығы, оның қамтамасыз етілуі – әлемдік тұрақты даму стратегиясының маңызды факторы болатын демократиялық, құқықтық құндылықтарға негізделген мемлекет дамуының түпкілікті мақсаты және басты нәтижесі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік пен егемендігін паш етіп, өзін құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп бекітіп, қоғам өмірінің экономикалық, саяси, әлеуметтік саласына елеулі өзгерістер енгізді -

нарықтық экономиканы, көппартиялық жүйені қалыптастырды, қоғамдағы көптеген демократиялық және құқықтық институттарды қалыптастырды.

Елімізде бала құқықтарын қорғайтын бірнеше заңнамалар қабылданып, кәмелетке толмағандардың құқықтық санасын қалыптастыру жолында талай жұмыстар жасалды. Алайда технологиялармен қатар, қазіргі заманда өзекті мәселелерде алуан түрлі өзгерістерге ұшырады. Әлемде болып жатқан алуан түрлі өзгерістер ең бірінші қоғамның мүшесі болып табылатын жастарға, соның ішінде балаларға әсер етеді. Оның бірден-бір себебі баланың психологиялық тұрғыдан жетілмеуі және тұрақты қалыптаспауы. Тұлғаның қалыптасуына макро және микро орта әсер етеді. Оның ішінде макро ортаға қазіргі ақпарат көздері болып табылатын телеарналар және интернет желісін жатқызуға болады. Заманның қарқынды дамуы, жаңа технологиялармен ақпараттардың таралу әдістерінің алуан түрге ие болуы, балалардың қауіпті зиянды ақпараттарға емін еркін қол жеткізуіне мүмкіндік туғызды. Сол себепті интернет қазіргі жастардың ең сүйікті ермегіне айналып кетті. Мұнда назар аударатын жайт балалардың психикасының толыққанды қалыптаспағандығы және сүзгісіз ағылып жатқан ақпараттан қорғаусыз болуы.

Қазіргі кезде көптеген жасөспірімдер өздерінің дамуында жағымсыз жағдайларға, отбасы дамуында және қоғам бақылауынан тыс қалуына байланысты, жағымсыз макроортаның әсер етуі, әсіресе зиянды ақпараттың әсер етуіне байланысты қылмыс жолына,суицидке,рухани құндылықтары жоғалған құлдырау жолына түсіп жатыр. Нақтылап айтсақ ашық мәліметтер заманында (интернет, телеарналар,онлайн ойындар, мультфильмдер мен қарапайым ертегілер) сүзгісіз ағылып жатқан сан алуан керектіде керексізде ақпарат көздері және олардың бала санасына тигізетін әсері бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Оның ішінде тек жеке өзі емес, балалар санасына тигізетін әсері және оған қарсы алдын-алу шарасы ретінде қолданылатын біздің заңнамамыздың өзекті тұстары. Бұл мәселенің өзекті болуына қазіргі уақытта елімізде жасөспірімдер арасындағы қылмыстың, суицидтің өсуі әсер етеді.

2002 жылғы ТМД мемлекеттері криминологтарының Санкт-Петербургтегі конференциясында «Криминологияны қылмыстық-құқықтық циклдағы пәндердің методологиясы деп тану керек» деген тезис жарияланды. Яғни криминология қылмыстылық әлемінде төніп тұрған қауіпті уақытынан бұрын байқап, зерттеп, оны алдын алу шараларын ұсынатын, бірден бір салааралық, даму үстіндегі ғылым болып табылады. Жиырма бірінші ғасырдың дерті сүзгісіз ағылып жатқан зиянды ақпарат. Оның бірден-бір құрбаны қоғамның ең әлсіз мүшесі

болып табылатын, тұлға ретінде әлі толық қалыптаспаған жас буын, яғни кәмелет жасқа толмаған бүлдіршіндер.

Заманның қарқынды дамуы, жаңа технологиялармен ақпараттардың таралу әдістерінің алуан түрге ие болуы, балалардың қауіпті зиянды ақпараттарға емін еркін қол жеткізуіне мүмкіндік туғызды.Бұл ақпараттық қауіпсіздіктің жетілмеуінің салдары. Ақпараттық қауіпсіздік дегеніміз мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделері қорғалуының жай-күйі.

Мұнда назар аударатын жайт балалардың психикасының толыққанды қалыптаспағандығы және сүзгісіз ағылып жатқан ақпараттан қорғаусыз болуы. ҚР 1994 жылы ратификациялаған "Бала құқығы туралы" конвенцияда "бала туылғанға дейін, сондай-ақ туылған соң да тиісті құқықтық қорғауды қоса алғанда, оның тәні мен ақыл-есінің жетілмегендігіне байланысты арнайы қорғау мен қамқорлықты қажет етеді" делінген.

Заңнамамызда тән саулығын қорғайтын баптар көрсетілген болса (денсаулықты қорғау, материалдық жағдайды қамтамасыз ету), рухани саулықты қорғайтын және қамтамасыз ететін заңдар жоқтың қасы. Қоғам бұған көңіл аударғанымен, қауіптің қаншалықты үлкен екеніне мән беріп тұрған жоқ.Бұл біздің қоғамымыздың ең үлкен мәселесі. Егерде бұл тақырыпты зерттемей тек ашық қалдырсақ, әлі талай бүлдіршіндерді рухани мүгедектерге айналдырамыз.

Интернет – электрондық ақпараттық ресурстарды жіберуге арналған телекоммуникациялардың біріктірілген желілерінің және есептеу ресурстарының дүниежүзілік жүйесі.

Әлем тәжірибесін салыстырмалы түрде қарастырар болсақ, Солтүстік Америкадағы «бірлескен құқық» (collaborative law) және Канададағы «партисипативтік әділет» (justice participative) қолданудың жақсы тәжірибесін көре аламыз. Ал партисипативтік рәсімді Францияда қолдану туралы ұсыныс ең алғаш Сержа Гиншараның басқаруымен комиссияның баяндамасында көрініс тапты/1/. 2010-2011жж. Францияда дауды реттеудің балама рәсімдеріне қатысты соңғы әрі ауқымды реформа жүргізілді. Оның нәтижесінде партисипативтік рәсім секілді жаңа дауды реттеудің балама түрі қалыптасып заңнамамен бекітілді.Францияның азаматтық процессуалдық кодексі дауларды реттеудің баламалы әдістерінің осы түрін қолдануға жататын келесі ережелерден тұрады:жалпы ережелер (1542, 1543 бб.);дауларды реттеуде (конвенциялық процедуралар) (1544, 1546 бб.) тараптардың келісімін іздеу бойынша партисипативтік процедурасын жүргізу тәртібі және басшылық бастамасы;партисипативтік процедурасын тараптардың жүргізуі барысында маманды (сарапшы) қатыстыру мәселесі (1547, 1554 бб.);тараптармен дауларды реттеудің партисипативтік процедурасын өткізуінің қорытындылары (1555 б.);тараптардың келіспеушіліктерін толығымен реттеу партисипативтік процедурасын жүргізудің қорытындысы бойынша қол жеткізген келісімдерді тараптардың келісімін сотпен бекіту процедурасы (1557 б.);партисипативтік процедурасын жүргізудің қорытындысы бойынша тараптардың келісімін жарым-жартылай реттеу бойынша қол жеткізген келісімдерді сотпен бекіту процедурасы және келісімнің реттелмеген бөлігіндегі дауларды шешу және соттың қарастыру процедурасы (1558, 1564 бб.) /2/.

Ал ҚР АПК партисипативтік рәсімдердің талаптары, ерекшеліктері және олардың тәртібі көрсетілген нормалардың барлығы 17-тарауға жинақталмаған. Партисипативтік рәсім ҚР АПК-інің құрылымында

логикалық түрде әркімнің өз құқықтарын қорғауды жүзеге асыра алу кезеңдерін есепке ала отырып, жалпыдан жекеге өту тәртібінде орналасқан. Яғни тараптардың дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттей алу құқығынан бастап, татуластыру рәсімдерін жүргізу тәртібі 17-тараумен жалғасып, одан кейін істі қайта қарау сатыларындағы партисипативтік рәсімнің қолданылуы көрсетіледі.

Ең алдымен ҚР АПК 24-бабы соттың ведомстволығына жататын, азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған дауды тараптардың жазбаша келісімі бойынша партисипативтік рәсім тәртібімен шешілу мүмкіндігін сипаттайды. Бұл ҚР Конституциясында кепілдік берілген әркімнің өз құқықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау мүмкіндігін азаматтық процесте іске асыруды білдіреді. ҚР АПК 48-бабы бойынша партисипативтік тәсілмен дауды шешу мүмкіндігі тек тараптардың (талап қоюшы мен жауапкер)келісімімен ғана жүзеге асырылады. Дегенмен 48-баптың 2-тармағы бұл келісім заңға қайшы келген немесе басқа тұлғаның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда, соттың тараптар таңдаған дауды шешудің осы партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекітпеу қажеттігін көрсетеді. Аталған баптың мәні 17-тарау 175-б. 2-3-т.т. да көрсетіледі. Яғни соттың келісімді бекітуі судья келісімнің заңдылық пен өзге тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзбауын тексеруімен байланысады. Алайда мұндай сипаттағы келісімді жасау тек тараптардың еншісінде екендігі өзгертілмейді. Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалардың, істің сотта қаралуы өз құқықтарына немесе міндеттеріне әсер етуі мүмкін болғанда, өзі қатысатын тараптың процестік құқықтары мен міндеттерін атқара алатынына (ҚР АПК 52-б. 3-т.), талап қою берген прокурор (ҚР АПК 54-б. 5-т.) жәнебөгде мүдделерді қорғау үшін талап қойған адамдар (ҚР АПК 55-б. 3-т.) барлық процестік құқықтарды пайдалана алуларына қарамастан, олардың партисипативтік рәсім бойынша келісімге келу құқығының жоқтығын белгілейді.

Партисипативтік рәсім тәртібімен дауларды реттеудің ерекшелігі және артықшылығы ретінде адвокаттардың тараптарға білікті құқықтық көмек көрсетуін атай аламыз. Бұл көмек түрі тек дауды реттеудің ыңғайлы нұсқасын табумен ғана емес, дауды реттеу туралы келісім мәтінін құрастыруда заңдылықты сақтауда да мағынаға ие. Медиациялық келісім мәтіні мен мазмұны қолданыстағы заңнамаға сай болмағандықтан сотпен бекітілмейтін жағдайлар кездессе, партисипативтік рәсімге келгенде адвокаттар сенім білдірушісінің барлық құқықтық салдарларын ескеруі қажет. Ал бұл өз кезегінде келісімнің орындалуы мен тараптардың қанағаттануын жеңілдетеді /3/. ҚР АПК 60-бабына сәйкес тапсырма боынша өкілдің өкілеттіктеріне кірмейтін процестік

әрекеттердің арасында дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасау көрсетілген. Осы баптың үшінші тармағы аталған өкілеттікті өкілдік беруші (яғни тараптар: талап қоюшы немесе жауапкер) өз өкіліне берген сенімхатында арнайы көрсетуі тиіс. ҚР АПК 176-бабының 1-тармағында да татуласу келісімдеріне тараптар немесе олардың өкілдері оларда сенімхатта арнайы көзделген татуласу келісімін жасауға өкілеттіктері болған кезде ғана қол қоятыны айтылған. Партисипативтік рәсімде адвокат келіссөз жүргізу барысында тараптан, мемлекеттек органнан, өзгеде заңды, жеке және лауазымды тұлғалардан тәуелсіз болуы керек. Адвокат келіссөздің әдісі мен құралын ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» заңына және Адвокаттардың кәсіптік әдебі кодексіне сәйкес өзбетінше таңдайды. Ол сенім білдірушісінің мүддесіне сай болуы және партисипативтік рәсім шегінде келіссөз жүргізілуі керек. Адвокаттың келіссөз жүргізуіне кедергі келтіретін жағдайлар орын алғанда, ол бұл туралы өзінің сенім білдірушісіне хабарлауы қажет. Партисипативтік рәсім шегінде келіссөз жүргізу барысында адвокаттың қызметіне араласушылыққа жол берілмейді.

Дауларды реттеудің балама тәсілдерінің қатарында партисипативтік тәсіл де өз кезегінде тек соттардың ауыртпалығын азайтып қана қоймай, тараптардың шығынданбауын да реттейді. Оған дәлел ретінде ҚР АПК бекітілген құқықтық норманың іс жүзіндегі тараптардың конституциялық құқықтарын бұзбай, тұрақты қатынастарын сақтау, кикілжіңді өзара реттеу, сот шығыстарын мемлекеттік бажды қайтару арқылы азайту сипатындағы көрінісін айта аламыз. ҚР АПК 115-бабының 2-тармағы бойынша тараптар бірінші, апелляциялық сатылардағы соттар бекіткен дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасқан кезде, төленген мемлекеттік баж 100% бюджеттен қайтарылуға жатады. Ал кассациялық сатыдағы сотта – төленген мемлекеттік баж кассациялық сатыдағы сотқа жүгіну кезінде төленген соманың 50% мөлшерінде бюджеттен қайтарылуға жатады. Басқа сот шығыстарын сот дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің шарттарына сәйкес тараптар арасында бөледі. Тараптар арасында бұлай бөлу диспозитивтілік қағидасына сай орындалады. Келісімдерде мұндай нұсқау болмаған жағдайда, олар өзара өтелген деп есептеледі. ҚР АПК 177-б. 5-т. 4) тармақшасында дапартисипативтік рәсім бойынша келісім жасасқан кездегі бюджеттен қайтарылатын мемлекеттік бажды көрсетеді. 25 желтоқсан 2017 жылғы № 120-VI ҚР Заңы негізінде қабылданған Салық және бюджетке төленетінбасқа да міндетті төлемдер туралы Кодексінің 108-бабы 1- тармағы 3) тармақшасына сәйкес, төленген мемлекеттік баж сомасының қайтарылуы ерекшеліктерінде ішінара немесе толықтай қайтарылуға жататын төленген мемлекеттік баждар тізімінде істің партисипативтік рәсім тәртібімен келісімге келу арқылы

реттелуі көрсетіледі. Республика бойынша дәл осы баптардың орындалуы жөнінде статистикалық ақпараттардың орталықтандырылған жинақталған көзі жоқ болғанымен, келесідей жекелеген мәліметтерді тірек ете аламыз. Шығыс Қазақстан облысының Мамандандырылған Ауданаралық Экономикалық Сотында (МАЭС) 2017 жылы қыркүйегіне дейін партисипативтік рәсім тәртібімен 36 келісім бекітіліп, 24 036 903 теңге көлемінде мемлекеттік баж қайтарылған/4/. Солтүстік Қазақстан облысында МАЭС тараптардың партисипативтік рәсім тәртібімен дауды шешу туралы келісіміне орай істің тоқтатылуына байланысты мемлекеттік баж көлемін қайтарады/5/.

ҚР АПК 145-б. 1-т. 5) тармақшасы бойынша тараптардың тапсырма шарты негізінде адвокаттың немесе адвокаттар мен тараптардың қатысуымен партисипативтік рәсім тәртібімен жасалған дауларды реттеу туралы келісімдерді орындау жөніндегі істер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

ҚР АПК 165-бабының 1-тармағында көрсетілген судьяның істі сот талқылауына дайындау барысында осы баптың 5) тармақшасы негізінде тараптарға дауды шешудіңөзге жолдарымен бірге дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен шешу құқығын және олардың құқықтық салдарын түсіндіреді. Аталған баптың 1-т. 15) тармақшасы судьяның егер тараптар арасында сотқа дейін реттеу тәртібімен партисипативтік рәсім жүргізілген жағдайда тарапты оны жүргізу барысында алынған құжаттарды және дәлелдемелерді ұсынуға міндеттейтіні айтылады.

Істі сотта талқылау барысында төрағалық етуші судья іске қатысушы тараптарға дауды шешудің заңда белгіленген басқа тәсілдерімен бірге партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен шешу құқығын және олардың құқықтық салдарын түсіндіреді (ҚР АПК 194-б.).Істі мәні бойынша қарау төрағалық етушінің талап қоюшының өзінің талаптарын қолдайтынын не қолдамайтынын, талап қоюшының талаптарын жауапкердің мойындайтынын не мойындамайтынын және тараптардың істі татуласу келісімімен аяқтауды немесе істі төреліктің қарауына беруді не дауды (жанжалды) медиация тәртібімен не партисипативтік рәсім тәртібімен немесе заңда белгіленген басқа тәсілмен шешуді қалайтынын не қаламайтынын анықтауынан басталады (ҚР АПК 201-б.). Аталған түсіндірме жұмыстарының мәні ҚР АПК 17-тарау 174-бабының 1-тармағында көрсетілген соттың тараптардың татуласуы үшін шара қолданып, жәрдемдесуіне саяды. Бұл жалпы азаматтық іс жүргізудің міндеттерінен туындайды.

Сотта партисипативтік рәсім жүргізілген жағдайларда сот ҚР АПК 273-бабының 7) тармақшасы негізінде жауапкердің арызы бойынша немесе өз бастамасымен іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұра алады.

Мұндай жағдайда іс жүргізуді тоқтату мерзімі (ҚР АПК 274-б. 7)-т.) партисипативтік рәсім тоқтатылғанға дейін созылады.

Егер ҚР АПК 277-бабында көрсетілген мына негіздер орын алған жағдайда: 2) тармақша негізінде сол тараптардың арасындағы дау бойынша сол нысана туралы және сол негіздер бойынша дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді орнықтыруына байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сот ұйғарымы болса немесе6) тармақша бойынша тараптар дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса және оны сот бекітсе сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

ҚР АПК 410-бабына сәйкес тараптар апелляциялық шағым жіберілгеннен кейін даудыпартисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім апелляциялық сатыдағы сотқа жолданған арыздарда көрсетілуі тиіс. Апелляциялық сатыдағы сот осы дау бойынша істі ҚР АПК 17-тарауының тәртібімен қарайды. Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім апелляциялық сотпен бекітілген жағдайда сот шешімінің күшін жояды және ҚР АПК 277-бабының 6) тармақшасында белгіленген негіз бойынша іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.Егер апелляциялық сатыдағы сот партисипативтік рәсім тәртібімен дауды реттеу туралы келісімді бекітпесе апелляциялық шағым мәні бойынша қаралады. Аппеляцилық тәртіппен қаралған істер жөнінде ақпараттық мақалаларды қарастыра отырып, келесідей мысалдарға куә бола аламыз. 2017 жылы Батыс Қазақстан облыстық соты апелляциялық сатыда алимент өндіріп алу туралы іс бойынша тараптардың партисипативтік келісімін бекітті/6/. Оңтүстік Қазақстан облысында да кәмелетке толмағандарға қатысты іс бойынша аппеляциялық сатыда партисипативтік келісімге келу арқылы дауды сотта қарауды тоқтатқан жағдай орын алған /7/. Ақтөбе облыстық сотында мұраға байланысты дауды апелляциялық сатыда тараптардың партисипативтік келісім негізінде істі тоқтату орын алған. Мұндағы тараптардың келісімге қол жеткізуі олардың туыстық байланыстарының болуымен және адвокаттардың көмегіне сүйенуімен түсіндіріледі/8/.

ҚР АПК 434-бабының 2-тармағы 2)тармақшасында көрсетілгендей дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқталған істер бойынша сот актілері кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайды.

ҚР АПК 447-бабында кассациялық сатыда дауды партисипативтік рәсім тәртібімен шешу қарастырылған. Өтінішхат берілгеннен, ұсыну немесе наразылық енгізілгеннен кейін жасалған тараптардың дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімі кассациялық сатыдағы сотқа жазбаша нысанда ұсынылуға тиіс. Тараптардың дауды осы рәсім бойынша шешу туралы келісімін сот ҚР АПК 179 және 181-

баптарының қағидаларына сәйкес қабылдайды. Сот отырысында сот тараптардың аталған келісімін бекіткенге дейін тараптарға олардың процестік әрекеттерінің салдарларын түсіндіреді. Тараптардың дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту кезінде кассациялық сатыдағы сот сот актілерінің күшін жояды және іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады. Және кассациялық сот ҚР АПК 451-бабы негізінде өтінішхатты, ұсынуды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша қаулы шығарып, кеңесу бөлмесінде бірінші немесе апелляциялық сатыдағы соттардың шешімінің, қаулысының және ұйғарымының күшін толық не бір бөлігінде жою және дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің бекітілуіне байланысты осы Кодекстің 277-бабында белгіленген негіздер бойынша іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Партисипативтік рәсімдер жоғарыда сарапталған баптардан бөлек арнайы татуластыру рәсімдері көрсетілген 17-тарауда көрсетіледі.

Азаматтық процесте партисипативтік рәсім – бұл тараптардың өзара тиімді шешімге қол жеткізу мақсатында, соттың қатысуынсыз, олардың адвокаттарының міндетті қатысуымен тараптар арасындағы дауды реттеудің келіссөз процесі; және ол тараптың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылады. Іс бойынша тарап және олардың адвокаты партисипативтік рәсімнің қатысушылары болып табылады. Партисипативтік рәсімнің тараптары жеке тұлға да, заңды тұлға да бола алады. Партисипативтік рәсімнің қолданылу аясына, егер заңда өзгеше көзделмесе, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын істерден басқа, талап қою ісін жүргізудің азаматтық, еңбек, отбасы және басқа құқық қатынастан туындайтын кез келген азаматтық-құқықтық даулар жатады (ҚР АПК 174-б. 3-т.). Бұл норма үшінші тараптың құқықтарын қорғау мақсатында айтылады.

Партисипативтік рәсім тәртібімен дауды реттеу бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейінгі сот талқылауының кез келген сатысында, сондай-ақ сот актісінің орындалуы кезінде жасалуы мүмкін (ҚР АПК 175-б. 1-т.).

Партисипативтік рәсімді жүргізудің теріс нәтижесі болып тараптардың партисипативтік рәсім тәртібімен келісімге қол жеткізе алмауы табылады, мұндайда істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі. Ал рәсімнің оң нәтижесіне соттың қатысуынсыз, тараптардың адвокаттарының қатысуымен келіссөздер өткізу арқылы тараптармен қол жеткізілген партисипативтік рәсім шегінде дауды реттеу туралы жазбаша келісім жатады. Келісім орындау мерзімі мен тәртібі көрсетіле отырып, тараптар келіскен шарттарды қамтуға тиіс және олар нақты, түсінікті әрі орындала алатын болуы қажет. Келісімде жауапкердің міндеттемелерді орындауын кейінге қалдыру немесе ұзарту, талап ету құқығын басқаға

беру, борышты толық немесе ішінара кешіру не мойындау, сот шығыстарын бөлу, татуласу келісімін мәжбүрлеп орындау туралы шарттар және заңға қайшы келмейтін өзге де шарттар қамтылуы мүмкін.Келісімді бекіту туралы ұйғарымның сот шешімімен тең күші болғандықтан, келісім орындалмаған жағдайда атқару парағын алу арқылы мәжбүрлеп орындау мүмкіндігі бар. Атқару парағын алу бойынша сотқа жүгінудің негізі болып келісімде көрсетілген мерзімнің өтуімен қарсы тараптың өз міндеттерін орындамауы болып табылады.

Татуласу келісімін кейінге қалдыру шартымен жасауға жол берілмейді. Себебі азаматтық құқықта кейінге қалдыру шарты сол жағдайда міндеттер мен құқықтардың туындау не туындамау мүмкіндігіне тәуелді түрде түсіндіріледі. Ал партисипативтік келісім белгілі бір бар дауды шешу мақсатында жасалып, бұл міндеттер мен құқықтарды орнатып қояды.

Татуласу келісімі татуласу келісімін жасасқан тұлғалардың санынан бір дана артық жасалады және оған қол қойылады. Татуласу келісімін бекіткен сот осы даналардың біреуін іс материалдарына қоса тіркейді.

Сот тараптардың татуласу келісімін бекітуі туралы өтінішхатын сот отырысында қарайды. Іске қатысатын адамдар сот отырысының өтетін уақыты мен орны туралы хабарландырылады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған тараптар сот отырысына келмеген жағдайда, сот татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатты қарамайды. Себебі қатыспаған тараптың келісімнің барлық шарттарымен танысқаны жөнінде сот сенімді болуы қажет. Бірақ өтінішхатты тараптың қатысуынсыз қарау туралы келісімнің талаптарымен таныс екендігі көрсетілген арыз болған жағдайда сот тараптардың қатысуынсыз қарай алады. Сот татуласу келісімін жасаудың құқықтық салдарын ол бекітілгенге дейін тараптарға түсіндіреді. Бұл заңдылық пен тараптардың, үшінші тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің бұзылмауын қамтамасыз ету мақсатында жасалады. Соның негізінде сот қарау нәтижелері бойынша татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату немесе заңға қайшы келсе немесе басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса татуласу келісімін бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады (яғни олардың адвокаттарының қатысуымен тараптар арасындағы рәсімді аяқтағаннан кейін судьямен шығарылатын сот актісі).

Соттың татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарымында келесілер көрсетіледі: татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату; татуласу келісімінің шарттары және оны орындау мерзімдері; сот шығындарын бөлу; талап қоюшы төлеген мемлекеттік бажды оған бюджеттен қайтару.

Партисипативтік рәсім тәртібімен жасалған келісімді оны жасасқан тұлғалар осы келісімде көзделген тәртіппен және мерзімдерде ерікті түрде орындайды. Ерікті түрде орындалмаған татуласу келісімі татуласу келісімін жасасқан тұлғаның өтінішхаты бойынша сот берген атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады. Бұл жағдайда сот отырысы жүргізілмейді және сот әрекеттері шағымдануға жатпайды.

Жоғарыда сарапталған ҚР АПК 174-179 баптар татуластыру рәсімдерінің жалпы ережелері болып табылады және партисипатиівтік рәсімдерге қатысты толықтай қолданылады. Ал партисипативтік рәсім тәртібімен дауларды реттеудің жекелеген нормалары болып ҚР АПК 181-182 баптары саналады. 181-бап бойынша партисипатиівтік рәсімдер қағидалары мен 179-бапта көрсетілген медиация қағидалары ортақ болып табылады. Ерекшелігі ретінде екінші тармақтағы адвокаттардың дауды реттеуге жәрдемдесуі мен келіссөздер арқылы судьясыз өтетін рәсім екендігін айта аламыз. Ескеретін жәйт, медиация рәсімін судья да атқара алады. 182-бап негізінде дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім және оны орындау ережелері жоғарыда талданған жалпы ережелердің, 176-178 баптар негізінде жүзеге асырылады.

Партисипативтік рәсімнің тараптары сотқа жазбаша түрде алдын ала ескертіп, рәсім барысындағы өзара келіссөзден кез-келген сатысыда бас тартуға құқылы. Партисипативтік рәсім барысында тарап сотқа берілген талаптың негізі мен пәнін өзгертуден басқа, өз қалауы бойынша өзінің материалдық және процессуалдық құқықтарына билік етуге, талаптың мөлшерін азайтуға не көбейтуге және даудан бас тартуға құқылы. Тараптар өзара тиімді келісімнің нұсқаларын талқылау үшін сұрақтарды таңдауда еркін. Тараптар партисипативтік рәсімде адвокатты және өзін қорғаудағы құрал және тәсілді таңдауда, ондағы өзінің ұстанымын анықтауда, ақпаратты алуда, дауды реттеу туралы келісім тараптарының тиімділігін бағалауда тең құқылы және тең жауапкершілікке ие.

Партисипативтік рәсім тараптармен келісілген тәртіп бойынша жүргізіледі. Тараптар өздерінің қалаулары бойынша партисипативтік рәсімді жүргізетін орынды, оны өткізетін күн мен уақытты анықтайды және рәсім барысында қолданылатын тілді не тілдерді келіседі. Тараптар арасында татуласу келісімі жасалған жағдайда, ол азаматтық сот өндірісі жүргізілген тілде құрылуы керек.

Тараптың партисипативтік рәсімге жүгінуіне ұсыныс басқа тараптың, соттың және адвокаттың өтінішімен жасалуы мүмкін. Азаматтық сот өндірісі шегінде партисипативтік рәсімді жүргізу тараптардың бірі осы туралы сотқа арызданған не сотпен әрекет етуші азаматтық процестік заңнаманың шегінде ақылға қонымды мерзім ішінде осы рәсімнің шегінде келіссөз жүргізу ұсынылған күннен басалды деп есептелінеді.Егер тараптардың бірі партисипативтік рәсімді жүргізу

туралы ұсынысты жазбаша нысанда жіберіп, келіссөз жүргізуге басқа тараптан ақылға қонымды мерзім ішінде ұсынысқа келісімді алмаса, онда ол бас тартылған болып есептелінеді.

Партисипативтік келіссөзді жүргізу үшін тараптар бір немесе бірнеше адвокатты таңдайды. Адвокаттар алқасы лайықты адвокатты (адвокаттарды) ұсына алады, егер алқаға тараптардан осындай өтініш келіп түссе.

Азаматтық сот өндірісі шегінде азаматтық істі қарау мерзімі талаптарын ескере отырып, тарап өзара келісіммен партисипативтік рәсімді жүргізу мерзімін анықтайды.

Егер адвокаттың қатысуымен партисипативтік рәсім азаматтық процестен тыс жүзеге асырылса, онда дау тараптарының келісімі бойынша тарап және олардың адвокаттары келіссөзді аяқтау мерзімін бекітеді.

Партисипативтік рәсімді жүргізумен байланысты шығындарға:

1) адвокаттың сыйақысы (қаламақысы);

2) партисипативтік рәсімді жүргізумен байланысты адвокаттың шеккен шығындары, сонымен қатар дауды реттеу бойынша келіссөз жүргізетін орынды қарауға кеткен жол, тамақ және тұратын жердің шығыны;

3) маманның, сарапшының, бағалаушының қорытындыларына төйленген ақы, яғни партисипативтік келіссөз үшін ақпарат жинау мақсатында тараппен өтелген шығын.

Адвокаттардың сыйақысының мөлшері партисипативтік рәсім басталғанға дейін тараппен келісім бойынша анықталады.

Азаматтық сот өндірісінде жүргізілетін партисипативтік рәсімді тоқтату барысында тараптар азаматтық іс өндірісіндегі сотқа төмендегілерді кешіктірмей жіберуі керек:

1) дауды реттеген жағдайда – дау реттеу туралы қол қойылған келісім (қол қойылған күні);

2) басқа жағдайларда – дауды реттеу туралы келісімді жасау мүмкін болмауына байланысты істі мәні бойынша қарау күнін белгілеу туралы жазбаша арызы (тараптың партисипативтік рәсімді әрі қарай жүргізуден бас тартқан күні).

ҚР АПК-не сәйкес, азаматтық-құқықтық дау толықтай және бір бөлігінде медиациямен қатар, партисипативтік рәсімнің тәртібімен шешілуі мүмкін. Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен шешу жария-құқықтық қатынастан туындайтын істерден басқа, кез-келген істерге қатысты қолданылады. Осы рәсімнің мақсаты – екі тарапты қанағаттандыратын тәртіпте дауды жедел шешу және сот жүйесіндегі жүктемені азайту.

Медиация рәсімін жүргізу секілді, партисипативтік рәсімді жүргізу барысында сот өзінің ықыласымен немесе тараптардың арызымен партисипативтік рәсім аяқталғанға дейін іс бойынша өндірісті тоқтата тұруға хақылы. Медиациядағы сияқты, бұндай өндірісті тоқтата тұрудың мерзімі он жұмыс күнінен аспауы қажет, яғни партисипативтік рәсім тәртібіндегі дау он жұмыс күні ішінде реттелуі тиіс.

ҚР АПК-нің 182-бабы 1-тармақшасына сәйкес, іс жүргізуінде іс жатқан судья дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және осы кодекстің 177-бабына сәйкес оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім және оны бекіту туралы ұйғарым мынна екі талапқа сай келуі керек: татуласу келісімінің нысаны мен мазмұны және соттың татуласу келісімін бекітуі талаптарына сәйкес келуге тиіс:

Бірінші талап қатарына: келісімі жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері оларда сенімхатта арнайы көзделген партисипативтік келісімін жасауға өкілеттіктері болған кезде қол қояды; келісімі оларды орындау мерзімі мен тәртібі көрсетіле отырып, тараптар келіскен шарттарды қамтуға тиіс; келісімді кейінге қалдыру шартымен жасауға жол берілмейді; келісімінде кейінге қалдыру немесе ұзарту мерзімдері көрсетіле отырып, жауапкердің міндеттемелерді орындауын кейінге қалдыру немесе ұзарту, талап ету құқығын басқаға беру, борышты толық немесе ішінара кешіру не мойындау, сот шығыстарын бөлу, партисипативтік келісімін мәжбүрлеп орындау туралы шарттар және заңға қайшы келмейтін өзге де шарттар қамтылуы мүмкін. Егер партисипативтік келісімінде сот шығыстарын бөлу туралы шарт болмаса, олар өзара өтелді деп есептеледі; келісім, келісімді жасасқан тұлғалардың санынан бір дана артық жасалады және оған қол қойылады. Партисипативтік келісімін бекіткен сот осы даналардың біреуін іс материалдарына қоса тіркейді.

Ал екінші талап қатарына: сот тараптардың партисипативтік келісімін бекітуі туралы өтінішхатын сот отырысында қарайды. Іске қатысатын адамдар сот отырысының өтетін уақыты мен орны туралы хабарландырылады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған тараптар сот отырысына келмеген және өтінішхатты олардың қатысуынсыз қарау туралы арыз болмаған жағдайда, сот партисипативтік келісімін бекіту туралы өтінішхатты қарамайды; сот партисипативтік келісімін жасаудың құқықтық салдарын ол бекітілгенге дейін тараптарға түсіндіреді; сот қарау нәтижелері бойынша партисипативтік келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату не партисипативтік келісімін бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады; егер партисипативтік келісімі заңға қайшы келсе немесе басқа

да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сот оны бекітпейді. Сот партисипативтік келісімін бекітуден бас тартқан жағдайда бұл туралы ұйғарым шығарады, ол шағым жасауға және наразылық білдіруге жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы уәждер апелляциялық шағымда көрсетілуі мүмкін; сот актісін орындау сатысында жасалған партисипативтік келісімі сот актісі орындалатын жердегі бірінші сатыдағы соттың немесе көрсетілген сот актісін қабылдаған соттың бекітуіне ұсынылады; татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарымға апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін. Сонымен қатар, прокурорға ҚР АПК-нің 54-бабы 5-тармақшасына сәйкес, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасау құқығы берілмей, ерекше аталып өткен.

Партисипативтік рәсімде келіссөздер мына жағдайларда аяқталады:

1) дауды реттеу туралы келісімге қол қою – осындай келісімге қол қойылған күннен бастап;

2) партисипативтік рәсімдегі келіссөздер жолымен дауды шешу мүмкін еместігі жағдайын адвокат бекіткенде;

3) келіссөздер жолымен дауды шешу мүмкін еместігімен байланысты тараптың партисипативтік рәсімінен жазбаша бас тартуы – істі мәне бойынша тыңдау күнін белгілеу туралы арызбен сотқа жүгінген күнен бастап;

4) партисипативтік рәсімді жалғастырудан тараптардың бірінің жазбаша бас тартуы – басқа тарапқа тараптың адвокатымен жазбаша бас тарту жіберілген күннен бастап;

5) партисипативтік рәсімді жүргізу мерзімі өткен болса.

Партисипативтік рәсім шегіндегі келіссөз тараптарымен қол жеткізілген дауды реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады, тараптармен қол қойылады және азаматтық сот өндірісі шегінде сотпен бекітіледі. Келісім партисипативтік рәсім тараптары туралы мағұлматты, даудың пәнін, келіссөзге қатысушы адвокат(адвокаттар) туралы, сонымен қатар тараптармен келісілген келісімнің талаптары, тәсілі және орындау мерзімі, оны орындау не орындауға жатпаудың салдары туралы қамтылуы керек. Дауды реттеу туралы келісім, осы келісімде қарастырылған мерзім және тәртіпте партисипативтік рәсімнің тараптарымен ерікті орындалуға жатады.

Егер партисипативтік рәсім шегінде жасалған келісім сотпен бекітілсе, онда ол азаматтық-процестік кодексте қаралған тәртіпте сотқа бағытталған мүдделі тұлғаның арызы бойынша мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Сотта азаматтық істі қарағанға дейін жасалған партисипативтік рәсімнің шегіндегі дауды реттеу туралы келісім тараптың азаматтық құқығы мен міндеттернің бекітілуіне, өзгеруіне және тоқтауына

бағытталған келісім ретінде көрінеді. Партисипативтік келіссөздегі тарап осындай келісімді орындауға не орындауға жатпаған жағдайда, келісімді бұзғаны үшін заңмен қарастырылған тәртіпте жауапкершілік тартылады.

Азаматтық процес барысында партисипативтік рәсімді жүргізу кезінде тараптармен қол жеткізілген дауды реттеу туралы келісім, азаматтық іс өндірісіндегі сотқа кешіктірілмей жіберіледі. Партисипативтік рәсім шегінде тараптармен қол жеткізілген азаматтық сот өндірісі тәртібінде дауды реттеу келісімі оны бекіткен соттың ұйғарымы заңды күшіне енген күні күшіне ие болады. Соттан тыс партисипативтік рәсім шегінде тараптармен қол жеткізілген дауды реттеу туралы келісім тараптармен оған қол қойылған күні күшіне енеді.

Жалпы талдау жүргізуді толыққанды аяқтау үшін статистикалық мәліметтер тірегі қажет. Алайда республикалық жалпы орталықтандырылған жинақталған дерекқорларда партисипативтік рәсім тәртібінде қаралған істер жөнінде ақпараттар жоқ. Аталған мәліметтерді жекелеген аумақтық бөлім негізінде жарияланған мақалалардан алуға болады. Сондай статистикалық ақпараттарға сүйенсек, 2017 жылдың бірінші жарты жылдығында Астана қаласы бойынша 1617 іс медиация және партисипативтік рәсім тәртібімен татуластыру арқылы қарастырылған/9/. Алайда бұл қайнаркөзде нақты қанша іс партисипативтік рәсім тәртібімен тоқтатылғаны көрсетілмеген.Орал қаласындағы МАЭС тараптардың дауды адвокаттары арқылы партисипативтік рәсім тәртібімен шешуге келісімімен іс жүргізуді тоқтатқан. Сондай-ақ, нәтиже ретінде облыстық сот пен адвокаттар алқасының арасында өзара ықпалдастық туралы Меморандум көрініс береді/10/. 2017 жылы қыркүйекте Павлодар облысында осы жылдың басынан бері әртүрлі санаттағы азаматтық істер бойынша барлығы 13 партисипативтік келісім жасалғаны жарияланған/11/.Дәл осы мерзімге Қостанай облысында дауды партисипативтік рәсім тәртібімен шешу туралы 17 келісім/12/, ал 2016 жылдың қорытындысында әр түрлі санаттағы істер бойынша ата-аналардың арасындағы дауларды реттеу барысында облыстық ювеналдық сотта қаралған 54 іс тоқтатылып, оның ішінде 2 партисипативтік рәсім тәртібімен келісім жасалған/13/.

Келтірілген статистикадан көретінімізпартисипативтік рәсім тәртібі арқылы дауларды реттеу үлкен қолдау тауып жатқанына қарамастан салыстырмалы түрде басқа татуластыру рәсімдеріне қарағанда жоғарғы көрсеткіштерге ие емес. Бұлай болу себебінің біршама өзіндік себептері бар. Біріншіден, орын алып жатқан партисипативтік келісімдердің статистикалық ақпараттары толық болмағандықтан нақты айту қиын. Екіншіден, мұндай келісімдердің өзіндік ерекшеліктерін де ескерген жөн. Оларға келесілерді жатқызамыз: дауды реттеуге тек қана адвокаттың қатысуы; қолданудың тар аясы – жария-құқық және үшінші тұлғалардың

мүддесін қозғайтын даулар партисипативтік рәсім тәртібімен реттеле алмайды; егер тараптар партисипативтік рәсім тәртібінде келісімге қол жеткізе алмаса немесе сот дауды реттеу бойынша келісім шарттарын мақұлдамаса іс бойынша қарау жалпы тәртіпте жүргізіледі.

Дауды реттеуге тек адвокаттың қатысуы бойынша А.А.Асылбекова келіс пікірді айтады: «...азаматтық іс бойынша тараптар партисипативтік рәсімдеу тәртібімен көп жағдайда келісімге келе береді деп ойламаймын. Себебі адвокаттың қатысуымен қаралғандықтан біз білетініміздей адвокатқа да белгілі жұмысы үшін еңбекақысы төленуі қажет. Ал қазіргі таңда біздің елімізде дағдарыс кезінде бұл өзекті мәселе болып тұр деп ойлаймын. Сонымен, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын немесе заңды тұлғалар арасында ондай сұрақтар туындамауы мүмкін. Бұл жай қарапайым жеке тұлғалар арасында мәселе болып қалады»/14/. Бұл статистикалық ақпараттардың аздығының тағы бір әрі негізгі себебі ретінде түсіндірілуі мүмкін.

Аталған еңбегінде автор келесі ұсынысты келтірген: «тараптардың арасындағы партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің жалпы құқықтық жағдайы, талаптары, процессуалдық құқықтары мен міндеттері және оның жүргізу тәртібі туралы арнайы заң қажеттігі болашақта туындайды. Себебі партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім тәжірибеде толығымен жүзеге асыру үшін оны реттейтін арнайы заң қабылдау керек»/14/. Дегенмен, ҚР АПК баптарын саралай отырып, көп жағдайда партисипативтік рәсім тәртібінің басқа рәсім тәртіптерін, әсіресе, медиацияның тәртібін қайталайтындығына көз жеткіздік. Бұл өз кезегінде ҚР заңнамасына тағы бір ұқсас заңның қажеттілігін сұрақ астына қалдырады.

Қорыта келе, тақырыпты талдау барысында партисипативтік рәсімдердің ҚР АПК бойынша 17-тарауындағы 181-182 баптарына толық түсіндірме жасау үшін жалпы ҚР АПК-дегі барлық қатысты баптарды талдау қажеттігі туды. Себебі партисипативтік рәсім тәртібіне арналған баптар сілтемелік сипатқа ие. Сонымен бірге ҚР басқа заңдары мен кодекстеріне, ғылыми мақалаларға және статистикаға сараптаулар да жасалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізілімі:

8. Alexander N. Global trends in mediation. – 2d ed., Kluvver Law Internetional, 2006. – 340 p.[1]

9. АсылбековаА. А. Тараптардың арасында туындаған дауларды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеудің ерекшеліктері// Право и государство. 2016. № 1(70). С. 65-68.

10. В Алматинском областном суде обсуждены вопросы по примирительным процедурам http://sud.gov.kz/rus/news/v-almatinskom-oblastnom-sude-obsuzhdeny-voprosy-po-primiritelnym-proceduram

11. СМЭС Восточно-Казахстанской области с начала года заключил 36 партисипативных соглашений, позволивших вернуть истцам более 24 миллионов тенге госпошлины http://sud.gov.kz/rus/news/smes-vostochno-kazahstanskoy-oblasti-s-nachala-goda-zaklyuchil-36-partisipativnyh-soglasheniy

12. В СКО рассмотрено дело в порядке партисипативной процедуры http://sud.gov.kz/rus/news/v-sko-rassmotreno-delo-v-poryadke-partisipativnoy-procedury

13. Западно-Казахстанский областной суд урегулировал спор о взыскании алиментов на содержание ребенка в порядке партисипативной процедуры http://sud.gov.kz/rus/news/zapadno-kazahstanskiy-oblastnoy-sud-uregulirovalspor-o-vzyskanii-alimentov-na-soderzhanie

14. Южно-Казахстанский областной суд утвердил партисипативное соглашение при рассмотрении спора об определении места жительства детей http://sud.gov.kz/rus/news/yuzhno-kazahstanskiy-oblastnoy-sud-utverdil-partisipativnoe-soglashenie-pri-rassmotrenii-spora

15. В Актюбинском областном суде спор о выделе доли в наследственной квартире урегулирован в порядке партисипативной процедуры http://sud.gov.kz/rus/news/v-aktyubinskom-oblastnom-sude-spor-o-vydele-doli-v-nasledstvennoy-kvartire-uregulirovanv

16. Суд г.Астаны подвел итоги отправления правосудия за первое полугодие текущего года http://sud.gov.kz/rus/news/sud-gastany-podvel-itogi-otpravleniya-pravosudiya-za-pervoe-polugodie-tekushchego-goda

17. В Уральске стороны пришли к соглашению в порядке партисипативной процедуры http://sud.gov.kz/rus/news/v-uralske-storony-prishli-k-soglasheniyu-v-poryadke-partisipativnoy-procedury

18. В Павлодарском областном суде спор о разделе имущества между супругами урегулирован утверждением партисипативного соглашения http://sud.gov.kz/rus/news/v-pavlodarskom-oblastnom-sude-spor-o-razdele-imushchestva-mezhdu-suprugami-uregulirovan

19. В Костанайской области суд урегулировал спор между супругами о разделе общего имущества в порядке партисипативной процедуры http://sud.gov.kz/rus/news/v-kostanayskoy-oblasti-sud-uregulirovalspor-mezhdu-suprugami-o-razdele-obshchego-imushchestva

20. В Костанае спор родителей о порядке общения с 2-летним ребенком урегулирован в порядкепартисипативной процедуры http://sud.gov.kz/rus/news/v-kostanae-spor-roditeley-o-poryadke-obshcheniya-s-2-letnim-rebenkom-uregulirovan-v-poryadke

21. Асылбекова А. А. Тараптардың арасында туындаған дауларды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеудің ерекшеліктері// Право и государство. 2016. № 1(70). С. 65-68.

10.15.01

СОТ АЛДЫНДА ТЕҢДІК КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ПРИНЦИПІНІҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІ

Ерсимбай Айдана Ерсимбайқызы

Сулейман Демирель Университеті

Қазақстанның тәуелсіздік алуы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси, құқықтық саласына түбегейлі өзгерістер алып келді. Ол қазақстан қоғамы өмірінің барлық саласына оның ішінде қазақстанның заңнамалық жүйесінің жетілуіне де ықпалын тигізді.

Конституцияның ең негізгі нормаларының бірінде, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып, оның басты құндылығы адам және оның құқықтары мен бостандықтары болып табылады [1]. Адам құқықтары мен бостандықтары кең мағынасында азаматтардың құқықтық мәртебесін құрайтын мемлекеттің негізгі заңымен бекітілген. Сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын құқықтық механизмдері қамтамасыз етілген.

Демократиялық мемлекетте азаматтардың құқықтарын қорғаудың әртүрлі көптеген жолдары бар. Олардың ішіндегі маңыздысы, ол сот. Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен бекітілген «құқықтық реформалар туралы мемлекеттік бағдарламасында» 1994 жылы материалдық және процессуалдық заңнамасын жетілдіру және сот құрылысы мен сот ісін жүргізуді жүзеге асыру қажеттілігі анықталған болатын. «Қазақстан Республикасының соты және судьялардың мәртебесі» туралы заңы, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі» туралы Конституциялық заңы (25 желтоқсан 2000 жылы № 132-II өзгертулермен толықтырулар негізіндегі) тек сот пен судьялық корпустың мәртебесін бекітіп қана қойған жоқ, оның Қазақстан қоғамындағы рөлін арттырды.

Кез келген әлеуметтік құбылысты дұрыс түсіну оның тарихи тамырларын, бұл құбылыс қандай шарттарда пайда болды, қалай дамыды және заманауи болмыста қандай болғаны туралы білімсіз мүмкін емес [21, 59 б]. Барлығының сот алдындағы теңдігі принципінің оның заманауи түсінігінде қалыптасу және даму процессі сот жүйесінің реформалауымен қатарлас, мемлекеттің бір саяси саптан келесісіне, бір қоғамдық-экономикалық формациядан басқасына өту нәтижесінде жүрді және ұзақтығы бойынша үлкен уақыт аралығында болды.

Осы жөнінде А.В. Цихоцкий және А.К. Черненко дұрыс айтқандай, әділеттілік мемлекеттің жалпы саяси сабына сәйкес жүргізіледі...

сондықтан әділдікті ұйымдастыру принциптері мемлекеттік құрылғының жалпы бастамаларымен тығыз байланысты және олардың логикалық жалғасы болып табылады. Принциптер табиғаты сонымен қатар соттың идеологиялық саипатталарымен, нақты тарихи құқықтық жүйедегі рөлімен тығыз байланысты [31, 2 б].

Сот алдындағы теңдік принципінің атауының өзі сот сияқты билік органының болуын тұспалдайтыны сөзсіз. Соттар мемлекетпен бірге пайда болды, бірақ дербес жүйеге өздері соның бөлігі болып табылатын мемлекеттік механизм және арнайы аппараттың құрылуымен бөлініп шықты. Бірақ, кейіннен мемлекет және құқық, соттар және әділдіктің пайда болуына себепші болған себептер дәл сол алғашқы қауымдық құрылыс шарттарында туылды және қалыптасты.

Алғашқы қауымдық құрылыста мемлекеттік билік және құқықтық нормалардың болмағанына қарамастан, онда арнайы нормалас әрекет етті, ең алдымен топ ішіндегі қатынастар эгалитарлы, яғни теңдестіруші сипатта болатын экономикалық құрылыспен шартталған әлеуметтік нормалар әрекет етті [32, 18 б], бұл өз кезегінде алғашқы қауымдық құрылыс билігінің спецификасында байқалды.

Билікті бөлу принципі әлемде ең алғаш рет Афиныда орын алды, мұнда құл иеленушілікке негізделген қоғамдық құрылысты мемлекеттердің қалғанына қарағанда соттық билік әкімшілік биліктен бөлек болды. Афиналық мемлекет алқаби сотына ерекше орын берілген күрделі және кең бұтақталатын соттар жүйесіне ие болды. Гелиэя (алқаби соты) саяси және қылмыстық қылмыстар бойынша істердіқараластыратын 10 коллегиядан тұрды, ол сонымен қатар өзіне заңды түсіндіруді меншіктеді, мұнымен қоса лауазымдық тұлғалар шығарған үкімдерге қатысты аппеляциялық инстанция болып табылды. Әлемдегі ең алғашқы алқаби сотының пайда болуы іс жүргізу құқығы облысында елеулі жетістіктерге алып келді. Судьялар және алқабилер тура, демократиялық сайлау арқылы халықпен сайланды. Істі қарастыру кезінде тараптардың және куәгерлердің түсініктеріне маңызды назар аударылды. Бірақ, ежелгі дүниенің сондай прогрессивті сот жүргізу жүйесіне қарамастан, өзінің класстық мәні бойынша Афины республикасы құл иеленушілікке негізделген қоғамдық құрылыс болды, сондықтан мемлекет заңдарымен анықталатын азаматтық және саяси құқықтардың толық жиынтығын афиналық әйел және афиналық еркектен туылған мемлекеттіңтең құқықты азаматтары ғана қолданды [33, 57-58 б].

Бірақ, барлығының сот алдындағы теңдігі принципі ежелгі мемлекеттердің құл иеленушілікке негізделген қоғамында ғана емес, сонымен қатар орта ғасырлық феодалды қоғамда талап етілмеді, себебі феодалдық қоғамның сословиелік бөлінуі адамдардың нақты әрі

формалды теңсіздігінің көрінісі бола тұра тұрғындардың әр тобы үшін ерекше құқықтық мәртебені орнатумен жанамаланды.

Феодализмнің дамуы құқықтың барлық салаларының дамуында да, сонымен қоса соттық биліктің әрі қарай қалыптасуында да бейнеленбеуі мүмкін емес. Патшалық биліктің орнауымен біздің ойымызша барлығының сот алдындағы теңдігі принципінің қалыптасу жолында прогресс болған әділеттіктің күйіндегі елеулі өзгерістер орын алды.

Біріншіден, мамандандырылған судьялар пайда болды, патшалық соттар әділеттікті орнату үшін арнайы дайындалған адамдарға толды. Ондағы жалпылама қабылданған құқыққа сәйкес соттық әрекетпен айналысатын тұлға өзін тек соған арнап, басқа ешқандай жұмыспен айналыспайды. Мамандандырылған судьялар аз болғандықтан соттық коллегия мамандырылмаған судьялармен толықтырылады, алқаби соттары пайда болады. Судьялардың іс жүргізу мәртебесі де өзгереді: олар «орталық тарапта» орын алуы керек, яғни объективті болу және істе қарсы күресуші тараптардың ешқайсысының позициясын алдын ала жақтамауы тиіс.

Екіншіден, соттық әрекет әкімшілік әрекетінен шектеле бастады.

Үшіншіден, патшалық соттар басшылығында орталығы бар әлдебір жүйеге бірлесе бастады.

Төртіншіден, шағым түсіру институттары пайда болады, сот шешімдеріне аппеляцияны қарастыратын жоғарғы сот инстанциялары пайда болады. Енді істердің әр түрлі категориясы кіретін өзінің құзіретін бірте-бірте кеңейтіп, шіркеулік соттарды ығыстырып, патшалық соттар әр түрлі сословиелерге қатысты істерді қарастырады, осылайша корпоративті соттарды (феодалдық сот, сауда соты, гильдейлік сот және т.б.) сіңіріп алады.

XVII-XIX ғасырлардағы буржуазиялық революциялар әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастар облысында түбегейлі өзгерістерге, конституционализм және жаңа типті құқықтың қалыптасуына алып келді, бұл өз кезегінде сот жүргізу және оның принциптеріне әсерін тигізбей өте алмады. Революциялар нәтижесінде келесі әділеттілік принциптері тіршілік құқығын алды және конституцияларды заң шығарушы бекіту алды: биліктің бөліну принципінің көрінісі ретінде соттық биліктің тәуелсіздігі; айыпсыздықтың презумпциясы; айыпталушының қорғану құқығы, процестік ашықтығы және жарыспалылығы; әділеттікті шығаруда қосшы билердің алқаби атынан жұртшылықтың қатысуы. Бірақ барлығының сот алдындағы теңдігі принципінің дамуына негіз, ең алдымен, азаматтардың заң талаптары алдында теңдігі идеясын жариялау және тәжірибе жүзінде іске асыру болып табылады. Конституциялар адамдар туылғанда және өмірі кезінде құқықтарында ерікті және тең болып қалады, сот өзінің қамқоршылығын көрсеткен жағдайларда, және

жазаға берген жағдайларда да барлығына тең болуы керек, қандай да бір жеке ерекшеліктерге тәуелсіз бірдей құқықбұзушылыққа бірдей жаза қолдану сияқты кәдімгі және азаматтық құқықтарды жариялайды және қамтамасыз етеді [34, 466 б].

Бастапқыда бұл принциптер тек конституциялық деңгейде бекітілген болатын, бірақ заңнаманың дамуы және реформалау дамуы, құқықтың дербес салалаларын белгілеу бойынша әділеттіліктің негізгі принциптері басқа да құқық көздерінде бекітілуге ие болады. Бірінші кодестердің аса ұқсас белгілері заңдылық принциптері, заң алдындағы формалды теңдік принциптері, қылмыстың қатаңдығының жазалау қатаңдығына сәйкестігі; сонымен қатар жазалаудың нақтылығының және түзетуші әсеріне жалпы бағытталу. Алғашқы кодекстердің нормалары мен баптары конституцияның идеялары мен принциптеріне көп жерде сәйкес болды. Конституциялар бөлек мемлекеттің оның барлық территориясында қылмыстық және азаматтық заңнамаларының біртұтастығын жариялады. Кодекстерге маңызды қосымша әділеттіліктің маңызды принциптерінің қатарын, соның ішінде тараптардың жарыспалылығы принципі, дәлелдерді ерікті бағалау принципі, судья және прокурордың тәуелсіздігі бекіткен іс жүргізу кодекстерін қабылдау болып табылды. Жарыспалылық принципімен тығыз байланысты процесстің жазбаса және жабық түрінің орнына келген ауызша және ашықтық принциптері жанама түрде барлығының сот алдындағы теңдігі принципінің эволюциясына мүмкіндік берді.

Осылайша, дәл осы мерзімде сот алдындағы теңдік принципінің жоғарғы мемлекеттік деңгейде мойындалуы және құқықтық актілерді бұл принциптің іске асырылуы байқалады. Әрине, сот алдындағы теңдік принципі тәжірибеде кедергісіз іске аспады, бірақ, мұнымен бірге соттық жүйеде құқықтық теңдік және демократиялық бастамаларды орнату бөлігіндегі прогрессивтікті жоққа шығаруға болмайды.

Тұтас алғанда теңдіктің және жеке алғанда сот алдындағы теңдік принципінің қалыптасуы және дамуында маңызды рөлді 1948 жылы 10 желтоқсанда Біріккен ҰлттарҰйымының (БҰҰ) Бас Ассамблеясы қабылдаған кейінгі нақтылау лары және қосымшалары бар адам құқықтарының жалпылама декларациясы атқарды, оның мәтінінде былай жазылған: « ... барлық адамдар өзінің абыройы мен құқықтарында ерікті және тең болып туылады . . . әр адам шынайы Декларация жариялаған барлық еркіндік және барлық құқықтарға оның нәсіліне, терісі түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа сенімдеріне,ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік, сословиелік немесе басқа мәртебесіне қатысты қандай да болмасын ерекшеліксіз ие болуы тиіс... », « ....барлық адамдар сот алдында бірдей және қандай да бір ерекшеліксіз заңның бірдей қорғауына құқығы бар... », « ... Әр бір адам оған конституция және

заңмен берілген негізгі құқықтарының бұзу жағдайында құқығының құзіретті ұлттық соттармен тиімді қалпына келтіруіне құқығы бар ... », «... әр бір адам оның құқықтары мен міндеттерін анықтау үшін және оған қойылған қылмыстық айыпталудың негізделуін анықтау үшін толық теңдік негізінде оның ісі ашық түрде және әділеттіліктің барлық талаптарына сәйкес тәуелсіз және бейтарап сотпен қарастырылуына құқығы бар ... » [3, 39-40 б].

Сонымен, барлығының сот алдындағы теңдігі принципінің тарихи-құқықтық аспектілерін зерттеп, келесі тұжырымға келеміз:

1. Барлығының сот алдындағы теңдігі принципінің пайда болуы және дамуы адамзат қоғамының тарихында биліктің бөліну принципі, соттық биліктің дербес бұтағының қалыптасуымен тығыз байланысты. Сот алдындағы теңдік принципі құл иеленушілікке негізделген қоғамдық құрылыс және феодалдық құрылыс шарттарында қолданыла алмады, себебі класстық (сословиелік) бөліну қоғам мүшелерінің заңды теңсіздігін тұрғындардың бөлек топтарының ерекше құқықтық мәртебесін орнату жолымен бекітті.

Буржуазиялық революциялар нәтижесі ретінде конституционализмнің қалыптасуы азаматтардың заң алдында теңдігі идеясынжүзеге асрумен және әділеттіліктің басқа принциптерімен бір қатарда сот алдындағы теңдік принципін заңды бекітумен қоса жүрді.

Осылайша, сот алдындағы теңдік принципінің пайда болуы және тәжірибеде қызмет жасауы адамзаттық қоғамның дамуының әр түрлі кезеңдерінде мемлекеттілік қалыптасуының нақты тарихи және қоғамдық – саяси шарттарына тікелей негізделеді.

2. Қазақстанның мемлекеттілігінің қалыптасу дәуірінде соттық билік басқару жүйесіндегі билікті үстем формасы болып табылады және мұндағы жетекші рөл билер институтына тиісті болды. Билер соты ашықтық, көпшіліктік, сайыстылық атрибуттарымен жеткілікті демократиялық болды. Әділеттілікті шығару кезінде, әдетте, жеке тұлғалардың әлеуметтік немесе мүліктік мәртебесі есепке алынған жоқ, алайда кейде теңсіздіктің пайда болуы орын алды, әсіресе құлдарға қатысты. Билер соты жалпы азаматтық соттармен бірге Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейін де болды.

Кеңес билігі кезеңінде Қазақстанда сот шешімдерін оның әділетсіздігі белгілері негізінде шағым түсіру және қайта қарастыру процесстерінің көпшіліктік, ауызшалық және сайыстылығы принциптеріне негізделген пролетарлық соттар құрылды, бірақ сот алдындағы теңдік принципінің заңды бекітілуі болған жоқ. Бұл биліктің барлық бұтақтарының заңдарды қабылдап, орындаған және олардың орындалуын бақылаған, ал сот әрекетінде саяси және идеологиялық көзқарастары басым болған кеңестер атынан біріктірілумен шартталды.

Кеңес дәуірі тарихында қылмыстық қуалауды жүзеге асыратын соттан тыс органдарды құру орын алды. Алғаш рет заң және сот алдындағы теңдік принципі 1978 жылы Қазақ ССР Конституциясында бекітілді, алайда бұл принцип бір жағынан декларативтік сипатта болды.

Қазіргі Қазақстанда конституциялық деңгейде барлығының сот алдындағы теңдігі кепілдендіреді, және ол заң шығарушы, атқарушы және соттық бұтақтарға бөлінуімен және ұстанымдар мен қарама-қарсылық жүйелерін қолданумен бір-бірі арасында өзара қатынаспен бөлінуіне негізделген.

Бірақ та, біздің ойымызша, барлығының сот алдындағы теңдігі принципінің болмауының нақты алғашқы себебі оның заң шығарушы деңгейде бекітілуі емес, көргенімізше, бұл принцип 1977 ж. Конституцияда көрінді, мемлекеттік биліктің басқа органдарынан тәуелсіздігінің негізі болатын соттық жүйенің дербестілігінің болмауы болып табылады.

Е.В. Колесников әділ айтқандай, тең құқықтықтың конституциялық көрінісі дербес соттық биліктің пайда болуымен тығыз байланысты. Кеңестік конституциялар «соттық билік» түсініктерін білмеді, заң шығарушы біртұтас соттық жүйе туралы айтты, ал соттар қарапайым және утилитарлы болып түсіндірілетін құқық қолдану органдарына жатты [52, 38 б]. Мемлекеттік биліктің дербес бұтағы ретінде соттық билікті конституциялық деңгейде мойындаудың болмауы «скоттық билік» түсінігінің теориялық өңдеуі үшін ешқандай алғышарттарды жасаған жоқ. В.М. Савицкий айтқандай, «соттық билік терминінің өзі біздің саяси, заң шығарушы және ғылыми сөз қорында жоқ». Мұндай жағдайдың себебін, дәл солай «КСРО-да ешқашан тәуелсіз және дербес сот билігі болған жоқ» пікірінің негізін зерттеушілер әсіресе соттық әрекетке париялық және онымен бірігіп кеткен атқарушы биліктің баса-көктеп араласуында қарастырады.

1978 жылға РКФСР Конституциясының 125 бабында жарияланған судьялардың тәуелсіздігі және олардың тек заңға бағынуы туралы ереже әділеттілікті шығару бойынша соттық әрекетке араласуға тыйым салуды білдірді, бірақ соттық билікке биліктің басқа бұтақтарымен демократиялық қоғамда өзінің мәні бойынша бір ретті дербес мемлекеттік билік түрі сипатын мойындау дегенді білдірмейді [42, 3-12 б].

Мемлекеттік биліктің бұтақтарының бірі ретінде соттық билік туралы алғаш рет 1990 жылғы 25 қазанынан Қазақ ССР мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда, сонымен қатар 1991 жылдың 16 желтоқсанынан «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңында, ал кейіннен 1993 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясында айтылады.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы тоталитарлық мемлекетпен жұтылған қоғамның негізгі заңдары болған бұған дейінгі қазақстандық конституциялардан ерекшеленеді. Ол алғаш рет республикада мемлекеттік биліктің төтенше маңызды бірбөліктілік принципін орнатады: «Республикадағы мемлекеттік билік біртұтас, ол оның заң шығарушы, атқарушы және соттық бұтақтарға бөлінуімен және ұстанымдар мен қарама-қарсылық жүйелерін қолдануға бөліну принципіне сәйкес Конституция және заңдар негізінде жүргізіледі». Қазақстан Республикасындағы биліктің бірбөліктілігі өкілеттіктерді айқын шектеу және оның бұтақтарының бір бірінің құзіретіне араласуын болдырмау мен ғана емес, сонымен бірге арнайы конституциялық кепілдермен кепілдендіреді. Олардың қатарына Жоғарғы Сот судьяларын Сенатпен және барлық басқа судьяларды республика Президентімен сайлаудың ерекше конституциялықретін орнату жолымен соттық биліктің тәуелсіздігі кепілдігін орнықтыру (82 бап); соттарды тікелей мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру (80 бап); судьяның лауазымының депутат мандатымен, басқа төленетін лауазымды алу немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысумен сыйымсыздығы (4 бөлім, 79 бап); Қазақстан Республикасы Конституциясында «соттық иммунитет» институтын бекіту жолымен (2 бөлім 79 бап) және тағы басқалар. Мұнымен бірге 1995 ж. Конституция бойынша билік бұтақтарын ұйымдастырушылық және функционалды бөлу кеңестік периодта болғандай тіпті кеңестен кейінгі бірінші кезеңде заң шығарушы және атқарушы әрекеттің ауысуы кезеңінде, соттарды басқару және бақылау, сонымен бірге сондай «қатаң» емес қосылуына жол бермейді, елдегі мемлекеттік биліктің біртұтастығын бұзбау үшін [50, 156-157 б].

Тәуелсіздікті жариялағаннан кейінгі бірінші Конституцияның өзінде-ақ Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы және унитарлы мемлекетдеп бекітеді, ал Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясының қабылдануымен ол өзін ең жоғарғы құндылығы адам, оның өмірі, құқығы және бостандығы болып табылатын құқықты және әлеуметтік мемлекет деп бекітеді. Бірақ құқықтық мемлекеттің қалыптасуы заманауи соттық – құқықтық жүйесіз мүмкін емес болғандықтан, 1994 жылдың ақпанында қабылданған «Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» Президент Қаулысы соттық жүйенің ары қарай дамуының басымдылықтарын анықтаған құжат болып табылды [48, 3 б].

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000
2. Назарбаев Н.А. Законность. Честность. Справедливость. Выступление на V съезде судей Казахстана. Казахстанская правда. – 2009, ноября – 19. - №272.
3. Теория государства и права: учебник / под ред. А.У. Бейсеновой. – Алматы: Атамұра, 2006. – 392 б.
4. Головастикова А.Н., Дмитриев Ю.А. Проблемы теории государства и права. учебник. – М.: изд-во Эксимо, 2005. – 216 б.
5. Ведяхина К.В. Основные нравственно-этические и социально-политические принципы Российского права: автореф. канд. юрид. наук. - Волгоград. 2001. - 24 б.
6. Кабышев В.Т. Народовластие развитого социализма. - Саратов., 1979. - 133 б.
7. Воеводин Л.Д. Юридический статус личности в России. – М., 1997. – 216 б.
8. Воронов А.Ф. О понятии, значении и нормативном закреплении принципов гражданского и арбитражного процессуального права // Законодательство. - 2003. №12. - 65 б.
9. Сапаргалиев Г. Конституционное право Республики Казахстан: академический курс. Изд.3-е, с доп. – Алматы: Жеті жарғы, 2007.-544 б.
10. Малеин Н.С. Правовые принципы, нормы и судебная практика // Государство и право. – 1996. №6. 136 б.
11. Черданцев А.Ф. Теория государства и права: учебник для вузов. – М.: Юрайт, 1999. – 432 б.
12. Сагиндыкова А.Н. Конституционное право Республики Казахстан: курс лекций. – Алматы: Білім, 1999. – 336 б.
13. Толковый словарь русского языка./ под ред. С.И. Ожегова, Н.Ю. Шведова. - М.: ООО ИИТИ Технология. - 2003. – 994 б.
14. Хабриева Т.Я., Чиркин В.Е. Теория современной конституции. – М.: Норма, 2005.-320 б.
15. Реуф В.М. Социально-юридические принципы права: автореф.канд.юрид. наук. - Саратов, 2003. - 24 б.
16. Платон. Соч. в 3-х томах. - М., - 1968. - т. 1. - 367 б.
17. Кропоткин П.А. Этика. - М., - 1991. – 396 б.
18. Лазарев В.М., Федорова В.Г. Принцип правового равенства и юридическая ответственность (проблемы методологии и теории взаимосвязи). Волгоград, 2005. - 89 б.

10.15.59

ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Маукебеков Аскар Токтарбекович

Сулейман Демириль атындағы университеті

Аңдатпа

Осы мақалада құқықтық сана мен құқықтық мәдениет өздігінше құқықтық маңыз ретінде қарастырылып, олардың арақатынасы мен өзара байланысы айқындалады, және жалпылама жақтары мен жекеше ерекшеліктері көрсетілді. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің өзара байланысын әртүрлі негіздер бойынша анықтайық. **Біріншіден,** олар бөлік және бүтін ретінде өзара байланыс арақатынасын белгілейді. Құқықтық сана құқықтық мәдениеттің құрылымдық бөлшек элементі, оның субъективті жағы, негізгі тетігі болып табылады, ол өз кезегінде құқықтық жүйеге тұрақтылық береді. Құқықтық сананың негізгі функциясы –халықтың құқықтық саладағы білімін көрсетеді. Осы жағдай құқықтық мәдениеттің құқықтық сана кеңістіктік алаңы, оның бір құбылысы ретінде қарастыруға бізге мүмкіндік береді. **Екіншіден,** құрылымының әр-түрлілігіне қарамастан, олардың компоненттерінің себептестігімен сипаттап көрсетеді, ішкі де, сыртқы да, мазмұндары бар. **Үшіншіден,** Қазақстан Республикасының мәдениеті, оны құқықтық реттеу.

Тірек сөздері: құқықтық мідениет, құқықтық сана, жеке құқықтық сана,топтық құқықтық сана.

Аннотация

В этой статье правовое сознание и правовая культура рассматриваются как законные правовые рамки, их взаимоотношение и их взаимосвязи, а также их общие черты. Давайте определим связь между правосознанием и правовой культурой на разных основаниях. Во-первых, они определяют взаимосвязь между частью и целым. Правовое сознание является фундаментальным элементом правового элемента правовой культуры, его субъективной стороны, которая, в свою очередь, обеспечивает стабильность правовой системы. Основной функцией правового сознания является- знание правовой сферы населения. Такая ситуация дает нам возможность рассматривать юридический бизнес как пространственную область правосознания. Во-вторых, несмотря на свое разнообразие структуры, они описывают цель их композитов, как внутренних, так и внешних. В-третьих, культура Республики Казахстан, ее правовое регулирование.

Ключевые слова: правовая культура, правовое сознание, личное правосознание, групповое правосознание.

Annotation

In this article, the legal consciousness and legal culture are regarded as legitimate legal frameworks, their correlation and interrelationships, and their general features . Let's define the relationship between legal consciousness and legal culture on different bases. First of all is that they determine the relationship between the part and the whole. Legal consciousness is a fundamental element of the legal element of legal culture, its subjective side, which in its turn gives stability to the legal system. The main function of legal consciousness is the knowledge of the legal sphere of the population. This situation allows us to consider the juridical business as a spatial area of legal awareness. Secondly, despite its diversity of structure, they describe the purpose of their composites, both internal and external. Thirdly, the culture of the Republic of Kazakhstan, its legal regulation.

Keywords: legal culture, legal consciousness, personal sense of justice, group legal awareness.

қажеттілігінің негізгі бастаушысы болып табылатындығында. Ал құқықтық мәдениет болса – құқық нормаларын адамдар өзі үшін білу, толық түсіну, оларды басшылыққа ала отырып қолдана білу, адамзаттың ортақ мүддесіне қызмет істету мақсатында қолдануды білдіреді.

Құқық теориясында құқықтық сана өзара байланысты 3 міндетке: танымдық, бағалаушылық, реттеушілік міндеттерге бөлінеді.

Танымдық міндет құқықтық шындық құбылыстарын субъектінің құқықтағы мәнділігі мен тиістілігі туралы түсініктері тұрғысынан ой елегінен өткізуден тұрады. Бағалаушылық міндет құқықтық шындық құбылыстарын ұқсастыруда, оларды реттеудің нақты ережелерімен сәйкестендіруде болып табылады.

Құқықтық сананы иеленушіге байланысты құқықтық сананың жеке, топтық (ұжымдық) және қоғамдық құқықтық сана түрлері туралы айтуға болады.

Жеке құқықтық сана адам күнделікті қатысатын алуан-түрлі әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың ықпалымен, сондай-ақ өзінің психикалы-физиологиялық ерекшеліктерінің әсерімен қалыптасады. Жеке адамның мәдениеті мен білімі деңгейінің әртүрлі болуы, адамдардың әлеуметтік жағдайы мен қабілетінің бірдей болмауы жеке құқықтық сана деңгейінің әртүрлі болуына себепші болады. Құқықтық сана деңгейін көтеру үшін адамдардың санасы мен мінез-құлқына нысаналы идеологиялық ықпал жасаудың, азаматарға құқықтық тәрбие берудің де маңызы аз емес.

Топтық құқықтық сана тиісті әлеуметтік топтар мен оларға кіретін жеке адамдардың ерекшеліктерімен анықталады. Құқықтық құндылықтар әрбір топта бірдей танылмайды. Олардың ішінде топтық құқықтық сана заңдылық пен әділеттік идеяларын мүлде құрметтемейтіндерінде топтық құқықтық сананың әлеуметсізденуі, қоғамда бар құқықтық идеологиядан шеттеу, құқықтық нигилизмнің ескі түрін консервациялау, тіпті криминогендік жағдайлардың қалыптасуы мүмкін.

Қоғамдық құқықтық сана құқыққа және құқықтық өмір шындығының жалпы қоғамда қалыптасқан құбылыстарына көзқарасты бейнелейді. Қоғамдық құқықтық санада қоғамда жеке адамның бостандығына және жеке меншікке ешкімнің тиіспеушілігіне кепілдік бере алатын теңдесі жоқ әлеуметтік құндылық ретінде құқық түсінігі орныгады. Құқық болмайынша, оның екеуі де жоқ.

Р.С. Байниязов жоғарыда қарастырылған құқықтық санаға: құқықтық мақсат, көзқарас, ниет, әдет, дәстүр, иллюзия, құқықтық сендіру, еліктеу, құқықтық мәдениетті модельді мінез-құлықпен толықтырады [1, 17 б.].

Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. көзқарасы бойынша, құқықтық сананы қоғамдық сананың жеке бір саласы дей келе, оған мынадай анықтама береді: «Құқықтық сана дегеніміз – Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға құқық сезімдерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі» бес бейне, яғни, құқықтық болмыс жөнінде білімдер, құқықты бағалау және оны жүзеге асыру тәжірибе, құқықтық мақсаттар, құндылық бағдары заңдық мәні бар жағдайлар туындағанда адамдардың жүріс-тұрыстарын реттейді деп есептейді. Басқаша айтқанда, құқықтық сана дегеніміз – адамдардың, әлеуметтік бірліктердің қоғамда бар және олардың тілек-ықыластарына сай келетін құқыққа қатыстылықтарын білдіретін көзқарастарының, идеяларының, түсініктері мен сана-сезімдерінің жиынтығы деп қорытындылайды [2, 127 б.].

Құқықтық мәдениеттің түсінігі және құрылымы.

Кең мағынасында құқықтық мәдениет-қоғамның құқыққа деген нақты қажеттері (оның ішінде мемлекеттің құқықты бағалауы), құқықтық ғылым дамуының деңгейі мен заң білімнің погресшілдігі және ақырында, елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің жай-күйі керек ететін қоғам мәдениетінің ажырағысыз бөлігі. Тар мағынасында алғанда қоғамның құқықтық жүйесінің даму деңгейін құқықтық мәдениет деп түсінген жөн.

Құқықтық мәдениет құқықтық санамен тығыз байланыстылықта болып тұрып, оған сүйенеді. Алайда, құқықтық мәдениет құқықтық санаға қарағандва әлдеқайда кең, себебі, ол психологиялық және идеологиялық элементтермен қатар, заңды мәні бар жүріс-тұрысты да қамтиды.

Құқықтық мәдениет мыналарды білдіреді:

1. Құқықтық шындықты сезімдік қабылдаудың және құқықтық ойланудың белгілі бірдеңгейі;
2. Халықтың заңдардыбілуініңтиістідәрежесі;
3. Құқық нормаларды, олардың үстемдігін түсінудің жоғары деңгейі;
4. Құқық шығармашылық және құқықты жүзеге асыру процестерінің сапалық жағдайы;
5. құқықтық қызметтің ерекше тәсілдері (құқық қорғау органдарының жұмысы, конституциялық бақылау және т.б.);
6. құқықтық қызметтің адамдар жасаған рухани және материалдық игіліктер түріндегі нәтижелері (заңдар, сот тәжірибесі, заңнама жүйесі жәнет.б.).

Құқықтық сана қай жағынан болмасын анықталса да ол, құқықтық санаға тән белгілерге, сондай-ақ жалпылай өзгешеліктерге ие, қоғамдық сананың бір нысаны ретінде қарастырылады. Бірінші кезекте, құқықтық сананы психикалық іс-әрекеттің нысаны мен салдары, яғни нәтижесі ретінде қарастыру керек. Кез-келген құқықтық нормалар азамат санасына бағытталған. И.А. Ильин «құқық - сана тілі бойынша сөйлейді және саналы тірі жандарға қарай бағытталған» деп айтқан [3, 7 б.]. Адамның санасында объективті шынайылылық бейнесі көрініс табады, демек сана да құқықтық категориядағы білім, түсінік, құқықтық тәжірибе,әрекет етіп тұрған қатынастарда көрінетін объективті белгілерге ие. «Құқықтық мәдениет» заң категориясы ретінде күрделі табиғатқа ие және бұл түсінікті анықтау әлі күнге дейын ашық күйінде қалып отыр. Ғылыми әдебиеттерде құқықтық мәдениет, бастапқы, жалпы мазмұндағы мәдениеттің бір бөлігі деп қарастырылады.

қызметтер нәтижесі және осы құбылыстар мен өмірсүруде рухани азықтарды, олардың субъектілерінің заңды маңызы бар мінез-құлыққа әсерін бағалау» [4, 66 б.]. Құқықтық мәдениеттің негізгі міндетін И.Е. Фербер қоғамның барлық мүшелерін анықталған қатынасқа, өзінің міндеттеріне, құқықтарына, заңдылықты сақтауға дайындау деп біледі [5, 114 б.]. Автор оларға қалыптасып жатқан жүріс-тұрыс ниеттерімен орнатылымдарды жатқыза отырып: «Құқықтық мәдениет – адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын сыйлау, «шені» мен «атағына» қарамастан, адамдардың өзара қарым-қатынасындағы табандылық және батылдықпен ұштасып отыратын әдептілік пен орындылық». В.М. Сырых құқықтық мәдениет түсінігін «заңдылықты, адамдар мен басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруды, мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігін қамтамасыз ететін құқықтық тәртіпті» қамтиды [6, 143 б.].

Қазақстан Республикасының мәдениеті, оны құқықтық реттеудегі маңызы

Бұл күнде ұлт тағдыры барша халықты ойланта бастаған секілді. Осыған қарағанда саны аз ұлттардың өз ертеңіне қобалжи қарап, болашағымыз не болады, алда бізді не күтіп түр, деген ойлардың құшағына берілуі әбден заңды да. Ерте өмір сүрген талай халықтардың бұл күнде тарих таңының астында қалғанынан әркім-ақ хабардар. Сондықтан да қазіргі кезде ертеңін ойламайтын халық кемде-кем.

Тәуелсіз мемлекеттің тағдыры, оның ертеңі болашағы, қазақ ұлтының өркениетті әлемде тұрақты өз орнын иемденуге деген ынтасы жылдан-жылға күшейіп өткен кезеңде жақсы көрініс тапты.

Көп ұлтты тәуелсіз мемлекеттілікті нығайту – бүгінгі сара бағытымыз, ашық та айқын саясатымыз. Мұның өзі ұлтымыздың мүддесін қорғаудан ауытқу деген сөз емес. Көп ұлтты Қазақстан тарихи, ежелгі топырағында шаңырақ көтеріп отырған бірден-бір мемлекет болғандықтан, ол қазақтардың ұлттық, түбегейлі мүдделерін қорғауға, қастерлеуге міндетті. Осы қажеттіліктің өзі оны XX ғасырдың соңында дүниеге қайта оралтып, өмірге әкеп отырғаны белгілі.

Мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Қоғамның мәдениеті бірнеше түрге бөлінеді: саяси, экономикалық, әлеуметтік, парасаттылық, инабаттылық, экологиялық құқықтық, т.б. мәдениет жүйе салалары. Олар бір-бірімен тығыз байланыста қоғамның экономикалық саяси, әлеуметтік дамуына сәйкес дамиды. Сонымен қатар олар қоғамның әр саласындағы қарым-қатынастарды реттеп-басқарып отырады.

Мәдениет салаларының арақатынасы бірлестікте және дербестікте дамып қоғамның экономикасын, әлеуметтік жағдайын жақсартып, нығайтып отырады. Жақсы дамыған экономика, мәдениеттің жан-жақты нығауына мүмкіншілік жасайды. Мәдениеттің жақсы дамуына мемлекетпен бірге бірлестіктер, одақтар, ұжымдар зор үлес қосады. Жоғары деңгейі мәдениетке құқықтық мемлекет жол ашады. Егерде қоғамның экономикалық, әлеуметтік дамуы дағдарысқа ұшыраса, онда сана-сезімнің сапасы төмендеп, құқықтық нигилизм, немқұрайдылық етек жая бастайды. Қылмыстың саны күрт өседі, қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіп нашарлайды.**Оныңсебептері:**

- азаматтардыңкөпшілігіндедемократиялықмәдениеттіңжоқтығы;
- қоғамдаәкімшілік-әміршілікжүйеніңұзақуақытөмірсүруі;
- ескімемлекеттіңыдырауы, жаңажүйеніңтолыққалыптасақоймауы;
- қоғамныңэкономикалық-әлеуметтікдеңгейініңнашарлауы.

Қазіргі өтпелі кезеңде Қазақстан Республикасының алдында тұрған мүдде-мақсаттар өте көп. Солардың бірі — халқымыздың құқықтық сауаттылығын көтеру, **оның негізгі бағыттары:**

- елімізде құқықтық тәрбие жұмысын жақсарту. Бәрі іске қоғам болып кірісу;
- тәрбие жұмысын барлық бағытта жандандыруға көңіл бөлу; инабаттылық, парасаттылық, патриоттық, тәртіпшілік, еңбекшілдік, діни т.б. бағыттарда;
- халықтың рухани сана-сезімін, білімін жақсарту;
- мемлекеттің заң шығару, құқықтық нормаларды орындау жұмысын жақсарту;
- мемлекет аппараттарындағы қызметкерлердің мамандық сапасын көтеру;
- заңдылыққа, құқықтық тәртіпке қатаң бақылау жүргізу

Осы көрсетілген бағыттар арқылы құқықтық тәрбиені жақсарту тек аппараттың ғана жұмысы емес. Бұл күрделі және өте өзекті іске қоғамдағы барлық бірлестіктер, одақтар, ұжымдар, саяси ағымдар мен ұйымдар белсенді түрде қатысулары керек. Құқықтық тәрбиені жақсарту үшін қоғамның экономикалық, әлеуметтік жағдайын жақсарту, демократияны, бостандықты, теңдікті дамыту керек, сонда ғана іс нәтижелі болады.

Құқықтық сананың түрлері.

Құқықтық сана мына негіздер бойынша түрлерге бөлінеді:

1) мазмұныбойынша:

-қарапайым құқықтық сана-бұл тұлғалардың құқыққа қатысты жалпы көзқарастары, өмірлік тәжірибесінің әсері мен туындайтын көңіл-күйлері;

-кәсіби құқықтық сана-бұл заңгерлердің заңды тәжірибесінің негізінде қалыптасатын сезімдері, сенімдері, көзқарастары, дәстүрлері;

-ғылыми құқықтық сана –бұл құқықты теориялық игеруді көрсететін идеялар, түсініктер, концепциялар;

2) субъектілері бойынша:

-жеке құқықтық сана;

-топтық құқықтық сана;

-қоғамдық құқықтық сана.

Құқықтық сананы иеленушіге байланысты құқықтық сананың жеке, топтық (ұжымдық) және қоғамдық құқықтық сана түрлері туралы айтуға болады.

Жеке құқықтық сана адам күнделікті қатысатын алуан түрлі әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың ықпалымен, сондай-ақ өзінің психикалы-физиологиялық ерекшеліктерінің әсерімен қалыптасады. Жеке

адамның мәдениеті мен білімі деңгейінің әртүрлі болуы, адамдардың әлеуметтік жағдайы мен қабілетінің бірдей болмауы жеке құқықтық сана деңгейінің әртүрлі болуына себепші болады. Құқықтық сана деңгейін көтеру үшін адамдардың санасы мен мінез-құлқына нысаналы идеологиялық ықпал жасаудың, азаматтарға құқықтық тәрбие берудің де маңызы емес.

Топтық құқықтық сана тиісті әлеуметтік топтар мен оларға кіретін жеке адамдардың ерекшеліктерімен анықталады. Құқықтық құндылықтар әрбір топта бірдей танылмайды. Олардың ішінде топтық құқықтық сана заңдылық пен әділеттік идеяларын мүлде құрметтейтіндерінде топтық құқықтық сананың әлеуметсізденуі, қоғамда бар құқықтық идеологиядан шеттеу, құқықтық нигилизмнің ескі түрін консервациялау, тіпті криминогендік жағдайлардың қалыптасуы мүмкін.

Қоғамдық құқықтық сана құқыққа және құқықтық өмір шындығының жалпы қоғамда қалыптасқан құбылыстарына көзқарасты бейнелейді. Қоғамдық құқықтық санада қоғамда жеке адамның бостандығына және жеке меншікке ешкімнің тиіспеушілігіне кепілдік бере алатын теңдесі жоқ әлеуметтік құндылық ретінде құқық түсінігі орныгады. Құқық болмайынша оның екеуі де жоқ.

ӘДЕБИЕТ

1 Байниязов Р.С. Құқықтық санадағы теориялық мәселелер. - Саратов, 2001, - С. 17

2 Сапарғалиев Ғ.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. - Астана, Фолиант; 2007, - 127.б.

3 ТапчанянН.М. ЗаманауиРесейжағдайындаадамныңқұқықтықмәдениетіжәнеқұқықтықсанасы. Дерек... з.ғ.к. –М., 1999, - С. 7

4 Иванников И.А.Ресейдегімемлекеттікбилік: гуманизацияпроблемалары. –Ростов. 2006, - С 66

5 Фарбер И.Е.Әділетәлеуметтіксананыңнысаныретінде. –М., 1963, -С. 114

6 Сырых В.М. Мемлекет және құқық теориясы:Оқу құралы. - 5-ші жазба, М. 2006, С. 143.

10.63.01

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК УӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАРЫМЕН БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ СҰРАҚТАРЫ

Мырзамбетова Айнур

Сулейман Демирель атындағы университеті

Аннотация:

Аталған мақалада; еңбек қатынастарын қай мемлекеттік уәкілетті органдармен бақылау және қадағлауға болатындығы туралы мәлімет берілген.

ҚР ЕК – нің 3 бабының 1 тармағына сәйкес, еңбек заңнамасының мақсаты - еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу, тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төменгі кепілдіктерін белгілеу болып табылады. Аталған баптың 2-тармағымен, еңбек заңнамасының міндеттері айқындалған - тараптардың мүдделерінің теңгерімін айқындау, экономикалық өсуге қол жеткізу, өндірістің тиімділігі мен адамдардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған қажетті құқықтық жағдайларды жасауды қамтамасыз ету болып табылады.

Кілт сөздер: еңбек қатынастары, еңбек құқығы, Қр Конституциясы,заңнама,бұйрық, кодекс.

Қай салада болмасын мемлекет тарапынан барлық қоғамдық қатынастардың қатаң бақылауда болу қажеттілігі дау тудырмайтындығы баршаға мәлім. Олардың қатарында ҚР Конституциясымен кепілдік берілген әркімнің жұмыссыздықтан қорғалуын қамтамасыз ету мәселесі бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға жүктелген міндет заңнамамен айқындалған. Қоғамның, мемлекеттің алдына қойылған міндет – еліміздің экономикалық, инновациялық – индустриалдық қуаттылығын арттыра отырып түйіткілді әлеуметтік мәселелерді шешу, сәйкесінше, мемлекеттік басқару қызметін жетілдіру болып табылады.

Еңбек құқығының тұжырымдамасының айқындалу қажеттілігіне байланысты белгілі ғалым Нұрғалиева Е.Н. келесідей өзінің пікірін білдіреді: «әрбір мемлекеттің экномикалық жағдайының өзгеруіне байланысты, қоғамдық өмірдің болмысын ескере отырып, еңбекті қолдану саласындағы қоғамдық қатынастарды нәтижелі реттеуге бағытталған жаңа тәсілдердің еңгізілуі әр кезеңге тән заңдылық жағдаят» [1, 16-бет].

Әркімнің жұмыспен қамтылуға, кәсіп, жұмыс түрін еркін таңдауға деген құқығы кең мағынада айқындалып, оның құқықтық аспектіде, қамтамасыз етілу механизмдері дұрыс бекітілуге тиіс. Заңнамалық тұрғыда берілетін ұғым не термин әркімнің қандай да бір конституциялық құқығының дәл және дұрыс айқындалуына, қамтылуына бағытталуға тиіс. Конституцияға сәйкес, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық бағыттағы мақсатымен міндеттерін айқындауға байланысты, осы бағыттағы мемлекеттік ұстанымның маңызын ашуда белгілі ғалым Кенжалиев З.Ж. келесі өзінің теориялық ой-толғамдарын білдіреді: «Конституция еліміздің Негізгі заңы ретінде мемлекеттің орнын, мәнін, негізгі ұстанымдарын, халықтың мәртебесін, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық болып табылатындығын білдіретін, билікті жүзеге асырудың негізгі қағидаттарын, республикада қолданылатын құқық жүйесін, саяси жүйені, қоғам мен мемлекеттің экономикалық негізін айқындайды» [2, 76-бет]. Осы мәтіндегі пікірін жалғастыра отырып Кенжалиев З.Ж. келесідей қорытынды жасайды: «табиғатпен, адамзат қоғамымен және мемлекетпен жасалған барлық құндылықтардың ішінде нақ адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып айқындалады. Бұдан оның басымдылық түрде қорғалу қажеттілігі туындайды және ол мемлекеттің ең бірінші парызы болып табылады» [2, 77-бет].

Конституцияның 24-бабының 1-тармағына сәйкес, әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Осы мәтіндегі әркімнің құқығы келесідей белгілерімен сипатталады: еңбек ету жасында болуы, денсаулық жағдайының жарамды болуы; жұмыспен қамтылуға ниет білдіруі; қалауы бойынша мамандығына, кәсібіне сай келетін жұмыс орнының болуы және негізсіз жұмыспен қамтылуға деген құқығының шектелуіне жол берілмейтін құқықтық механизмдердің бекітілуімен айқындалуға тиіс. Нарықтық қатынастардың даму үдерісін ескеріп еңбек құқығының жаңа бағыттағы ұстанымдарын айқындаумен байланысты белгілі ғалым Нұрғалиева Е.Н. келесідей өзінің пікірін білдіреді: «еңбең құқығының даму үдерісіндегі байқалатын құбылыс бұрынғы «социалистік еңбекті ұйымдастыру» жүйесінің бүгінгі еңбек саласына толық қолданылуының мүмкін болмауында. Кеңестік дәуірдегі еңбек құқығының кейбір қағидаттары бүгінде қолданылады, ал басқалары жаңа мазмұнда, экономикалық тұрғыда дамыған елдердің тәжірибесі, заңнамалық болмысы ескеріле отырып жаңа ұстанымдар ретінде айқындалуда - олардың қатарында қызметкерлердің өмірін, денсаулығын сақтау және олардың еңбек жағдйының үнемі жақсартылуы» [1, 24-бет].

Мемлекет деңгейінде қабылданатын әрбір шешім дер кезінде іске асырылуға, сол шешімдер негізінде айқындалатын іс-шаралардың қатаң

бақылауда болуы – түпкілікті қажеттілік болып табылады. Елбасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевпен бекітілген 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясында - қазақстандықтардың өмір деңгейінің сапасын түпкілікті көтеру, адам капиталын дамыту, заңның үстемдігін қамтамасыз ету міндеті ауқымды алғышарт болып айқындалды [3].

Жан-жақты жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары негізінде белгілі ғалым Г.С. Сапаргалиев келесідей тұжырым жасады: «Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаттарын, идеяларын және нормаларын талдау нәтижесінде, конституцияның, мемлекетімізде азаматтық қоғамның орнығуына байланысты құқықтық кеңістіктің қалыптасуын, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуын, құқықтың үстемділігінің бекітілуін, барлық мемлекеттік биліктің тарамдарының келісімді қызмет атқаруын қамтамасыз ету мақсатында азаматтардың, мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың саяси және құқықтық жауапкершіліктерін айқындауды қамтамасыз ететіндігін анықтаймыз» [4, 14-бет].

Қоғамдық қатынастарды сапалы реттеу мәселесіне қатысты заңнаманың үстемдігін қамтамасыз ету міндеті барлық уәкілетті мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарына, ұйым басшыларына, лауазымды тұлғаларға жүктелген. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңының күші жойылып жалпылық мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы ережелер Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексіне енгізілді [5]. Құқық бұзушылықтың алдын алудың басымдығына үстемдік беру қағидаты құқықтық қағидат – құқық нормасы болып, осы Кодексте бекітілді.

Мәселен, әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөнінде прокурорлық қадағалау қызметінің сапалық талаптарына сәйкес болуы, жан-жақтылық зерттеу және бұзылған (не бұзылуға қауіпі бар) құқықтарды толық көлемде бұрынғы қалпына келтіру міндеті барлық деңгейдегі прокурорлардың міндеті болып табылады – тексеру жұмысы тексеру өндірісі жөніндегі қаулы негізінде жүргізіледі. Келіп түскен өтініш (арыз, шағым, сұрау, хабарландыру)жан-жақты зерттелуге, сол қаралатын (тексерілетін) өтініштің пәнін құрайтын мәселе бойынша барлық мән-жағдайлар толық айқындалуға тиіс. Мысалы, бұзылған құқықты қалпына келтіру жөніндегі өтінішті қарауда сол құқықты қалпына келтіру ғана емес, сонымен қатар келтірілген зиянды өндіру, кінәлі тұлғаны жауапкершілікке тарту, кейін ала сондай құқықбұзушылықтың орын бермеуі жөніндегі талаптар прокурорлық

актіде көрсетілуге тиіс. Прокурорлық тексеру жұмыстары үш түрге бөлінеді: 1) бастамашылдық; 2) заңды тұлғалармен қатар жеке тұлғалардың өтініштері негізінде; 3) Бас прокурордың тапсырмалары бойынша. Еңбек қатынастарында жұмыс берушімен заңнаманы дұрыс қолдану қызметіне қатысты декларация жүргізу туралы ережелер, мемлекеттік еңбек инспекциясының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің 191-200 баптарында айқындалған (бұдан әрі – ҚР ЕК) [6].

Бүгінгі таңда Кәсіпкерлік кодекстің 153-бабына сәйкес, тексеру жүргізу нәтижесінде, тексерілетін субъектінің заңнамамен белгіленген талаптарды бұзу фактісі анықталған болса, бақылау және қадағалау органының лауазымды тұлғасы, заңнамада көзделген өкілеттігі шегінде, анықталған заң бұзушылықтарды жою, олардың алдын алу, адамдардың өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға, жеке тұлғалармен қатар заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне ықтимал зиян келтіруді болғызбау жөніндегі шараларды іске асыруға, сондай-ақ заң бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғаларды заңнамамен белгіленген тәртіпте жауаптылыққа тарту жөніндегі шараларды қолдануға міндетті. «Қазақстан-2050» Стратегиясы және Елбасы, Н. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы – Ұлт жоспары шеңберінде [7] 59 заңнамалық актілер қабылданып, басқа нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Ұлт жоспарына сәйкес келесідей атқарылатын іс-шаралардың шеңбері айқындалды: мемлекеттік қызмет жүйесін меритократия қағидаты негізінде құру; әрбір орган мен лауазымды тұлғаның қызметі мен өкілеттілігін бөлу және нақты айқындау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты орнықтыру; мемлекеттік қызмет көрсету саласын дамыту; мемлекеттік аппарат жұмысын ақпараттандыру; сыбайлас жемқорлық көріністерін жою мақсатында шенеуніктердің азаматтармен тікелей байланыста болуына шек қою; халықтың құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік жауапкершілігін көтеру.

«Қазақстан - 2050» Стратегиясы шеңберінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың, барлық заңды тұлғалар басшыларының мақсаты - еңбек қатынастарында мүдделердің шиеленісуін, шиеленісу деректерінің қасақана өрлеуін болдырмау, еңбек заңнамасы нормаларын дұрыс қолдану қызметіне бақылау және қадағалау жүргізуді күшейту болып табылады. Аталмыш Стратегия шеңберінде, барлық мемлекеттік органдармен жұмыскерлерге төленбеген жалақыны өндіру, ұжымдық шарттардың талаптарының орындалуын бақылау, еңбек дауларын сотқа дейін шешу жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде. «Қазақстан - 2050» Стратегиясының үшінші бөлімінде – жаңа экономикалық саясаттың

бағытын анықтау мәселесіне қатысты бүгінгі көзқарастарды өзгерту соған байланысты жаңа бағыттар бойынша жүзеге асырылатын қызмет түрлері айқындалған. **Біріншіден**, экономикалық және басқару жөніндегі шешімдерді түгелдей экономикалық мақсаттылық және ұзақ мерзімді мүдделер тұрғысында қабылдау. **Екіншіден**, Қазақстан толыққанды бизнес-серіктестік ретінде қатыса алатын жаңа нарықтық тауарларды айқындау, экономикалық дамудың жаңа тіректерін құру. **Үшіншіден**, экономикалық әлеуетті арттыру мақсатында қолайлы инвестициялық ахуал құру. **Төртіншіден**, экономиканың тиімді жеке секторын құру және мемлекеттік-жеке меншік серіктестікті дамыту: экспортты мемлекеттік ынталандыру, шағын және орта бизнестің дамуы үшін қолайлы жағдай жасау.

Аталмыш Стратегия қабылданғанға дейінгі бекітілген мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес, мемлекеттің даму жолындағы міндеттердің кейбір бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында айқындалған болатын. Осы мақалада айқындалған стратегиялық бағыттарды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 шілдедегі № 961 «Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаларды іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысы [11], Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2012 жылғы 24 шілдедегі № 3 «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 10 шілдеде республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» атты мақаласын түсіндіру және ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Өкімі қабылданды [12].

Соңғы жылда қабылданған барлық заңнамалық актілер еңбек қатынастарын сапалы реттеу, халықты жұмыспен қамту, жұмыссыздықтың деңгейін бәсеңдету және еңбек дауларының туындауына негіз болатын жағдаяттардың ұйым деңгейінде шешілуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Конституциямен айқындалған әркімнің жұмыспен қамтылуы және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтары мен бостандықтары әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы құқықтары мен бостандықтары болып танылады. Жалпы, құқықтар мен міндеттердің бірлігі әрбір құқық саласына тән қатынастардың мазмұнын құрайды. Конституцияда бекітілген нормаларды талдай отырып «Адам және азамат» бөлімінде айқындалған құқықтар мен міндеттердің азаматтық, әлеуметтік – экономикалық, мәдени және саяси сипатта жіктелетіндігі, соған сәйкес,

әркімнің жұмыс пен кәсіп түрін еркін таңдауына, жұмыссыздықтан қорғалуына, қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек жағдайымен қамтамасыз етілуіне деген құқығының әлеуметтік-экономикалық сипатта танылатындығы айқындалған. Конституциямен айқындалған негізгі құндылық – адамның және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі Конституцияның 1-бабында бекітілген [13]. Әркімнің, сонымен қатар, уәкілетті мемлекеттік органдардың құқықтары мен міндеттерінің өзара байланыстылығы Конституцияның 12-бабының 1-тармағына және басқа да баптарына сәйкес айқындалатындығын атап өтуіміз қажет.

Қай салада болмасын қандай да бір құқықтық қатынасқа түсу, не туындаған келіспеушіліктерді, дауларды шешу белгіленген тәртіпте өтінішті беру, оны тіркеу, сол өтінішке қатысты шешім қабылдау тәртібінде іске асырылады. Азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар еңбек тәртібін күшейту, бекіту, еңбекті жоспарлау мен ұйымдастыру мәселесіне қатысты қабылданатын шешімдер белгіленген тәртіпте берілетін, енгізілетін өтініштерді қарау негізінде іске асырылады. Мысалы – құрылым бөлімше басшысының бастамашылдығымен енгізілетін ұсыныс не баяндамалық жазба ұйым басшысымен қаралып сол ұсыныс не баяндамалық жазба негізінде қандайда бір шешім қабылданады. Өтініштер негізінде адамның құқықтары және бостандықтарын қамтамасыз ету, әрекет пен қызметтің үйлесімділігін анықтау, қарама-қайшылықтар мен шиеленістердің алдын алу жүзеге асырылады. Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңнама нормалары мемлекеттік қызмет және экономиканың барлық салаларына тең жағдайда таралады.

Өтініштерді қараудың құқықтық рәсімін, шегін анықтау – құқықтық қатынас субъектілерінің арасындағы байланысты нығайтуда, құқықбұзушылықтың алдын алуда маңызды орын алады және жұмыскерлердің, қызметшілердің қоғамдық қатынастарға белсенді қатысуына мүмкіндік тудырады. ҚР Конституциясының 18-бабының 3-тармағы мен 20-бабының 2-тармағында айқындалған әркімнің ақпаратты алу, оны тарату, өтініш беруге деген құқығын іске асыру механимздері тиісті заңнамалық актілермен айқындалған (айқындалуға тиіс). Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша тиісті халықаралық шарттар, олардың қатарында 2005 жылдың 21 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Парламентімен 1966 жылғы 16 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясымен мақұлданған «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» Халықаралық Пакт бекітілді [15]. Келесі халықаралық шарт - «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық Пактіге 2003 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президентімен қол қойылды

және ол бекітілгеннен кейін 2006 жылдың 24 сәуірінде күшіне енді [16]. Құқық қолдану қызметінде жоғарыда көрсетілген халықаралық шарттар әрқашан басымдықпен қолданылады. 1993 жылдан бастап Халықаралық Еңбек Ұйымының 24 Конвенциялары Қазақстан Республикасының Парламентімен ратификациядан өткізілді.

ҚР ЕК – нің 3 бабының 1 тармағына сәйкес, еңбек заңнамасының мақсаты - еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу, тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төменгі кепілдіктерін белгілеу болып табылады. Аталған баптың 2-тармағымен, еңбек заңнамасының міндеттері айқындалған - тараптардың мүдделерінің теңгерімін айқындау, экономикалық өсуге қол жеткізу, өндірістің тиімділігі мен адамдардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған қажетті құқықтық жағдайларды жасауды қамтамасыз ету болып табылады.

Өтініштің бір түрі «хабарлама» ҚР ЕК-нің 1-бабы 1-тармағының 81) тармақшасында берілген. Хабарлама – жұмыскердің немесе жұмыс берушінің жазбаша өтініші не өзге тәсілмен (курьерлік пошта, почта байланысы, факсимильді байланыс, электрондық пошта және өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы) берілген өтініш мәтінінде айқындалған. Негізінде, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221-III «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес өтініштердің жеті түрі айқындалған: 1) электрондық құжат; 2) бейнеконференцбайланыс; 3) бейнеөтініш нысанындағы ұсыныс; 4) арыз; 5) шағым; 6) сауал; 7) үн қосу.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы №510 «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есептер туралы» Заңның қабылдануына байланысты 2011 жылғы 16 қарашадағы № 109 Қазақстан Республикасының Бас прокурорының бұйрығымен «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережелерін бекіту туралы» және Жеке және заңды тұлғаларың өтініштерін қарау және оны толтыруға байланысты № 1 – ОЛ формадағы Нұсқаулық бекітілді [17]. Аталған Бұйрықпен ҚР Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есеп бойынша Комитетке есептік мәліметтер беру (өтініштерді қарауға құқығы бар субъектілермен) және өтініштерді есепке алу ережелері анықталды. Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес барлық өтініштер есепке алынуға жатады және солар бойынша статистикалық, бақылау-қадағалау органдары құқықтық статистикалық талдау жұмысын жүргізеді. Бас Прокуратура жанындағы

аталмыш Комитет құқықтық статистикалық ақпаратты жинау және өңдеумен ғана айналыспайды, сонымен қатар, өтініштерді қарау тәртібін сақтау, қадағалау аясында прокурорлық қадағалау қызметін жүзеге асырады.

Өтініштерді қарау мәселесіне қатысты ҚР ЕК-нің кейбір баптарын мысал ретінде қарастыруымызға болады: ҚР ЕК-нің 159-бабының 4-тармағына сәйкес - келісу комиссиясына келіп түскен өтініш, сол комиссиямен, берілген күні міндетті түрде тіркелуге тиіс. Осы баптың 5-тармағына сәйкес - келісу комиссиясы, жекелеген дауды, өтініш тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға міндетті. Аталмыш комиссияның шешімі (оның көшірмесі) қабылдаған күннен бастап үш күн мерзімде тараптарға берілуге тиіс. Осы баптың 6-тармағына сәйкес - келісу комиссиясының шешімі онда белгіленген мерзімде тараптармен орындалуға тиіс.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау қызметі жөніндегі заңнама нормаларын қолдануда ескерілетін жағдай – әркімнің құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуіне прокурорлық қадағалау қызметі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 «Прокуратура туралы» Заңымен [18], бөлек – еңбек инспекциясына қатысты ҚР ЕК-нің 191-198-баптарына және Кәсіпкерлік кодекстің 129-157-баптарына сәйкес еңбек қатынастарында тексеру жұмыстарын жүргізудің ерекшеліктері айқындалған.

Пайдаланылған әдебиеттер мен нормативтік актілер

1. Нургалиева Е.Н., С.А. Бухарбаева. Принципы трудового права.- Алматы, 2004. 160 бет.

2. Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы/ Ред. басқарған З.Ж.Кенжалиев.- Алматы: Жеті жарғы, 2008.- 120 бет.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар, 15 желтоқсан 2012 жыл «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

4. Сапаргалиев Г.С. Становление конституционного строя Республики Казахстан (1990-1996). Правовые проблемы становления суверинитета Республики Казахстан. – Алматы: «Жеті-жарғы», 1997. – 136 с.

5. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік Кодексі, 03 қараша 2015 жыл №210 (28688), «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

6. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі, 25 қараша 2015 жыл №226 (28704), «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы» Бағдарламасы, 20 мамыр 2015 жыл № 92, «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығы.

9. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, 20 қараша 2015 жыл №223 (28701) «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

10. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы, 25 қараша 2015 жыл № 226 (28704), «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 шілдедегі №961 «Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысы.

12. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2012 жылғы 24 шілдедегі № 3 «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 10 шілдеде республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» атты мақаласын түсіндіру және ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Өкімі.

13. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (2011 жылға дейінгі енгізілген өзгерістер және толықтырулармен). Алматы, Жеті жарғы, 2016.- 37 бет.

14. Д.Сон, Участие институтов гражданского общества в борьбе с преступностью и коррупцией. К обществу без коррупции. Информационно-аналитический журнал, № 4(21) декабрь 2004-47 с.

15. Қазақстан Республикасының Парламентімен 2005 жылдың 21 желтоқсанында бекітілген 1966 жылғы 16 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясымен мақұлданған «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» Халықаралық Пакт.

16. «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық Пакт 2003 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының

Президентімен қол қойылды және ол бекітілгеннен кейін 2006 жылдың 24 сәуірінде күшіне енді.

17. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221-III «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңы, 30 қаңтар 2006 жыл №23 (24600), «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті.

18. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 «Прокуратура туралы» Заңы, 1995 жылы № 24, 156-құжат Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы.

МРНТИ 10.79.21

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Оразбек М.О

Сулейман Демирель атындағы университеті

қорғалу құқығын жариялады және әр адамның білікті заң көмегін алу құқығын бекітті [1].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен мақұлданған, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат концепциясында айтылғандай, құқық қорғау институттары жүйесінде азаматтарға заң көмегін көрсету жүйесінің негізі болып табылатын адвокатура жетекші рөл атқарады. Азаматтардың білікті заң көмегін алуға деген конституциялық құқығын іске асыру әділ сотқа қол жеткізудің басты шарты мен кепілдігі болып табылады. Бұл құқықты іске асыру механизмдері жетілдіру жұмыстарын қажет етеді [2].

Айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету қылмыстық үрдістің жарыспалы сипатта болуын талап етеді, себебі сот талқылауын жарыспалы құру және өткізу айыпталушының заңды қорғалуын қамтамасыз етеді.

Тек осы шарт орындалғанда ғана қорғаушы тарап өзінің құқықтары мен мүдделерін талап ету, айыптаушыға сәтті қарсы тұрудың шынайы мүмкіндігіне ие болып, ал сот қызметі болса субъективизмнен, сыңар жақтылықтан ада болады [3].

Жеке адамның дербес құқықтарына, лайықты қорғаудың сақталуына аса мұқият болу қажет, өйткені айыптаушы емес, қорғаушы тарап жарыспалы қылмыстық үрдістің маңызды бөлігі болып табылады.

М.С. Строгович қорғауға «айыптауды жоққа шығаруға, айыпталушының кінәсіздігін анықтауға немесе оның жауапкершілігін жеңілдетуге бағытталған іс жүргізудегі әрекеттердің жиынтығы» деген анықтамаға берген болатын [4, с.108].

Жарыспалы қылмыстық іс жүргізу жалпы алғанда – бұл ауызша, жария, тікелей үрдіс, мұнда айыпталушы үрдіс субъекті, тарап рөлін атқарады. Жарыспалықты, айыптаушы мен қорғаныс арасындағы дауды жоққа шығару іс жүзінде оның қорғалу құқығын мойындамауды білдіреді, себебі ол айыптауды жоққа шығарып, оған сыни пікір білдірусіз мүмкін болмайды [5, с.107].

Жарыспалы іс жүргізу – бұл бір істі әртүрлі көзқарастар тұрғысынан қарайтын білікті заңгер мамандардың құқықтық шайқасы. Дәл осындай талас-тартыс сотқа істің мәні жайлы дұрыс түсінік қалыптастырып, ақиқатты анықтауға мүмкіндік береді [6, с.130].

Жарыспалық қағидасының міндетті шарттарының бірі тараптардың тең жағдайда болуы. Тараптардың іс жүргізудегі теңдігі сот талқылауы кезеңінде де, алдын ала тергеу барысында да айыптаушы және қорғаушы өздерінің позицияларын дәлелдеу, қарсы жақтың позициясына қарсы шығу және жоққа шығару үшін тең іс жүргізу құқықтарын қолдануынан көрініс табады.

ҚПК 64-бабының 9-бөлімі 10-тармағына сәйкес күдікті «дәлелдемелер өткізуге», ал қорғаушы ҚПК 70-бабы 2-бөлімінің 2-тармағына сай заңды көмек көрсету үшін қажетті заттарды, құжаттар мен мәліметтерді жинауға және сотқа өткізуге құқылы. Қорғаушы ҚПК 122-бабының 3-бөліміне сәйкес анықтама, мінездеме және басқа да құжаттарды талап ету, шартты негізде сот сараптамасын жүргізу бастамасын көтеру, шартты негізде мамандарды шақырту, болжамды түрде қылмыстық іске қатысты ақпараттардан хабардар тұлғалардан олардың келісімімен жауап алу арқылы қорғауды жүзеге асыруға қажет деректерді алуға құқылы. Сауалнама барысында алынған мәліметтер тұлғадан қылмыстық үрдісті жүргізуге орган ҚПК бекітілген тәртіпте жауап алғаннан кейін, дәлелдеме ретінде қолданылуы мүмкін. Бұрын сауалнама алынған тұлғадан жауап алу мүмкін болмаған жағдайда мәліметтер тікелей дәлелдеме ретінде қолданылуы мүмкін, сонымен бірге бұрын сауалнама алынған тұлға қолының шынайы екені заңмен бекітілген тәртіпте расталуы тиіс.

Қорғаушы тек «өз дәлелдемелерін» анықтау, тергеу немесе сот органдарына өткізуге құқылы, ал олар (нақты жағдайларда өздеріне қалай тиімді және қолайлы болғанына қарай) аталған мәліметтерді дәлелдеме деп тану немесе танымау туралы шешім шығаратын болады. Осылайша, қорғаушының құқығы бар, ал бірақ оны іс жүзінде қолдану және қажет жағдайда пайдалану мүмкіндігі – жоқ. Осы себепті де дәлелдемелерді жинау бағытында жарыспалық қағидасы іс жүзінде қолданылмайды деген қорытынды жасауға болады.

Мінездемелерді алумен (тұрғылықты жерінен, жұмысынан, жазасын өтеп жатқан орыннан) айыптаушы емес, қорғаушы жақ айналысуы тиіс. Бұл жоғарыда аталған айыптаушы жақ талап ететін мінездемелердің бәрі бастапқыда әділетті емес және ол жерде айыптаушы бағдар, жоқ дегенде бейтараптықтың айқын байқалатынымен байланысты жасалған тұжырым [7, с. 41].

Лауазымды тұлғалар мен мекемелер адвокатқа заңмен қарастырылған ақпараттарды жинауды қолдау көрсетуі керек. Алайда адвокат, мысалы, мемлекеттік, коммерциялық, дәрігерлік немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қажетті деректердің оған тек өзі жасаған сұраныс негізінде беріле қоймайтынын да ескергені жөн. Мұндай жағдайларда адвокат болжамды құжаттарды алдын ала тергеу органының уәкілетті лауазымды тұлғасы жүзеге асыруы тиіс іс жүргізу іс-әрекеттерінің аясында алу туралы өтінішхат жіберуі керек [8, с. 63].

Іс үшін маңызы бар құжаттарды талап етуге келер болсақ, онда адвокаттардың сәйкес құқығы тек кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың талап етілген құжаттарды берудің корреспонденциялық міндетімен ғана қамтамасыз етілген.

Сәйкес сұраныстарды орындамаған жағдайда (прокурор, тергеу уәкілеттілігіне ұқсас) аталмыш тұлғаларға қатысты көлемді жазалар қолдануды енгізген жөн. Осылайша айыптаушы және қорғаушы жақ арасындағы теңдікке жағдай жасалады, тараптардың теңдігі мен жарыспалық қағидасы қамтамасыз етілетін болады [9, с. 64].

Бұл тұстағы маңызды мәселелердің бірі адвокат жинаған және өткізген заттарды заттай дәлелдемелер ретінде қабылдауға жол беретін норманың жоқтығы. Мұндай норманы енгізу қылмыстық үрдістегі тараптардың тең құқыққа ие болу қағидасын іске асыруға септігін тигізер еді. Сондықтан да тергеу органын үрдіс қатысушылары ауызша да, жазбаша да формада өткізген мәліметтерін, сондай-ақ дәлелдеме болуы мүмкін заттар мен құжаттарын іске тіркеуге міндеттейтін норманы қарастырған дұрыс болар еді [10].

Заттарды қорғаушы іс үшін маңызы бар заттың иесі болып саналатын тұлғаның оны беруге ерікті келісімі болған жағдайда ғана ала алады. Затты алу іс жүргізуде рәсімделуі тиіс. С.А. Тумашовтың пікірінше, бұл қадамды аталған зат иелігінде болған тұлғаның түсініктемесінде затты алу фактін көрсете отырып жүзеге асыруға болады. Түсініктемеде қосымша алынған заттың көлемі мен басқа да ерекшеліктері көрсетілген сипаттамасы болуы керек. Алынған затты қаптап және адвокат және заттың иесі болып табылатын тұлғаның қолдарымен бекіту керек. Тұлға затты беруге келіспесе немесе оны алу мүмкін болмайтын жағдайда, қорғаушы мұндай заттың бар екені жайлы тергеу органына хабарлауы тиіс [11, с. 40].

Қорғаушы жақ үшін маңызды фактілік деректерді іздеу тергеуші жауап алуды аяқтағаннан кейін, сәйкес тергеу іс-әрекетіндегі тұлғаларға қатысты сұрақтар қою формасында жүргізілуі мүмкін. Аталған сұрақтарға берілген жауаптарды іс жүзінде тіркеу өз кезегінде тергеушіге байланысты болмақ, ол барлық қойылған сұрақтарды хаттамаға енгізуге міндетті болуына қарамастан, қорғаушының кейбір сұрақтарын ескерусіз қалдырып кетуі мүмкін.

Мұндай жолмен жиналған мәліметтер тек тергеушінің оларды қылмыстық іс материалдарына қосу туралы субъективті қарауынан кейінге ғана іс жүргізуде маңызға ие болады.

Н.Т. Сарданян орын алған жағдайды шешудің екі жолын ұсынды: 1) материалдарды тікелей сотқа өткізу; немесе 2) қорғаушыға заңды маңызы бар нәтижелерді рәсімдеп, өзіндік «параллель тергеу» жүргізу мүмкіндігін беру [12,с.57].

«Параллель тергеу» - бұл қорғаушының өзінің түйіндерін ақтайтын қорытындыда көрсете отырып, жауапкершілікті жеңілдететін немесе ақтайтын жағдайларды анықтау бойынша «тергеу» іс-әрекеттерін жүзеге

асыруы, оның қорытындысы қылмыстық іспен бірге сотқа жіберіледі [13, с.22].

Бұл көзқарасты И.Л. Петрухин де қолдайды, оның пікірінше, егер адвокатураға дербес түрде дәлелдемелерді жинау және сотқа өткізу құқығы берілмесе, шынайы жарыспалы сот үрдісі болмайды [6, с. 137]. А. А. Воронов та адвокатқа өзіне қажетті дәлелдемелерді өздігінен жинау, таңдау және анықтау мүмкіндігін беру қажет деп санайды. Тек осындай жағдай қамтамасыз етілсе ғана жарыспалық қағидасы іс жүзінде қолданыла бастайды [7, с. 41].

М.Э. Романовскийдің пікірі бойынша, адвокаттың дәлелдемелік ақпаратты алуға және өткізуге деген құқықтық статусын әрі қарай да реттеу жұмыстарын жүргізу керек. Сонымен бірге қорғаушы жақ берген барлық деректер айыптаушы тарап оларды дәлелдеме ретінде қабылдамай, дәлелдеу кезінде қолданбағанның өзінде қылмыстық істе сақталуы тиіс. Қорғаушы жақтың дәлелдемелерді өткізу құқығы оларды қылмыстық іске қосу міндетімен үйлестірілуі тиіс, бұл аталған нақты деректерді қылмыстық сот ісін жүргізудің кейінгі кезеңдерінде зерттеуге мүмкіндік береді [15, с. 16].

Сонымен бірге Н. Горя қорғаушының іс бойынша ақиқатты жасыруға әсер етуін болдырмайтын кепілдіктерді қарастыруды ұсынды. Бұл мақсатта алдын ала тергеу құпиясын сақтап және қорғаушыға жауап алынған тұлғалардан дербес түрде жауап алуына тыйым салу ұсынылды. Оның қызметі жауапкершілікті жеңілдететін немесе ақтайтын нұсқаларды ұсынуға және тексеруге, жаңа дәлелдеме көздерін іздеуге және табуға бағытталған болуы керек [13, с. 22].

К.Б. Калиновскийдің де пікірімен келіспеске болмас, ол қорғаушы жаққа дәлелдемелерді жинау, оған қоса параллель тергеу жүргізу уәкілеттілігін беру заңдылық қағидаларына қайшы келеді деген болатын [16, с.18].

Отандық қылмыстық үрдісте дәлелдемелерді жинау сотқа дейінгі іс жүргізу және сот талқылауында тергеу және сот іс-әрекеттерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Біздің пікірімізше, қорғаушының барлық тергеу іс-әрекеттеріне қатысуы және оның іс бойынша бар барлық дәлелдемелерді білуі, бір жағынан, ақиқатты табуға септігін тигізеді, ал екінші жағынан, тергеуді бұрыс жолға бағыттау қаупін туғызады. Сәйкесінше, іс бойынша қорғаушының ақпараттар алу мүмкіндігін шектеудің дұрыс шешім екенін мойындаған жөн.

Тергеу іс-әрекеттерін жүргізу арқылы қорғаушыға дербес түрде дәлелдемелер жинау құқығын беру қылмыстық үрдістің мақсаттарына қол жеткізуде айтарлықтай кедергілер туындатуы мүмкін.

Бас сот талқылауында дәлелдемелер өткізу бойынша іс жүзіндегі тең мүмкіндіктер тек оларды алдын ала тергеуде жинау және іс жүргізуде бекіткен жағдайда ғана мүмкін болады.

С. И. Баркан және М. Пастуховтың да пікірлеріне қосыламыз, олар қылмыстық үрдісті демократияландырып және қорғаушының іс жүргізудегі статусын нығайту үшін:

- тек от талқылауында ғана емес, барлық кезеңдерде жарыспалы қылмыстық үрдіске көшу керек. Алдын ала тергеуде, сот талқылауында, жоғарғы соттарда істі қайта қарау барысында айыптаушыға толыққанды қорғаушы қарсы тұруы қажет;

- тараптардың талас-тартысы қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің басынан аяғына дейін олардың іс жүргізудегі құқықтарының толықтай теңдігінде өтуі керек. Тергеуші де (тергеу барысында), прокурор да (бірінші инстанция сотында және жоғарғы сотта істі қайта қарау барысында) қорғаушы алдында ешқандай басымдыққа ие болмауы керек;

- заң, тергеуші, прокурор, сот тарабынан ешқандай шектеулер қоймастан, қорғаушыға айыпталушыны ақтайтын және жауапкершілігін жеңілдететін дәлелдемелерді дербес жинау құқығын беру керек [17, с. 10].

Басты сот талқылауында іс бойынша ақиқатты анықтау, алдын ала тергеудің барлық кемшіліктері мен олқылықтарын анықтау бойынша барынша қолайлы жағдайлар жасалады. Сол себепті де қорғаушы толық іс жүргізу дербестігіне ие бола отырып, дәлелдемелерді зерттеуге қатысады, айыптаудың мәні және дәлелдік маңызы жайлы, сотталушының жауапкершілігін жеңілдететін және ақтайтын жағдайлар, жазалау шарасы және басқа да сот талқылауында туындайтын мәселелер туралы өз пікірін білдіреді. Осылайша қорғаушы өз қорғауындағы адамның позициясын қорғап, тағылған айыптың негізсіздігін көрсетуге немесе сотталушының кінәсін жеңілдету қажет екенін дәлелдеу үшін бар күшін салады.

Сонымен бірге сот талқылауы алдын ала тергеудің материалдарын тексеруді қамтығанымен де, тек онымен ғана шектеліп қалмайды. Ол, ең алдымен, ақиқатты анықтауды және тұлғаның құқығын қорғауды барынша жоғары деңгейде қамтамасыз ететін процессуалдық формаларда өткізілетін дербес зерттеу болып табылады. Заңды және негізді өкім үшін соттың қалай өткені, айыптаушының да, қорғаушының да көзқарасы тұрғысынан зерттелген, судья хаттамадан емес тікелей өз көзімен көретін дәлелдемелердің маңызы зор [18, с.14].

Тек жарыспалық қана адвокат позициясын нығайта түседі, онсыз әділетті соттың риясыз жүруін елестету де қиын. Қорғау барысында адвокат өз қорғауындағы адамның мүддесін басшылыққа алады. Оның іс-

әрекеттері мемлекеттің шынайы, риясыз әділетті сот жүргізуге деген кепілдіктерінің бірі болып табылады [19].

Осылайша, қорғаушының негізгі міндеті дәлелдемелер жинау емес, барлық дәлелдемелерді айыпталушының толықтай ақталуы немесе жауапкершілігінің жеңілденуіне септігін тигізетіндей түрде беру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Конституция Республики Казахстан. — Алматы, 2002. — 44 с.
2.Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года // Казахстанская правда. 2009. 27 августа.
3.Уголовный процесс: Учебник для вузов/ Под общей ред. Лупинской П.А. —М.: «Юристь», 1995, —544 с.
4.Строгович М.С. Курс уголовного процесса. — М.,1958, — 430 с.
5.Ю.И., Ларин А.М., Конституционный принцип обеспечения обвиняемому права на защиту. — М.: Наук а, 1988, —320 с.
6.Петрухин И.Л. Состязательность и правосудие (к 100 - летию М.С. Строговича) // Государство и право, —1994. —№10. — С.128—137.
7.Воронов А.А. О праве адвоката на собирание доказательств // Закон и право. — 2005. — №1. — С. 40—41.
8. Варфоломеев В.В. Проблемы сбора адвокатом доказательств // Юридический мир. — 2006. — №4. — С.61—65.
9. Ахпанов А.Н. Реализация принципа состязательности на досудебных стадиях уголовного процесса // Проблемы усиления гарантий прав участников уголовного процесса: мат-лымеждународ. науч. — практ. конф., — Алматы, 17 — 18 февраля 2003.—С.64
10.Кожамжаров Т. Не стряпчий // Юридическая газета. 2005. 25 мая.
11. Тумашов С.А. Состязательность в досудебном производстве: декларация о намерениях или реальность? // Закон и право. — 2003. — №9. — С.39—41.
12.Сарданян Н.Т. Сторона защиты в состязательном уголовном процессе// Закон и право. — 2008. —№10. — С. 56—57.
13. Горя Н. Принцип состязательности и функции защиты в уголовном процессе// Советская юстиция. —1990. —№7. —С.22.
14.Романовский М.Э. Равенство прав сторон в досудебном производстве по уголовным делам. Автореф. дисс.. канд. юрид. наук. — Омск, 2006. — 25 с.
15. Калиновский К.Б. Законность и типы уголовного процесса. Автореф. дис. …канд. юрид. наук. — СПб., 1999. — 25 с.
16. Баркан С., Пастухов М. Много ли прав у защитника? // Социалистическая законность. — 1991. — №11. — С.9—11.

17. Стецовский Ю.И. Принцип непосредственности и право обвиняемого на защиту // Советская юстиция. —1976. —№20. — С.13—14.
18. Алибаев А. Без адвоката нет состязательности // Юридическая газета. 2005. 25 мая.

10.79.41

ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ҚАТЫСУДАҒЫ АДВОКАТТЫҢ РӨЛІ

Рақымберген Нұртас Дәрменұлы магистрант
Алматы қ. Қайнар Академиясы

АННОТАЦИЯ

Важнейшей гарантией прав и законных интересов обвиняемого (и подозреваемого) выступает закрепленное в уголовно процессуальном кодексе право на защиту. Это положение обуславливает необходимость исследования процессуального статуса защитника, с учетом положений уголовно-процессуальных норм, материалов судебной практики в свете обеспечения прав обвиняемого. В статье обосновывается вывод о участия адвоката в уголовном судопроизводстве; анализируются проблемы оказания квалифицированной юридической помощи различным участникам уголовного процесса на стадии начало уголовного дела и при производстве неотложных следственных действий.

ABSTRACT

The most important guarantee of the rights and legitimate interests of the accused (and the suspect) is the right to protection enshrined in the criminal procedural code. This provision makes it necessary to investigate the procedural status of counsel, taking into account the provisions of criminal procedure norms, materials of judicial practice in the light of ensuring the rights of the accused. Article is devoted to questions of participation of the lawyer in criminal legal proceedings. Problems of rendering of the qualified legal aid to various participants of criminal trial at a stage of initiation of legal proceedings are analyzed and by production of urgent investigatory actions.

Кілт сөздер

Қылмыстық іс жүргізу, тергеп-тексеру, прокурор, тергеуші, анықтаушы, адвокат, күдікт.

Егеменді еліміздің өркениетті құқықтық мемлекет құруға шындап бет бұрған қазіргі таңда әрбір азаматтың құқықтық мәдениеті жоғары деңгейде болуы шарт.

Конституция мен басқа да заңдарда өздеріне берілген қарапайым құқықтық нормаларды білмеудің салдарынан азаматтардың опық жейтіні жасырын емес. Міне осыдан келіп, адвокаттық қызметтің қажеттілігі туындайды.

Адвокаттың сот өндірісіне қатысуы – ҚР Конституциясы мен қылмыстық іс жүргізу заңдары бойынша азаматтардың қорғау құқығын жүзеге асырудың маңызды құралы екендігін біз бәріміз жақсы білеміз және білуге тиістіміз.

Қылмыстық іс жүргізуде адвокат-қорғаушының рөлі өте маңызды және мәнді. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, қорғаушының қызметі қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың негізгі кепілі болып табылады.

Қылмыстық іске қатысқан адвокат іс бойынша жоспарларын құрып, қылмыстық іс жүргізу сатыларынан тыс қалмауға тырысады. Адвокат көмек сұрап келген адамдарға қолынан келгенше заң көмегін көрсетіп, құқығын қалпына келтіруі тиіс. Осындай міндеттерге жету үшін өз жоспарын құрады. Қорғау жоспарын төртке бөлуге болады: 1.жәй; 2.күрделі; 3. Қысқа; 4.ұзақ. Адвокат алдын ала тергеу сатысында күдікті деп танылған кезден бастап іске қатысуға жіберіледі.

Қылмыстық істі тергеуде іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асырудың заңды негізі сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысы болып танылады [1]. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не кезек күттірмейтін бірінші тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаннан кейін адвокаттың негізгі міндеті туындайды, мысалы, кінәсі жоқ адамды жауапқа тартудан алдын алу керек. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаннан кейін прокурор алдын ала тергеу және сот органдары белгілі құқықтар мен міндеттерге ие болады. Мысалы, тергеуші нақты істі қарайды және азаматтарға процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолданады(тінту, алу, куәлерден жауап алады, қылмыстық істің болған жерлерді қарайды, сонымен қатар басқа да тергеу әрекеттерін жүзеге асырады).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қылмыстық іс жүргізу барлық белгілері тән, яғни нақты міндеттер, істің негізгі қағидалары, құқықтық қатынастармен әрекеттер болып табылады. Қылмыстық іс кінәлі деп күдік келтірген адамның болуынан емес, қылмыстық деректердің бар болуына байланысты іс басталатынын адвокат білуі тиіс. Тұлғаны қылмыстық іс бойынша кінәлі деп танымас бұрын қосымша мәліметтер жинап оларды тексерулері керек. Табылған деректер қылмысқа қатысты болған жағдайда белгілі тұлғаға қарсы қылмыстық іс басталды деп қорытындылау керек. Одан кейінгі адвокаттың міндеті қылмыстық істің басталуы үшін жиналған материалдарды тексеруі қажет.

Түскен арыздармен хабарламаларға қосымша қажетті материалдар мен түсініктер сұрауға құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталмай тұрып жауап алу хаттамасын, тінту, алу, тағы басқа тергеу әрекеттерін жүргізуге тіпті Заңда белгіленген лауазымды тұлғалар мен органдардың құқықтары

жоқ. Жеке тұлғаға қол сұқпаушылық принципі бұзылған жағдайда адвокат төмендегідей әрекеттерді жүзеге асырады:

- прокурорға шағымдана алады;
- тергеу әрекетінен кейін сот процесіне дайындық бөлімінде соттың заңсыз алынған дәлелдемелерді іске қажетсіз деп тануға өтініш білдіре алады.

Адвокат тергеу материалдарынан болған немесе болады деген қылмысқа қатысты жиналған материалдарды бірінен соң бірін тексеріп, бұл кезде тергеу шешімдері дәлелдемелер жинауға құқықтары жоқ екенін адвокат білуі керек, себебі тергеуші қылмыстық іс басталғаннан кейін ғана тұлғаның кінәлілігін дәлелдейтін дәлелдемелерді тауып іске тіркейді. Адвокат материалдарды қарап, танысу барысында істі тергеу әрекеттерін қарау, қандай тәсілдермен, қашан жүргізетінін және жүргізгенін тексере алады [2, 13 б].

Адвокат сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуының заңдылығын, дәлірек айтқанда іс бойынша арыздың болуын тексеруі тиіс. Прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуымен танысады, егер де тергеушінің шығарған шешімінің зандылығына күмән тудырып отырса, тергеп-тексеруге негіз болған материалдарды тексереді.

Егер де қылмыстық іс заңсыз себептер мен негіздерге сүйене отырып басталса, прокурор кез-келген қаулысымен тергеушінің немесе анықтау органының іс-әрекеттерін заңсыз деп таниды. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының заңсыз қаулыларының, сондай-ақ тергеу бөлімі мен анықтау органы бастықтарының, төмен тұрған прокурордың қаулылары мен нұсқауларының күшін жояды. Егер прокурор бұл міндеттерін орындамаса адвокат жоғары тұрған прокурорға шағымдана алады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Заңмен бекітілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына байланысты күрделі мәселелер шешіледі. Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді табу, алу, бағалау процесінің келесі сатыларында каралады.

Адвокаттың соңғы жағдайда іске қатысуы:

- тұлғаны ұстаған жағдайда тұлғаға бұлтартпау шарасы қолданған жағдайда;
- күдікті немесе айыпталушы кәмелетке толмаса, жасы қылмыс жасаған уақытқа сәйкес белгіленеді;
- күдікті немесе айыпталушы дене немесе психикалық кемшіліктен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;
- адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімде бас бостандығынан айырылу, өмір бойы бас бостандығынан айырылу не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмысты жасағаны үшін айыпталса;

Адвокат іске қатысу мерзімінен бастап ҚПКнің 70-бабында көрсетілген процессуалдық құқықтарға ие болады. Оның құқықтары:

- күдікті және айыпталушымен олардың саны мен ұзақтығы шектелместен оңаша құпия жолығуға болады. Бұл құқық алғашқы жауап алуға дейін жүргізіледі. Кездесуде адвокат қорғауындағы адамның іс бойынша позициясын шешімін алады: өзін кінәлі деп санай ма (егер өзін кінәлі деп есептесе толық мойындай ма, әлде жартылай мойындай ма), неге сілтеме жасайтындығын, нені мойындамайтынын, қандай себептермен және адвокаттан не сұрайтынын айтады [3, 122 б].

Адвокат іске қатысқаннан кейін төмендегідей қызмет атқарады және бір қатар құқықтарға ие болады:

- заң көмегін көрсетуге қажет заттарды, құжаттарды, мәліметтерді жинап ұсынады;
- дәлелдемелерді ұсынады. Дәлелдемелерді ұсынбас бұрын оларды белгілі қайнар көздерден алу қажет, бірақта адвокатта билік ету құқығы болмағандықтан дәлелдемелерді табу, алу қиынға түседі.
- ұстау хаттамасымен, бұлтартпау шарасын қолдану қаулысымен, заңда көрсетілген қылмыстық іс жүргізудегі өзге де құжаттармен танысуға құқылы;
- өтініш жазады;
- қарсылық білдіреді;
- қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағымданады;
- заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға құқылы.

Іске қатысқаннан кейін адвокат күдіктінің, айыпталушының қорғаушысы болып көптеген мәліметтерді, оқиғаның куәсі ретінде болады. Қорғау қызметін атқара отырып, өзіне мәлім болған мәліметтері бойынша жауапқа тартылмайды. Адвокат куә ретінде жауап беруге құқығы жоқ, себебі «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 15 бап, 3 тармағында көрсетілген адвокат көмегін көрсете отырып, өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға міндетті және көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз оларды жария етуге құқығы жоқ [4].

Алдын ала тергеу сатысында адвокат қор ғаушы болып қатыса отырып:

- заңда көрсетілген тергеу әрекеттеріне қатысады. Сонымен қатар жауапқа тартылып отырған тұлғаларға қосымша сұрақ қояды, хаттаманың дұрыстығы мен толықтығына жазбаша ескерту көрсетеді. Тергеуші адвокаттың кейбір сұрақтарын жауапсыз қалдырған жағдайда, осы әрекетін хаттамаға енгізуі тиіс.

Адвокаттың сұрақтары тек қана жағдайды ашуға, айыпталушының айыбын жоққа шығаруға немесе жауаптылығын жеңілдетуге бағытталуы керек;

- іске қатысты, өзіне қажет құжаттарды сұратады;
- тергеушіге өтініш, ал алдын-ала тергеу әрекеттеріне қадағалау жасайтын прокурор мен судьяға шағымдана алады;
- қылмыстық іспен байланысы бар мамандардан кеңес алуға құқылы;
- тергеу судьясының күдіктіні қамауға алу және мерзімін ұзартуға берген санкциясына келіспеген жағдайда сотқа немесе прокурорға шағымдана алады.

Алдын-ала тергеу сатысында адвокаттың соңғы қатысуы бұл қылмыстық істің барлық материалдарымен танысады. Айыпталушының немесе оның қорғаушысының өтініші бойынша олар іс материалдарымен бірге немесе жеке-жеке таныса алады. Істің барлық құжаттары адвокатқа тігілген және нөмірленген күйде берілуі керек. Заңның осындай талаптарын тергеуші орындамаған жағдайда, адвокат істің құжаттарымен танысудан бас тарта алады.

Адвокат пен тергеушінің арасында ешқандай келісім болмауы керек, себебі әр бет нөмірленбеген болса, істе басқа материалдар тіркеліп немесе тіркелген басқа құжаттар алынып тасталуы мүмкін. Сонымен қатар суреттердің нөмірлерінің болмауы адвокаттың өтініш жазған кезде нақты қай бетіне келіспейтіндігін көрсетіп сілтеме жасау оңайға соғады.

Адвокат алдын-ала тергеу сатысынан бастап қатысса, көптеген құжаттармен таныс болып, міндетін атқаруда жеңіл болады. Егер адвокат келесі сатылардан бастап іске қатысса, ол істің барлық құжаттарымен танысуы керек. Істің құжаттарымен танысуда белгілі бір тәсілдер белгіленбеген, қорғаушылардың барлығы қылмыстық іс қозғау қаулысымен танысады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталған уақытын, қандай қылмыстық белгілермен басталғандығын, қандай тұлғаларға қатысты басталғанын қарайды, содан кейін күдікті ретінде тану қаулысымен танысады.

Қорғаушы іс құжаттарымен танысу процесінде, егер ол бірнеше томнан тұратын білмесе, олардың кез келгенін қайта қарауға, сондай-ақ кез-келген мәліметті кез-келген көлемде көшіріп алуға, құжаттардың көшірмесін түсіріп алуға, сонымен қатар техникалық құралдардың көшірмесін түсіріп алуға құқылы [5, 114 б].

Істің құжаттарымен таныса отырып, адвокат тергеу және анықтама органдарының алдын-ала тергеу әрекеттерінде жіберген қателіктеріне, қылмыстық іс жүргізу Заңының бұзылғанына көңіл бөлуі тиіс. Заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды және айыптаудың

негізі болып табылмайды. Содан кейін сот қорғаушының өтініші бойынша дәлел ретінде жіберілмеуге тиіс құжаттарды алып тастайды.

Істің құжаттарымен танысып болып адвокат әртүрлі өтініштер білдіруге құқылы. Көбіне жазған өтініші қосымша тергеу жүргізуге берілген. Мысалы, косымша жауап алуға, беттестіруге, тергеу экспериментін жүргізуге, сараптама тағайындауға байланысты.

Қылмыстық істі қысқартқан жағдайда қылмыстық істі қысқарту туралы құжатын сұратып іске тіркеу жөнінде өтініш білдіреді. Тергеушінің қылмыстық іс бойынша адвокаттық өтініш қанағаттандырудан бас тартса, адвокат өтініш қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулының көшірмесін алып, үш тәуліктің ішінде прокурорга шағымдана алады.

Тергеу іс-әрекеттеріне қатысты адвокаттың өтінімі канағаттандырылса осы өтінішті қарастырғанда қатысуға құқылы.

Істің барлық құжаттарымен танысқаннан кейін адвокат айыпталушымен сот процесінде қорғаушы боп қатыса алатын тұлғалардың тізімін карастырады. Қорғаушы болып қатыса алатын тұлға дегенімізде айыпталушының айыбын жоққа шығаратын мәлімет білетін адамды айтамыз. Бұл тұлғалардың тізімін адвокат соған сәйкес өтінішінде көрсетуі кажет.

Адвокат қылмыстық іс құжаттарымен танысқаны туралы қорытындысын белгілі хаттамада толтырады. Хаттамада танысуға қандай құжаттар ұсынылғаны, қандай өтініштер мәлімдегенін және өзге де қандай мәлімдемелер жасалғанын, сондайақ іс бойынша қандай куәлардан жауап алғанын, іске қатысқан қандай сарапшыларды, мамандар мен куәлар айыпталушы мен қорғаушы сот отырысына шақырылуы қажет деп мәлімдегені немесе олардың тізімін қоса тіркелгенін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан / ред. М.Ч. Когамов. – Алматы: ЖетіЖарғы, 2008.
2. Тыныбеков. С. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет: оқулық. – Алматы: Дәнекер, 2006. – 285 б.
3. Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Общая часть: учебник. – Алматы: HAS, 2000. – 354 с.
4. Адвокаттық қызмет туралы заң. – 1997 жыл. – 5 желтоқсан №195.
5. Макарова З.В. Участие адвоката-защитника на предварительном следствии. – Калининград,

11 сәуір 2018 ж. 1 секция: Ағылшын тілін оқытудағы заманауи және инновациялық тәжірибе

Современные тренды и инновационная практика в преподавании английского языка

Recent Trends and Innovative Practices in Teaching English Language

İngilizce Öğretiminde Yeni Yaklaşımlar ve Uygulamalar

11 сәуір 2018 ж. 3 секция: Қазақ әдебиетін зерттеу мен оқытудағы жаңаша көзқарастар мен ұстанымдар

Современные подходы в исследовании и обучения казахской литературы

Contemporary Approaches and Principles in Research and Teaching to Kazakh Literature

Kazak Edebiyatı Araştırmalarındaki ve Öğretimindeki Yeni Yaklaşımlar

11 сәуір 2018 ж. 4 секция: Филология және аударма ісінің өзекті мәселелері

Актуальные проблемы филологии и перевода

Current trends in Philology and Translation Studies

Filoloji ve Mütercimliğin Güncel Eğilimleri

12 сәуір 2018 ж. 4 секция: Жаңа заман-жаңа журналистика

Новая эра-новая журналистика

New era-new journalism

Yeni dönem - yeni gazetecilik

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ұйымдастыру алқасы: 4

10 сәуір 2018 ж. 1 секция: Ақпараттық жүйелер мен бағдарламалау инженериясындағы инновациялар 5

COMPUTER AIDED SKIN CANCER DETECTION: IMAGE PROCESSING TECHNIQUES Aldabergen A. 7

ANALYSIS OF THE DEVELOPMENT OF EXPORT TRADE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN Sabyr Umit Nurlankyzy 10

METHODOLOGICAL ONLINE TRAINING KNOWLEDGE BASE IMPLEMENTATION FOR BUSINESS ANALYSTS IN EBA SYSTEM Aubakirova A. 11

КӘСІПОРЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕР ҚОРЫНЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АУДИТ ЖҮЙЕСІ Қалидолда Еркұлан 13

РАЗРАБОТКА УМНОГО БРАСЛЕТА ДЛЯ ПОМОЩИ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ СОЗДАННАЯ С ПОМОЩЬЮ ДАТЧИКА АКСЕЛЕРОМЕТР Айып Абылай 29

RSSI BASED BLUETOOTH LOW ENERGY INDOOR POSITIONING A.B. Mussina, S.S. Aubakirov 30

COMPARATIVE ANALYSIS OF CIRRHOSIS PATIENTS' MEDICAL DATA BY USING SUPERVISED MACHINE LEARNING ALGORITHMS Myrzagulova Elmira Nurbekkyzy 31

АВТОМАТИЗАЦИЯ МЕДИЦИНСКИХ ПРОЦЕССОВ. ЦИФРОВИЗАЦИЯ ПРИВИВОЧНОГО ПАСПОРТА. Сериктесова Таншолпан Канатбековна 33

CORRELATION AND REGRESSION ANALYSIS FOR OXYGEN CONSUMPTION PREDICTION ZHELAL KHATIKE 38

HOUSE PRICE PREDICTION Meiramov Daniyar, Aipenova Aziza 49

10 сәуір 2018 ж. 2 секция: Математика және жаратылыстану ғылымдары 59

ҒАЛАМДЫҚ ЖЫЛЫНУДЫҢ ҚАЗАҚСТАН КЛИМАТЫ МЕН ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРГЕ ӘСЕРІ Калиева А.А.[1],. Алимбекова Г.Б.[2], Сыдықова Ж.К.[3], Рамазанова Б.В.[4] **60**

ЖОО ЭЛЕКТР ӨРІСІН ЗЕРТТЕУ *Калиева А.А.[1],. Алимбекова Г.Б.[2], Сыдықова Ж.К.[3], Мұханбет Ә.А.[4]* **62**

ЖОО ЭЛЕКТРОДИНАМИКА БӨЛІМІН ТЕРЕНДЕТЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІН ЖЕТІЛДІРУ *Калиева А.А.[1], Байменшина Г.К.[2], Алимбекова Г.Б.[3], Ботабаева Г.Б.[4], Жапарова М.С.[5]* **64**

МОНОМИАЛ СИММЕТРИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАР, Елемес Толқынай. **77**

11 сәуір 2018 ж. 5 секция: Мектепте және ЖОО-да жаратылыстану ғылымдарын оқыту теориясы мен әдістемесіндегі өзекті мәселелер 80

INVESTIGATION OF ATTITUDES OF FUTURE MATH TEACHERS Choban A.U **81**

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ В ОСНОВНОЙ ШКОЛЕ С ПОМОЩЬЮ STEM ОБРАЗОВАНИЯ Муқанова Мақпал Абусадыққызы **82**

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ ПО РАЗВИИВАЮЩЕЙ СИСТЕМЕ ОБУЧЕНИЯ Л.В.ЗАНКОВА Қадыр Даяна Қайратқызы, Генеза Руфина Рахимовна **87**

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МАТЕМАТИКА САБАҒЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ Тасқараева Динара Бақытбайқызы **89**

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДАҒЫ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ. Садуакасова Айсулу Мухтаровна, Худайберганова Аяна Жанибекқызы, Палмағамбет Ернар Бауыржанұлы **90**

ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ ПОДХОД К УЧАЩИМСЯ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ Жұмашев Бекжан, Мұса Назым **92**

ҰБТ ЖЕҢІСІНІҢ РЕЦЕПТІЛЕРІ Сұлташ Инабат Қажымғалиқызы, Құдіретбай Гүлжан Ерболатқызы **93**

11 сәуір 2018 ж. 6 секция: Түркітанудың өзекті мәселелері мен түрік тілін шетел тілі ретінде оқытудағы жаңашыл көзқарастар 94

TÜRKÇE DEYİMLERİN ÖĞRETİMİNDE TELEGRAMDAN YARARLANMA Сері Ботакөз..... 95

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ АҚ / ҚАРА СӨЗДЕРІ ҰЙЫТҚЫ БОЛҒАН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРГЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТАЛДАУ, Қалибек Жайдар..... 104

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ «ҚОНАҚ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, Кемелбекова Айдана..... 111

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ «ЖҮРЕК» КОНЦЕПТІСІ, Исатай Арайлым, Жанболатова Саёра 119

YABANCILARA TÜRKÇE ÖĞRETİMİNDE SIFAT-FİİLLERİNİN ÖĞRETİMİNDE ATASÖZLERİNDEN YARARLANMA Эсра Генчаслан 131

KAZAKÇA VE TÜRKÇEDE BULUNAN ORTAK ATASÖZLERİNİN KULLANIMI, Feruza Zhankabyl..... 137

KAYNAK KÜLTÜR ARACILIĞIYLA TÜRK ATASÖZLERİNİN ÖĞRETİMİNDE İNSTAGRAMIN ÖNEMİ Паттуллаева Хуршида, Жұман Гүлниса 142

12 сәуір 2018 ж. 2 секция: Жастар арасында тарихи сананы қалыптастырудың өзекті мәселелері..... 162

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫНДАҒЫ «ҰЛТТЫҚ КОД» МӘСЕЛЕСІ Ашимова Мадина 163

ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ӨМІРДЕ АЛАШШЫЛ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІ Өтеміс Аякөз Таңжарыққызы 164

ОҒЫЗДАРДЫҢ ШЫҒЫС ЕУРОПАҒА ҚОНЫС АУДАРУЫ ЖӘНЕ САЯСИ ТАҒДЫРЫ Кабижанов Әділ..... 165

THE REVIVAL OF UIGHURS` SPIRITUALITY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN Kurbanova K.K..... 166

XX ҒАСЫРДЫҢ І ШИРЕГІНДЕГІ ЖАСТАР ҚОЗҒАЛЫСЫ Маратұлы Темірлан..... 167

ЖАСТАРДЫҢ РУХЫН КӨТЕРУДЕГІ – ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ РӨЛІ Сапаралы Қымбат 168

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ТАРИХИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ Жеңісбек А. . 170

«ЖӘМИ АТ-ТАУАРИХ» ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ Сембиева Алинура..... 175

ТАРИХ – ӨТКЕННІҢ САБАҒЫ, КЕЙІНГІГЕ ӨНЕГЕСІ Мұса Тоғжан 176

ӘМІР ТЕМІРДІҢ АНАДОЛЫ ЖОРЫҒЫ ЖӘНЕ АНКАРА ШАЙҚАСЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ Жұмәділұлы Жәнібек 183

XIX Ғ. АЯҒЫ МЕН XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ Қадірханов Қ. 184

СОВРЕМЕННЫЕ ВЕЯНИЯ В ИССЛЕДОВАНИЯХ ИСТОРИИ ИСКУССТВ КАЗАХСТАНА Лысенко Сымбат 185

ЖЕТІСУ ӨҢІРІ ТОПОНИМДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ Серік Жанар Серікқызы, Иззатуллаева Дильнура 187

СЫРДАРИЯ ОКРУГІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕГІ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕГІ ТӘРКІЛЕУ ТАРИХЫ ЖАЙЛЫ Құлмырза Мәдина Мұратқызы, Әбішева Айдана Әмірханқызы, Сактаган Айсауле Сериккызы 188

ОСМАНДЫҚ ТҮРІКТЕРІНІҢ ОРТА АЗИЯ САЯСАТЫ: ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖӘНЕ ЭТНО-МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫНА ӘСЕРІ (XIX Ғ. ЖӘНЕ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ) Ақнұр Еркінқызы 197

12 сәуір 2018 ж. 3 секция: Халықаралық қатынастар және әлеуметтік ғылымдардың өзекті мәселесі 199

THE RELATIONS BETWEEN THE US GOVERNMENT AND NATIVE AMERICANS Fatima Ospanova..... 200

NATIONAL IDENTITY PROCESSES IN EUROPE AND KAZAKHSTAN Dinara Kurakbayeva..... 201

POLITICAL ISLAM IN CENTRAL ASIA Aigerim Zholdasbek 202

CHINA`S ECONOMIC AND SECURITY INTERESTS IN CENTRAL ASIA Akbota Akyngaziyeva Askarkyzy 211

US POLICY TOWARDS CENTRAL ASIA Altynai Yechshanova 219

THE EFFECTIVENESS OF COUNTER-TERRORISM POLICIES IN EUROPEAN UNION Dina Khamza 226

THE RIGHTS OF MINORITY IN INTERNATIONAL LAW AND RIGHTS OF MINORITIES IN KAZAKHSTAN Dinara Yussupova 237

ANIMAL RIGHTS IN POST-SOVIET SPACE Gulmira Taituleyeva 244

INFLUENCE OF EQUALITY OF GENDER RIGHTS ON INTERNATIONAL COMPETENCE A. Moldakhmetova 263

THE SECURITY ISSUES IN THE CENTRAL ASIA AND THE GEOSTRATEGIC ROLE OF KAZAKHSTAN IN THIS REGION Nurgul Jaulbayeva Aralkhanovna 273

THE DEVELOPMENT OF RELATIONS OF CHINA WITH CENTRAL ASIA AT THE PRESENT STAGE Nuridinova Bayan Bekmuratovna 281

ПРОБЛЕМЫ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗГАСА (мониторинг глазами студентов) Камалиева С.М., Кенжегараева К.Р., Амангельды А.А., Апсаметова Ф.А. 290

ОСОБЕННОСТИ РЕЛИГИОЗНОСТИ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ (на примере студентов КазГАСА) Канайбекова М.Н., Политова А.А. , Саипова К.А, Ерпанаева М.М., Ташиева Д.,Беркина К.Э. 291

CHALLENGES TO GLOBAL FINANCIAL SYSTEM IN THE FRAMEWORK OF THE TECHNICAL REVOLUTION Issimbayeva G.K. 292

UN'S SDG: GOAL 16 PEACE, JUSTICE AND STRONG INSTITUTIONS Zhalbayeva Sh. S. 293

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРАВ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНЕГО В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ УПК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ТУРЕЦКОЙ РЕСПУБЛИКИ А.А. Койчубекова 294

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТИІМСІЗ ЖАҚТАРЫ Сүлейменова Әмина Біржанқызы 303

ЕУРОПАДАҒЫ СЕПАРАТИЗМ: КАТАЛОНДЫҚТАР МЫСАЛЫНДА Жандеш Ақнұр Берікқызы, Исалиева Аксамал Маратовна 307

AN ANALYSIS OF THE FACTORS WHICH LED TO STAGNATION OF EU-TURKEY RELATIONS. Aidana Akhmedova 311

CENTRAL ASIA: THE FIGHT FOR WATER RESOURCES Kaiyrmagambetova Tomiris 312

12 сәуір 2018 ж. 5 секция: Қазақстанның экономикалық дамуы: заманауи сандық технологиялар және білімді басқару; 315

EFFECTIVE BRAND MANAGEMENT IN SUSTAINABLE BUSINESS ENVIRONMENT, Berdenova A. 316

INTEGRATION OF KAZAKHSTAN ARCHITECURE INTO THE INTERNATIONAL SPACE ON THE BASIS OF NEW TECHNOLOGIES Kaidarov Ansar Shalkaruly 334

DEVELOPMENT OF OUTSOURCING AND ITS IMPLEMENTATION INTO ENTERPRISES OF KAZAKHSTAN, Tiyes Akbota 343

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫ ДАМУЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС, Ғабдолкәрім Асылай Қанатқызы 354

КОРПОРАТИВНАЯ И БИЗНЕС СТРАТЕГИЯ ПРЕДПРИЯТИЯ В.Л.Мошкевич 369

КӘСІПОРЫНДЫ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСҚАРУ Ж.Ж.Қалымбетов 380

ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОЕ ПАРТНЕРСТВО В КАЗАХСТАНЕ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА К.С. Мусабекова 392

ТАЙМ –МЕНЕДЖМЕНТ СТУДЕНТТЕРДІҢ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ М.А.Абсатова, А.У.Амиров 415

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ КОМПЛЕКС «ОСНОВЫ СТРЕСС-МЕНЕДЖМЕНТА» КАК СПОСОБ ПОВЫШЕНИЯ СТРЕССОУСТОЙЧИВОСТИ ПЕДАГОГОВ. М.А.Абсатова, Е.С. Нуршанов 424

ЗАМАНАУИ ІШКІ АУДИТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ДАМУЫ М.Ж. Капарова, С.А. Тлеубаева 435

АЙМАҚТЫҚ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ, Сырлыбаева Н., Тлеубердиева С.С. **449**

РИСКИ В МАЛОМ И СРЕДНЕМ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВЕ У.А.Баяхметов **459**

IMPACTS OF UNEMPLOYMENT RATE ON ECONOMIC GROWTH OF THE STATE: KAZAKHSTANI CASE, Aigerim Kadyrova **469**

11 сәуір 2018 ж. 2 секция: Қазақ тіл біліміндегі үрдістер: дәстүр және жаңашылдық **478**

БАЛА ТІЛІНІҢ ДАМУЫ МЕН БАЛАНЫҢ ҰҒЫМДЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ *Садуакас Назерке, Жанел Дидар* **479**

12 сәуір 2018 ж. 1 секция: Құқық пен мемлекеттің мәселелері студенттің көзімен **486**

ҚОҒАМДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ Айдаш Қасымбек Наубетұлы **487**

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ Ахатай Аяна **499**

ACTUAL PROBLEMS OF HUMAN RIGHTS IN CRIMINAL PROCESS AkhatayAyana **511**

Қылмыстық процестегі адам құқықтарының өзекті мәселелері Ахатай Аяна Талғатқызы **512**

ОТЛИЧИЕ ОСОБОГО ПРОИЗВОДСТВА ОТ ДРУГИХ ВИДОВ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА Б.Б.Турсынова **513**

ЕРЕКШЕ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ БАСҚА ІС ЖҮРГІЗУ ТҮРЛЕРІНІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ Турсынова Балжан Бериковна **519**

THE DISTINCTION BETWEEN SPECIAL PRODUCTION AND OTHER TYPES OF CIVIL PROCEEDINGS Tursynova Balzhan Berikovna **520**

АЗАМАТТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ОРГАНДАРЫНА ӨТІНІШ ЖОЛДАУ ТӘРТІБІ Дәулетбек Әлібек Ибрахимұлы **521**

ПОНЯТИЕ «ПРАВА НА ЖИЗНЬ» В КОНСТИТУЦИОННОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ Калыкбаева Д.Н. **529**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУЫ; САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ. Әбутәліп Ғабдұл-Ғани Ғабитұлы 537

КАЗАХСТАНСКИЙ ПАРЛАМЕНТАРИЗМ: ТЕНДЕНЦИИ И ТРАДИЦИИ Ж.С.Асаинова 547

PARLIAMENTARISM OF KAZAKHSTAN: TRENDS AND TRADITIONS Zh.S.Assainova 550

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫҢ ДАМУЫ Жақыпбек Меруерт Әзімханқызы 552

Теоретические аспекты мер пресечения в уголовном процессе Жумажанов Бекнур Байтакбайулы 562

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕССТЕГІ БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІ Жұмажанов Бекнұр Байтақбайұлы 567

ПОНЯТИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ И ЕГО ОСОБЕННОСТИ Қапаров Арсен Ерланұлы 570

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ Колдасов Берик Серикович 579

жосықсыз бәскелестіктің құқықтық табиғаты және классификациясы Косжанов К.Б. 590

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚЫЛМЫС ТУРАЛЫ ІЛІМНІҢ ШАРИҒАТПЕН САБАҚТАСТЫҒЫ Куралова Ляззат Абилжановна 597

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТОВАРНЫХ ЗНАКОВ В ИНТЕРНЕТ РЕСУРСАХ: ПРОБЛЕМЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ Мағауия Абай Дарханұлы 613

Законодательное регулирование права на свободу передвижения в зарубежных странах Мансурова Амина Акимовна 621

АЛАЯҚТЫҚ: ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ Махсатбайқызы Ару 629

ТӨРЕЛІК КЕЛІСІМ ДАУДЫ ШЕШУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ Нұртуған Темірлан Нұрлыбекұлы 634

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ Орман Абай Аманғалиұлы 646

ҚР ЖӘНЕ БАСҚА ЕЛДЕРДЕГІ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚОРҒАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ Өсербай Айдана Ерланқызы 658

МЕСТО ПРОКУРАТУРЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В СИСТЕМЕ ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ. А.Т. Рахым 665

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ МОДУЛЬНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ Сайдбұрқан Ақерке Үлесқызы 671

Место и значение судебного толкования по разъяснению уголовно-правовых норм Сарин Алибек Турганбаевич 681

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ Шарипов Ш.М 686

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ДОЛИ В УСТАВНОМ КАПИТАЛЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ Туктибаева Мадина Турмухановна 691

ПОНЯТИЕ И ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ГЕНОЦИДА Д.Н.Файзулла 705

ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТРАНСНАЦИОНАЛЬНЫХ КОРПОРАЦИЙ Шабанова К.В. 713

ЖАУАПКЕРШІЛІК ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК ПЕН АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУСПУЛИКАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ АУДИТ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ Ысықбаев Абылай Қуанышұлы . 720

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ Ермекбаева Балауса Мырзабайқыхы 731

ДАУЛАРДЫ ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕУ Ермекова Еңлік Ерланқызы 739

СОТ АЛДЫНДА ТЕҢДІК КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ПРИНЦИПІНІҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІ Ерсимбай Айдана Ерсимбайқызы 755

ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ Маукебеков Аскар Токтарбекович 765

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК УӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАРЫМЕН БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ СҰРАҚТАРЫ Мырзамбетова Айнур 772

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ. Оразбек М.О 782

ЖЕРГЕ МЕНШІК ИЕЛЕРІ МЕН ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА КЕЛТІРІЛГЕН ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУДІҢ ШАРТТАРЫ Сермаханов Сәтібек 787

МІНДЕТТЕМЕ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТУЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ Шакенов Б.М. 796

ЖАРЫСПАЛЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ҚОРҒАУШЫ ЖАҚ Кенжебаева Ақмарал Мұратқызы 802

ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ҚАТЫСУДАҒЫ АДВОКАТТЫҢ РӨЛІ Рақымберген Нұртас Дәрменұлы магистрант 810

11 сәуір 2018 ж. 1 секция: Ағылшын тілін оқытудағы заманауи және инновациялық тәжірибе 817

11 сәуір 2018 ж. 3 секция: Қазақ әдебиетін зерттеу мен оқытудағы жаңаша көзқарастар мен ұстанымдар 818

11 сәуір 2018 ж. 4 секция: Филология және аударма ісінің өзекті мәселелері 818

12 сәуір 2018 ж. 4 секция: Жаңа заман-жаңа журналистика 818

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ 821